Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 811.512.122`1 (043)

Қолжазба құқығында

МАМАДИЯРОВА НАЗИРА БАТЫРХАНҚЫЗЫ

Қазақ тіліндегі менталды етістіктер: когнитивті-семантикалық аспект

6D021300-Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшісі:
ф.ғ.д., профессор Б.Қ.Қасым

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор Кенан Коч

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....6
КІРІСПЕ.....7

1 МЕНТАЛДЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ.....13
1.1 «Менталды етістіктер» ұғымы және зерттелу тарихы.....13
1.2 Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрістегі орны.....29
1.3 Менталды етістіктер өрісінің семантикалық доминанттары.....47
1.4 Менталды етістіктердің лексика-семантикалық топ құрудағы қызметі.....59
Бірінші тарау бойынша тұжырым 70

2 МЕНТАЛДЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ КОГНИТИВТІК МЕХАНИЗМДЕРІ.....72
2.1 Перцептивтік негіз: менталды өрістің бастапқы когнитивтік платформасы.....72
2.2 Метафоралық ауысу: менталды семантиканың кеңеюі.....85
2.3 Фреймдік және сценарийлік когнитивтік модельдер.....96
2.4 Фразеологиялық жүйедегі менталды етістіктердің когнитивтік модельдері.....117
Екінші тарау бойынша тұжырым.....129

ҚОРЫТЫНДЫ.....130
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР 136

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Тоқаев Қ.-Ж. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу [Электрондық ресурс]: Қазақстан халқына Жолдау, 2025 жылғы 8 қыркүйек // Әділет: ақпараттық-құқықтық жүйе. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025_1 (қаралған күні: 01.09.2026)

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы // Әділет: ақпараттық-құқықтық жүйе. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248 (қаралған күні: 16.01.2025)

Тоқаев Қ.-Ж. Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс] // Ақорда: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 2026. – 20 қаңтар. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-besinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-2005352 (қаралған күні: 11.10.2026)

Білім туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (2024 жылғы 1 қаңтардағы өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://15.alschool.kz/otkrytyj-organ/gosuslugi/2426-azastan-respublikasyny-zay-blm-turaly-20240101-berlgenzgerster-men-tolytyrularymen.html (қаралған күні: 16.01.2025)

Тоқаев Қ.-Ж. Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм [Электрондық ресурс]: Қазақстан халқына Жолдау, 2024 жылғы 2 қыркүйек // Ақорда: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. URL: https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659 (қаралған күні: 12.08.2026)

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы // Әділет: ақпараттық-құқықтық жүйе. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988 (қаралған күні: 12.08.2026)

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы // Әділет: ақпараттық-құқықтық жүйе. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487 (қаралған күні: 22.05.2025).

АНЫҚТАМАЛАР

Лексика-семантикалық топ (ЛСТ) – ортақ семантикалық белгісі бар, бір ұғымдық не тақырыптық өрісті құрайтын, мағыналық жағынан өзара байланысты сөздердің бірігуінен жасалған лексикалық бірліктер жүйесі.

Менталды етістік – адамның ақыл-ой әрекеттерін**,** когнитивтік үдерісін, білімді қабылдау, өңдеу, сақтау, түсіну, салыстыру, болжау, ойлау сияқты ішкі интеллектуалдық операцияларын білдіретін, санада жүретін танымдық әрекеттерді вербализациялайтын етістік.

Менталды етістіктердің когнитивтік механизмдері – адамның ақпаратты қабылдау, тану, салыстыру, ұғыну, интерпретациялау, бағалау, шешім қабылдау және жадта сақтау сияқты ішкі ақыл-ой үдерісін жүзеге асыратын танымдық операциялар жүйесі. Бұл механизмдер менталды етістіктердің семантикалық құрылымында көрініс тауып, субъектінің санасындағы когнитивтік әрекеттің мазмұнын, бағыты мен деңгейін айқындайды.

Менталды өрістің бастапқы когнитивтік платформасы – адам санасында қалыптасатын, әлемді қабылдау, тану, категориялау, интерпретациялаудың ең іргелі тетіктерін қамтамасыз ететін, ұғымдық құрылымдардың, базалық білімдердің, этномәдени тәжірибе, когнитивтік схемалар жиынтығы. Бұл платформа менталды өрістің ұйымдасуына, мағыналардың жүйеленуіне, менталды етістіктердің семантикалық қызметінің жүзеге асуына негіз болатын бастапқы танымдық база болып табылады.

Менталды етістіктердің когнитивтік модельдері – субъектінің ішкі танымдық әрекеттерін (қабылдау, тану, ойлау, ұғыну, еске сақтау, интерпретациялау, қорытындылау) кезең-кезеңімен сипаттайтын, менталды үдерістердің құрылымдық, динамикалық ұйымдасуын бейнелейтін когнитивтік схемалар жүйесі. Бұл модельдер менталды етістіктердің семантикасын, олардың тілдік репрезентациясы мен менталды өрістегі қызметін түсіндіруге негіз болатын концептуалдық құрылымдар жиынтығы.

Менталдылық – белгілі бір этностың, жеке адамның немесе әлеуметтік топтың әлемді қабылдау, түсіну, ойлау, бағалау ерекшеліктерін, сананың терең қабаттарында қалыптасқан рухани-танымдық құрылымын білдіретін когнитивтік-психологиялық феномен.

Менталды семантиканың кеңеюі – бастапқыда танымдық не интеллектуалдық әрекетті білдіретін менталды етістіктердің мағыналық құрылымының контекст, метафоралық ауысым, бағалауыш реңк, прагматикалық факторлар мен дискурстық шарттардың әсерінен кеңейіп, жаңа семалармен толығуы. Нәтижесінде етістік менталды мазмұннан бөлек эмоциялық, әлеуметтік, бағалауыш, модальдық, перцептивтік реңктерді де білдіре алатын көпқабатты семантикалық бірлікке айналады.

Менталитет – белгілі бір этносқа, әлеуметтік топқа немесе жеке тұлғаға тән әлемді қабылдау, ойлау, әрекет ету тәсілдерін анықтайтын, тарихи-мәдени тәжірибеге негізделген сананың тұрақты когнитивтік, эмоциялық және құндылықтық жүйесі, діл.

Негізгі семантикалық сөйлем модельдері – сөйлемнің мағыналық құрылымын қалыптастыратын, предикат пен аргументтер (субъект, объект, адресат, құрал, орын, уақыт т.б.) арасындағы ең негізгі қатынастарға негізделген, тілдің семантикалық жүйесінде универсалды болып келетін мағыналық үлгілер.

Перцептивтік негіз – адамның сезім мүшелері арқылы сыртқы әлемнен ақпаратты қабылдау, тану, алғашқы өңдейтін танымның түйсіну-байқау деңгейіне тән когнитивтік база. Ол менталды әрекеттердің қалыптасуына, ұғымдардың пайда болуына, кейінгі интеллектуалдық операциялардың жүзеге асуына алғышарт болады.

Репрезентация – белгілі бір ұғым, нысан, құбылыстың не ойлау үдерісінің тілдік, мәдени, когнитивтік т.б. таңбалар арқылы көрініс табуы, қайта бейнеленуі.

Фреймдік когнитивтік модель – адам санасында белгілі бір ұғым, құбылыс немесе ситуация туралы жинақталған энциклопедиялық білімнің жүйеленген құрылымы болып табылатын, өзара байланысты слоттардан (компоненттерден) тұратын когнитивтік схема. Ол ұғымды қабылдау, тану, интерпретациялау, тілдік репрезентация үшін қажет базалық білімдер жиынтығын ұйымдастырады.

Функционалды-семантикалық өріс – белгілі бір ортақ **категориялық мағынаны** (менталдылық, уақыт, модальдылық, аспектуалдылық, көлемдік, себеп-салдарлық, бағалауыштық, эмоция, тұлғалық қатынас т.б.) білдіруге қатысатын әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдардың өзара байланысқан жүйесі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Ауыс. – ауыспалы мағына
Ет. – етістік
Биол. – биология
Зат. – зат есім
Сын. – сын есім
Психол. – психология
Жерг. – жергілікті сөйлеу
Өнер. – өнертану
Инф. – информатика
Этн. – этнографизм

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім, ғылым салаларының негізгі стратегиясы саналы тұлға қалыптастыру, адам капиталының сапасын көтеру, ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Біз білім, ғылым және жоғары технология саласына қомақты инвестиция салатын болдық. Себебі адам капиталының сапасын арттыру – айрықша маңызды міндет. Бұл, әсіресе, ел дамуының қазіргідей тарихи, бетбұрысты кезеңінде халқымыздың болашағына тікелей әсерін тигізеді», – деп атап көрсеткен болатын [1]. Президентіміздің жолдауларында білім мен ғылымды дамыту, интеллектуал тұлға қалыптастыру, жастардың зияткерлік әлеуетін арттыру елдің дамуындағы негізгі фактор ретінде көрсетілген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» білім беру жүйесінің міндеттері қатарында «1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» көрсетілген [2]. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» да ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту көзделген [3]. Бұл талаптар тіл білімінің даму бағытына да әсер етіп, ұлттық тілдің когнитивтік әлеуетін ғылыми тұрғыда зерделеу өзекті мәселе болып отыр. Қазақ тіліндегі менталды етістіктерді когнитивті-семантикалық тұрғыдан зерттеу ұлттық тіл арқылы ойлау мен танымның тілдік механизмдерін айқындауға; тілдік сананың құрылымын ғылыми тұрғыда сипаттауға жол ашады. Осыған байланысты «Қазақ тіліндегі менталды етістіктер: когнитивті-семантикалық аспект» атты зерттеу жұмысы қазіргі қазақ тіл білімінің теориялық сұраныстарымен қатар еліміздің білім-ғылым саласындағы стратегиялық бағыттарымен де толық үндеседі.

Қазіргі тіл білімінде адамның ішкі әлемін, психикалық әрекеттерін, когнитивтік үдерістерін тілдік деректер негізінде зерттеу антропоөзектік парадигманың жетекші бағыттарының біріне айналды. Адамның ойлау жүйесі, қабылдау механизмі, есте сақтау, пайымдау, бағалау, шешім қабылдау сияқты менталды әрекеттер тілде өзіндік таңбасын қалдырып, оны зерттеудің жаңа когнитивтік-семантикалық әдістерін талап етеді. Менталды етістіктер – тілдік сананың құрылымын ашатын негізгі когнитивтік маркерлердің бірі, адамның дүниені тану тәсілдерін көрсететін басты лингвистикалық құралдар. Адамның ойлау, түсіну, тану, есте сақтау, қиялдау сияқты менталды әрекеттерін білдіретін тілдік бірліктердің семантикасын кешенді түрде зерттеу ерекше маңызды болып отыр. Зерттеу қазақ тіліндегі менталды семантиканың менталды етістіктер арқылы берілуін когнитивті-семантикалық тұрғыдан сипаттауға арналған. Жұмыста менталды етістіктер тілдік санадағы таным үдерісінің көрсеткіші

ретінде қарастырылып, семантикалық құрылымы, функционалды-семантикалық өрістегі орны көрсетіледі. Менталды етістіктер ойлау, тану, түсіну, есте сақтау, бағалау, қабылдау сияқты когнитивтік категориялармен сабақтастықта сипатталып, фреймдік, сценарийлік модальдер жүйеленеді, нақты мысал, контекст арқылы берілген тілдік дәйек негізінде менталды етістіктердің семантикасы мен прагматикалық сипаты талданады. Жұмысты осы бағыттағы алғашқы зерттеулер қатарына жатқызуға болады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бүгінгі таңда тіл білімінде тіл мен танымның, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын кешенді түрде қарастыруға деген қызығушылық артып келеді. XXI ғасырдағы лингвистика когнитивтік бағытқа бет бұрғандықтан, менталды етістіктердің тілдік табиғатын зерттеу тіл жүйесін түсіндірумен қатар ұлттың ойлау ерекшелігін, танымдық моделін, мәдени-менталды кодын анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі *ойлау, білу, түсіну, сезіну, тану, байқау, аңғару, қорыту, пайымдау, еске алу, ұмыту* сияқты етістіктер адамның күрделі когнитивтік әрекеттерін айқындап, ұлттық дүниетанымның метафоралық және ұғымдық құрылымын ашады. Қазақ тіліндегі менталды етістіктер адамның ойлау, тану, түсіну, сезіну, қабылдау, пайымдау сияқты психикалық үдерістерін білдіретін негізгі тілдік құрал ретінде тіл мен сананың сабақтастығын көрсетеді. Менталды етістіктер арқылы тілдік санадағы когнитивтік модельдер, фреймдер мен сценарийлер көрініс табады. Алайда қазақ тіл білімінде менталды етістіктер көбіне лексика-грамматикалық немесе семантикалық тұрғыда сипатталғанмен, когнитивті-семантикалық табиғаты**,** функционалды-семантикалық өрістегі орны жеткілікті деңгейде зерттеле қоймады. Осы уақытқа дейін қазақ тіл білімінде менталды семантика функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастырыла қоймады. Бұл орайда нақты менталды етістіктер, функционалды-менталды етістіктердің өзара байланысы, сондай-ақ менталды фразеологизмдердің өрістегі орны арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық құрылымын, орталық және шеткі мүшелерін, семантикалық деривация механизмдерін, когнитивтік фреймдерін, тілдік-мәдени жүктемесін кешенді зерттеудің маңызы зор. Тілдік бірліктердің менталды табиғатын анықтауда функционалдық-семантикалық өріс (ФСӨ) теориясы мағыналық категорияның орталық және шеткергі мүшелерін, олардың тілдік жүйедегі қызметін, сөйлеу әрекетіндегі динамикасын сипаттауға мүмкіндік береді. Менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісі – тілдегі танымдық әрекеттердің ұйымдасу жүйесін, адамның ішкі когнитивтік механизмдерінің сыртқы көрінісін анықтайтын әмбебап категория. Сондықтан да қазіргі антропоөзектік лингвистика талаптары тұрғысынан қазақ тіліндегі менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісін анықтау, олардың когнитивтік, прагматикалық, мәдени семантикаларын ашу – өзекті әрі уақыт талабына сай ғылыми міндет. Менталды етістіктер адамның когнитивтік әлемін, ойлау тәсілдерін, эмоциялық және бағалауыш қатынастарын танытатын негізгі құралдардың бірі болып табылады. Сондықтан оларды антропоөзектік**,**

когнитивтік**,** лингвомәдени тұрғыдан кешенді зерттеу қазіргі тіл білімінің өзекті міндеттерінің қатарына жатады.

Менталды фразеологизмдер ұлттық дүниетанымның, мәдени кодтың, ұлттық ойлау үлгілерінің тілдегі көрінісі ретінде ерекше маңызға ие. Сол арқылы халықтың әлемді қабылдау ерекшеліктері, бағалау жүйесі мен эмоциялық тәжірибесі көрінеді. Оны когнитивтік және лингвомәдени тұрғыдан талдау қазақ тілінің ұлттық болмысын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты менталды етістіктерді біртұтас функционалды-семантикалық жүйе ретінде қарастырып, олардың семантикалық, когнитивтік және синтаксистік ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеу – қазіргі қазақ тіл біліміндегі маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісін кешенді түрде талдау, олардың өзегі мен шеткергі мүшелерін, когнитивтік механизмдері мен тілдік-мәдени ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің міндеттері. Көрсетілген мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделеді:

– қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық топтарын анықтау;

– менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісінің құрылымын сипаттау;

– менталды етістіктердің когнитивтік негіздерін, менталды өрістің бастапқы когнитивтік платформасын, менталды семантиканың кеңею механизмдерін ашу;

– менталды етістіктердің фразеологиялық жүйедегі когнитивтік модельдерін айқындау;

– ұлттық мәдени-менталды ерекшеліктерді айқындайтын менталды етістіктердің концептуалдық өрісін сипаттау.

Зерттеу нысаны: қазақ тіліндегі менталды етістіктер жүйесі

Зерттеу пәні: менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісі, олардың когнитивтік құрылымы, прагматикалық және мәдени семантикасы.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Зерттеудің әдіснамалық негізіне жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың функционалдық грамматика (А.В.Бондарко, А.Жаңабекова, О.Жұбаева, М.Жолшаева, Б.Қапалбеков, С.Құлманов т.б.), когнитивтік лингвистика (Е.С.Кубрякова, Дж.Лакофф, Р.Лэнгакер, Б.Қасым, Н.Ильясова, Г.Смағұлова, А.Салқынбай т.б.), семасиология (А.А.Потебня, Л.В.Щерба, Н.Д.Арутюнова, М.Балақаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, С.Исаев, Е.Жанпейісов, М.Оразов, А.Жұбанов, Б.Қасым, Г.Шойбекова т.б.), психолингвистика (Л.С.Выготский, А.Р.Лурия Ю.Н.Караулов), тілдік сана теориясы (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Б.Қалиев, Е.Қажыбек т.б.), концептология (В.И.Карасик, З.Ахметжанова, Н.Уәли, Ж.Манкеева, С.Жиренов т.б.) еңбектері басшылыққа алынды.

Функционалдық-семантикалық өріс теориясы тілдік категориялардың кешенді, жүйелі сипатын, олардың грамматикалық, лексикалық, семантикалық, прагматикалық құралдар арқылы берілуін түсіндіреді. Сондай-ақ менталды

етістіктердің құрылымын түрлі деңгейлерге бөлуге мүмкіндік туады. Когнитивтік лингвистика қағидалары менталды етістіктердің мағынасын адам санасындағы концептосфера**,** түсінік жүйесі**,** ментальды модельдер арқылы түсіндіруге жол ашады.

Зерттеудің дереккөзі. Зерттеудің дереккөзі ретінде қазақ тіліндегі менталды семантиканы репрезентациялайтын әртүрлі деңгейдегі тілдік материалдар пайдаланылды. Негізгі дереккөздер қатарына «Қазақ сөздігі», «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», «Синонимдер сөздігі», «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»; көркем әдебиет мәтіндері, фольклорлық үлгілер мен этнографиялық мәтіндерден алынған материалдар; ғылыми еңбектерде, диссертациялық зерттеулерде, тілдік корпустарда тіркелген тілдік деректер; менталды етістіктер мен менталды фразеологизмдердің контекстік қолданыстары алынды. Зерттеу барысында менталды семантиканы білдіретін тілдік бірліктер кешенді түрде іріктеліп, талданды. Атап айтқанда, шамамен 50-ден астам дара менталды етістік, 40 шақты аналитикалық тіркес түріндегі менталды құрылым, 30-дан астам менталды фразеологизм қарастырылды. Жалпы алғанда, 120-дан астам тілдік бірлікті талдау арқылы менталды өрістің құрылымы, когнитивтік, семантикалық ерекшеліктері сипатталды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеу барысында семантикалық талдау (менталды етістіктердің лексикалық мағыналарын анықтау), когнитивтік талдау (концепт құрылымдарын, фреймдер мен менталды модельдерді айқындау), функционалдық-семантикалық өріс әдісі (өріс құрылымын, орталық және шеткі мүшелерін анықтау), компоненттік талдау (семантикалық дифференциалдарды айқындау), баяндау, жіктеу, жүйелеу, қорыту әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– қазақ тіліндегі менталды етістіктер алғаш рет когнитивтік және функционалды-семантикалық тұрғыдан кешенді зерттелді;

– менталды етістіктер алғаш рет функционалды-семантикалық өріс аясында сипатталып, құрылымы, орталық және шеткі мүшелері анықталды;

– менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі алғаш рет позитивті және негативті когнитивтік әрекеттердің оппозициясы ретінде кешенді түрде сипатталды;

– менталды етістіктердің когнитивтік-семантикалық моделдері**,** перцептивтік тәжірибеге негізделген мағыналық ауысу механизмдері сипатталды;

– менталды семантиканың қалыптасып, дамуы семантикалық деривация**,** метафоралық ауысу**,** когнитивтік модельдеу**,** фреймдік құрылымдар негізінде сипатталды;

– менталды мағына лексикалық деңгейде ғана емес, фразеологиялық деңгейде де жүзеге асатын жүйелі когнитивтік құрылым ретінде қарастырылды. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің концептосферадағы орны**,** ұлттық дүниетанымдағы мәдени кодтармен байланысы айқындалды;

– менталды етістіктердің метафоралық механизмдері жүйеленіп,

фразеологиялық өрістегі көрінісі, дискурстық қызметі, бағалаушылық әлеуеті айқындалды.

Зерттеу жұмысының теориялық мәні. Зерттеудің нәтижелері мәтін лингвистикасы, когнитивті лингвистика, функционалды грамматика, прагмалингвистика, коммуникативті грамматика, функционалды стилистиканың теориялық және практикалық деңгейінің жетілуіне, дамуына үлес қосады. Зерттеу нәтижелері менталды семантиканы лексикалық құбылыс ретінде ғана емес, «*тіл-таным-мәдениет*» бірлігіндегі күрделі когнитивтік категория ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдар когнитивтік семантика, лингвомәдениеттану, функционалды грамматика салаларындағы теориялық ізденістерді толықтырады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Зерттеу нәтижелерін когнитивтік лингвистика, функционалдық лингвистика, лингвомәдениеттану, психолингвистика бойынша дәрістерде; жоғары оқу орындарында, магистратура мен докторантура деңгейіндегі элективті пәндерде; мәтінді когнитивтік және дискурстық тұрғыдан талдауда; лексикология, фразеология мен семасиология курстарында; менталды лексиканы оқытуда; қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламаларында; қазақ тілін ана тілі ретінде не екінші тіл ретінде оқыту барысында менталды мағынаны меңгертуде; тілдік сана, ұлттық дүниетаным, этнолингвистика мәселелерін зерттеуде; тіл мен мәдениеттің өзара байланысын көрсетуге бағытталған зерттеулерде; қазақ тіліндегі менталды етістіктер мен фразеологизмдерге арналған оқу құралдары мен сөздіктер құрастыруда; ойлау мәдениетін, тілдік тұлғаның когнитивтік және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда т.с.с. пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1**.** Қазақ тіліндегі менталды етістіктер – субъектінің ішкі когнитивтік әрекеттерін (қабылдау, тану, түсіну, ойлау, пайымдау, еске сақтау, шешім қабылдау) вербалдайтын негізгі тілдік бірліктер. Менталды етістіктер адам санасындағы интеллектуалдық үдерістерді бейнелеп, менталдылықтың тілдегі көрінісін сипаттайды.

2. Менталды етістіктердің семантикалық құрылымы көпқабатты когнитивтік механизмдерге негізделген. Менталды етістіктердің мағынасы перцептивтік, танымдық, интерпретативтік, бағалауыштық, эмоциялық т.б. семалардың әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасады.

3. Менталды етістіктер қазақ тілінің функционалды-семантикалық жүйесінде дербес өріс құрайды. Қазақ тілінде менталды етістіктер менталды өрістің орталық өзегін құрайды.

4. Менталды етістіктердің семантикасы контекст, дискурс деңгейінде кеңейіп, күрделенеді. Менталды етістіктер контексте метафораланады, семантикалық реңктер үстейді, прагматикалық мәнге ие болады, авторлық бағалау мен эмоцияны білдіреді.

5. Менталды семантика жекелеген лексемалармен ғана емес, фразеологиялық бірліктер, синтаксистік модель, когнитивтік құрылымдармен бірге тұтас жүйе ретінде ұйымдасады.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы мен сарапталуы. Диссертациялық жұмыстың мазмұны, тұжырымдары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік басылымдарда барлығы 6 мақалада жарияланды:

Scopus мәліметтер базасында индекстелетін журналда -1 мақала жарияланды:

1.Frame analysis of the semantics of mental verbs of the Kazakh language AILA Review. (Netherlands) ISSN 1461-0213. 2024. Vol. 37. p 1-21 https://doi.org/10.1075/aila.24008.mam Процентилі – 73. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі -70%, қосалқы авторлар Kassym B., Yessenova K., Abisheva N.,30%).

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

1) Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық сипаты // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. №2 (68), 2019. Алматы. 111-117 б. ISSN – 1728-7804. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 80%, қосалқы автор: Қасым Б.Қ., 20%);

2) Қазақ тіліндегі ментальді лексиканың фреймдік құрылымы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. №4 (70), 2019. Алматы. 122-130 б. ISSN – 1728-7804. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 80%, қосалқы автор: Қасым Б.Қ., 20%);

3) Интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктердің мағынасы //Ясауи университетінің хабаршысы, ғылыми журналы №4 (138), 2025. Түркістан. 29-43 б. ISSN-p 2306-7365, ISSN-e 2664-06-86 https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.271 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 80%, қосалқы автор: Қасым Б.Қ., ТалдыбаеваМ., 20 %).

Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 2 мақала жарияланды:

1) Түркі тілдеріндегі етістіктердің семантикалық жіктелімі туралы // XI Құрышжанов оқулары: Ұлы Дала құндылықтары – Түркі әлемі жастарын біріктіруші фактор атты халықаралық ғылыми – практикалық конференция. (Алматы қаласы, 28 ақпан 2019 жыл). – Алматы, 2019 30-33 б. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 80%, қосалқы автор: Қасым Б.Қ., 20%);

2) Түбір етістіктердің құрылымдық - мағыналық ерекшеліктері // ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың 95 жылдық мерейтойына арналған «Рәбиға Сыздық феномені: қазақ тіл білімінің бүгіні мен болашағы» атты халықаралық ғылыми – теориялық конференция. (Алматы қаласы, 22 қараша 2019 жыл). Алматы, 2019 129-133 б. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі, 100%).

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспе, екі тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 МЕНТАЛДЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ

1.1 «Менталды етістіктер» ұғымы және зерттелу тарихы

Бүгінгі таңда тіл мен танымның байланысына ерекше мән берілуде. Адам санасы, ойлау жүйесі мен дүниетанымы тіл арқылы бейнеленеді. Тіл білімінде бұл құбылыс *менталдылық* ұғымымен тығыз байланысты. Менталдылық (лат. *mens* – ақыл, сана, ойлау) – адамның когнитивтік жүйесін, ішкі ойлау механизмін, рухани-саналық құрылымын білдіретін кешенді ұғым. Яғни менталдылық – адам санасындағы дүниені қабылдау, түсіну, бағалау тәсілдерінің жиынтығы, ұлттық ойлау мен мәдени кодтың көрінісі. Менталдылық құрылымының өзегі – тіл, таным және мәдениет арасындағы байланыс арқылы көрінеді. Тіл – ұлттық жады мен мәдени кодтың тасымалдаушысы; таным – адам санасындағы бейнелеу мен ұғыну үдерісі; мәдениет – рухани құндылықтар жүйесі, яғни менталдылықтың нәтижелік көрінісі. Қазақ мәдениетінде бұл үштік тұтастықта көрінеді. Тіл арқылы адам дүниені таныса, таным мәдениеттің мазмұнын қалыптастырады. Осылайша, менталдылық мәдениет пен тілдің өзара ықпалының жемісі ретінде айқындалады. Менталдылық адамның үш өлшемін қамтиды: *когнитивтік қабат* – таным мен логикалық ойлау жүйесі (ақыл, парасат); *эмоциялық қабат* – сезім, жүрек, көңіл әлемі; *аксиологиялық қабат* – ізгілік, әділет, ар-ождан, мейірім. Бұл деңгейлердің өзара байланысы ұлттық ойлау мен мәдениеттің іргетасын құрайды.

Бүгінгі таңда менталдылық антропоөзектік лингвистиканың басты теориялық ұғымдарының біріне айналып отыр. Бұл ұғым адамның когнитивтік жүйесін, рухани болмысын, мәдени жадын және дүниені қабылдау тәсілін сипаттайды. Менталдылық тіл арқылы көрінеді. Тіл арқылы ұлт өзінің рухани кодын, дүниетанымдық тәжірибесін және мәдени жадын сақтайды. «Менталдылық» категориясы тіл арқылы көрінетін ойлау мен таным үдерістерінің жиынтығын білдіреді. Сондықтан менталдылықты тану – тіл арқылы адамды, мәдениет арқылы ұлтты, ой арқылы адамзат руханиятын тану жолы.

Менталдылық Вильгельм фон Гумбольдт [4], Ф.Боас [5], Э.Сепир [6], А.А.Потебня [7], И.А.Бодуэн де Куртенэ [8], А.Вежбицкая [9], О.А.Корнилов [10], Д.С.Лихачев [11], Т.Б.Радбиль [12], Р.М.Скорнякова [13], В.Н.Телия [14], А.Д.Шмелев [15], Н.Д.Арутюнова [16], Т.В.Булыгина, А.Д.Шмелев [17], В.В.Колесов [18], З.К.Тарланов [19], М.Рожанский [20], С.М.Колесникова [21], Е.В.Дзюба [22], Т.Г.Скребцова [23], Н. Н. Болдырев [24], С.Исакова, М.Куштаева [25], О.Жұбай [26], О.К.Хакимбаева [27], С.К.Сапиева [28], Б.Ныгметова, Ш. Адилова, Ж.Оспанова [29] т.б. зерттеушілердің еңбектерінде сөз болды.

Менталдылық ұғымын айқындауда когнитивтік лингвистика маңызды рөл атқарады. Когнитивтік тұрғыдан менталдылық – тілдік санада жинақталған білім, тәжірибе және бағалау жүйесі. Яғни, ол адамның қоршаған ортаны түсіну, ұғыну, жүйелеу, оны тіл арқылы бейнелеу қабілетінің нәтижесі. Менталдылықты лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастырған Е.С.Кубрякова [30], А.П.Бабушкин

[31], В.З.Демьянков [32], Ю.Г.Панкрац [33], В.В.Петров [34], Е.В.Рахилина [35] т.с.с. менталдылықты сөйлеуді түсіну мен тудырудың негізі ретінде сипаттай келіп, когнитивтік лингвистиканың негізгі міндеттерінің бірі – когнитивтік (оның ішінде ментальдық) және тілдік құбылыстар арасындағы өзара әрекеттестік заңдылықтарын айқындау екенін айтады. Когнитивтік тіл біліміндегі негізгі ұғымдардың бірі – «ментальдық репрезентация» адам санасындағы әлем бейнесінің қалыптасу үдерісі айқындалады. Ментальдық репрезентацияның бірнеше түрі бар. Мәселен, Дж.Фодор ментальдық күй (сенім, пікір, қабылдау және т.б.) мен ментальдық үдерістерді бөліп қарастырып, ментальдық күй сыртқы әлемді бейнелейтінін, ментальдық үдерістер ментальдық күйлердің каузалды тізбегі болатынын айтады [36, с. 231]. П.Джонсон-Лэйард ментальдық репрезентацияның үш түрін көрсетеді: пропозициялық репрезентациялар (табиғи тілдің фрагменттеріне сәйкес келетін символдар тізбегі); ментальдық модельдер (шынайы болмыстағы жағдайлардың ойша аналогтары); перцептивтік бейнелер (көру, есту, сезу секілді қабылдау арқылы қалыптасатын бейнелер) [37, с.231].

Е.С.Кубрякова концептуалдық жүйені ментальдық репрезентациялар тұрғысынан қарастыру қажет деп есептейді. Ол «концепт» пен «ментальдық репрезентация», «концептуалдық жүйе» мен «ментальдық лексикон», «концепт» пен «мағына» терминдерінің ажырату керек екенін айтады [30, с. 94–95]. Ғалым концептуалдық жүйе лексикалық бірліктерге қатысты білімді ғана емес, әртүрлі типтегі концепттер мен ментальдық репрезентациялардың жиынтығын қамтитынын ескерте келіп, оның лексемалардың репрезентацияларымен шектелмейтінін ескертеді [30, с. 97]. Е.С.Кубрякова концептіні «есте сақтау жүйесіндегі, ментальдық лексикондағы, концептуалдық жүйе мен мидың тіліндегі (*lingua mentalis*) мазмұндық-оперативтік бірлік, яғни адамның психикасында бейнеленген дүниенің толық когнитивтік суретінің құрамдас бөлігі» деп сипаттайды [38, с. 90]. Когнитивтік құрал ретіндегі тіл екіжақты сипатқа ие. Оның ішкі жағы – ақпаратты кодтау мен түрлендіруге қызмет ететін таңбалар жүйесі, ал сыртқы жағы – адамның меңгеру нысаны ретінде қарастырылатын, өз бетінше өмір сүретін әлеуметтік құбылыс. Осы тұрғыда тілдің репрезентациялық қызметі генетикалық әрі функционалдық жағынан коммуникативтік қызметімен ажырағысыз байланыста болады [39, с. 52]. Білімнің (ұжымдық және жеке санада сақталған) кванттарын зерттеуде когнитивтік тәсіл бірөлшемді классификацияға көнбейтін құбылыстарды талдауға мүмкіндік береді [40, с. 159].

Қазақ тіл білімінде менталдылық ұғымының мазмұны тілдің когнитивтік және мәдени табиғатын ашу бағытында зерттеліп келеді. М.Балақаев [41], Ә.Қайдар [42], Р.Сыздықова [43], С.Исаев [44], Г.Смағұлова [45], Н.Уәли [46], Ж.Манкеева [47], Н.Ильясова [48], Қ.Балабекова [49] т.с.с. еңбектерінде тілдің халықтық дүниетаным мен ұлттық мінез-құлықтың көрінісі ретіндегі қызметі көрсетілген. Менталдылықтың тілдік табиғаты адамның ішкі когнитивтік құрылымында, концептосферасында және ұлттық тіл бейнесінде көрініс табады. Профессор Ж.Манкеева тіл мен танымның сабақтастығын, тіл арқылы берілетін

ойдың ар жағында сол тілде сөйлеушінің танымы, мәдениеті, психологиясы, өмір тәжірибесі т.б. рухани-прагматикалық жүйесі жататынын айта келіп: «...Тіл қызметін сол тілде сөйлеушінің жан-жақты қызметі мен болмысынан тыс қарау мүмкін емес. Ал ол қызмет тілдің ұжымдағы коммуникативтік қызметімен ғана шектелмейді. Себебі сол ұжымды ұйыстырушы, тұтастырушы, біріктіруші және жаңа ұрпаққа ұластырушы да – тіл қызметі. Яғни тілдік ұжымда тіл коммуникативті-прагматикалық қызметпен қатар танымдық, құжаттық (кумулятивтік) т.б. қызметтер де атқарады. Мемлекеттік мәртебеге ие тілде бұл қызметтер ерекше сипатта көрініс табуы тиіс. Олай болса, қазақ тілінің жан-жақты қоғамдық, әлеуметтік қызметін негіздейтін, дәлелдейтін, айқындайтын, жаңғыртатын, жандандыратын арқауын анықтауды мақсат ететін жаңаша сипаттағы антрополингвистикалық бағыт қазақ тіл білімінде де өріс алуы – қоғамдық қажеттілік», – дейді [47, б. 86].

Тіл мен таным сабақтастығы кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде де жалғасын тауып келеді. Қазіргі қазақ тіліндегі қатысымдық бірліктерді когнитивтік аспектіде зерттеген Н.Ильясова қатысымдық бірліктердің этноменталды, метаменталды, аксиологиялық, гносеологиялық модельдерін сипаттай келіп: «Ұлттық таным мен этникалық болмысты байланыстыратын қатысымдық бірліктер этностың жеке мәселелерін емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтайды. Этностың болмысы туралы толық мағлұмат этноментальді модельдегі қатысымдық бірліктерден көрініс табады. Халықтың тарихын, ұлттық мәдениеттің дамуын білдіретін қатысымдық бірліктер халық тілінің ерекшелігіне мән беріп, оның қоғамдағы орнын бағалауға, тіл мен ұлттың арасындағы ажырамас бірлікті сараптауға мүмкіндік береді. Қатысымдық бірліктердің этноментальды моделі тілдің сан ғасырлық құпиясын бойына сақтаған этнотілдік деректердің лингвомәдени ерекшеліктерін тереңнен түсінуге жол ашады. Этнометальды модельдегі қатысымдық бірліктердің философиялық, идеологиялық негіздері халық санасында орныққан ежелгі танымдық элементтердің тілдегі көрінісін айқындап, тарихи дамудың, этникалық қалыптасудың айқын белгілерін саралайды», – деп тұжырымдайды [48, б.15].

«Этникалық менталдылықтың тілдік репрезенттелуі (қазақтың тұрмыс-салт ертегілері негізінде)» атты еңбегінде Қ.Балабекова: «Әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігі, өзгеден өзгешелігі, даралық бет-бедері оның ментальдігінен көрінеді. Ментальдік ұғымы «сана, ақыл-ой, зерде» деген мағынаны білдіреді, «адамның жан дүниесі» түсінігімен ұштасып жатыр. Ғылыми тұрғыда ментальділік – белгілі бір мәдени ортада өмір сүретін, дүниені өзінше қабылдайтын, дара ойлау жүйесі бар, өмірлік құндылықтары қалыптасқан, тұрмыстық және әлеуметтік мінез-құлқы орныққан адамдардың жиынтық сипаттамасы ретінде ұғынылады» деген тұжырым жасайды [49, б.7].

Ұлттық менталитет, тіл мен танымның сабақтастығын философиялық тұрғыдан зерттеп жүрген ғалымдардың қатарында Д.Кішібеков [50], Т.Бурбаев [51], Г.Нұрышева [52], Н.Мұсаева [53], Б.Садуов [54], Б.Боқаев [55], Г.Әбдірәсілова [56], Қ.Ашекеева [57], Б.Қалыбекова [58], Қ.Халықов [59], Х.Мұстафа [60] т.с.с. атауға болады. Д.Кішібеков «Қазақ менталитеті: кеше,

бүгін, ертең» атты монографиясында менталитетті адамдардың нақтылы ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен т.б. бөліп қарауға болмайтынын айтады [64, б. 15]. Т.Бурбаев қазақ менталитетін «ақыл, жүрек, қайрат, сана бірлігінен туындаған ұлттық дүниеге қатынасы, өмір сүру тәсілі, құндылықтардың қабылдау ерекшеліктері, дүние түсінігі мен дүниетанымының жиынтығы» деп сипаттай келіп [51, б.10], қазақтардың ұлттық менталитетінің (ділінің) қалыптасуына халықтың географиялық-табиғи ортасы, шаруашылық-экономикалық ортасы, саяси-әлеуметтік орта, рухани-мәдени ортасы әсер ететінін айтады [51, б.22].

Менталдылық – тіл мен ойлаудың, сана мен мәдениеттің бірлігін бейнелейтін әмбебап әрі ұлттық категория. Антропөзектік парадигмада менталдылық адамның ішкі когнитивтік және рухани жүйесін зерттеудің негізгі категориясына айналды. Ол тіл мен ойлау, мәдениет пен қоғам арасындағы көпір іспетті. Қазақ менталдылығында рационалдылық пен эмоционалдылық, сезімдік және логикалық таным, жеке мен ұжымдық бастаулардың тұтастығы көрініс тапқан. Бүгінгі когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және аксиологиялық лингвистика менталдылықты адамның ұлттық танымдық моделін сипаттайтын өзек ретінде қарастырады.

Менталдылықтың тілдегі репрезентациясы әр ұлттың дүниетанымдық моделімен, ұлттық мәдени кодымен тығыз байланысты. Демек, тіл арқылы бейнеленетін менталдылық – ұлттық когнитивтік жүйенің көрінісі**.** Менталдылықтың тілдегі көрінісі тілдің лексика-семантикалық жүйесінде айқын көрініс табады.

Сонымен, менталдылық – адамның дүниені қабылдау, пайымдау, бағалау, түсіну тәсілдерін сипаттайтын когнитивтік әрі психологиялық құбылыс. Ол адамның ойлау жүйесі мен сезімін, танымдық қабілеті мен мәдени тәжірибесін біріктіретін күрделі құрылым ретінде тіл арқылы объективтенеді. Менталдылықтың тілдегі репрезентациясы **–** *адам – тіл – мәдениет* жүйесінің өзара ықпалдастығын айғақтайтын күрделі когнитивтік феномен. Ол адамның рухани болмысын, ішкі психологиялық құрылымын, мәдени және аксиологиялық бағдарын бейнелейді. Тіл арқылы менталдылықтың көрінуі ұлттың дүниетанымын, мәдени жадын және құндылықтық жүйесін айқындай отырып, халықтың когнитивтік тәжірибесін сақтап, оны ұжымдық санада тұрақтандырады. Сондықтан менталдылықтың тілдік репрезентациясын зерттеу – ұлттық дүниетаным мен тілдік бейненің тұтастығын танудың, мәдени код пен рухани мұраның сабақтастығын сақтаудың ғылыми негізі болып табылады.

Тіл – динамикалық жүйе, сондықтан менталды семантиканың қалыптасып, өзгеруі тарихи кезеңдердегі танымдық модельдердің эволюциясымен тығыз байланысты. Көне түркі тілінде менталды етістіктер адамның негізгі когнитивтік әрекеттерін білдіретін тілдік бірліктер ретінде қызмет атқарған. Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін *bil-* (білу), *saŋa-* (санау, ойлау), *ög-* (ұғыну, түсіну) сияқты етістіктер адамның дүниені тану, пайымдау, есте сақтау сияқты негізгі интеллектуалдық әрекеттерін білдірген. Бұл кезеңде менталды етістіктердің семантикасы қарапайым, нақты когнитивтік әрекетке бағытталған, контекске

тәуелсіз болған. Сонымен қатар синкретті сипатта когнитивтік және перцептивтік әрекеттерді қатар білдірген менталды етістіктер де болған. Мысалы, *kör-* (көру) етістігі визуалды қабылдауды ғана білдірмей, «аңғару», «түсіну» мәнінде де жұмсалған. Бұл етістікте перцептивтік әрекет когнитивтік үдеріске негіз болған. Бұдан бастапқыда сезімдік қабылдау мен ойлау әрекеті жіктеле қоймағанын байқауға болады.

Уақыт өте келе менталды етістіктердің мағыналары кеңейіп, ауыспалы мәндер (метафоралық ауысулар) пайда болған (*ойға келу, ойға жетелеу, ойымен бөлісу, ойын ортаға салу* т.с.с.); бағалауыштық реңктер (*дұрыс ойлау, үстірт ойлау, шала ойлау; миына кіріп-шықпау; миы жетпеу* т.с.с.) үстелген; семантикалық құрылымдарында дерексіздік деңгейі артқан. Бастапқыда *saŋa-* (сана-) етістігі нақты әрекетті (есептеу, санау) білдірсе, кейін дерексізденіп, абстрактілі ойлау мәніне ие болған (*малын санады; күн санады; адамға санамады; идеал санады,* т.б.). Бұл – тілдегі менталды семантиканың эволюциялық даму жолын көрсетеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық құрылымы күрделі де көпқырлы болып келеді. Тіліміздегі менталды етістіктер когнитивтік әрекетті ғана емес, сонымен қатар эмоциялық күйді, бағалауыш қатынасты, модальдық мағыналарды, прагматикалық реңктерді білдіреді. Мысалы, *түсіну* етістігі танымдық әрекетті ғана емес, субъектінің субъективті ұстанымын, бағасын да білдіреді; *елестету* етістігі когнитивтік әрекетпен қатар эмоциялық күйді де білдіреді; *ойлау* етістігі контексте болжам, күмән, сенім сияқты модальдық мағыналарды білдіреді. Менталды етістіктердің семантикасы метафоралану, дискурс, прагматикаға байланысты кеңейіп, олардың функционалды мүмкіндіктері артқан. Бұл – менталды семантиканың динамикалық сипатын көрсетеді.

Бүгінгі таңда ғылым мен мен техника қарқынды дамып, цифрлық технологияның таралуына, адамның танымдық әрекетінің, ақпарат кеңістігінің күрделенуіне байланысты адамның когнитивтік әрекеттері күрделеніп келеді. Бұл үдеріс тілдік жүйеде де көрініс тауып, жаңа менталды тілдік бірліктердің, соның ішінде менталды етістіктердің түзілуіне негіз болды. Тілімізде жаңа когнитивтік әрекеттерді білдіретін менталды етістіктер пайда болуда. Ондай етістіктердің қатарында «модельдеу», «кодтау», «сканерлеу», «визуалдау», «интерпретациялау», «фильтрлеу» т.б. етістіктерді атауға болады. Бұл етістіктер адамның ақпаратты өңдеу, жүйелеу, құрылымдау сияқты күрделі интеллектуалдық операцияларын білдіре отырып, менталды семантиканың кеңейгенін көрсетеді. Мысалы, «модельдеу» етістігі белгілі бір құбылысты ойша не цифрлық кеңістікте қайта құруды білдірсе, «визуалдау» етістігі дерексіз ақпаратты бейнелік формада елестету әрекетін білдіреді. Сондықтан метатанымдық, технологиялық негіздегі әрекеттерді, когнитивтік әрекеттің жаңа түрлерін білдіретін етістіктер «білу», «түсіну», «ойлау», «еске алу», «тану» сияқты адамның негізгі когнитивтік әрекеттерін білдіретін бірліктермен қатар менталды етістіктер ретінде қолданылып келеді. Жаңа менталды етістіктердің пайда болуы менталды семантиканың кеңейгенін көрсетеді. Менталды

семантика бастапқы танымдық мағынаның метафоралық, прагматикалық, дискурстық факторлардың әсерінен жаңа семалармен толығуы арқылы кеңейеді. Бұл құбылыс тілдің динамикалық сипатын, оның когнитивтік әлеуетінің үнемі дамып отыратынын көрсетеді.

Менталды етістіктердің мағынасы ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Менталды етістіктерді адам санасының когнитивтік-эмоциялық және еріктік қабаттарын бейнелейтін күрделі тілдік категория ретінде қарастыруға болады. Мұндай етістіктер адамның танымдық қызметін, сезімдік қабылдауын, еске сақтау, пайымдау қабілеттерін тілдік жүйеде концептуалды және семантикалық деңгейде сипаттайды. Менталды етістіктер мен менталды предикаттар – адамның интеллектуалдық қызметін бейнелейтін тілдік құралдар. Интеллект феномені ғылымда түрліше сипатталғандықтан [61, с. 994], менталды етістіктер лексикасында да ала-құлалық, терминдердің жүйесіздігі орын алған. Ю.Д.Апресян, Н.Д.Арутюнова, Т.В.Булыгина, А.Д.Шмелёв, Л.М.Васильев, В.Г.Гак, М.И.Дмитровская, С.В.Кодзасов, Н.И.Лауфер, Е.В.Падучева, И.Б.Шатуновский т.б. зерттеушілер менталдылық етістіктер арқылы берілетінін ескерте келіп, оларды «менталды етістіктер», «менталды предикаттар» («пропозициялық етістіктер», «эпистемикалық етістіктер», «путативтік етістіктер», «фактивтік етістіктер»**,** сондай-ақ «пікір білдіру предикаттары», «сенім предикаттары», «ойлау предикаттары» деп атайды.

Ю.Д.Апресян менталды предикаттар адамның ойлау және интеллектуалдық қызметін білдіретінін ескерте келіп: «Менталды предикаттар – ойлау қызметін кең мағынасында сипаттайтын предикаттар тобы», – деп сипаттайды [62, с. 355]. Ғалым ондай предикаттардың көмегімен «түсіну», «тану», «ой жүгірту», «салыстыру», «елестету» сияқты менталды мағыналар қалыптасқанын айтады [62, с. 365]. Зерттеуші менталды әрекеттер мен үдерістерді, менталды күйлерді жіктеп, менталды әрекеттер мен үдерістер *ойлау, шешу, толғану, түсіну, аңдау, ойлау қабілетін пайдалану, топшылау, ұмыту, есте сақтау, елестету, салыстыру* және т.б. етістіктер арқылы берілетінін, менталды күй *білу, ойлау, есептеу, есте сақтау* сияқты етістіктер арқылы берілетінін айтады [63]. В.Г.Гак менталды әрекет предикаттарын менталды өрістің құрамдас мүшелері ретінде сипаттайды. Бұл өрістің орталығында «ой» (мысль) зат есімі мен «ойлау» етістігі орналасқанын ескерте келіп, менталды предикаттардың семантикасында ойлау үдерісінің негізгі параметрлері (тану; танылған ақпаратты сақтау; фактілердің белгілеріне қарай өзара байланысын анықтау және т.б. көрініс табатынын айтады. Сонымен қатар менталды предикаттардың семантикасы айтылым модусы мен диктумға қатысты әртүрлі модификацияларды қамтитынын, диктумға қатысты модификациялар үдерістің фазасын, ұзақтығын, қарқынын (интенсивтілігін) сипаттаса, модусқа қатысты модификациялар субъектінің үдеріске қатынасын – терістеу, эмоциялық баға беру және т.б. белгілейтінін айтады [64, с. 349-372].

Менталды етістіктердің семантикасындағы өзгерістерді зерттеген И.И.Макеева: «Менталды предикаттарға ойлау әрекеті мен пікір білдіруді білдіретін етістіктер жатады», – дейді [66, с. 40]. Ғалым көне орыс тілінде мұндай

етістіктердің мағыналық жүйесі бай болғанын, кейін олардың бір бөлігі жоғалғанын, енді бірқатарының семантикасы өзгергенін айтады. Зерттеуші «*мыслить*» етістігі бастапқыда ойлау үдерісін, ойлау қабілетін білдіргенін, кейін «*есептеу, болжау*», «*елестету*» мәндері қосылғанын айтады [65, с. 44].

Менталды предикаттар Т.В.Булыгина, А.Д.Шмелев сияқты зерттеушілердің еңбектерінде де сөз болды. Зерттеушілер менталды етістіктер белгілі бір менталды күйді білдіретінін (*білу, сену, ойлау*), білім алуға бағытталған ойлау әрекетін білдіретінін (*ой жүгірту, ойлану*), алдыңғы ойлау әрекетінің нәтижесінде туындайтын жаңа менталды күйді білдіретінін (*түсіну, болжау, аңғару, ұғыну*) айтады [17, с. 151]. Зерттеушілер менталды предикаттардың мағынасы мен етістік аспектілерінің өзара байланысы белгілі заңдылықтарға негізделетінін ескертеді. Сонымен қатар көптеген менталды етістіктерде аспектуалдылықпен қатар «менталды әрекет», «менталды күй» мәндері қатар берілетінін айтады. Е.В.Падучева аспектуалды етістіктерді өз ішінен пікір мен қабылдауға қатысты етістіктер; менталды қатынас етістіктері; мезеттік әрекет етістіктері деп жіктейді [66, с. 111-112]. Мұндай етістіктерде менталды әрекеттің фазалық, динамикалық сипаты, білімнің пайда болуы, таным үдерісінің сатылары көрініс табады.

Н.Д.Арутюнова еңбектерінде менталды етістіктер логикалық тұрғыдан сипатталады [16, с. 415-437]. Ғалым сөйлемнің оқиғалық (событийное) және пропозициялық (мазмұндық) мәндерін талдай келіп: «Менталды етістіктер пропозициямен қатар таксономия, сәйкестендіру, интерпретация және т.б. менталды операцияларды білдіреді», – деп қорытынды жасайды [16, с. 415-437]. И.М.Кобозева «менталды предикат» терминін ғана қолданып, олардың үш түрін – «ішкі көру» предикаттары, пікір білдіру (ой-пікір) предикаттары, білім предикаттары – көрсетеді [67, с. 93-97]. Ал Е.В.Падучева «менталды етістіктер» терминін пайдаланып, оларды өз ішінен а) менталды күйді білдіретін етістіктер (states), ә) ойлау әрекеті мен ойдағы секірісті (mentative jump) білдіретін етістіктер (activities, achievements) деп жіктейді [68, с. 38-39]. М.А.Дмитровская мұндай етістіктерді пропозиционалдық қатынастарды білдіретін етістіктер, яғни «білім мен пікір пайымдарын» білдіретін эпистемиялық етістіктер деп атайды [69, с. 16]. Ғалым мұндай етістіктерді төрт топқа бөледі: факт не білімді білдіретін пайым етістіктері, факт туралы жорамал етістіктері, пікір-баға етістіктері, баға-жорамал етістіктері. Н.И.Лауфер менталды етістіктерге пікір білдіру етістіктерін жатқызады. Зерттеуші пропозиционалдық актантпен тіркескенде семантикалық белгілерді айқын көрсететіндіктен, «*полагать*» етістігін ерекше көрсете келіп, ол етістік жорамал пікірді де, бағалаушы пікірді де білдіре алатынын айтады [70, с. 69-72]. Ойлау әрекетіне қатысты етістіктер Л.Г.Бабенко, И.Н.Борисова, Л.М.Васильев, Е.Н.Егина және басқа да ғалымдардың еңбектерінде сөз болады. Алайда менталды етістіктердің жүйелік және функционалды-семантикалық сипаттамасы әлі де айқындала қоймады.

Тіл білімінде сөздік қорды жүйелі түрде зерттеу үшін семантикалық классификация әдісі қолданылады. Кез келген тілдің сөздерін мағыналық ұқсастық немесе жақындық принципі бойынша топтастыруға болады.

Осылайша, сөз таптары лексика-семантикалық топтарға (ЛСТ) бөлінеді, ал ЛСТ өз ішінен деривациялық-семантикалық топтарға (ДСГ) бөлініп, синонимдік қатарларға дейін жіктеледі. Бүгінгі таңда лексикалық семантика мағыналық (ұғымдық) өрістер мен семантикалық топтар бойынша зерттеліп келеді [71, с. 269-271]. Белгілі бір тақырыптық топқа не лексика-семантикалық топқа енетін сөздер бір сөз табына жатады да ортақ мағыналық өріс құрайды. Етістіктер әрекет пен үдерісті білдіре отырып, қатынастарды көрсетеді. Сондықтан етістіктердің топтастыруда тілдік белгілер басшылыққа алынады. Лингвистикалық зерттеулерде олар *лексика-семантикалық топ* (ЛСТ) деп аталады. ЛСТ құрамындағы сөздердің парадигмалық және синтагмалық ерекшеліктері бірдей болады. Бір лексика-семантикалық топқа жататын етістіктердің ортақ категориялық-лексикалық семасы болады. Бұл – олардың негізгі парадигмалық ерекшелігі. Бұл сема топтың семантикалық өзегін құрап, әр сөздің мағынасы дифференциалды семалар арқылы нақтыланады. ЛСТ ішінде қайталанатын, біртектес сема болады, ол топ ішіндегі сөздерді оппозициялық қатынастар арқылы байланыстырады. Барлық оппозицияның жиынтығы топтың ішкі парадигмалық құрылымын құрайды, ол иерархиялық сипатта болады. ЛСТ өз ішінен шағын семантикалық топтарға – ішкі парадигмаларға бөліне алады. Мұнда сөздер ортақ категориялық семаға ғана емес, сонымен қатар ортақ дифференциалдық семаға да ие болады. Яғни ЛСТ парадигмалық құрылымы «өріс» сипатына ие: оның орталығында жиі қолданылатын, көп мағыналы, негізгі семаны бейнелейтін сөз орналасады. ЛСТ құрамындағы етістіктер синтагмалық тұрғыдан ұқсас болады. Етістіктің синтагмалық ерекшелігі синтаксистік қызметінен, тіркесімділігінен көрінеді. Етістіктің синтаксистік қызметін сипаттағанда баяндауыш ретіндегі қызметін атау жеткіліксіз болады. Сондай-ақ оның құрылымдық-семантикалық модельдердегі орнын анықтау қажет. Сөйлемнің етістіктік моделі белгілі бір семантикалық топтағы етістікпен тығыз байланысты болады. Бір ЛСТ-ға жататын етістіктердің тіркесімділігі де ұқсас болып келеді.

Л.М.Васильев «Орыс тіліндегі етістіктердің семантикалық топтары» атты еңбегінде орыс тіліндегі етістіктерді төрт семантикалық топқа жіктейді:

– сезім етістіктері;

– интеллектуалдық қызмет етістіктері;

– сөйлеу етістіктері;

– мінез-құлық (іс-әрекет) етістіктері [72, с.17].

Етістік лексикасын семантикалық тұрғыдан жіктеу барысында Л.М.Васильев үш ұстанымды басшылыққа алады: а) денотативтік (немесе тақырыптық); ә) парадигмалық; б) синтагмалық. Ғалым денотативтік тәсілде шынайы болмыстағы нысан, белгі, әрекет, үдерістердің, жағдаят пен күйлердің тіл құрылымында бейнеленуі негізге алынатынын ескертеді [72, с. 18]. Денотативтік ұстанымда тілдік таңбалаудың нысаны ретінде экстралингвистикалық фактор, нысандары, материя түрлері, құбылыс, үдеріс, олардың ерекшеліктері мен өзара байланыстары ескеріледі. Парадигмалық классификацияда сөз мағыналары (идентификатормен салыстыру негізінде)

ұқсас және ерекше компоненттерге бөлінеді. Осы ұстаным негізінде әрекет, күй, белгі, қатынас сияқты инвариант мағыналары бар негізгі предикат топтары айқындалады. Сол сияқты парадигмалық ұстаным бойынша лексика-грамматикалық топтар да сараланады: аспектуалдық топтар, каузативті, каузативті емес, модальдық етістіктер және т.б. Парадигмалық классификациялар тақырыптық (денотативтік) классификацияларға ұқсас болғанмен, толық сәйкес келмейді. Синтагмалық ұстаным бойынша етістікті семантикалық тұрғыдан топтастыруда валенттілігі, тіркесімділігі ескеріледі. Сонымен қатар ғалым ассоциация әдісін де қолданады. Ғалым денотативтік тәсілде тіл құрылымында бейнеленген нысан, белгілердің, әрекет, үдерістердің, жағдаят, күйлердің табиғи, онтологиялық тұрғыдан бөлінісі ескерілетінін айтады [72, с.179].

Б.А.Ильиш «Ағылшын тілінің тарихы» атты еңбегінде етістіктерді төрт семантикалық топқа бөледі:

1. Физикалық түйсіну етістіктері: *feel* – сезіну, түйсіну; *hear* – есту; *look* – көріну, болып көріну (бірақ «қарау» мағынасында емес); *observe* – байқау, қадағалау; *recognize* – тану, мойындау; *see* – көру; *seem* – көріну; *smell* – иісі болу; *sound* – дыбысталуы; *taste* – дәмі болу; *distinguish* – айыру.

2. Ақыл-ой күйін білдіретін етістіктер: *know* – білу; *believe* – сену; *notice* – байқау; *realize* – ұғыну; *forget* – ұмыту; *remember* – еске алу; *recognize* – тану; *think* – ойлау (пікір білдіру); *expect* – үміттену, ойлау мағынасында; *understand* – түсіну; *see* – «түсіну» мағынасында; *seem* – көріну; *mean* – меңзеу, білдіру, ниеттену.

3. Эмоция мен тілек білдіретін етістіктер: *like* – ұнату; *dislike* – ұнатпау; *love* – сүю; *hate* – жек көру; *care* – уайымдау, көңіл бөлу; *hope* – үміттену; *wish* – тілеу; *want* – қалау; *need* – қажет ету; *prefer* – артық көру; *mind* – уайымдау, алаңдау.

4. Иеленуді білдіретін етістіктер: *be* – болу; *belong* – тиесілі болу; *own* – иелену; *have* – бар болу, иемдену; *contain* – қамту, өз құрамына алу; *cost* – тұру (баға мағынасында); *seem* – көріну; *need* – қажет болу; *depend on* – тәуелді болу; *come from* – шығу тегі болу; *resemble* – ұқсас болу; *possess* – иелену [73].

Түркі тілдеріндегі етістіктер Х.Дени, А.К.фон Габен, В.В.Радлов, К.А.Казем-Бек, А.Н.Кононов, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак, Н.А.Баскаков,

Н.К.Дмитриев, Л.Н.Харитонов, Э.В.Севортян, Н.З.Гаджиева, А.А.Юлдашев, Е.И.Коркина, А.А.Коклягина, Р.Г.Исхаков, Л.А.Покровская және басқа да ғалымдардың еңбектерінде сөз болды. Түркі елдерінде Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ы.Маманов, А.Ысқақов, А.Хасенова, Н.Оралбаева, М.Оразов, Қ.Қасабекова, Б.Қасым, Б.Аталай, Т.Бангуоглу, Г.Дыздароғлу, А.Дилачар, Ы.Ергин, Н.Хаджиеминоглу, А.К.Алекперов, С.Арназаров, З.С.Зейналова, З.С.Султанова, А.Г.Гулямов, Д.Г.Гуляшева, А.С.Аманжолов, Б.Чарыяров, Б.Бердыев, Б.Ходжаев, А.Аннануров, Э.Каджарова, А.Бордықсаков, С.Арназаров, И.Кучкартаев, К.К.Кулиев, Д.С.Тумашева, М.Гусейнова, М.Ш.Ширалиев, А.Демирчизаде, Н.Г.Агаев, Г.К.Багиров, Р.Рустамов, А.З.Абдуллаев, З.И.Будагова, А.Азер, Ц.Ш.Рагимов, А.А.Ахундов, А.М.Курбанов, В.И.Асланов, Ю.У.Сеидов, А.К.Алекперов, А.М.Джавадов, Г.И.

Мирзоев, А.А.Гедгапов, Б.Г.Алиев, Р.Халилов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болды.

Түркі етістіктерін семантикалық тұрғыдан жіктеу Н.К.Дмитриев еңбектерінен басталады. Ғалым етістіктерді сөйлеу етістіктері, сезімдік қабылдау етістіктері, іс-әрекет етістіктері, қозғалыс етістіктері сияқты лексика-семантикалық топтарға жіктейді [74]. Кейін түркі етістіктерінің семантикалық классификациясы И.Абдувалиев, З.Будагова, Л.Н.Харитонов, М.Содикова, Р.Расулов, Л И.Лебедева, В.Ф.Вещилова, Б.Б.Кульмагбетова, Г.К.Кулиев, Э.Р.Тенишев, А.А.Юлдашев, Н.З.Гаджиева т.б. зерттеушілердің еңбектерінде, қарастырылды.

И.Абдувалиев қырғыз тіліндегі етістіктердің төрт семантикалық тобын көрсетеді: 1. қозғалыс етістіктері (*кыймыл этиштери*); 2. сандық-сапалық өзгерісті білдіретін етістіктер (*сандык-сапаттык өзгөрүү этиштери*); 3. амал етістіктері (*абал этиштери*); 4. сезім етістіктері (*сезим этиштери*) [75].

А.А.Усеков қырғыз, орыс тілдеріндегі ойлау үдерісін білдіретін етістіктерін салғастыра талдау нәтижесінде орыс, қырғыз тіліндегі ойлау етістіктерін қосады:

1. Орыс және қырғыз тілдеріндегі ойлау үдерісін білдіретін етістіктерге: *мыслить, думать, размышлять* – қырғыз тілінде *ойлоо, ой жүгүртүү* және т.б. сәйкес келеді.

2. Ойлау әрекетінің нәтижесін білдіретін етістіктерге: *представлять, полагать, считать* – қырғыз тілінде *элестетүү, ойлоо* және т.б. балама болады.

3. Білім етістіктеріне: *знать, изучать* – қырғыз тілінде *билүү, үйрөнүү* және т.б. сәйкес келеді.

4. Есте сақтау етістіктеріне: *помнить, запомнить, забыть* – қырғыз тілінде *эстөө, эстеп калуу, унутуу* және т.б. балама болады.

5. Адамның интеллектуалдық қасиеттері мен күйін білдіретін етістіктерге: *умнеть, мудреть, набираться ума, умудриться* – қырғыз тілінде *акыл кирүү, акылдуу боло баштоо, акыл токтотуу, айласын табуу* және т.б. сәйкес келеді [76, с.9]:

З.Будагова әзірбайжан тіліндегі етістіктерді бес семантикалық топқа жіктейді: 1. сөйлеу етістіктері; 2. сезімді білдіретін етістіктер; 3. іс-әрекетті білдіретін етістіктер; 4. қимылды білдіретін етістіктер; 5. күйді білдіретін етістіктер [77, с. 38]. Л.Н.Харитонов якут тіліндегі етістіктердің семантикалық тобын көрсетеді: әрекет пен күй етістіктері;еліктеу (дыбысқа еліктеу) етістіктері; бейнелі (образды) етістіктер [78, с. 47].

М.Содикова өзбек тіліндегі етістіктерді қозғалыс етістіктері мен күй етістіктері деп екіге бөледі. Ал монографиясында етістіктердің 3 мағыналық тобын көрсетеді: қозғалыс етістіктері; күй етістіктері; қатынас етістіктері [79, с. 32]. Зерттеуші бұл семантикалық топтардың әрқайсысын іштей бірнеше топқа жіктейді. Р.Расулов та етістіктерді өз ішінен семантикалық топтарға жіктейді. Мысалы, зерттеуші өзбек тіліндегі күй етістіктерінің бірнеше ішкі семантикалық топтарын көрсетеді: созылыңқы күйді білдіретін етістіктер; аяқталған күйді білдіретін етістіктер; жетілу күйін білдіретін етістіктер; бейнелі күй етістіктері;

қозғалыс күйін білдіретін етістіктер; биологиялық күй етістіктері; психикалық күй етістіктері [80, с.18].

Түркі тілдеріндегі етістіктердің семантикасын арнайы зерттеген Г.К.Кулиев етістіктерді бірнеше лексика-семантикалық топқа жіктейді:

I. қимыл (іс-әрекет) етістіктері. Оларды өз ішінен 1) жасампаз әрекетті білдіретін етістіктер, 2) бүлдіруші әрекетті білдіретін етістікте, 3) жартылай өзгеріс әкелетін әрекет етістіктер, 4) нысанға динамикалық әсер ететін әрекет етістіктер, 5) қабылдау-тамақтану үдерістерін білдіретін етістіктер түрінде жіктейді;

II. қозғалыс етістіктері. Бұл топты 1) қозғалыс тәсілін білдіретін етістіктер, 2) қозғалыс бағытын білдіретін етістіктер, 3) тәсіл мен бағытты бірдей білдіретін етістіктер, 4) тек қозғалыс үдерісінің өзін білдіретін етістіктер деп топтастырады;

III. күй етістіктерін 1) органикалық әлемдегі физикалық өзгеріс/құбылысты білдіретін етістіктер, 2) бейорганикалық әлемдегі физикалық өзгеріс/құбылысты білдіретін етістіктерге жіктейді;

IV. табиғат құбылыстарын білдіретін етістіктер;

V. психикалық қызмет етістіктерін 1) сөйлеу етістіктері: а) негізгі сөйлеу етістіктері**,** ә) дифференциалды мағынасы бар сөйлеу етістіктер; 2) сезімдік қабылдау етістіктері**;** 3) ойлау (интеллектуалдық) етістіктері; 4) білу, есте сақтау үдерісін білдіретін етістіктер;

VI. эмоциялық күй (көңіл күй) етістіктері;

VII. эмоциялық толғаныс етістіктері;

VIII. эмоциялық қатынас етістіктері;

IX. қалау (тілек) етістіктері;

X. сезіну етістіктері;

XI. дыбыстау етістіктері сияқты лексика-семантикалық топтарға жіктейді [81]**.**

Ғалым сезімдік қабылдау етістіктерін өз ішінен 1) көру қабылдауы етістіктері, 2) есту қабылдауы етістіктері, 3) иіс сезу етістіктері, 4) дәм сезу етістіктері түрінде жіктейді. Ойлау етістіктерін де психикалық қызмет етістіктері ретінде көрсетеді:

3) Ойлау (интеллектуалдық) етістіктері

а) Ойлау үдерісін білдіретін етістіктер: *әзерб.* Düşün–, *гаг.* düşün–, *түр.* düşün, *қаз./татарша* ойлан- – «ойлану, ой толғау, ой жүгірту»; *әзерб.* uydur-, *гаг.* uydur, *түр.* uydur – «ойлап табу, қиялдан шығару»; осы мағынада *түрікм.* (≈ tozla-) да қолданылады.

ә) Ойлау актісінің нәтижесін білдіретін етістіктер: *әзерб., қаз./татарша, гаг.* san-, *түр.* san- – «деп ойлау, жорамалдау, санау»; *әзерб.* istə-, *түрікм.* iste-, *гаг.* iste-, *түр.* iste- – «қалау, тілеу, сұрау, талап ету»; *әзерб., гаг.* inan-, *қаз./татарша* ынан-, *түр.* inan- – «біреуге/бір нәрсеге сену»; *әзерб.* anla-, *қаз./татарша* аңла-, *гаг.* anla-, *түр.* anla- – «түсіну, ұғыну»; *әзерб. диал.* açarıt- – «ажырату, тану, айыру»; *түрікм.* düşün- (кей контексте нәтижелік мәнде); *әзерб.*

yanıl-, çaş-; *гаг.* yanıl-; *түр.* yanıl-; *түрікм.* yalnyş- – «адасу, қателесу, жаңсақ пікірде болу»; *әзерб.* dan-, *түр.* yalanla- – «терістеу, мойындамау» және т.б.

Білу, есте сақтау үдерісін білдіретін етістіктер де осы қатарды көрсетіледі:

1. Білу етістіктері: *әзерб.*, *түрікм.*, *гаг.* bil-; *түр.* bil- – «бір нәрсе немесе біреу туралы білу», «ақпараттан хабардар болу»; *әзерб.*, *гаг.* tanı-; *түрікм.* tana-; *түр.* tanı- – «біреумен таныс болу, танып білу»; *әзерб.* öyrən-; *түрікм.* öwren-; *түр.* öğren- – «үйрену, оқып-білу, меңгеру»; *әзерб.* mənimsə-; *түр.* benimse-; *түрікм.* özleşdir- – «игеру, қабылдау, түсініп ұғыну»; *әзерб.* oxu-; *түрікм.* oka-; *түр.* oku-; *гаг.* oku- – «оқу, білім алу; (кей контексте) ән айту»; *әзерб.* təkrarla-; *түрікм.*, *гаг.* tekrarla-; *түр.* tekrarla-, *қаз./татарша* қайтала- – «қайталау, есте жаңғырту» және т.б.

2. Есте сақтау етістіктері

1) Ақпаратты есте сақтау (сақтау) етістіктері: *әзерб.* yada saxla-**,** xatırda saxla**,** yaddan çıxarma-**;** *түр.* hatırında tut-**,** aklında tut- – «есте сақтау, ұмытпау»; *әзерб.* unutma-, *түр.* unutma- – «есте сақтау, есінде ұстау».

2) Ақпаратты жадта орнықтыру (бекіту) етістіктері: *әзерб.* xatırla-**,** yada qal; *түр.* aklında tut-**,** hatırında tut-**;** *қаз./татарша* есте сақтау**,** жадында ұстау**,** еске салу**,** жадына бекіту сияқты мағына береді.

3) Ақпаратты жоғалту (ұмыту) етістіктері: *әзерб.* yaddan çıxar-, unut-, yadırra; *түр.* unut-**,** hatırından çık-; *түрікм.*, *қаз./татарша* ұмыту**,** жадынан шығару – «санадан шығару, естен кетіру».

4) Ақпаратты қайта жаңғырту (еске түсіру, қалпына келтіру) етістіктері: *әзерб.* yada sal-**,** xatirə gətir-**,** xatırla-**,** yada et-**;** *түрікм.*, *қаз./татарша* ойға алу**,** жадында жаңғырту**;** *түр.* hatırlamak**,** aklına getirmek**,** hatırına düşmek – «еске түсіру, ойға оралу, есте қалғанды қайта жаңғырту» [81]**.**

Салыстырмалы-тарихи және этимологиялық тұрғыдан қабылдау лексикасы А.А.Юлдашевтің «Түркі тілдеріндегі сезімдік қабылдау етістіктері (verba sentiendi)» атты еңбегінде талданған [82]. Хакас тілінде қабылдау етістіктерінің лексика-семантикалық тобы адамның психикалық қызметі етістіктері өрісінің құрамында функционалды-семантикалық және семантика-когнитивтік тұрғыдан зерттелген [83]. Перцептивтік, танымдық жүйелердің ішінде көру мен есту өте маңызды. Себебі адамның сыртқы әлемнен алатын ақпараттарының басым бөлігі осы екі арна арқылы келеді. Сондықтан бұл жүйелер қоршаған ортаны тануда ақпаратты қабылдап, өңдейтін, жеткізетін негізгі арналар болып табылады. Көру мен есту жүйелерінің басқа перцептивтік жүйелерден басым болуы тілдік репрезентациясында да көрініс тапқан. Мәселен, А.Гудавичюс [84], А.А.Кретов [85] еңбектерінде көру етістіктерінің лексика-семантикалық тобы**,** И.М.Осицкая еңбектерінде есту етістіктерінің лексика-семантикалық тобы [86] жеке талданған. Түркі тілдерінде қабылдау етістіктері, әсіресе көру және есту етістіктері Л.Ф.Якупова [87], Д.Р.Усманова [88], Н.В.Чертыкова [83] еңбектерінде лексика-семантикалық тұрғыдан қарастырылса, А.А.Дадаев [89], Г.Ф.Гарипова [90], А.В.Каксин**,** Н.В.Чертыкова [91] еңбектерінде құрылымдық-семантикалық және салыстырмалы аспектіде зерттелген.

Қазақ тіл білімінде сөз семантикасын арнайы зерттеген ғалым – М.Оразов

қазақ тіліндегі етістіктерді бірнеше лексика-семантикалық топқа жіктейді:

I. Амал-әрекет етістіктері. Бұл топтағы етістіктерді іштей тағы бірнеше семантикалық топқа бөледі: 1. қоректенуді білдіретін етістіктер: *іш, же, ұртта, аса, дәм тат, сорапта, жалма*, т.б.; 2. жасау, өндіру етістіктері: *жаса, соқ, жарат, тік, сал, құрастыр, қабы,* т.б.; 3. қирату, бүлдіру етістіктері*: қират, бүлдір, бұз, сындыр, күл талқан ет, күлін көкке ұшыр,* т.б.; 4. бөлу, ажырату етістіктері: *бөл, екше, ажырат, айыр, сұрыпта,* т.б.; 5. өлшеу етістіктері: *метрле, қарыста, білемде, литрле, адымда,* т.б.; 6. белгілі бір құралмен орындалатын амал-әрекетті білдіретін етістіктер: *балтала, бауызда, бұрғыла, пышақта*, т.б.

II. Қозғалу етістіктері. Бұл топтағы етістіктерді де семантикалық топтарға бөледі: 1. жердегі қозғалысты білдіретін етістіктер: *жүр, кел, еңбекте, сырғана, жорғала,* т.б.; 2. судағы қозғалысты білдіретін етістіктер: *жүз, сүңгі, малты, жалда,* т.б.; 3. ауадағы қозғалысты білдіретін етістіктер: *ұш, самға, қалықта, шүйгі,* т.б.; 4. белгілі бір бағытқа қаратылған қозғалысты білдіретін етістіктер: *кел, кет, бар, жақында,* т.б.; 5. бағытсыз қозғалысты білдіретін етістіктер: *арала, шарла, кез, қыдыр,* т.б.; 6. объектіден алыстауды білдіретін етістіктер: *кет, алыста, ұза, без*, т.б.

III. Қарым-қатынас етістіктері. Бұл топтағы етістіктерді іштей бірнеше семантикалық топқа жіктейді: 1. теңестіру мәнді етістіктер: *қос, теңестір, салыстыр, бала*, т.б.; 2. меншіктеу, тәуелдеу етістіктері: *иемде, меншікте, жіп тақ, ие бол*, т.б.; 3. амандасу, коштасу етістіктері: *амандасу, сәлемдесу, көрісу, танысу, қоштасу, қайырласу,* т.б.; 4. құрметтеу, кадірлеу етістіктері: *құрметте, қадірле, ізетте, құрмет, көрсету,* т.б.; 5. бастыру, бағындыру етістіктері: *басқар, әмір жүргізу, сөз өткізу,* т.б.; 6. бағыну етістіктері: *көну, бас иіу, ырқына көну (журу), бағыну,* т.б.

IV. Сезіну етістіктері. Бұл топтағы етістіктер сезім мүшелерінін қызметіне байланысты жалпылауыш семаға не болатынын айта келіп, іштей семантикалық топтарға бөледі: 1. жалпы сезіну мәнді етістіктер: *сөз, байқа, абайла, аңғар, пайымда,* т.б.; 2. көру етістіктері: *көр, көз сал, үңіл,* т.б.; 3. дәм сезу етістіктері: *кермектену, ашқылтымдану*, т.б.; 4. иіс сезу етістіктері: *бықсы, мұңкі, аңқы,* т.б.; 5. терімен байланысты сезіну етістіктері: *сыздау, ашу, қышу, тызылдау,* т.б.; 6. есіту етістіктері: *тыңда, есіт, құлақ сал,* т.б.

V. Ойлау етістіктері. Зерттеуші бұл топтағы етістіктер адамның ойлау үдерісімен байланысты болатынын әрі онша көп болмайтынын ескертіп, іштей мағыналық топтарға жіктейді: 1) жалпы ойлау мәнді етістіктер: *ойла, байымда, ой жүгірт*, т.б.; 2) жорамалдау, болжау етістіктері: *болжа, бағдарла, тұспалда, межеле,* т.б.; 3) қорытындылау етістіктері: *қорытындыла, шешімге кел, бел байла, тәуекел ет,* т.б.; 4) сенім етістіктері: *сен, дос деп сана, дос көр, жақын сана,* т.б.; 5) еске сактау етістіктері: *еске ал, зердеңде сақта, жадына алу,* т.б.

VI. Сөйлеу етістіктері. Бұл топтағы етістіктерді жалпылауыш семасын негізге ала отырып, бірнеше топқа бөлген: 1) хабарлау етістіктері: *айт, жеткіз, хабарла*, т.б.; 2) сөйлеу етістіктері: *сөйлесу, әңгімелесу, әзілдесу*, т.б.; 3) сұрау

жауап етістіктері: *сұра, жауап бер, жауап қайтар*, т.б.; 4) эмоционалды сөйлеу етістіктері: *мыңқылда, көкі, отта*, т.б.

VII. Дыбыс-сес етістіктері: *тарсылда, сатырла, тырс етті, гүрсілде*, т.б.

VIII. Эмоционалды етістіктер. Бұл топтағы етістіктерді бірнеше семантикалық топқа жіктейді: 1. таңдану етістіктері: *таңдану, таңырқау, аузы ашылу*, т.б.; 2. қуану етістіктері: *шаттану, қуану, мәз болу,* т.б.; 3. қанағаттану етістіктері: *рахаттану. қанағаттану, көңлі толу*, т.б.; 4. қайғы-мұң етістіктері: *қапалану, қайғыру, қабырғасы қайысу*, т.б.

IX. Қалып-сапа етістіктері. Бұл топтағы етістіктерді іштей мағыналық топтарға бөледі: 1. созылыңқы амалды білдіретін етістіктер: *отыр, тұр, жатыр, жүр,* т.б.; 2. заттардың түсінің өзгеруімен байланысты қолданылатын етістіктер: *қарай, сарғай, қызар,* т.б.; 3. заттардың көлемінің өзгеруімен байланысты қолданылатын етістіктер: *шөк, тапалдану, мықыраю*, т.б.; 4. заттардың сандық мөлшерінің өзгеруімен байланысты қолданылатын етістіктер: *азай, көбей, молай,* т.б.; 5. адамның не заттардың ішкі қасиеттерінің өзгеруімен байланысты қолданылатын етістіктер: *ірі, шірі, үгіл, тоз,* т.б.; 6. әдеттенуге байланысты етістіктер: *әдеттену, үйрену. дағдылану*, т.б.

X. Өсіп-өну етістіктері: *ту, төлде, қозыла, ботала*, т.б.

XI. Субъектив реңктерді білдіретін етістіктер: *кісімсі, адамсы, аспанда, баласын,* т.б.

XII. Табиғи құбылыстарға байланысты етістіктер: *азына, гуілде, борандату, найзағай түсу,* т.б. [92, б. 91-93].

А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде: «Лексика-грамматикалық белгілері бірыңғай жеке сөз табы саналатын етістіктердің өздерін іштей бір-біріне мағына жағынан жақындықтарына, өзара функция жағынан орайластықтарына қарай топ-топқа бөлуге болады», – дей келіп, оларды өз ішінен

– амал-әрекет етістіктері (*босат, көтер, күрес, ки, сыз, өлше* т.б.),

– қимыл-қозғалыс етістіктері (*ауна, аудар, домала, жыт, қаш, секір* т.б.),

– қалып- сапа етістіктері (*жат, жантай, тұр, тос, күт, ұлғай* т.б.),

– ойлау-сөйлеу етістіктері (*айт, сөйле, де, ескер, жатта* т.б.),

– өсу-өну етістіктері (*балала, жапырақта, гүлде, өс, өн* т.б.),

– бағыт-бағдар етістіктері (*бар, кел, кет, қайт, әпер, әкет* т.б.),

– көңіл күйі етістіктері (*жыла, қайғыр, өкін, күл, қуан* т.б.),

– бейнелеу-еліктеу етістіктері (*жарқыра, күркіре, дүркіре, тарсылда, сыртылда, сырқыра* т.б.),

– дыбыс-сес етістіктері,

– көру-есту етістіктері;

– мінез-құлық етістіктері сияқты топтарға жіктейді [93, б.269].

Қазақ тіл білімінде етістіктің лексика-морфологиялық құрылымына ақпараттық белгі-код сәйкестендіру бағдарламасын жасаған профессор Асқар Жұбанов етістіктерді

1) амал-әрекет етісітктері (*босат, көтер, күрес, қи, сыз, өлше,* т.т.);

2) қимыл-қозғалыс етістіктері (*ауна, аудар, домала, секір, бүкірей,* т.т.);

3) қалып-сапа етістіктері (*жат, жантай, тұр, отыр, ұлғай,* т.т.);
4) ойлау-сөйлеу етістіктері (*айт, сөйле, де, ескер, жатта, ұмытпа,* т.т.);
5) өсу-өну етістіктері (*балала, жапырақта, гүлде, өс, қозыла,* т.т.);
6) бағыт-бағдар етістіктері (*бар, кел, қайт, әпер, әкет, қаш, түс, көтер,* т.т.);
7) көңіл күй етістіктері (*жыла, қайғыр, өкін, күл, қуан, алақайла,* т.т.);
8) бейнелеу-еліктеу етістіктері (*жарқыра, күркіре, дүркіре, тарсылда,* т.т.);
9) дыбыс-сес етістіктері;
10) көру-есту етістіктері;
11) мінез-құлық етістіктері;
12) етістіктің тізімге енбеген түрлері» деп жіктейді [94, б.119-120].

Лексика-семантикалық топтағы етістіктердің парадигмалық және синтагмалық сипаты ортақ. Негізгі парадигмалық белгісі – категориялық-лексикалық мағынасы ортақ**,** ол әр лексемада дифференциалды семалар арқылы нақтыланған. Лексика-семантикалық топтағы қайталанатын сема сөздерді өзара біріктіріп, иерархиялық ішкі парадигмалық құрылымды қалыптастырады. Лексика-семантикалық топ өз ішінен ортақ категориялық әрі ортақ дифференциалды семасы бар шағын топтарға жіктеледі.

Лексика-семантикалық топтың парадигмалық құрылымы өріс түрінде: орталықта ең жиі қолданылатын, көп мағыналы, негізгі семаны барынша айқын бейнелейтін бірлік тұрады. Ал синтагмалық сипаты етістіктердің синтаксистік қызметі мен тіркесімдік заңдылықтарынан көрінеді; етістіктер нақты семантикалық топтармен тығыз байланысты. Бір лексика-семантикалық топқа жататын етістіктердің тіркесім қабілеті де ұқсас**.**

Менталды етістіктердің ұғымдық табиғаты мен олардың зерттелу тарихы – тіл біліміндегі антропоцентристік парадигманың дамуын айқындайтын маңызды бағыттардың бірі. Бұл етістіктер адамның когнитивтік әрекетін – ойлау, білу, түсіну, қабылдау, елестету, еске сақтау, сену, пайымдау сияқты үдерістерді тіл арқылы бейнелейтін ерекше семантикалық жүйе құрайды. Менталды етістіктердің зерттелуі тілдің құрылымдық жүйесін ғана емес, сонымен бірге адамның ішкі рухани және интеллектуалдық әлемін, ойлау логикасын және санадағы когнитивтік үдерістерді тануға мүмкіндік береді.

Менталды етістіктердің лингвистикалық тұрғыдан зерттелуі XX ғасырдың екінші жартысында құрылымдық және семантикалық бағыттардың қалыптасуымен байланысты. Осы кезеңде ғалымдар етістіктердің семантикалық өрісін, парадигмалық және синтагмалық қатынастарын, мағыналық құрылымдарын талдай бастады. Атап айтқанда, Л.М.Васильев орыс тіліндегі етістіктерді төрт семантикалық топқа бөліп, интеллектуалдық іс-әрекет етістіктерін жеке топ ретінде қарастырды [72]. Ол менталды етістіктердің когнитивтік табиғатын анықтай отырып, олардың семантикалық уәжділігі мен ойлау үдерістерімен байланысын ашты. Ғалымның зерттеулері кейінгі көптеген когнитивтік және семантикалық талдауларға теориялық негіз болды.

Менталды етістіктерді семантикалық топтарға бөлу – когнитивтік лингвистиканың, психолингвистиканың және семасиологияның негізгі зерттеу объектілерінің бірі. Адамның ішкі танымдық әрекеттерін дәл бейнелейтін тілдік

құралдар ретінде менталды етістіктер семантикалық құрылымының күрделілігімен ерекшеленеді. Олар бір мезгілде интеллектуалдық, перцептивтік, эмоционалдық және ерік-жігерлік үдерістерді сипаттайды. А.А.Потебня, Л.С.Выготский, А.Р.Лурия, Дж.Лакофф, Е.С.Кубрякова және т.б. еңбектерінде менталды әрекеттің тілдік көрінісі бірнеше негізгі когнитивтік модульдерге сәйкес топтастырған. Қазақ тіліндегі менталды етістіктерге жүргізілген талдаулар олардың семантикалық өрісінің терең дифференцияланғанын дәлелдейді.

Зерттеуде қазақ тіліндегі менталды етістіктер келесі алты ірі семантикалық топқа жіктелді:

– интеллектуалдық әрекет етістіктері;
– қабылдау және перцептивтік әрекет етістіктері;
– жады және есте сақтау әрекет етістіктері;
– эмоциялық-менталды күй етістіктері;
– ерік және шешім қабылдау етістіктері;
– бағалау және сенім білдіру (аксиологиялық-менталды) етістіктері.

Әр топ – адамның когнитивтік жүйесінің белгілі бір бөлігін бейнелейтін концептуалдық құрылым болып табылады [95, б.122-129].

Менталды етістіктердің негізгі ерекшелігі – олардың абстрактылық сипаты, когнитивтік бағыттылығы және психологиялық уәжділігі**.** Бұл етістіктер субъектінің ішкі танымдық күйін бейнелеп, ойлау мен сөйлеудің өзара сабақтастығын қамтамасыз етеді. Менталдылықтың репрезентациясын лексикалық немесе грамматикалық деңгейде ғана емес, мәтін, дискурс деңгейінде де қарастыру қажет. Себебі әрбір мәтін, әсіресе көркем, философиялық және публицистикалық мәтіндер, менталды құрылымдардың шоғырланған көрінісі болып табылады. Мәтіннің мағынасы мен мазмұнының арақатысы менталды кеңістік арқылы түзіледі. Мәтін – адамның когнитивтік әрекеті мен тілдік санасының нәтижесі. Мәтіннің семантикалық тұтастығы мен өзек сөздер жүйесі ұлттық менталдылықтың көрінісін айқындайды. Менталдылықтың репрезентациясы әр тілдің ішкі заңдылығына, сөйлеу жүйесіне және мәдени контексіне тәуелді.

Зерттеу барысында менталдылықтың тілдегі көрінісі «*менталды өріс*» ұғымы арқылы да сипатталатыны анықталды [96, б.29-43]. Менталды өріс – ойлау үдерісін бейнелейтін семантикалық кеңістік. Бұл өріс адамның когнитивтік қызметінің жалпыға ортақ сипатын ғана емес, сонымен қатар ұлттық ерекшелігін де бейнелейді. Менталдылықтың тілдегі репрезентациясын зерттеу когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану және философиялық семантика сияқты ғылым салаларының тоғысында жүзеге асады. Мұндай пәнаралық әдіс адамның тілдік және менталды болмысын тұтастай қарастыруға мүмкіндік береді. Тіл мен ойлау арақатынасы, тілдік сана мен когнитивтік модельдердің өзара байланысы қазіргі антропоцентристік парадигманың өзегін құрайды.

Менталды етістіктердің лексика-семантикалық жүйесі адамның когнитивтік тәжірибесін вербалдай отырып, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың

қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі кезеңде менталды етістіктер когнитивтік лингвистика, психолингвистика және лингвомәдениеттану ғылымдарының тоғысында қарастырылып, адамның ішкі әлемін, ойлау жүйесін және рухани болмысын тіл арқылы түсіндірудің тиімді тетігіне айналды. Бұл бағыттағы зерттеулер менталды үдерістердің тілдік репрезентациясын анықтап қана қоймай, тілдік тұлғаның когнитивтік моделі мен ұлттық ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді.

1.2 Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрістегі орны

Менталдылықты білдіретін тілдік және сөйлесім тәсілдері зерттеу бағыттарының ауқымы кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Алайда еңбектерде менталдылықтың тілдік репрезентациясы тілдік және сөйлесім бірліктерінің түгел қамтымаған. Сондай-ақ жағдаяттық, контекстік шарттылыққа тәуелді мағыналары ескерілмейді. Осыған байланысты менталды етістіктерді функционалды-семантикалық тұрғыдан сипаттау қажеттігі туындап отыр. Ондай сипаттама интегралды және концептуалды-маңызды семантикалық белгілерге сүйенуі тиіс. Бұл тәсіл менталды етістіктердің функционалды-релевантты парадигмалық және синтагмалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді, бір денотативтік-тақырыптық саланың шеңберінде сөйлеу жүйелілігін модельдеуге негіз болады. Ондай жүйе өріс құрылымы ретінде сипаттала алады.

«Менталды өріс» ұғымы когнитивтік лексикология мен семантиканың интегративтік әдістерін біріктіретін бағыт болғанмен, терминологиялық жүйесі мен құрылымы әлі де нақтылануды қажет етеді. Т.В.Романова менталды өрісті басқа семантикалық өрістермен, әсіресе модальдық өріспен байланыстырады. Зерттеуші ойлау үдерісін адам әрекетінің басқа аспектілерімен, атап айтқанда, бағалау мен модальділікпен сабақтастырады [97, с. 63]. Менталды өрісті зерттеу нысаны ретінде бөліп көрсету дұрыс болғанмен, зерттеулердегі терминдердің қолданысында бірізділік сақталмаған. Сонымен қатар менталды етістіктердің жүйелік, функционалдық ерекшеліктерін түсінуде де бірізділік жоқ екені байқалады.

В.В.Колесовтың «менталдылық тіл категориялары мен формаларында көрініс табады» деген тұжырымын басшылыққа ала отырып, менталды етістіктердің лексикалық мағынасындағы ойлау әрекеті ұғымын төмендегідей жалпы семантикалық модель түрінде көрсетуге болады: субъект (ойлаушы) – ойлау үдерісі – ой нысаны. Бұл модель типтік жағдаяттың құрылымдық бейнесін көрсетіп, менталды етістіктерді кешенді семантикаға ие бірліктер ретінде, яғни белгілі бір синтаксистік конструкцияға сәйкес келетін тілдік құралдар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл орайда сөздің семалық құрылымы мен сөйлемнің құрылымдық және семантикалық моделінің функционалдық ұқсастығын негізге аламыз [18, с. 7]. Менталды етістіктер құрылымдық-номинативтік бірлік ретінде семантикасында денотативтік семалар

кешенін қамтиды. Олар бейнеленіп отырған жағдаят элементтеріне қатысты функционалды түрде бөлінеді.

Зерттеушілер менталды бірліктерді өріс тәсілімен талдауға тырысқанымен, микрожүйені анықтайтын критерийлері әлі де толық қалыптаса қоймады. Сондықтан оның статусы**,** құрылымдағы элементтердің иерархиясы**,** терминологиялық жүйесі әлі де талас тудырып келеді**.** В.Г.Гак «ойлау» ұғымына қатысты лексикалық бірліктерді менталды өріс ретінде қарастырып, парадигма шеңберінде төмендегідей элементтерді анықтайды:

- алғашқы менталды мағынасы бар сөздер;
- басқа семантикалық өрістердің ауыспалы мағыналары;
- сөзжасам тәсілімен жасалған жаңа сөздер;
- менталды өріс лексемаларымен тіркесетін сөз тіркестері;
- менталды өріс сөздерінің этимологиясы [64, с. 22].

М.К.Голованивская В.Г.Гактың менталды өріс туралы ұстанымдарын одан әрі дамытып, лексикалық қатарларды контрастивтік тұрғыдан талдайды [98, с. 93]. Зерттеуші менталды өрістің орталық бөлігін сипаттайтын сөздер ретінде *знание, мысль, идея, размышление, причина, следствие, сомнение, уверенность, цель* лексемаларын атайды. Автор бұл сөздер олар ойлау үдерісінің негізгі фазалары мен алғышарттарын білдіретінін ескертеді:

- знание (білім) – ойлау әрекетінің негізі;
- себеп пен салдар – түсінуге қатысты талдау операциялары;
- ой мен пікір – жаңа білімге негіз болатын синтез операциялары;
- күмән мен сенім – білім мен идеяның бағалануы;
- мақсат – ойлау механизмдерін іске қосатын қозғаушы импульс.

М.К.Голованивская бұл лексемалар ойлау үдерісін бейнелеп, әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне тән семантикалық өзгерістерді анықтауға мүмкіндік беретінін айтады. Ойлау үдерісін «таза күйінде» көрсетуге тырысқан зерттеуші бұл тізімге сөйлеу әрекетіне қатысты сөздерді әдейі қоспаған [98, с. 166-167]. Зерттеушінің еңбегінде *ұғымдық өріс, семантикалық немесе лексикалық өріс, коннотативтік бейнелер өрісі* деген ұғымдар қатар қолданылады [98, с. 279]. Сондықтан терминдері жүйесіз. Сонымен қатар «лексикалық ареал», «лексикалық топ», «сөз қатарлары», «сөз ұялары», «жұп сөз» сияқты құрылымдық элементтердің иерархиясы нақтыланбаған. Н.И.Лауфер де менталды өрісті сөз етеді. Мақала атауында «менталды өріс» термині қолданылғанмен, жұмыста пікір өрісі туралы сөз болады. Зерттеуші бұл өріске *думать*, *считать*, *полагать* сияқты пікір білдіру етістіктері жатқызылатынын айтады [70, с. 65]. Яғни зерттеуші «менталды өріс», «пікір өрісі» терминдерін синоним ретінде қолданады [98, с. 65-69]. Зерттеушінің еңбегінде менталды өріс, пікір өрісі, пікір етістіктерімен байланысты семантикалық топтардың өзара қатысы нақтыланбаған. Сонымен қатар зерттеушінің еңбегінде қолданылған терминологиялық жүйе нақтылықты қажет етеді.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі сөз тұлғасы мен сөйлем сияқты әртүрлі типтегі тілдік құралдарды негізге алады. Олар өзара

тығыз байланыста болады. Менталды етістікпен байланысқан сөз тұлғасы не предикативтік құрылымның арасындағы объектілік қатынас, яғни ойлау нысанын білдіретін байланыс, сөздің менталды семантикасының ерекше маркері болып табылады. Бұл семантика, негізінен, етістіктің тура немесе ауыспалы мағынасында жүзеге асатын «менталды әрекетті жүзеге асыру» категориялық семасымен байланыста болады. Сондықтан менталды етістіктердің семантикалық құрылымындағы көпдеңгейлі компоненттер менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісін анықтайтын лингвистикалық факторлар ретінде алынады. Олар «ойлайтын субъект – ойлау үдерісі – ойлау нысаны» түріндегі жалпы семантикалық модельді қалыптастырады. Бұл модель типтік когнитивтік жағдаятты көрсетіп, белгілі бір синтаксистік құрылымға сәйкес келеді.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінің негізгі бірліктері – менталды етістіктер және олар қолданылған сөйлемдердің семантикалық модельдері. Менталды етістіктердің семалық құрылымы мен сөйлемдердің семантикалық модельдері арасындағы функционалды ұқсастық болғандықтан, бұл етістіктерді предикаттық бірлік ретінде қарастыруға болады. Олар белгілі бір денотаттық жағдаяттың ішкі семантикалық бірлігін қамтамасыз етеді. Семантикалық модельдер айтылым компоненттерінің лексика-семантикалық сипаттарына байланысты болады, өйткені мұндай модельдер тілде дербес қолданылмайды. Олар сөйлеу барысында лексикалық репрезентацияның заңдылықтарын жалпылау арқылы анықталады. Семантикалық модельдерді сипаттауда етістіктің (предикаттың) денотаттық (жағдаяттық) және лексика-грамматикалық семантикасы негізге алынады. Модельдердің компоненттерін сипаттауда субъект, предикат, объект сияқты әмбебап семантикалық категориялар қолданылады. Предикат семантикалық модельдің басты компоненті болып табылады. Предикат жағдаяттың мағыналық көріністерін де жеткізеді.

Етістік сөйлем құрылымын ұйымдастыруда маңызды орын алады. Сол себепті Г.Әзімжанова баяндау мәнерінде етістік тұлғаларының атқаратын қызметі ерекше екенін айтады [99, б. 21]. Жұмыста менталды етістіктер қатысқан сөйлемдердің семантикалық модельдерін өзіміз айқындаған лексика-семантикалық топтардың негізінде сипаттадық. Бұл орайда етістікті сөйлемдер жүйесінен менталды предикаттардың семантикасына қарай ажыратылатын базалық семантикалық модельдер анықталды; модельдердің субъект пен ойлау нысаны позицияларының семантикалық ерекшеліктеріне қарай түрленетін вариантты сипатталды; модельдер менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінің параметрлерімен (ядро, орталық, периферия) салыстырыла талданды.

Менталды етістіктер функционалдық-семантикалық өрістің өте күрделі бөлігін құрайды. Себебі менталды әрекеттер (ойлау, түйсіну, қабылдау, пайымдау, есте сақтау, қиялдау, бағалау) – адамның когнитивтік жүйесінің негізі болып табылады. Функционалдық-семантикалық өрісте менталды етістіктердің өзіндік ерекшеліктері болады:

- семантикасы күрделі болады. Менталды әрекет дерексіз категория болғандықтан, оны сипаттайтын етістіктердің семантикасы көпқабатты болады: интеллектуалдық, эмоциялық, перцептивтік, бағалауыш, әлеуметтік-прагматикалық;
- менталды етістіктер адамның танымдық құрылымдарына тікелей байланысты болады. Олар ғалам *бейнесі, концептосфера, менталды модельдер* арқылы сипатталады;
- метафоралану деңгейі жоғары болады. Менталды үдерістер ғаламның тілдік бейнесінде көбінесе метафора түрінде беріледі: ойлау – жол (*жүрекке жол табу, түйінін шешу*); білу – жарық (*санасына жарық түсті*); түсіну – көру (*көзі жетті – түсінді*); есте сақтау – із (*із қалдыру, есінде қалу*) т.б.;
- менталды етістіктер адамның ішкі сөйлеу әрекеті, когнитивтік үдеріс, вербалды ойлау жүйесімен байланысты;
- қазақ тіліндегі менталды етістіктер ұлттық концептосферамен тығыз байланысты (*жүрекпен сезу*, *көңілін аулау, ақылға қонымды*, *ойға түю*, *ішіне түю*, *көңіл көзі ашылу)*. Бұлар өрістің мәдени аспектісін айқындайды.

Базалық семантикалық модельдер әрбір лексика-семантикалық топтағы категориялық-лексикалық семасы синтагмалық тұрғыдан релевантты етістіктер-идентификаторларды анықтау арқылы айқындалады. Модельдердің варианттары негізгі, біріктірілген, бейнелі, дараланған, ұлттық ерекшелігі бар, мәндес етістіктердің дифференциалды семантикасын жалпылау нәтижесінде сипатталады. Семантикалық модельдерді функционалды тұрғыдан талдауда нақты жағдаятты бейнелейтін айтылымнан типтік контекст арқылы жалпыланған семантикалық модельге бағытталды. Бұл тәсіл әртүрлі типтегі сөйлемдерді (біріншілік, екіншілік, қарапайым және күрделі) модель шеңберінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Менталды семантиканың тура және ауыспалы мағыналарда көрініс табуы, сондай-ақ оның предикаттық позициядағы көрініс ерекшеліктері функционалды-семантикалық өрістің өзегін, орталық және шет аймақтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл парадигманы А.В.Бондарко еңбектеріндегі [100, с. 35] моноцентрлік функционалды-семантикалық өрістердің кешенді (гетерогенді) ядросы бар түрлерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Бұл микрожүйеде ядролық сөз-идентификатор жоқ, өйткені оның құрамындағы етістіктер ат қоятын менталды қызмет тек ойлау үдерісімен шектелмейді; ол адамның танымдық қабілеттермен, тұлғаның бүкіл психикалық өмірінің негізі ретіндегі жадымен, еркімен, сезім, эмоцияларымен, сондай-ақ сөйлеу әрекетімен т.б. байланысты. Ой жұмысының көпқырлылығын бір идентификатор-сөзбен беру мүмкін емес.

Лексика-семантикалық топтардағы менталды етістіктердің модельқұраушы интенциялары бірдей болғанмен, өрістің әртүрлі орталықтарын емес, бір ғана ядро, орталық және перифериияның өзара әрекеттесетін элементтерін көрсетеді. Функционалды-семантикалық өрістің негізінде жатқан «менталды әрекетті жүзеге асыру» концептуалдық семасы менталды етістіктер

арқылы ғана емес, солардан жасалған есімдер арқылы да, сондай-ақ синтаксистік құралдар арқылы да беріледі.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі ауқымды жүйе болып табылады; оның элементтері бастапқы жүйе ретінде алынған осы өріске қатысты орта ретінде қызмет етеді. А.В.Бондарко ортаның екі түрін көрсетеді. Біріншісі – жүйеішілік-тілдік (парадигмалық) орта: ол тілдік бірліктің тілдің парадигмалық жүйесіндегі қоршауы. Екіншісі – сөйлеу ортасы, яғни бірліктің сөйлеудегі қоршауы, контекст пен сөйлеу жағдайы [100, с. 9-10]. Менталды етістіктер өрісімен өзара әрекеттесіп, оның жүйе ретіндегі қасиеттерін қалыптастырып, сақтауға, дамытуға қатысатын барлық парадигма жүйеішілік-тілдік ортаның қызметін атқарады. Мұндай парадигмаларға қабылдау етістіктерінің, сөйлеу әрекеті етістіктерінің, эмоционалдық күй етістіктерінің, эмоциялық бағалау етістіктерінің және т.б. лексика-семантикалық топтары жатады. Контекст пен сөйлеу жағдаяты сөйлеу ортасының қызметін атқарады.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі иерархиялы құрылымды болып келеді. Ол үш негізгі аймақтан (орталық аймақ; жақын аймақ; шеткі аймақ) тұрады (Кесте 1).

Кесте 1 – Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі

аймақ	етістіктер	ерекшеліктері	Семалық сипаты
орталық аймақ	*білу, түсіну, ойлау*	менталды семасы айқын; жиілігі жоғары; әмбебап когнитивтік мәні бар; менталды өрістің концептуалды орталығы ретінде басқа етістіктерге негіз болады.	Базалық когнитивтік операциялар: ойлау; тану; түсіну
жақын аймақ	*аңғару, пайымдау, болжау*	менталды сема + қосымша реңктер; когнитивтік әрекеттік нақтылануы; орталық аймақ семасының күрделенген көрінісі ретінде жартылай деривациялық сипатқа ие.	Семантикалық компоненттер: интуитивтік таным (*аңғару*); логикалық қорытынды (*пайымдау*); болжам (*болжау*)
шеткі аймақ	*елестету, ұмыту, сезіну*	менталды сема көмескі не аралас келеді; менталды семаның әлсіреген, кеңейген аймағы ретінде эмоция, перцепция, қиял сияқты өрістермен тоғысады.	бейнелік таным (*елестету*); когнитивтік жоғалту (*ұмыту*); сезімдік қабылдау (*сезіну*)

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісіндегі орталық аймақ – семантикалық, когнитивтік тұрғыдан ең тұрақты әрі әмбебап қабат.

болып табылады. Бұл аймақтың негізгі ерекшеліктері:

– менталды сема айқын болады. Бұл етістіктерде (*білу, түсіну, ойлау*) «таным», «ойлау», «ақпаратты өңдеу» сияқты негізгі когнитивтік мағына анық көрінеді. Менталдылық негізгі семантикалық өзек ретінде қызмет етеді;

– жиі қолданылып, әмбебап сипатта болады. *Білу, түсіну, ойлау* етістіктері тілімізде өте жиі қолданылады әрі барлық тілге ортақ әмбебап ұғымдарды білдіреді. Сондықтан олар жалпыадамзаттық когнитивтік категориялардың тілдегі көрінісіне жатады;

– орталық аймақтың *білу, түсіну, ойлау* етістіктері бүкіл функционалды-семантикалық өрістің өзегі болады. Басқа менталды етістіктер (мысалы, *аңғару, пайымдау, болжау*) осы базалық ұғымдардың негізінде туындайды. Яғни, орталық аймақ деривациялық және семантикалық база болып табылады;

– орталық аймақты абстрактілік деңгейі өте жоғары болады. Сондықтан бұл етістіктер нақты әрекеттен гөрі ішкі когнитивтік үдерістерді білдіреді;

– орталық аймақтағы етістіктердің мағынасы біршама тұрақты, контекске тәуелсіз болады. Олар қай дискурста, қандай контексте қолданылса да, негізгі когнитивтік мағынасы сақталады;

– орталық аймақ когнитивтік модельдерге негіз болады. Бұл етістіктердің көмегімен базалық фреймдер құрылады: *білу* – білімнің қалыптасуы; *түсіну* – ақпаратты интерпретациялау; *ойлау* – когнитивтік өңдеу, шешім қабылдау;

– орталық аймақ өрістің ішкі иерархиясын қалыптастырады. Соның негізінде жақын аймақ (*аңғару, пайымдау, болжау*), шеткі аймақтар (*елестету, ұмыту, сезіну*) түзіледі.

Сонымен, менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінде орталық аймақ когнитивтік мағынаның ең жоғары дәрежеде шоғырланған, семантикалық тұрғыдан тұрақты әрі әмбебап қабатын құрайды. Бұл аймақтағы етістіктер (*білу, түсіну, ойлау*) танымдық әрекеттің базалық модельдерін репрезентациялап, бүкіл өрістің концептуалдық, құрылымдық негізі ретінде қызмет етеді. Менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісіндегі менталды етістіктерде *«ойлау қызметінің жүзеге асуы»* семасы көрініс тауып, етістіктің сөйлеу контексінде қолданылу барысында категориялық сема ретінде сақталады. Бұл сема предикаттық сипатқа ие болады әрі тұтас бір жағдаяттың мазмұнын бейнелейді. Ол ойдың субъектісі мен объектісінің арасындағы логикалық-семантикалық байланысты да білдіреді. Сонымен қатар ол имманентті предикаттық құрылымдардың қалыптасуына қатысып, олардың синтаксистік құрылыммен эквиваленттілігін айқындайды. *«Менталды әрекеттің жүзеге асуы»* семасы семантикалық компоненттердің иерархиясындағы негізгі предикаттық мағынаны белгілейді. Бұл мағына жалпыланған семантикалық модельдер түрінде көрініс табады. Ойлаушы субъект – ойлау үдерісі – ойлау нысаны, яғни субъектінің ойының объектіге бағытталуын бейнелейтін интеллектуалды әрекеттің типтік жағдаятын көрсетеді.

Сөйлем-синтагма деңгейінде нақты менталды етістіктердің семантикасы олардың ойлау нысаны қызметін атқаратын сөз формаларымен не предикативтік бірліктермен тіркесуінен көрінеді. Мұндай предикативтік бірліктер мен сөз формаларының арақатынасы объектілік қатынастарға негізделеді. Бұлайша тіркесуі менталды етістіктердің негізгі дистрибутивтік белгісі болып табылады. Ол етістіктің синтагмалық деңгейінде жүзеге асады. *Ойла* етістігі есім негізді

туынды түбір етістікке жатады [101]. Яғни *ой* зат есіміне етістік тудыратын **-ла** жұрнағы жалғану арқылы жаңа жасалған. А.Байтұрсынұлы «ла» («ле», «да», «де», «та», «те») жұрнағы зат есімге істі сол есімді зат бен істеу үшін жалғанатынын айтады [102]. Қазақ тіл білімінде уәждеме теориясын арнайы зерттеген ғалым – Б.Қасым: «Уәждеме – аталымның жасалуындағы алдын ала жасалатын міндетті баспалдақ», – деп тұжырымдайды [103, б. 250].

Ойла етістігінде *ой* сөзінің мәні сақталуы ғалым тұжырымының дұрыстығын көрсетеді. Менталды етістіктердің лексикалық мағынасы иерархиялық семалық құрылымға ие күрделі құбылыс болып табылады. Ол етістіктерде субстанционалды және бейсубстанционалды, басты және бағыныңқы семалардың болуына, сондай-ақ ойлау әрекетінің түрлі параметрлерімен сәйкес келуімен байланысты. Менталды етістіктердің лексикалық мағынасының құрылымын компоненттік талдау барысында «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», «Қазақ сөздігі», Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде көрсетілген дефинициялары негізге алынды. Сөздік дефинициялар компоненттік талдау үшін нақты тіркелген негіз болып табылады, себебі оларда етістіктің денотаттық семантикасы көрсетілген. Алайда сөздік мақалалар әрдайым сөздің семантикалық құрылымын дәл бейнелей бермейді, оларда мағыналық иерархия түрліше берілуі мүмкін.

«Қазақ сөздігінде» *ойла* етістігінің мағынасы «1. Пайымдау, топшылау. 2. Армандау, қиялдау. 3. ауыс. Қамтамасыз ету» түрінде берілген де осы етістіктен өрбіген тіркестер «*Ойлаған жерден шықты. Ойындағыдай болды, ойына дөп келді. Ойлағаны болды. Ойына алғаны орындалды, ойындағысы болды. Ойламаған жерден. Ойда жоқта, кенеттен. Ойлап бақ. Ойла, ойға сал»* түрінде сипатталған [104, б.989].

«**Ой**» зат есімінен өрбіген тіркестер: *Ой ауды. Көңілі әр нәрсеге ауытқыды.*

Ой басты. *Калың ойда қалды, ой азабына түсті.*

Ой биледі. *Терең ойға батты, көп ойланды.*

Ой бөлді. *Бір нәрсеге назар аударды. ынта қойды.*

Ойға алды. а) *Есіне түсірді, ойлады*. ә) *Мақсат тұтты, көздеді*. б*) Елеп-ескерді, санасты.*

Ойға батты (*қалды, түсті, шомды). Неше түрлі ой жетегінде болды, ойланды.*

Ойға көмілді. *Калың ойға шомды, ой басты.*

Ойға малтыды, бейн. *Көп ойланды, небір ойға берілді.*

Ойға оралды. *Еске түсті.*

Ойға салды. а) *Ойландырды, ойға қалдырды. ә) Еске түсірді, үйретті.*

Ойға тізді. *Егжей-тегжейлі еске түсірді, өткенді бүге-шігесіне дейін еске алды.*

Ойда болды. *Есінде сақтады, ұмытпады.*

Ойдан шықпады (кетпеді]. *Ұмытылмады, есте қалды, жадында сақталды.*

Ойды қозғады. *Көңілді тербетті, ойды түртіледі.*

Ой елегінен өткізді [елегіне салды). *Еске түсіріп, салмақтады, жан-жақтылы талдады.*

Ой жетпейді. *Ой жеткісіз, болжап болмайды.*

Ой жүгіртті. *Әр жайды ойша барлады, ойланды* [104, б. 988-989].

Бұл сипаттамалар ***ой*** зат есімінен зат есімінен өрбіген тіркестерді ойлау етістіктерінің лексика-семантикалық тобына (ЛСТ) жатқызуға мүмкіндік береді.

Түсіндірме сөздіктерде сөз мағынасы негізінен толық әрі дұрыс беріліп, менталды етістіктердің парадигмалық және синтагмалық ерекшелігі көрсетілген. Бұл орайда «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты 15 томдық түсіндірме сөздіктің берері мол. Сондықтан компоненттік талдау жүргізген кезде осы сөздікке сүйендік. Менталды етістіктердің мағынасын ғана көрсетіп, мысалдармен нақтылау қажет болмаған жағдайда «Қазақ сөздігінің» деректерін негізге алдық.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінің өзегін анықтау үшін олардың парадигмалық және синтагмалық ерекшеліктерін анықтап алу қажет. Сөздердің жүйелік байланыстарын нақтылау үшін олардың лексика-семантикалық топ құрауын, сондай-ақ сол топ мүшелерінің синонимдік және антонимдік қатар түзуін, интегралдық және дифференциалдық белгілердің сипатын ескеру қажет. Біріктіруші белгі ретінде «менталды әрекетті жүзеге асыру» семасы бар етістіктердің семантикалық ортақтығы негізге алынды. Сонымен қатар бұл категориялық семаны бейнелейтін ойлау үдерісінің параметрлері бойынша интегралдық белгілер менталды етістіктерді лексика-семантикалық топтарға біріктіреді. Ал дифференциалдық белгілер осы топтардағы сөздік оппозициялар мен синонимдік-антонимдік қатынастардың қалыптасуынан көрінеді.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінде жақын аймақ орталық аймақ пен шеткі аймақтың арасындағы аралық (өтпелі) қабат болып табылады. Бұл аймаққа *аңғару, пайымдау, болжау* сияқты етістіктер жатады.

Жақын аймақтың ерекшеліктері:

– жақын аймақта менталды мағына сақталғанмен, оған интуиция, логика, болжал сияқты қосымша реңктер, модификацияланған сема қосылады. Сондай-ақ жақын аймақтағы етістіктерге бағалау, ықтималдық, сенімділік сияқты модальдік мәндер де үстеледі: *болжау* – ықтималдық, *пайымдау* – логикалық сенімділік;

– когнитивтік үдерістер нақтыланады, яғни, орталық аймақтағы жалпылама әрекеттер (*ойлау, түсіну*) айқындалады: *аңғару* – кенет пайда болған интуитивтік таным; *пайымдау* – логикалық өңдеу, қорытынды шығару; *болжау* болашаққа бағытталған когнитивтік әрекет. Жақын аймақта когнитивттік операциялар жіктеледі;

– жақын аймақтағы етістіктердің (*аңғару, пайымдау, болжау*) мағынасы орталық етістіктерден өрбиді: *ойлау → пайымдау, түсіну → аңғару;*

– жақын аймақтағы етістіктердің мағынасы контекст арқылы нақтыланады. Бұл аймақтағы етістіктердің мағынасы динамикалы болады;

– жақын аймақ орталық пен шеткі аймақты байланыстырады. Орталықтағы

таза когнитивтік мағынаға шеткі аймақтағы эмоция, перцепция т.с.с. мағыналардың үстелуіне негіз болады. Яғни, жақын аймақтағы менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінде базалық когнитивтік мағыналар нақтыланып, дифференциациялана түседі, қосымша реңктерге ие болады.

Жақын аймақтағы етістіктердің семантикалық құрылымын «*аңғару*» етістігін талдау арқылы анықтауға болады (Кесте 2).

Кесте 2 – «*Аңғару*» етістігінің семантикалық құрылымы

архисема	менталды әрекет
дифференциалды семалары	жасырын ақпаратты байқау; тез түсіну; бейсаналы түрде не жартылай саналы түрде тану
ерекше семасы	кенеттен ұғыну; имплицитті білімді тану
аспектуалдық сипаты	бір сәттік
прагматикалық реңкі	интуитивтік қабылетті білдіреді; субъективтілік мәні жоғары; көркем мәтінде экспрессивті мәнде қолданылады

Талдау нәтижесінде «*аңғару*» етістігінің имплицитті, интуитивтік когнитивтік әрекетті білдіретін менталды етістік екені анықталды.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінде шеткі аймақ өрістің семантикалық шегарасын білдіреді. Бұл аймақ эмоция, перцепция, қиял сияқты функционалды-семантикалық өрістермен тоғысады. Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісіндегі шеткі аймаққа *елестету, ұмыту, сезіну* сияқты етістіктер жатады.

Шеткі аймақтың ерекшеліктері:

– таза менталдық мән сақталмайды. Менталды сема әлсіреп, көмескіленуіне байланысты басқа семалармен араласады: *сезіну* → перцептивтік + эмоционалдық; *елестету* → когнитивтік + бейнелік; *ұмыту* → когнитивтік үдерістің кері нәтижесі;

– шеткі аймақта когниция, эмоция, перцепция, қиял, т.с.с. бірнеше өріс тоғысады. Сондықтан бұл аймақта бірнеше өрістің белгілері көрініс табады;

– бұл аймақтың етістіктері танымның негізгі емес, қосымша көріністерін білдіреді: *елестету* → қиял арқылы тану; *сезіну* → сезім арқылы қабылдау; *ұмыту* → ақпараттың жойылуы;

– абстракция мен нақтылық араласады. Мысалы, *сезіну* етістігі нақты физиологиялық үдеріске жақын болса, *елестету* етістігінің абстракциялық мәні жоғары. Сондықтан шеткі аймақ семантикалық тұрғыдан әртекті болып келеді;

– шеткі аймақтың етістіктері контекске тәуелді болып келеді. Бұл аймақтың етістіктері бір сөйлемде эмоция ретінде көрінсе, енді бір сөйлемде когнитивтік үдеріс ретінде көрінеді;

– шеткі аймақтың нақты шегарасы жоқ. Ол эмоциялық күй, психологиялық өріс, сенсорлық қабылдау сияқты басқа өрістерге ауысып кете алады. Яғни, шеткі аймақ динамикалы, ашық жүйе болып табылады.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісіндегі шеткі аймақта когнитивтік мағына әлсіреп, эмоция, перцепция, қиял өрістерімен тоғысатын, семантикалық тұрғыдан синкретті, шегарасы ашық қабат құрайды. Мысалы, «*елестет*у» етістігі дифференциалдық семалармен бірге «менталды қызметтің жүзеге асуы» деген категориялық семаны нақтылап, «белгілі бір нысанның бейнесін ойда қайта жасау, көз алдына келтіру, ойша бейнелеу» мәнін білдіреді. «Елестету» етістігі когнитивті модельдеумен қатар қиял мәніне де ие. Контекске тәуелді болғандықтан, *Ал Әбілқайырға ол бірдеңені* ***елестеткендей*** *болды* [105, б. 220] деген сөйлемде «*елестету*» етістігі психикалық күйді білдірсе, *Әлгі көргенің өң де емес, түс те емес, Алла Тағаланың көзіңе әдейі* ***елестетіп*** *отырған бір нышаны болар, – деп ілгері итініп қойып, көшелі әңгімеге енді кірісе беріп еді, Пәтшайым тамағын кенеді* [105, б. 36] деген сөйлемде эмоция мен перцепция қабаттасқан. *Әбілқайыр бүгінде сол бір көп сұмдықты көз алдына* ***елестетуге*** *дәті шыдамайды. Есіне ол түсті-ақ төбе құйқасы шымырлап қоя береді* [105, б. 230] деген сөйлемде эмоциялық мән үстем түскен. Яғни, «елестету» етістігі менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінде шеткі аймаққа тән полифункционалды бірлік ретінде көрінеді. Бұл етістіктің семантикасы контекске тәуелді түрде когнитивтік (қиял, бейнелеу, реконструкция), эмоциялық-психикалық (қорқыныш, күйзеліс, елес) компоненттердің өзара тоғысуын білдіреді. «*Елестету*» етістігі шеткі аймақта когнитивтік және аффективтік семалардың бірлігін көрсетеді (Кесте 3).

Кесте 3 – «*Елестету*» етістігінің семантикалық құрылымы

архисема	менталды әрекет
дифференциалды семалары	бейне құру; визуалды модель жасау; гипотетикалық жағдаят қалыптастыру
когнитивтік сипаты	нақты емес, болуы мүмкін нәрсе
аспектуалдық сипаты	процессуалды, еркін динамика
прагматикалық реңкі	субъектінің шығармашылық қабілетін білдіреді; эмоциялық реңк үстейді; көркем дискурста жиі қолданылады

Сөздік оппозициялар тура мағынасы арқылы көрінеді. Сондықтан парадигмалық ерекшелігін сипаттауда оларға ерекше назар аударылды. Сондай-ақ кейде етістіктердің мағыналық айырмашылықтары контексте бейтараптанып**,** синоним ретінде қабылданатыны да ескерілді. Мысалы: *ойлау – ойлану – ойға қалу – ойға түсу – ойға шому – ой тербеу – ойға бату – пайымдау – топшылау – қиялдау* және т.б. Мұндай синонимдік қатардағы семантикалық компоненттердің ортақтығы негізгі (тірек) мүшенің мағынасына шоғырланған, себебі ол сол қатардың концептуалды өзегін құрайды. Қатардың басқа мүшелері семантикалық құрылымының шет аймағындағы (перифериясындағы) ортақ дифференциалдық семаларды қамтиды. Осы семалардың актуалдануы арқылы олар бір қатарға бірігеді. Басқа етістіктерде мұндай айырмашылықтар антонимдік қарама-қарсылық тудырады, яғни мағыналар ортақ семалар негізінде

қарама-қарсы қойылады: *есте сақтау – ұмыту, ойға шому – ойдан қашу, ойға алу – естен шығару, ажырату – шатастыру, мақұлдау – жоққа шығару, келісу – келіспеу* және т.б. Антонимдік қатынастар белгілі бір лексика-семантикалық топқа ортақ сема бойынша қарама-қарсы қойылған етістіктерге тән, яғни олар лексика-семантикалық қатардың шет аймақтарында орналасады.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісін толық әрі жүйелі сипаттау үшін позитивті когнитивтік әрекеттерді ғана емес, олардың когнитивтік антонимдерін де қарастыру қажет. Себебі адам танымы білімнің қалыптасуын ғана емес, оның бұзылуы, әлсіреуі, жоғалуын да білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, менталды өрісте позитивті (*білу, түсіну, ойлау*) және негативті (*ұмыту, түсінбеу, жаңылыс*у) когнитивтік әрекеттер өзара оппозициялық қатынаста болады. Бұл оппозиция менталды семантиканың ішкі құрылымын толық ашуға мүмкіндік береді. Менталды етістіктердің когнитивтік антонимдері таным процесінің кері бағытын көрсетіп, когнитивтік жүйенің динамикалық табиғатын айқындайды. Осылайша, менталды өріс ақпараттың қалыптасуын ғана емес, оның трансформациясы мен жойылуын да қамтитын тұтас жүйе ретінде сипатталады. Мәндері қарама-қарсы болғанмен, ондай сөздерді (антонимді) парадигмадан шығарып тастауға болмайды. Себебі антонимдердің қарама-қарсылығы – біртұтас мәннің ішкі айырмашылығы болып табылады [106, с.244].

Дәстүрлі зерттеулерде менталды етістіктер көбіне позитивті когнитивтік әрекеттер арқылы сипатталып келеді. Атап айтқанда, *білу, түсіну, ойлау, пайымдау* сияқты етістіктер адамның танымдық әрекетінің нәтижелі әрі мақсатты кезеңдерін білдіреді. Алайда таным үдерісі ақпаратты қабылдау мен өңдеумен ғана шектелмейді, сонымен қатар ақпараттың бұрмалануы, толық түсінілмеуі, ұмытылуы сияқты кері бағыттағы үдерістерді де қамтиды. Осыған байланысты менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісін сипаттауда когнитивтік антонимияны ескеру қажет. Когнитивтік антонимия – адамның таным әрекетінің қарама-қарсы бағытын білдіретін тілдік бірліктер арасындағы семантикалық оппозиция. Когнитивтік антонимдер менталды өрістің динамикалық сипатын да айқындайды. Олар таным үдерісінің қалыптасуын ғана емес, үзілуін, өзгеруін, бұзылуын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, менталды етістіктер өрісі симметриялы құрылымға ие: бір жағында – білімнің қалыптасуы, екінші жағында – жоғалуы не бұрмалануы. Бұл оппозициялар менталды семантиканың қателікті, белгісіздікті, когнитивтік сәтсіздікті де қамтитынын көрсетеді. Соның негізінде менталды етістіктер өрісі дұрыс танымды ғана емес, танымдағы ауытқуларды да қамтитын күрделі құрылым ретінде танылады. Мұндай оппозиция менталды семантиканың ішкі құрылымын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Яғни, таным үдерісі ақпаратты қабылдап, өңдеуден басталып, оның дұрыс не қате интерпретациялануы, кейін жадта сақталуы не ұмытылуымен аяқталады.

Менталды етістіктердің когнитивтік антонимдері олардың семантикалық құрылымында да көрініс табады. Мысалы, *білу* етістігі ақпараттың субъект санасында тұрақты түрде сақталуын білдірсе, *ұмыту* етістігі осы ақпараттың

жадтан өшуін білдіреді. Сол сияқты *түсіну* етістігі ақпараттың мәнін дұрыс ұғынуды көрсетсе, *түсінбеу* етістігі оның толық не жартылай меңгерілмеуін білдіреді. Ал *ойлау* етістігі логикалық когнитивтік әрекетті білдірсе, *жаңылысу* етістігі осы әрекеттің нәтижесінде қате қорытындыға келуді көрсетеді.

Когнитивтік жүйедегі ақпараттың жоғалуын білдіретін менталды үдерісті білдіретін «*ұмыту*» етістігінің семантикалық құрылымын былайша көрсетуге болады (Кесте 4):

Кесте 4 – «*Ұмыту*» етістігінің семантикалық құрылымы

архисема	менталды үдеріс
дифференциалды семалары	ақпараттың субъектінің санасынан өшіп қалуы; когнитивтік әрекеттің әлсіреуі
бағыттық семасы	есте сақтауға кері бағытталған үдеріс
аспектуалдық сипаты	нәтижелі (ұмытып қалу); процессуалды (ұмыта бастау) сипат
прагматикалық реңкі	бағалауыштық (ұмытшақ); эмоциялық реңк (өкініш, немқұрайдылық)

Менталды етістіктердің өрісінде позитивті және негативті когнитивтік әрекеттер өзара жүйелі түрде қарама-қарсы қойылады. Функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан қарастырғанда когнитивтік антонимдер өрістің шет аймағында шоғырланады. Себебі оларда менталды сема көбіне бағалауыштық, эмоциялық, модальдық реңктермен қабаттасып келеді. Мысалы, *жаңылысу* етістігі когнитивтік қателікті ғана емес, сонымен қатар бағалауыш мәнді де білдіреді. Ал *түсінбеу* етістігі коммуникативтік сәтсіздікті көрсетеді. Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі позитивті және негативті когнитивтік әрекеттердің бірлігі негізінде ұйымдасқан күрделі жүйе болып табылады.

Синтагмалық тұрғыдан релевантты категориялық-лексикалық семантика нақты менталды етістіктердің денотат жағдаяттарды бейнелейтін сөйлемдердің семантикалық моделіндегі негізгі құрылымдаушы компонент ретінде қызмет етеді. Нақты менталды етістіктердің синтаксистік құрылымдардағы модельдік интенцияларын анықтау үшін әртүрлі лексика-семантикалық топтарға жататын етістіктердің синтагмалық тұрғыдан релевантты лексикалық семантикасының типтік жиынтығынан шығатын семантикалық қорыту әдісі қолданылды. Сол арқылы сөйлем жүйесінен нақты менталды етістіктер-предикаттар арқылы конституцияланатын семантикалық модельдерді анықтап, қайсысы категориялық-лексикалық және дифференциалдық семантикамен шарттасып, менталды әрекетті бейнелей алатынын айқындауды мақсат еттік.

Нақты менталды етістіктердің лексика-семантикалық сипаттамасы, яғни олардың семантикалық құрылымын талдап, парадигмалық ерекшелігін анықтау, осы өрістегі етістіктердің жүйелену, ұйымдасу принциптерін айқындауға мүмкіндік береді. Нақты менталды етістіктердің лексикалық мағынасын компоненттік талдау барысында олардың синтагмалық тұрғыдан релевантты

лексикалық семантикаға ие екені анықталды. Бұл семантика денотат жағдаяттарды кодтаудың түрлі тәсілдерін қамтиды. Оны ойлаушы субъект – ойлау үдерісі – ойлау нысаны моделі арқылы бейнелеуге болады. Осындай жағдаятты нақты менталды етістіктердегі «менталды әрекетті жүзеге асыру» категориялық семасы мен интегралдық және дифференциалдық белгілердің көмегімен көрініс табады. Бұл белгілер жағдаяттың элементтеріне сәйкес интегралдық және дифференциалдық белгілерге бөлінеді. Интегралдық белгілер – менталды әрекет үдерісінің параметрлері (тану, есте сақтау, ойлау, қиялдау, түсіну) тұрғысынан категориялық семаны нақтылайды. Дифференциалдық белгілер – сөздік оппозициялар, синонимдік қатарлар мен антонимдерді түзеді.

Менталды етістіктердің семантикалық құрылымын талдау нәтижесінде олардың ой әрекетінің түрлі параметрлерін білдіретіні анықталды. Мәселен, *таным* семантикасы бірнеше менталды етістікке тән. *Таны* етістігі «Қазақ сөздігінде: «Таны ет. 1. Айнытпай тап басып білу. 2. Бір затты жан-жақты тексеріп, ажырату, айыру. 3. Мойындау, қабылдау» түрінде сипатталған [104, б. 1216]. Бұл ретте *таны* етістігінің бастапқы және кейінгі мағыналарының орындары ауысып кеткені байқалады. Себебі айнытпай тап басып, білу үшін алдымен ол заттың не екенін анық біліп, жан-жақты тексеріп, ажыратып, айырып алу керек екені даусыз.

Тану үдерісінің семантикасына *білу, тексеру, ажырату, айыру* етістіктері қатысады: БІЛ ет. 1. Бір нәрсе жайында хабардар болу. қолынан келу, дайын болу, істей алу мағынасын білдіреді. 2. *Есіңде болсын (сақта), ұмытпа* деген мағынада, 3. *-а, -е, -й* формалы негізгі етістікке тіркесіп, қолынан келу, дайын болу, істей алу мағынасын білдіреді. 4. Шешімін табу, әдіс-тәсілін менгеру. 5. Түсіну, ұғыну. 6. Анықтау, айқындау, тергеп-тексеру, көзін жеткізу. 7. Байқау, сезу, аңғару, аңдау. 8. Тану, түстеу. 9. Бағалау, қадірлеу, айыру, ажырату. 10. Таңдау жасау, бір шешімге келу.

ТЕКСЕР= е т. 1. Анық-қанығына жету, анығын білу, айқындау. 2. Ұқыптап қадағалау, бақылау, байқау. 3. Мән-жайын зерттеу, іздену.

АЖЫРАТ ет. 1. Екі заттың арасын бөлу, жігін айыру. 2. Бөліп алу, жіктеу, айыру. 3. Төлді енесінен айыру, бөліп жіберу. 4. Екі адамның не ел мен елдің арасын айыру, бөлу. 5. Бөліп, айырып алу. 6. Анықтау, айқындау, талдау. 7. Құтқару, босатып жіберу. 8. Анық, айқын, дәл білу, түсіну. 9. Анықтап ашып алу, тәптіштеу, тиянақтау. 10. Төбелескен адамдарды айырып жіберу, арашалау.

АЙЫР ет. 1. Бір бүтін нәрсені екіге бөлу, жару. 2. Киімді, қағазды, матаны т.б. дар екізу, жырту. 3. Ұрып-соғып, қақ жару, бөлу. 4. Әртүрлі тәсілмен бір заттың бойынан басқадай бір затты бөліп шығару, тазарту, ажырату. 5. Жерді жырту, айдау, тілу. 6. ауыс. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты бұзу, ажырату. 7. ауыс. Баланы емшектен шығару; төлді енесінен бөлу. 8. ауыс. Қол үздіру, құр тастау. 9. ауыс. Ара түсіп алып қалу, құтқару, арашалау, ажыратып алу. 10. ауыс. Бірдей көрмеу, алалау. 11. ауыс. Танып білу, ажырату, анықтау; сырын ұғу, түсіну. 12. ауыс. Үнем қылу, күн көрісіне, қажетті азық-түлігіне қаржы бөлу. 13. сөйл. Кесек ақшаны ұсақтау, уату, майдалау [104].

Сөздіктегі *біл* етістігінің мәні де нақтылай түсуді қажет етеді. Себебі онда бастапқы мәні мен кейінгі мәндері араласып кеткен. *Біл* етістігінің бастапқы мағынасы – «бір нәрсе жайында хабардар болу» жеке көрсетілуі керек еді.

«Синонимдер сөздігінде» *ажырат, айыр* етістіктері синоним ретінде берілген: «Ажырату, айыру. Анықтап, танып білу. *Екеумізге тапсырмақ екенсіз, жарайды, ақ пен қараны өзіміз ажырата жатармыз* (А.Хангелдин). *Түріне қарап татар демесең, тіліне қарап айыра алмайсың* (Б.Майлин)» [106, б.26]. Алайда «Қазақ сөздігіндегі» *ажырат* және *айыр* етістіктерінің берілуінде *ажырат* етістігінің менталды мәні тура мағынасында көрсетілсе [104, б.33], *айыр* етістігінің менталды мәні ауыспалы мағынасы ретінде көрсетілген [104, б. 46].

Етістіктердің семантикалық құрылымына жүргізілген компоненттік талдау нәтижесінде олардың құрамында «анық-қанығына жету, анығын білу, айқындау» интегралдық семасы және оны нақтылайтын дифференциалдық белгілер (анықтау, айқындау, талдау; ұқыптап қадағалау, бақылау, байқау; мән-жайын зерттеу, іздену;) бар екені анықталды. Бұл белгілер «менталды әрекетті жүзеге асыру» семасын субъектінің таным үдерісі арқылы нысанды игеруі тұрғысынан бейнелейді. Аталған етістіктер эмпирикалық біліммен қатар теориялық білімді де білдіреді.

Қазақ тіліндегі эмпирикалық білім семантикасы адамның сыртқы әлеммен тікелей әрекеттесуіне, бақылау арқылы ақпарат жинауына, ол ақпаратты когнитивтік деңгейде өңдеуіне негізделеді. Эмпирикалық білімнің тілдік репрезентациясы перцептивтік, бақылау-тәжірибелік, танымдық-аналитикалық және нәтижелік (қорытынды) әрекеттерді білдіретін етістіктер арқылы жүзеге асады. Яғни эмпирикалық білім семантикасының когнитивтік картасы – адамның танымдық қызметін кезең-кезеңімен көрсететін көпдеңгейлі құрылым.

Адамның дүниені тану үдерісі екі негізгі деңгейден тұрады: сезімдік таным (перцептивтік) және логикалық таным (рационалдық). Бұл екі деңгей бір-бірімен тығыз байланысты танымның өзара толықтырушы формалары ретінде әрекет етеді. Олар адамның әлемді түсінуінің когнитивтік негізін құрайды.

Эмпирикалық білімнің бастапқы кезеңі – перцептивтік қабылдау, яғни қоршаған орта туралы ақпарат сезім мүшелері арқылы алынады. Қазақ тіліндегі *көру, есту, сезу, байқау, аңғару, байқау* сияқты етістіктер адам санасына тікелей әсер ететін сезімдік деректің тілдік репрезентациясы болып табылады. Сезімдік таным – адамның сезім мүшелері арқылы сыртқы дүниеден хабар алуы. Бұл – танымның бастапқы, эмпирикалық негізін құрайтын деңгейі. Сезімдік танымға көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сипап сезу сияқты сезім мүшелері қатысады. Сезімдік танымда адамға сыртқы дүниенің нақты бейнесі беріледі: яғни қандай да бір заттың түрі, түсі, дыбысы, иісі, көлемі, температурасы, қозғалысы және т.б. Сезімдік таным философияда, психологияда, когнитивтік лингвистикада, гносеологияда танымның бастапқы формасы ретінде сипатталады. Сезімдік танымның ақпарат жеткізудегі қызметі, өзіндік ерекшеліктері туралы Әл-Фараби еңбектерінде жан-жақты сөз болған [108, б.73]. Абай Құнанбайұлы сезімдік танымды «жанның жибили қуаты», логикалық танымды «жанның кәсиби қуаты»

деп атайды [109]. Ойшыл жибили қуатқа (сезімдік танымға) көзбен көру, құлақпен есту, қолмен ұстау, тілмен тату, мұрынмен иіскеуді жатқызады. Яғни Фараби де, Абай да сезімдік танымға қатысатын сезім мүшелерін толық көрсетіп, ақпарат жеткізудегі қызметін нақты айқындаған. Сезімдік таным үш түрлі когнитивтік формада көрінеді: түйсік, қабылдау, елестету. Адам түйсік арқылы белгілі бір заттың түрін, түсін, иісін, көлемін, температурасын т.б. сезінеді. Яғни түйсік – адамның биологиялық табиғатына негізделген, танымның ең алғашқы элементі. Қабылдау арқылы сол затты тұтас бейне ретінде санада бейнелейді. Елестету арқылы нысанның бейнесін санада жаңғыртады.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде эмпирикалық білімнің қалыптасу, даму жолдарын көрсетеді [110, б.90-91]. Әл-Фараби, Абай Құнанбайұлы сынды ғұламалардың ұстанымдарын негізге ала отырып, ғалым ойлау әрекетінің адамға ғана тән екенін көрсетеді [110, б.89]. Сонымен қатар ғалым ес, есте сақтау, еске түсіру ұғымдарына нақты анықтама береді [110, б.70]. Ғалым естің бірнеше түрін көрсетеді:

1) *Көру есі.* Көру есі күшті адам нәрсенің сыртқы түрін есінде ұстап қалады. Мысалы, таныс адамдарының пішіні есінде болады, аты, фамилиясы есінде болмайды. Яки бір шәкірт бір пәннің бір жерінен жауап беріп тұрғанда сол пән кітабының айтып тұрған сөздер жазылған бетін көргендей болады.

2) *Есту есі.* Есту есі күшті адам заттың дыбысын есінде ұстампаз болады.

Мысалы, кейбір адам таныс адамдарының аты, фамилиясы, пішінін де ұмытып қалып, жалғыз даусын ғана есінде ұстайтын болады. Яки кейбір шәкірт сабақты өзі оқығаннан да мұғалімнің сөйлегенін тыңдағанда тез жаттап алатын болады.

3) *Қозғалу есі яки мотор есі.* Қозғалу есі күшті адам заттың қозғалуын есінде ұстайтын болады. Мысалы, кейбір адам таныстарының жүріс-тұрысын ұмытпайтын болады [110, б.71].

Сезімдік таным затпен тікелей байланысты болады; белгілі бір нысанды нақты қалпында көрсетеді; визуалды және сезімдік бейне астасады; эмпирикалық дерекке негізделеді; ақпарат алғаш рет тіркеледі. Сезімдік таным – эмпирикалық білімнің когнитивтік негізі. Сезімдік таным сыртқы әлем туралы алғашқы ақпаратты жеткізеді; танымның материалдық негізін құрайды; логикалық танымға негіз болатын ақпаратты береді; таным үдерісінің бастапқы сатысы болып табылады; адамның сыртқы әлеммен байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Сезімдік таным – адамның болмысты тікелей сезім мүшелері арқылы қабылдауы болса, логикалық таным сезім мүшелері арқылы алынған ақпараттың ойлау жүйесінде талдануы, жалпылануы, логикалық қорытындыға айналуы. Екі деңгей ғылымда да, тілдік санада да, когнитивтік модельдерде де маңызды қызмет атқарады.

Танымның қалыптасып, дамуын түйсік → қабылдау → елестету → ұғым → пікір → қорыту түрінде көрсетуге болады. Яғни таным сезімнен басталып, логикада аяқталады. Бұл заңдылық Аристотель. Әл-Фараби еңбектерінен бастап Локк, Кант, Гегель, Выготский, Леонтьев, А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы сынды ғалымдардың

еңбектерінде айқын дәлелденген. Логикалық танымда сезімдік таным арқылы берілген ақпарат ойлау арқылы өңделіп, талданады, салыстырылады, жинақталады, дерексізденеді. Таным адамның сезінуі арқылы ғана емес, ойша талдап, себеп-салдарын тауып, жалпылау нәтижесінде айқындала түседі.

Абай бес сезім мүшесі арқылы тысқы дүниеден алынған хабар «ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түсетінін» айта келіп, сезімдік танымның (жибили қуаттың) логикалық танымға (кәсіби қуатқа) айналу үдерісін көрсетеді. Яғни ғұлама эмпирикалық білімнің когнитивтік картасын да сипаттаған. Ғұлама білімнің толығу жолын, менталды кеңістіктің қалыптасуын, дамуын, нәтижесін да нақты көрсетеді. А.Құнанбайұлы адам білім, сана болуының арқасында хайуаннан ерекшеленетінін ескерте келіп, өз болмысын сақтауы үшін үш қуаттан (подвижной элемент, сила притягательная однородного, впечатлительность сердца) айырылмауы керек екенін айтады [109]. Ғұлама «подвижной элемент», «сила притягательная однородного», «впечатлительность сердца» деген атауларды орыс тіліндегі нұсқасын пайдалана отырып, ойын жеткізген.

Логикалық танымда фактілер түсіндіріледі; жүйеленеді; теория құралады; білім жалпыланады; әлемнің логикалық бейнесі қалыптасады. Логикалық танымда ақпарат тікелей алынбай, ойлау арқылы қабылданады; ой нақтылықтан жалпыға ойысады; **с**ебеп-салдарлық байланыстар анықталады; теориялық модельдер құрылады; күрделі менталды операциялар түзіледі. Логикалық таным – ғылыми теориялардың, түсініктердің, заңдардың негізі. Логикалық таным өз ішінен үш түрге жіктеледі: ұғым, пікір, ой қорыту. Ұғым – зат не құбылыстардың негізгі белгілерінің жалпыланған көрінісі болса, пікір – белгілі бір зат (нысан) туралы ойдың логикалық құрылымға келтіруі, ал қорыту белгілі бір зат не құбылысқа қатысты бірнеше пікірді байланыстыру, саралау арқылы жаңа білімнің түзілуі.

Сезімдік танымның психикалық механизмдері ретінде репрезентация, перцептивтік бейне, ассоциация, есте сақтау қабілетін атауға болады. Ал логикалық танымның механизмдеріне концептуалдау, категориялау, жалпылау, қорыту жатады. Қазақ тілінде эмпирикалық білім (тәжірибеден, бақылаудан алынған білім) көру, сезіну, байқап білу, тәжірибеден өткізу арқылы тану сияқты мағыналарды білдіретін етістіктер арқылы беріледі. Мұндай етістіктер адамның сыртқы әлемнен ақпарат алуын, оны санасында өңдеуін білдіреді. Сезімдік таным, яғни сезім арқылы қабылдау етістіктеріне (перцептивтік етістіктеріне) *көру*, *есту, тыңдау, сезу, ұстау*, *тату*, *иіскеу, байқау, аңғару, аңдау, қадағалау* етістіктері жатады. Бұл етістіктер сыртқы әлемнің фактілерін қабылдау арқылы эмпирикалық ақпарат жинауға бағытталады. Перцептивтік етістіктер эмпирикалық білімнің өзегін құрайды. Ал логикалық таным етістіктеріне *түсіну, ұғыну, білу, тану, ойлау, саралау, талдау, анықтау, салыстыру, ажырату, жіктеу, өлшеу, жалпылау, дәлелдеу, зерттеу, қорыту, тұжырым жасау* сияқты етістіктер жатады. Етістіктер танымның рационалдық деңгейін көрсетеді. Бұл

етістіктерді өз ішінен функционалды-семантикалық өрістерге сәйкес жіктеуге болады:

- перцептивтік етістіктер: *көру, есту, сезу, байқау, аңдау;*
- бақылау-тәжірибеге қатысты етістіктер: *бақылау, сынау, тексеру, өлшеу, тәжірибе жасау;*
- тәжірибе арқылы тану етістіктері: *үйрену, меңгеру, басынан өткізу;*
- танымдық-аналитикалық етістіктер: *анықтау, саралау, жіктеу, салыстыру;*
- нәтижеге қатысты етістіктер: *түсіну, тану, ұғыну, дәлелдеу, қорытындылау*

Сезімдік таным мен логикалық танымның ерекшелігін кесте түрінде былайша көрсетуге болады (Кесте 5):

Кесте 5 – Сезімдік таным мен логикалық танымның ерекшеліктері

Сезімдік таным	**Логикалық таным**
ақпараттың алғашқы формасы	ақпараттың өңделген, теориялық формасы
тікелей қабылдауға негізделіп, шынайы болмысты бейнелейді	жинақталған ақпаратты талдап, жүйелеуге, теориялық тұрғыдан сипаттауға негізделеді
логикалық танымға материал береді	сезімдік танымнан келген материалды түсіндіріп, жүйелейді
бақылау, эксперимент, тәжірибе түрінде көрініс табады	талдау, жіктеу, түсіндіру түрінде көрініс табады
әлем жайлы тікелей, нақты, көрнекі ақпарат беретін эмпирикалық деңгей	сезімдік танымның ақпаратын талдап, жүйелейтін, жалпылап, теориялық білімге айналдыратын когнитивтік деңгей

Сезімдік таным мен логикалық танымның өзіндік ерекшеліктері болғанмен, екеуін қарама-қарсы қоюға болмайды, олар бір-бірін толықтырып тұрады, бірінсіз бірі болмайды. Екі танымның бірлігі арқылы толыққанды танымдық модель түзіліп, ғылыми білім қалыптасады.

Қазақ тілінде эмпирикалық білімнің семантикасы перцепция, бақылау, тәжірибе, танымдық тұрғыдан талдау, қорыту етістіктерінің мағыналық өрістері арқылы концептуалданады (Кесте 6).

Кесте 6 – Эмпирикалық білімнің семантикасы

перцепция	көру, есту, тату, иіскеу, сипау, сезу
бақылау	бақылау, тексеру, өлшеу, сынау
тәжірибе	тәжірибеден өткізу, үйрену, меңгеру
танымдық тұрғыдан өңдеу	талдау, анықтау, саралау, жіктеу
қорыту	түсіну, тану, қорытындылау, дәлелдеу

Соның негізінде сыртқы әлемнен алынған сезімдік деректер бақылау, тәжірибеден өтіп, когнитивтік тұрғыдан өңделіп, қорытылады. Соның негізінде ғылыми білімге айналады.

Эмпирикалық білім деңгейлерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес концептілік мазмұны да, менталды етістіктері бөлек (Кесте 7):

Кесте 7 – Эмпирикалық білімнің қалыптасуы

Эмпирикалық білімнің деңгейлері	**Концептілік мазмұны**	**Етістіктер**
перцептивтік негіз	сезімдік қабылдау → алғашқы эмпирикалық ақпарат	*көру, есту, тату, иіскеу, сипау, сезу, байқау, аңғару, қадағалау*
эмпирикалық бақылау (жүйелі дерек жинау)	бақылау → тексеру → сынау → өлшеу	*бақылау, тексеру, сынау, өлшеу, есептеу, салыстыру*
тәжірибелік білім (іс-әрекет арқылы тану)	практикалық меңгеру → тәжірибеден өткізу	*үйрену*, *меңгеру, жасап көру, басынан өткізу, қолдану арқылы білу, тәжірибе жасау*
когнитивтік өңдеу (эмпирикалық деректі ойша өңдеу)	талдау → жіктеу → интерпретация	*анықтау, ажырату, саралау, жіктеу, мәнін ашу, қорыту, сипаттау, дәлелдеу*
қорытынды білім	түсіну → тану → білімнің қалыптасуы	*түсіну, ұғыну, тану, білу, қорыту, тұжырымдау, болжау*

Әр деңгейдегі етістіктер менталды үдерістердің эмпирикалық сипатын көрсетеді. Білімнің қалыптасу динамикасын сезімдік қабылдау → бақылау, тексеру → тәжірибеде бекіту → аналитикалық өңдеу, құрылымдау → қорыту, концептуалды білімге айналу түрінде көрсетуге болады.

Перцептивтік деңгейде сыртқы әлемнен ақпарат алынып, тәжірибе арқылы нақтыланады, таным үдерісі сезімдік қабылдау негізінде қалыптасады. Перцептивтік етістіктер эмпирикалық білімнің негізін құрап, когнитивтік өңдеуге дейінгі ақпаратты жинақтайды. Эмпирикалық бақылау деңгейінде қабылданған ақпарат жүйелі түрде тіркеліп, нақты мақсатқа сәйкес бақыланады, Етістіктер ғылыми-зерттеуге қатысты болып, деректердің объективтілігін көрсетеді. Тәжірибеден өткізу деңгейінде бірнеше рет тәжірибе жүргізіліп, бақыланады; эмпирикалық ақпарат нақты фактілер негізінде талданады. Когнитивтік өңдеу деңгейінде жинақталған ақпарат талданып, логикалық жүйеге енгізіледі, себеп-салдарлық байланыстар анықталады; деректер интерпретацияланады. Қорытынды деңгейде алынған ақпарат қорытылып, тұжырымға айналады, жекелеген фактілер жинақталып, біріктіріледі; жаңа тұжырымдар қалыптасады.

1.3 Менталды етістіктер өрісінің семантикалық доминанттары

Менталды етістіктердің субстанционалды емес компоненттеріне олардың семантикасында тұрақты түрде кездесетін «менталды әрекетті жүзеге асыру» семасы жатады. Бұл сема *ойлау, пайымдау, түсіну, тану* сияқты етістіктердің мәнінде бар. Ал *жасау, дайындау, көшіру, жату, ұйықтау, ауыру*

сияқты басқа да әрекетті не күйді білдіретін етістіктерге тән емес. «Менталды әрекетті жүзеге асыру» семасы ойлау үдерісін ғана емес, сонымен қатар таным, жад, түсіну сияқты ақыл-ой қызметінің өзге де параметрлерін білдіретін лексемалар үшін категориялық сипаттағы сема болып табылады. Бұл сема предикаттық сипатқа ие, яғни ол жағдаятты бейнелей алады, өйткені ол ой субъектісі мен ой нысаны арасындағы логика-семантикалық байланыстар мен қатынастарды көрсетіп, имманентті предикаттық құрылымдарды қалыптастыруға қатысады. Мұндай құрылымдар синтаксистік құрылымдармен қатар қолданылады. «Менталды әрекетті жүзеге асыру» семасы семантикалық компоненттер иерархиясындағы негізгі предикаттық мәнді білдіреді. Ол ойлау субъектісі – ойлау үдерісі – ойлау нысаны сызбасындағы ақыл-ой әрекетінің типтік жағдаятын бейнелейтін жалпы семантикалық модель түрінде көрініс табады. Бұл модель субъект ойының нысанға бағытталуын көрсететін менталды әрекеттің бағыттылық идеясын бейнелейді.

Менталды етістіктердің лексикалық мағынасын айқындауда интегралдық және дифференциалдық семалардың маңызы зор. Интегралдық семалар сөздің лексикалық мазмұнын тұтас қамти отырып, нақтылай түседі [15, с.26]. Олар лексикалық парадигмаларды сәйкестендіреді (идентификациялайды). Дифференциалдық семалар, керісінше, бірдей категориялық белгілері бар сөздердің айырмашылығын көрсетеді. Бұл сема субъект–объект, себеп–салдар, кеңістік, функционалдық және басқа да логика-семантикалық қатынастарды білдіретін ішкі семантикалық компоненттердің өзара байланысын сипаттайды.

Менталды етістіктер сияқты мағыналы сөздердің құрамында потенциалды семалар да болуы мүмкін. Олар сөз оқшау қарастырылғанда байқала қоймағанымен, контексте түрлі мағыналық реңк береді [64]. Осындай семалар әдебиеттерде автономды, ассоциативті, факультативті, контекстуалды, туынды семалар деп, түрліше аталады. Осылардың ішінде коннотативтік және аялық семаның орны ерекше. В.Н.Телия коннотативтік компонент сөздің денотаттық және грамматикалық мазмұнын толықтырып, оны прагматикалық факторлармен байланыстыратынын айтады [14, с.107]. Менталды семалар менталды етістіктердің семантикасына тән әрі олар ақыл-ой әрекетін бейнелеуге бағытталған. Бұл семалар имплицитті предикаттық құрылымдардың қалыптасуына қатыса отырып, негізгі категориялық сема – «менталды әрекетті жүзеге асыру» семасын түрлі қырынан нақтылайды. Алайда семалардың иерархиясы әртүрлі болуына байланысты ақыл-ой әрекетінің мазмұнын бейнелеудегі рөлі де әртүрлі болады. Интегралдық семалар жалпы ұғымдық белгіні білдіреді де сәйкестендіру арқылы негізгі предикаттық мәндерді білдіреді. Дифференциалдық және потенциалдық семалар категориялық семаға байланысты болғандықтан, қосымша предикаттық мағыналарды білдіреді.

Менталды етістіктердің мағынасындағы «субъект», «объект» семалары субстанционалды семаларға жатады. Бұл семалар менталды әрекетке қатысушы заттардың функционалдық, сапалық және сандық белгілерін бейнелейді. Менталды әрекеттің субъектісі – әрқашан ойлай білетін тұлға. Бұл ойлаудың табиғатымен, логикалық заңдылығына байланысты. Өйткені ойлау адамға ғана

тән. Субъект компоненті дифференциалды-семантикалық белгі ретінде қолданылып, ойлау үдерісін білдіретін әрекеттің бірлігі болады. Семантикалық нысан да дифференциалдық семантикалық белгі болып табылады. Нысан сөйлемде тура толықтауыш қызметін атқарады. Ойлау әрекетінің нысанмен байланысы сабақты етістіктер арқылы, синтаксис деңгейінде басыңқы-бағыныңқы қатынастар арқылы беріледі. Мысалы: *мәнін түсіну, айтылған (естіген) сөзді ой елегінен өткізу, өмірді танып білу, жағдайды еске алу, өлең шығару, кітап оқу, кітап жазу,* т.с.с. Менталды етістіктерде грамматикалық объект ой әрекетін тудырып, ынталандыратын нысан болып табылады. Менталды етістік пен онымен байланысты сөз формасы немесе предикативтік бірліктің арасындағы объектілік қатынастар, яғни ой объектісін білдіретін байланыстар сол етістіктің менталды семантикасының басты көрсеткіші болып табылады. Бұл семантика көбіне «менталды әрекетті жүзеге асыру» категориялық семасының болуымен айқындалады. Ой нысанының болмауы менталды әрекеттің тоқтауына негіз болады. Мысалы: *ақымақ болу, есінен тану, адасу, жынды болу,* т.с.с. Яғни ойлау қабілетінің әлсірегенін не біржола жоғалғанын білдіреді.

Менталды етістіктердің семантикасында көрініс табатын ойлау үдерісі әрқашан ой субъектісінің нысанға бағытталғанын көрсетеді. Объект әртүрлі сипатта болуы мүмкін: тура не жанама, деректі не дерексіз, эксплицитті не имплицитті, жанды не жансыз. Мысалы, *ойлану, толғану, ойға қалу* сияқты етістіктердің семантикалық құрылымы тікелей объектіге бағытталмған. Дегенмен ойлаушы субъектінің нақты немесе абстрактілі түрде ой нысанын көздейді. Объект болмаса, ойлау үдерісі де болмайды. Ендеше, ой белгілі бір нысанға бағытталуы керек. Осыған байланысты Э.Гуссерль [111, с.380–381], М.Хайдеггер [112, с. 18] сананың нысанмен байланысты болатынын айтады.

Менталды етістіктердің құрамында субстанционалды және субстанционалды емес, негізгі және қосымша семалар болады. Олардың иерархиялық сипаты лексикалық мағынаның күрделі феномен екенін көрсетеді. Менталды етістіктердің семантикасы синтагмалық тұрғыдан релевантты болып келеді. Олардың компоненттері менталды әрекетке қатысты денотаттық жағдаят туралы ақпаратты жинақтап береді. Олар әрекеттің атауын ғана емес, оның мәнді көріністері мен когнитивтік ерекшеліктерін де бейнелейді.

Сөздің семантикалық құрылымын реконструкциялау әдісі менталды етістіктердің семантикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл етістіктердің функционалдық үдерісінде пайда болатын семантикалық өзгерістерді айқындауға, атап айтқанда, модуляциялық немесе деривациялық сипаттағы мағыналық өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. С.П.Лопушанская мұндай құбылыстарды «семантикалық модуляция», «семантикалық деривация» деп атайды [113, с.22-23]. Модуляция үдерісінде сөздің семантикалық құрылымындағы әртүрлі деңгейдегі белгілер категориялық-лексикалық семасы сақталған күйінде қайта топтастырылады. Бұл кезде бастапқы лексика-семантикалық топтағы сөздердің синонимдері

анықталады. Семантикалық модуляция функционалды-семантикалық өріске біріктіретін негізгі белгілерге (өзегіне) әсер етпейді. Семантикалық модуляцияның шеткі аймағына категориялық лексикалық сема кем дегенде бір дифференциалдық белгі арқылы жүзеге асатын семантикалық өзгерістер жатады. *Семантикалық деривация* – ойлау мен сөйлеу әрекетінің нәтижесінде категориялық семаның өзгеруіне, басқа лексика-семантикалық топтар мен функционалды-семантикалық өрістерге енетін жаңа лексикалық бірліктердің қалыптасуына, сондай-ақ жаңа жүйелік қатынастардың орнауына алып келетін үдеріс [114, с.7-13]. Синхрондық тұрғыдан семантикалық деривация сөздің тарихи даму үдерісінің нәтижесі ретінде, мотивациялық байланыстардың үзілуі арқылы қалыптасқан құбылыс ретінде қарастырылады [115, с.199]. Бұл құбылыс лексикология үшін өте маңызды, себебі ол әртүрлі сөздер арасындағы емес, бір сөздің ішкі семантикалық құрылымындағы қатынастардың динамикасын көрсетеді. Бұл үдеріс баяу әрі ұзақ дамиды [116].

Көпшілік қолданыстағы сөздердің семантикалық және мағыналық құрылымын кешенді зерттеу тәсілі функционалды-семантикалық өзгерістердің заңдылықтарын айқындап, менталды етістіктерді жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл орайда сөздің семантикалық құрылымы мен сөз тұлғасының мағыналық құрылымын ажыратып алу қажет. Семантикалық құрылым – тіл жүйесіне және оның қызмет ету заңдылықтарына сәйкес жеке сөздің аясында ұйымдасқан, өзара әрекеттесетін көпдеңгейлі мағыналардың бірлігі. Мағыналық құрылым – мәтін ішінде, яғни сөйлемдегі сөз тұлғасының мағыналық жүйесі [111, с.8].

ФСӨ шеңберінде менталды етістіктер бірнеше ірі семантикалық доминантаға жіктеледі:

– **Интеллектуалдық әрекет доминанты.** Бұл доминантаға *ойлау, түсіну, білу, пайымдау, қорыту, есептеу, болжау* сияқты логикалық-аналитикалық үдерістер жатады.

– **Перцептивтік негіз доминанты.** Ми қызметінің алғашқы танымдық деңгейі – *көру, есту, сезу, сезіну, түйсіну, байқап қалу, аңғару* сияқты сезім мүшелерінен басталады. Бұл әрекеттердің барлығы кейін дерексіз менталды мағынаға ауысады.

– **Эмоционалды-менталды доминант.** Эмоция мен ақылдың тоғысуын көрсететін *алаңдау, күдіктену, үміттену, қам жеу, қуану, ашулану* сияқты етістіктер.

-– **Есте сақтау доминанты:** *еске алу, еске түсіру, ұмыту, тану, жаңғырту.*

– **Ерік пен шешім доминанты:** *ниеттену, шешу, мақсат ету, ұмтылу.* Менталды етістіктердің семантикалық құрылымын сипаттауда олардың сөйлемдегі қызметіне қарай лексикалық мағынасының түрленуі ескеріледі.

«Менталды әрекетті жүзеге асыру» семасының тура не ауыспалы мағыналары мен жекелеген лексемалардағы этноменталды ерекшеліктерді негізге ала отырып, менталды етістіктерді үш топқа жіктеуге болады:

1. нақты менталды етістіктер, олардың мағынасында «менталды

әрекетті жүзеге асыру» семасы тура мағынада қолданылған. Ол түсіндірме сөздіктерде де берілген, сөйлеу барысында да сақталады.

2. функционалды менталды етістіктер, олар деривациялық сипаттағы семантикалық өзгерістердің нәтижесінде ауыспалы мәнінде «менталды әрекетті жүзеге асыру» семасын білдіреді. Мұндай мағыналар да түсіндірме сөздіктерде тіркелген.

3. этноменталды етістіктер, олардың мағынасында «менталды әрекетті жүзеге асыру» семасы модуляциялық сипаттағы семантикалық өзгерістердің нәтижесінде көрініс табады. Мұндай мағыналар сөздіктерде берілмегенмен, тілдік қолданыс пен мәдени контекст арқылы көрінеді.

Менталды етістіктердің денотаты ретінде адамның интеллектуалдық қызметі алынады. Ол сөздің лексикалық мағынасының құрылымдық құрамдас бөліктері арқылы «ойлайтын субъект – ой үдерісі – ойлау нысаны» түріндегі семантикалық модель ретінде бейнеленеді. Менталды етістіктердің парадигмалық және синтагмалық сипатын талдау арқылы функционалды – семантикалық өрістегі жүйелік ұйымдасуын анықтауға болады. Бұл өріс менталды етістіктерді интерпретациялаудың бір жолы ретінде қарастырылады. Функционалды-семантикалық өріс менталды етістіктердің лексикалық және грамматикалық құралдары өзара әрекеттесіп, ортақ функциялар негізінде біріккен көпдеңгейлі жүйе болып табылады [100].

Функционалды-семантикалық өрістің шегарасын, ішкі құрылымын және өзге функционалды-семантикалық өрістермен арақатынасын айқындауда экстралингвистикалық және таза тілдік факторлар ескеріледі. Экстралингвистикалық факторларға ойдың интенционалдылығы, этномәдени детерминанттар, тілдік ерекшеліктерге етістіктердің тура және ауыспалы мағыналарындағы менталды семантика жатады. Негізгі экстралингвистикалық фактор ретінде ойлау қызметінің динамикалық табиғаты ескеріледі [117, с.962–963]. Бұл орайда интенционалдылық феномен – ойдың нысанға бағытталуы негізге алынады [118, с. 380–381]. Менталдылықтың тілдегі репрезентациясын зерттеу нәтижесінде тілдің қарым-қатынас құралы ғана емес, адамның ішкі когнитивтік әлемін, рухани және мәдени болмысын бейнелейтін негізгі тетік екені айқындалды [119, б. 111-117]. Менталдылық – адамның дүниені қабылдау, пайымдау, бағалау, түсіну тәсілдерін сипаттайтын когнитивтік әрі психологиялық құбылыс. Ол адамның ойлау жүйесі мен сезімін, танымдық қабілеті мен мәдени тәжірибесін біріктіретін күрделі құрылым ретінде тіл арқылы объективтенеді.

Таным нәтижесі (теориялық та, эмпирикалық та) факт ретінде «*білу*» мәнін білдіретін етістіктерде көрініс табады. Білу етістігінде «бір нәрсе жайында хабардар болу» интегралдық семасы бар. Олар «менталды әрекетті жүзеге асыру» категориялық семасын субъект санасында объект туралы ақпараттың бар болуы тұрғысынан түсіндіреді, яғни субъект таным үдерісінде алынған фактіні иеленеді. Апресян мұндай етістіктерді «фактивті етістіктер» деп атайды [63, с.405]. «*Білу*» етістігі когнитивтік нәтижені, статикалық менталды күйді білдіретін негізгі бірілк (Кесте 8).

Кесте 8 – «*Білу*» етістігінің семантикалық құрылымы

архисема	менталды күй
дифференциалды семалары	ақпараттың субъектінің санасында болуы; білімнің қалыптасуы; ұзаққа созылған когнитивті күй /тұрақтылық; фактінің ақиқат ретінде қабылдануы
процессуалдық семалары	ұзаққа созылған әрекет, динамикалық сипат; кезеңділік
аспектуалдық сипаты	статикалық сипат
прагматикалық реңкі	объективтілік (нақты білімді білдіреді); модальдылық (сенімділік, анықтық); әлеуметтік-бағалауыштық (көп білетін адам)

Когнитивтік (ақыл-ой) фактивті етістіктер – субъектінің ойлау, білу, тану, қабылдау әрекетін білдіретін, сөз болған жағдаятты шындық, факт ретінде пресуппозициялық түрде бекітетін етістіктер. Когнитивтік фактивті етістіктер нақты фактіге сүйенеді, оны тану, білу, мойындау арқылы шындық ретінде бекітеді, сөйлеуші мен тыңдаушыға ортақ кеңістік түзеді. Когнитивтік фактивті етістіктердің семантикасы 3 компоненттен тұрады:

- фактінің болуы (оқиға болды, нақты орын алды не аяқталды);
- танымдық әрекет (субъект ойша өңдеу арқылы фактіге қатысады: біледі, түсінеді, мойындайды, анықтайды);
- бағалау / интерпретация (фактінің мәні субъектінің танымдық өрісінде интерпретацияланады).

Когнитивтік фактивтер бірнеше топқа бөлінеді:

1. Білу, тану, хабардар болу фактивтері фактіні ойша бекітуге қатысады. Мұндай етістіктерге *білу, тану, хабардар болу, аңғару, байқау* т.б. жатады. Мысалы: *Ол оның шындықты айтқанын білді* → «шындықты айтты» – факт.

2. Түсіну, игеру фактивтері субъектінің белгілі бір фактінің мәнін терең түсінуіне бағытталған. Ондай етістіктердің қатарында *түсіну, ұғыну, қабылдау (ақылымен қабылдау), түйсіну, санасына жету, мәнін аңғару, пайымдау, саралау, зерделеу* етістіктерін атауға болады. Мысалы: *Ол тапсырманың қиын болғанын түсінді.* → «қиын болды» – факт.

3. Мойындау, қабылдау, растау фактивтері субъектінің фактіні дәлел, шындық ретінде қабылдап, мойындағанын білдіреді. Ондай етістіктерге *мойындау, растау, қабылдау (шындық ретінде), дәлелдеу, нақтылау, анықтау* етістіктері жатады. Мысалы: *Ол өзінің асыққанын мойындады.* → асықты – факт.

4. Танымдық бақылау фактивтері тікелей қабылдап, ақыл-ой елегінен өткізуге бағытталған. Ондай етістіктерге *байқау, аңғару, көріп түсіну, естіп білу, сезу, нақтылау* етістіктері жатады. Мысалы: *Ол оның шаршағанын аңғарды.* → шаршады – факт.

Когнитивтік фактивтер қатысқан сөйлемде факт міндетті түрде қатысады. Факт күмәнсіз, нақты сипатталады. Когнитивтік етістіктер тану, салыстыру, ажырату, интерпретациялау, концептуалдау сияқты фактіге бағытталған когнитивтік әрекетті, ақыл-ой операцияларын білдіреді. Сол арқылы тілдік

тұлғаның когнитивтік іс-әрекетін көрсетеді. Мысалы, *түсіну, білу* етістіктері тілдік тұлғаның менталды деңгейін сипаттайды. *Білу, түсіну* етістіктері сабақты етістік болғандықтан, сөйлемде нысан (тура толықтауыш) ашық не жасырын түрде болады. Таным үдерісіндегі менталды етістіктер мақсатқа бағытталған іс-әрекетті білдіреді. Мұнда ой білмеуден білуге қарай бағытталады. Білу, түсіну етістіктері менталды күйді білдіріп, танымның нәтижесін факт ретінде көрсетеді.

Білімнің тұрақтылығы есте сақтау семантикасы арқылы көрінеді. Етістіктердің семантикасында білім алу үдерісі басты назарда болып, білімнің қалай алынатыны туралы (эмпирикалық не теориялық жолмен) ақпарат қамтылады. Ондай етістіктерге *ұмытпау, жаттау, еске түсіру, еске алу*, *есте сақтау, естен шығармау, есінде болу, есінде қалу* және т.б. етістіктер жатады. Бұл лексемалардың семантикалық құрылымында «есте сақтау» интегралдық семасы мен «ақпаратты есіне түсіру, «қайта жаңғырту» сияқты дифференциалдық семалар бар. Мұндай етістіктер жаңа білімнің бұрынғы біліммен салыстырылуы арқылы жүзеге асатын менталды әрекеттің ретроспективтік сипатын көрсетеді. Бұл етістіктер жадтың статикалық (тұрақты) және динамикалық жақтарын бейнелейді. Статикалық жад – ойлаудың өзіндік ақпараттық қоры, динамикалық жад – сананың ойлау әрекетіне белсенді түрде қатысатын компоненті. Бұл орайда менталды әрекет екі бағытта сипатталады: мазмұны мен ақпараттық қоры тұрғысынан, яғни жадта сақталған мәлімет ретінде сипатталады; осы қордың ойлау үдерісіне қатысуы тұрғысынан сипатталады. Өйткені жадтағы элементтер үздіксіз дамып, жетіліп отырады [120].

«Қазақ сөздігінде» «**жад**» сөзінің дефициясы «Адам баласына тән ой, ес, қапер» түрінде беріліп, бұл сөздің қатысуымен жасалған тіркестер көрсетілген:

Жад етті [қылды]. *Құлшылық етті, сыйынды.*

Жады берік. *Сақ, есі мықты.*

Жадына алды. *Еске түсірді, ойлады.*

Жадынан шықты. *Естен шықты, ұмыт болды.*

Жадына сақтады (ұялатты]. *Есте тұтты, ұмытпады.*

Жадына тоқыды. *Ұғып-біліп, есте тұтты.*

Жадына тұтты [түйді]. *Есінен шығармай, ойында сақтады, ұмытпастай ұғып алды.*

Жадына түсірді. *Есіне алды, көз алдына келтірді.*

Жадында жоқ. *Ойында болмады, есінен шығып кетті.*

Жадында қалды. *Ойдан кетпеді, естен шықпады, есте қалды.*

Жадында ұстады. *Ойдан шығармады, есте тұтты.*

Жады тозған. *Миы шаршаған, ұмытшақ болған* [104, б. 440].

Келтірілген тіркестер менталды әрекетке қатысты.

«Қазақ грамматикасы» атты ұжымдық еңбекте «Құранды етістіктер» атты бөлігін жазған профессор Б.Қасым: «Құранды етістік кез келген есім мен көмекші етіктіктерден жасала бермейді. Оны жасауға қатынасатын есімдерде де, етістіктерде де белгілі шек бар, біріншіден, құранды етістік жасауға да, негізінен, жұрнақ арқылы етістік тудыруға мүмкіндігі бар есім сөздер молырақ қатынасса,

екіншіден, белгілі бір көмекші етістіктер ғана, құранды етістіктер жасайды», – дей келіп, құранды етістік жасауға *ет, қыл, көр, түс, айт, ал, аш, бол, сал, бер, қой, шық, кел, сал* т.б. етістіктер қатысатынын айтады [121, б. 401-403]. Құранды етістіктерге зат есім, сын есім, еліктеуіш сөздер, сан есім, модаль сөздер т.б. негіз болатынын ескерте келіп, ғалым әрбір лексема өзінің мағыналық ерекшелігіне сай ғана көмекшілерді қабылдайтынын, сол арқылы жаңадан туындайтын құранды етістіктің қалыптасуына негіз болатынын айтады. Ғалым құранды етістік жасауға лексикаланған, идиомаланған тіркестер де қатысатынын ескертеді [121, б. 401]. Ендеше, *жад* сөзінің қатысуымен жасалған тіркестерді сөздікте берілгендей, бір ұяда қарастыруға болады.

Сөздікте «зат. инф. 1. ЭЕМ-нің кодтық түрдегі ақпаратты жазуға, сақтауға және қолданушыға беруге арналған бөлігі. 2. Ақпаратты тұрақты немесе уақытша сақтайтын орын» деген дефиниция *жад* сөзінің омоним мағынасы ретінде берілген [104, б. 440]. Алайда бұл ұстаныммен келісе қою қиын. Себебі сөздікте берілген *жад* сөзінің екі түрінде де мағыналық байланыс бар. Омоним болуы үшін олардың арасында мағыналық байланыс сақталмауы керек. Сөздікте берілген адамға қатысты, ЭЕМ-ге қатысты мәліметтің екеуінде де ақпаратты сақтауға қатысты мағынасы бар. Алайда сөздікте *жад* сөзінің бірінші мағынасы «Адам баласына тән ой, ес, қапер» түрінде жалпы мәнде берілген, есте сақтауға байланысты сема қамтылмай қалған.

Сөздікте *жады* сөзі «1. Ескі наным бойынша, сиқырлы күштің біреуге ынтықтыруынан болатын сырқат. 3. ауыс. Бір нәрсенің құпия сыры, сиқыры» түрінде сипатталған [104, б. 441]. Бұл жерде *жады* сөзінің *жад* сөзінің орнына да қолданылатыны ескерілмеген. *Жад* сөзінің ұясында берілген *жады берік; жадына алды; жадынан көтерілді; жадынан шықты; жадына сақтады [ұялатты]; жадына тоқыды; жадына тұтты [түйді]; жадына түсірді; жадында жоқ; жадында қалды; жадында ұстады; жады тозға*н сияқты құранды етістіктер *жады* сөзінің қатысуы арқылы пайда болған. Сондықтан ол тіркестер *жады* сөзінің ұясында берілуі керек еді.

«Қазақ сөздігінде» *жат* сөзі де беріліп, ол сөйлеу тіліндегі қолданыс ретінде сипатталған: «ЖАТ[3] зат. сөйл. Жад, ес, қапер» [104, б. 484].

Бұл сөздің қатысуымен жасалған 3 құранды етістік берілген:

Жат қылды. Есіне сақтады, аузынан тастамады.

Жатқа салды. Жаттады, жатқа білді.

Жат жазу. көне. Диктант [104, б. 484].

Дұрысында, әдеби нормаға тән нұсқасы – жад емес, жат болуы керек. Себебі, біріншіден, қазақ сөздерінің соңында **б, г, ғ, д** дыбыстары келе алмайды. Сондықтан А.Байтұрсынұлы ол дыбыстарды *ымырасыз дыбыстар* деп атаған [101]. Екіншіден, *жад* сөзіне (**б, г, ғ, д** дыбыстарына біткен сөздердің бәріне де) жалғанатын қосымша қатаңнан ғана басталады. Сөздікте етістіктің *жатта* тұлғасында берілуі де түбірдің *жад* емес, *жат* болуы керектігін танытады. Сөздікте *жатта* етістігінің қатысуымен жасалған тіркес ретінде *жаттап алды* етістігі берілген: *Жаттап алды. Есіне сақтады* [104, б. 484].

Бұлайша берілуін де құптай алмаймыз. Себебі ғалым Ы.Маманов сөзтізбеге жаңа мағынаға ие болған, сөзжасамдық мәнге ие болған сөздер ғана берілуі керек екенін айтады [122]. Сол сияқты ұяда тұрақты тіркестер, құранды етістіктер берілгенмен, аналитикалық формалы етістіктер берілмеуі керек. Әйтпесе *жатта* етістігімен келген аналитикалық етістіктер өте көп: *жаттап отыр, жаттап жүр, жаттап жатыр, жаттай алмады, жаттай салды, жаттауы мүмкін, жаттауға шебер,* т.с.с.

Сөздікте ***ес*** сөзінің мағынасы да берілген: «ЕС зат. 1. Адамның естіген, көрген-білгенін ойда сақтау қабілеті; жад. 2. Түйсік-тәжірибе, көрген-білген, естігеннен түйгені, ақыл. 3. псих. Бұрынғы тәжірибені ұйымдастыру және сақтау үдерістері, осы арқылы бұрынғы тәжірибені қайталап пайдалану немесе санаға қайта оралтуды жүзеге асыратын жүйке жүйесінің негізгі қызметтерінің бірі. 4. ауыс. Сүйеніш, медеу, серік. 5. биол. Тірі жүйелердің көрген-білгенді, естігенді, сезгенді, өтіп кеткен құбылыстарды нақтылы бір жағдайда қасиеттерімен бірге жинақтап, тәжірибе ретінде пайдалану дағдысы» [104, б. 424].

Ес сөзінің қатысуымен жасалған тіркестер: **Ес жоқ.** а) *Жастыққа, албырттыққа бой ұрған, масаң,* ә) *Қуанышында не қорқуында шек жоқ; асып-сасулы, есі шыққан*. б) *Ой жоқ, қамсыз, қаперсіз.*

Еске [есіне] алды. а) *Ойына түсірді, ескерді, еледі*. ә) *Ойынан шығармады, бейқам болмады*. б) псих. *Ұзақ уақыттық жадтан алынып шыққан өткеннің бейнелер санада көрініс тапты.*

Еске [есіне] келді. *Ойға түсті, жаңғырды; ескерілді.*

Еске [есіне] сақтады. *Жадынан шығармады, ұмытпады.*

Еске [есіне] салды. *Ойына түсірді, ескертті.*

Еске [есіне] түйді. *Аңғарды, ұқты.*

Еске түсті. *Ойына келді, жадына түсті. Еске түсірді. Есіне алды, жадында жаңғыртты.*

Есте [есінде] жоқ. *Ойда қалмаған, ұмытылған.*

Есте жоқ ескі заманда. фольк. *Баяғыда, бағзы заманда.*

Есте [есінде] қалды. *Жадында сақталды, ұмытылмады.*

Естен [есінен] кетпеді. *Ұмытылмады, ойдан шықпады.*

Естен [есінен] танды [тандырды]. а) *Ойлау-тану қабілетінен айырылды, есеңгіреді*, ә) *Күйініш-сүйіністен асып-састы, абыржыды*. б) *Береке-құты қалмады, састы, мәңгірді,* в) *Ынтықтырды, елітті, құмарттырды*.

Есте [есінде] тұтты [ұстады]. *Ұмытпады, жадында сақтады*.

Есті қашырды [шығарды]. а) *Абдыратты, асып-састырды*. ә) *Дегбірін алды, мазалады.*

Есінде тұрмады. *Ұмытты, есінде қалмады.*

Есінен бір [екі] елі шығармады. *Ылғи есінде жүрді, әр уақытта жадына сақтады, ұмытпады.*

Есінен тарс шығып кетті. *Мүлде ұмытып кетті, есінде болмады*.

Есіне [жадына] тұтты. *Еске ұстады, ойына сақтады* [104, б. 424-425].

Жад (жат), ес сөздерімен синоним ретінде берілген *қапер* сөзінің мағынасы «Қазақ сөздігінде» «**ес, ой**» түрінде берілген де ол сөздің қатысуымен жасалған тіркестер

«Қаперінде жоқ. *Ойсыз, алаңсыз.*

Қаперіне алмады [ілмеді]. *Есептеспеді, санаспады.*

Қаперіне келмеді. *Ойына кіріп те шықпады, ескермеді, елемеді.*

Қаперіне кіріп те шықпады [шығатын емес, кірмеді]. *Ойына да келмейді, мән бермеді, қаннен-қаперсіз, еш ойсыз*» түрінде сипатталған.

Бұл ретте *қапер* сөзінің ұмытпауға қатысты мәндері ескерілмей қалған. Сол сияқты *қапер* сөзінен өрбіген қаперсіз, қаперсіздік сөздерінің дефициясында бұл мән көрсетілмеген: ҚАПЕРСІЗ сын. *Бейқам, қамсыз, жайбарақат.*

ҚАПЕРСІЗДІК зат. *Жайбарақаттық, бейқамдық.*

«Синонимдер сөздігінде» *ес, қапер* сөздерінің синонимі ретінде *жады* сөзі берілген де *жат (жад)* сөзі мүлде көрсетілмеген: *Ес, жады, қапер*. *Адамның көрген-білгенін, естігенін сақтайтын қабілет. Адам есі туған күннен бастап дайын да жетілген күйде болмайды* («Семья тәрбиесі»). *Ескіні еске алмай, жаңа жадыға түспейді* (Мақал). *Көзін қоймен ашса да, қызы қойшы болар деген ой Нұрғалидың қаперіне де кірмеген-ді* (С.Ақтаев) [107, б. 205].

Статикалық жад семантикасы *есте сақтау, ұмытпау, жадында болу, есінен (есінен) шығармау, есінде қалу, жадында ұстау* етістіктері арқылы беріледі. Бұл лексемалардың семантикасындағы «*есте сақтау*» интегралдық семасы жадта ақпараттың сақталуын, яғни ұғымдар жүйесі түрінде қалыптасқан танымдық репрезентацияны білдіреді. А.И.Новиков ұғымдық бейнелер жад мазмұнының негізін құрайтынын айта келіп, оларды ойлау үдерісінің материалы ретінде сипаттайды [106, с. 60]. Сондай-ақ бұл етістіктердің семантикасындағы «күй» дифференциалдық семасы менталды әрекеттің статикалық сипатын, яғни ойдың қалыптасуынан тыс берілген күйдегі дайын білім ретінде көрінісін білдіреді. Яғни ақпаратты сақтау үдерісі қалып-күймен сәйкес келеді.

Динамикалық жад *есте сақтау, бекіту, беркіту, жаттау, зердесіне тоқу* т.б. етістіктер арқылы беріледі. Бұл етістіктердің семантикасындағы «ақпаратты жадта бекіту» дифференциалдық семасы есте сақтау үдерісін көрсетеді. Сонымен қатар ойлау, зерделеу, еске түсіру, жадында ұстау, зердесіне тоқу сияқты үдерістерді де білдіреді. Бұл етістіктердің семантикасында ой нысаны туралы ақпаратты қайта жаңғырту мағынасы бар. Олар жадта бұрын болған, бірақ уақыт өте ұмыт бола бастаған білімнің қайтадан сана фокусына енуін білдіреді. Н.Д.Арутюнова мұндай етістіктер ұмытылған, актуалды білім қорынан ығыстырылған ақпаратты қайта санаға енгізетінін, яғни ұмытылғанды еске түсіру үдерісін білдіретінін айтады [16, с. 44].

Ақпараттың жоғалуымен байланысты аспект *ұмыту, ұмыт болу, ұмыт қалдыру, естен шығару* сияқты етістіктер арқылы беріледі. Бұл етістіктер жад үдерісінің соңғы фазасын көрсетіп, субъектінің ұзаққа созылатын немесе уақытша менталды күйін бейнелейді. *Ұмыту, ұмыт болу, ұмыт қалдыру, естен шығару* сияқты етістіктердің мағыналық құрылымында «ақпарат алу», «сақтау», «жаңғырту» сияқты жалпы семалар бар. Дегенмен бұл етістіктердің *ұмытпау,*

есте сақтау, есте ұстау, жадында ұстау, жадынан шығармау сияқты етістіктерге қарсы қойылатын семантикалық компоненттері бар. Бұл үдеріс Абайдың қара сөздерінде жан-жақты сипатталған [109]. Абай Құнанбайұлы есті адамның туа пайда болатын емес, жүре пайда болатын қабілеті ретінде сипаттайды [109].

Жад үдерісін бейнелейтін көпдеңгейлі компоненттер кешені адамның санасында сыртқы әлемдегі оқиғалар мен жеке тәжірибенің сақталуын білдіреді. Мағжан Жұмабаев естің адам өміріндегі орны, маңызы туралы айта келіп, есті дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы керек екенін ескертеді:

1) *Әсердің күштілігі*. Әсер күшті болса, есте ұзақ ұсталады. Мысалы, қатты дауыл, сұрапыл боран сықылды күшті көріністер тез ұмытылмайды. Қатты дауыспен ашық ұқтырылған сабақ баланың есінен шықпайды.

2) *Сыртқы сезімдердің көбінің қатынасуы*. Бір затпен танысқанда сыртқы сезімдердің көбі қатынасса, ол зат ұмытылмайды.

3) *Жаңа білімді бұрынғы біліммен байлау*. Бір нәрсенің еске тез алынуы һәм естен тез шықпауы үшін ол нәрсенің бұрын есте бар нәрсеге байлануы шарт.

4) *Пысықтау*. Бала жаңа білімді неғұрым көп пысықтаса, есінде сонша берік болып қалады [110, б. 73].

М.Жұмабаев осы шарттар табылмаса, адам ессіз, ұмытшақ болатынын айтады. Ғалым бала бастапқыда нәрсені еске шабан алып, тез ұмытатынын ескерте келіп, ес 7 мен 15 жас аралығында аса күшті болатынын айтады [110, б. 71-73].

Болжау семантикасы *ойлау, ниеттену, ниет ету, меңзеу, болжау, жорамалдау, жоспарлау, пікір айту, шамалау, күмәндану* сияқты етістіктер арқылы беріледі. Мұндай етістіктердің семантикалық құрылымына компоненттік талдау жасау арқылы олардың құрамында «болжам жасау» интегралдық семасы, «болжам», «жорамал» сияқты дифференциалдық семалары бар екені анықталды. Олар «менталды әрекетті жүзеге асыру» категориялық семасын ықтималдыққа негізделген ой-пікір ретінде бейнелейді. Нақты менталды етістіктердің болжамдық мағыналарын қамтитын көпдеңгейлі семантикалық кешен «нысанға қатысты пікір қалыптастыру» идеясын білдіреді. Болжал мәнді етістіктер субъект ойының объектіге бағытталған болашақты болжау сипатын білдіреді. айқындайды, өйткені болжам – ойлау актісінің бастапқы фазасы болып табылады. Бұл кезеңде субъект ой нысанына қатысты бастапқы пікірін, жорамалын немесе шамалауын білдіреді, ол ықтималдыққа сүйенеді [123, с. 429].

Түсіну семантикасы *ұғыну, аңғару, білу, жай-жапсарын анықтау, айқындау, түсінікті ету, долбарлау, пайымдау, меңгеру* және т.б. етістіктер арқылы беріледі. «Қазақ сөздігінде» түсін етістігінің мәні «1. Мәтіннің мазмұнын меңгеру, білу. 2. Сезіну, тану. 3. Ұғыну, байыбына бару, мәнін білу. 4. Бағалау, баға беру, қадірлеу. 5. Белгілі бір елдің тілін білу, өзге тілде сөйлесе алу. 6. Хабары болу, аздап білу. 7. Ғылымды, білімді игеру, меңгеру» түрінде сипатталып, *Түсінсем бұйырмасын* («Түк түсінгенім жоқ» деген мағынада) деген

бір ғана тіркес берілген [104, б. 1301]. Осы сөзден өрбіген сөздердің мағыналарында да менталды мән сақталған:

ТҮСІНДІР = ет. 1. Түсініксіз нәрсенің мәнін ашу, болған мән-жайды баяндау. 2. Үйрету, ұғындыру, түзу жолға салу. 3. Негізін ашу, ғылыми тұрғыдан ұғындыру.

ТҮСІНІК зат. 1. Бір нәрсе жайлы қалыптасқан ұғым. 2. Зат туралы тұрақталған ой, пікір. 3. Бір нәрсе туралы берілетін ақпар, мәлімет. 4. Түсініктеме. *Түсінігі жоқ. Санасы төмен, қарабайыр, қараңғы.*

ТҮСІНІКСІЗ сын. 1. Анық емес, күңгірт, ұғуға болмайтын. 2. Таныс емес, көне, сирек кездесетін. 3. Абың-күбің, алас-қапас.

ТҮСІНІКСІЗДІК зат. Түсінігі жоқтық.

ТҮСІНІКСІЗДЕУ сын. Анық емес; күңгірттеу, белгісіздеу [104, б. 1301-1302].

«Синонимдер сөздігінде» түсіну, ұғу сөздері синоним ретінде беріліп, әрдайым қатар жұмсалған: **Түсіну, ұғу.** Бір нәрсенің мән-жайын білу. *Санасына тоқу, миға қону, жадында қалу мұның бәрін бір түнде түсіну мүмкін де емес* (С.Жүнісов*). Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді, сөзді ұғар көкірегі болса көзді, Қадірін жақсы сөздің білер жанға Тапай айтпа оған да айтар кезді* (Абай).

Түсіндіру, ұғындыру, үйрету. *Біреулерге білмегенін білдіру, оқыту. Мұны түсіндіру үшін азырақ шегіне түсуге тура келеді* (Ә.Көшімов). *Ойынды біреуге ұғындыру үшін, алдымен өзің ұғынып ал* (М.Әлімбаев). *Ата-ана өзінің баласына ұдайы ақыл айтып, кеңес беріп, оны үйретіп отырады* (С.Көбеев).

Түсініксіз, ұғынықсыз, ұғымсыз. *Анық емес, ұғымды емес. Бұған қосып адвокат санаға бір түсініксіз сөз айтты* (Ә.Тарази). *Екеуі бір-біріне ұғынықсыз сөз айтты, әрқайсысы өзі үшін сөйлеп, өзін ғана тыңдайтын сияқты* (Р.Тоқтаров*). Мағынасы ұғымсыз бірдеңені бірдеңедей оқыған үстіне оқығысы, ұғынғысы келеді (*А.Хангелдин*).*

Түсінікті, ұғыныңқы. *Белгілі, анық та айқын. Түсінікті нәрсені түсіндіре беруден де жалығады кісі* (Р.Тоқтаров). *Оның сөздері әрі ұғыныңқы, әрі қарапайым, әрі дәлелді де келетін* («Аялы жандар*»)* [107, б. 544].

«Қазақ сөздігінде» де *ұғым, түсінік, ұғыну, түсіну* сөздері синоним ретінде қолданылып, дефиницияда бір-бірінің мәнін ашу үшін қолданылған:

ҰҒЫМ зат. 1. Түсінік, мағлұмат, пайым. 2. Мән, мағына, маңыз. 3. филос. Заттар мен құбылыстардың мәнін байланыстарын олардың қарама-қайшылығы мен даму үдерісін бейнелейтін ой жүйесі; белгілі бір тұтастықтағы заттардың ішкі байланысын, оларға тән ортақ ерекшеліктерді көрсететін теориялық танымның формасы.

Ұғым жасау. жерг. Ұғыну, қорытынды шығару.

ҰҒЫМДЫ с ы н . 1. Түсінікті, көкейге қонымды. 2. Ұғымтал, зерек.

ҰҒЫМДЫЛАУ сын. Түсініктілеу, көкейге қонымдылау.

ҰҒЫМДЫРАҚ сын. Ұғымдылау, түсініктілеу.

ҰҒЫМСЫЗ сын. 1. Ұғынықсыз, түсініксіз. 2. ауыс. Зейінсіз, ықылассыз.

ҰҒЫМСЫЗДАУ сын. Түсініксіздеу, ұғынықсыздау.

ҰҒЫМСЫЗДЫК зат. Түсінігі жоқтық, топастық.

ҰҒЫН= ет. Түсіну, пайымдау.

ҰҒЫНҒЫШ сын. Түсінгіш, ұғымтал [104, б. 1327].

Етістіктердің семантикалық құрылымына жүргізілген компоненттік талдау нәтижесінде олардың құрамында «бір нәрсені түсіну» интегралдық семасы мен айқындау, болжау сияқты дифференциалдық белгілер бары анықталды. Бұл белгілер менталды Талдау нәтижесінде «түсіну» етістігі нәтижелі менталды әрекетті білдіретін етістік екені анықталды (Кесте 9).

Кесте 9 – «*Түсіну*» етістігінің семантикалық құрылымы

архисема	менталды әрекет
дифференциалды семалары	ақпаратты қабылдау; логикалық байланыс орнату; мәнін ашу; интерпретациялау
процессуалдық семалары	жаңа білімнің қалыптасуы; бұрынғы білімнің толығуы
аспектуалдық сипаты	процессуалдық + нәтижелі сипат
прагматикалық реңкі	субъектінің интеллектуалдық деңгейін көрсету; бағалауыштық мән үстеу (дұрыс түсінді/дұрыс түсінбеді); коммуникация үшін, диалог орнату үшін аса маңызды (адресант-адресат қатынасы)

Түсіну, ұғыну, анықтау, айқындау, пайымдау, меңгеру сияқты етістіктердің семантикасы субъектінің ой нысанының мәнін белсенді түрде игеру әрекетін білдіреді. Білімсіздік пен түсінбеуден білім мен түсінікке өтуге бағытталған менталды әрекет субъектіден белгілі бір интеллектуалдық күш жұмсауды талап етеді. Дәл осы ақыл-ой белсенділігі нәтижесінде субъект ой нысанының мәнін игеріп, нақты нәтижеге қол жеткізеді [124, с. 158]. Абай Құнанбайұлы қара сөздерінде білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға талаптың шарттарын көрсетіп, менталды әрекетті сипаттау үшін менталды етістіктерді орынды қолдана білген.

Түсіну мәнді етістіктер *ой түю, меңгеру, аңғару, қисынды шешімге келу, саралау, ой жүгірту* етістіктері субъектінің зеректік, ыждағаттық, зейінділік, тапқырлығының арқасында нысанның мәнін тез әрі дәл түсіну қабілетін білдіреді. Бұл ерекшеліктер олардың семантикасында кездесетін долбарлау, қисынын табу сияқты дифференциалды семалардан көрінеді. *Түсіну, хабардар болу, саналы түрде ұғыну, мәнін аңғару, меңгеру, игеру* сияқты етістіктерден нысанның мәнін игеру деңгейі субъектінің алдын ала дайындығына, аялық біліміне, тәжірибесіне байланысты екені көрінеді. Осы етістіктердің семантикасындағы түсіну үдерісін сипаттайтын көпдеңгейлі компоненттер кешені субъектінің талдауға негізделген ақыл-ой белсенділігін, интеллектуалдық даму деңгейін қажет ететін менталды күйін көрсетеді [125, с. 158].

Менталды етістіктердің ұлттық бояуы басым. Менталды етістіктер ақын-жазушылардың тілінде ғана емес, ауыз әдебиет үлгілерінде де кең қолданыс тапқан: *кең ойлаған кем ойламас; ой ойласаң, кең ойла; алды, артын тең ойла; көп ойласаң, дана боласың, көп ойнасаң, бала боласың; көп жасаған білмейді,*

көп көрген біледі; аңдамай сөйлеген ауырмай өледі; айтқан сөз – атылған оқ, жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады; ойнап айтсаң да, ойлап айт; ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен; білім арзан, білу қымбат; оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы; ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос; ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер; тұрмыс түзер ойыңды, ойың түзер бойыңды; алыстағыны ақыл болжар, жақындағыны пақыр болжар; алтын алма, ақыл ал; ашу шабыстырады, ақыл табыстырады; ақылды адам ашықса, ақылымен тоғаяр, ақылсыз адам ашықса,аз ақылы жоғалар т.с.с. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық құрылымында ойлау әрекетінің түрлі параметрлерінің көрініс табуы қазақтардың рухани өмірінің әралуандылығын көрсетеді. Бұл халықтың болмыс пен адамның әлемдегі орнын тануға деген қызығушылығын көрсетеді. Қазақ тілінде менталды етістіктердің белсенді қолданысы халықтың менталитетін, дүниетанымын көрсетеді. Қазақ тілінде менталды етістіктердің көп болуы тарихи тұрғыда қалыптасқан жағдайларға байланысты көшпелілердің философиясымен, ұлттық ділімен біте қайнасқан. Сол себепті тіл логикалық ойлауға қатысатын құралға айналған.

1.4 Менталды етістіктердің лексика-семантикалық топ құрудағы қызметі

Менталды етістіктер функционалды-семантикалық өріс құрамына енетін менталды етістіктердің лексика-семантикалық топтарын жүйелеуде маңызды қызмет атқарады. Ойлау үдерісінің генезисін, оның адам әрекетінің жалпы құрылымындағы орнын, сондай-ақ тілдік факторларды (етістік лексемалардың семантикалық ортақтығын, яғни олардың ортақ категориялық семасын – *«менталды әрекетті жүзеге асыру»* мағынасын және менталды етістіктердің денотативтік аспектісін бейнелейтін кейбір лексикалық семалардың интегративтік қызметін) ескере отырып, функционалды-семантикалық өріс құрамында келесі лексика-семантикалық топтарды ажыратуға болады: таным етістіктері, ес етістіктері, ойлау етістіктері, қиял етістіктері және түсіну етістіктері.

Таным етістіктерінің лексика-семантикалық тобына *хабардар болу, білу, ұғыну, түсіну, үйрену, меңгеру, ажырату, айыру, дағдылану* т.с.с. менталды етістіктер жатады. Таным етістіктерінің лексика-семантикалық тобына *таны* етістігі негіз болған. «Қазақ сөздігінде» *таны* етістігі «1. Айнытпай тап басып білу 2. Бір затты жан-жақты тексеріп, ажырату айыру. 3. Мойындау, қабылдау» түрінде сипатталған [104, б. 1216]. Осы етістіктен өрбіген таным сөзі философиялық категория ретінде көрінеді: «ТАНЫМ зат. филос. Дүниені, өмірді танып-білу қабілеттілігі» [104, б. 1216]. Таным етістіктерінің лексика-семантикалық тобы *«бір нәрсенің мәнін, мағынасын түсіну, қандай да бір объект туралы шынайы ұғым алу, білім игеру»* деген мәнді білдіреді. Таным етістіктері әртүрлі парадигмалық қатынастарда болады. Таным қалай және қандай жолмен жүзеге асатынын көрсететін семантикалық компоненттердің сипатына қарай бұл топ бірнеше синонимдік қатарға бөлінеді.

1- синонимдік қатарға *ұқсату, теңестіру, сәйкестендіру, шырамыту, шамалау, жорамалдау, ажырату, айыру, аңғару, байқау, сезу* етістіктері жатады. Бұл қатар көру, есту, иіс сезу арқылы эмпирикалық білімді алу үдерісін білдіреді. Қатардың доминанты – *ұқсату* етістігі, ол *«бір нәрсеге ұқсастығын табу, сәйкестігін анықтау»* мәнінде қолданылады. Ортақ семантикалық белгі – *нысанды сыртқы белгілері арқылы тану. Ұқсату* етістігі бейтарап әрі жалпы мәнде қолданылатындықтан, қолданыс аясы кеңірек**.**

2-синонимдік қатарға *үйрену, көңілге тоқу, көзі үйрену, дағдылану, тәжірибе жинау, қалыптасу* етістіктері жатады. Бұл лексемалар тәжірибе мен дағдыға негізделген эмпирикалық білімнің игерілуін білдіреді. Қатардың доминанты – *үйрену* етістігі, ол *«білімге ие болу, түсіну»* мағынасында қолданылады [104, б. 1345].

Көңілге тоқу, көзі үйрену, дағдылану, қалыптасу, тәжірибе жинау етістіктерінің семантикасында *«біртіндеп»*, «*бірте-бірте*», *«аз мөлшерде»* деген дифференциалдық семалар бар, олар таным үдерісінің кезең-кезеңмен жүретінін, сандық сипатын білдіреді. Бұл топ іс-әрекеттің әлі де аяқтала қоймағанын, таным үдерісінің толық аяқтала қоймағанын білдіреді.

3-синонимдік қатарға *білу, оқу, түсіну, ұғыну, анықтау, айқындау, бағалау, меңгеру, игеру* етістіктері жатады. Бұл қатардың семантикасы теориялық білімге негізделген. Қатардың доминанты – *білу*, ол *«білім алу, шынайы ұғымға жету, мәнін түсіну, меңгеру»* мағынасында қолданылады. Қатар мүшелері «білім алу» интегралдық семасы бойынша өзара қиылысады, «есте сақтау», «меңгеру», «үйрену» сияқты дифференциалдық семалар арқылы ерекшеленеді. Осылайша эквиполенттік оппозициялар құрайды.

Таны етістігі жоғарыда аталған қатарлардың ешқайсысына енбейді, өйткені ол теориялық және эмпирикалық білімнің нәтижесін білдіреді. Бұл етістік менталды күйді ойлау үдерісінің нәтижесі ретінде көрсетіп, білімнің шындыққа сәйкестігін білдіреді. Таным етістіктері менталды әрекеттің динамикалық аспектісін білдіріп, танықтан анықка, білімсіздіктен білімге бағытталған ойдың қозғалысын көрсетеді. Бұл етістіктердің семантикасы білім алу үдерісін негіз етіп, білімнің эмпирикалық немесе теориялық жолмен алыну сипаты туралы ақпарат береді.

Ес (жады) етістіктерінің лексика-семантикалық тобы *ескеру/ескермеу, елеу/елемеу, ұмыту/ұмытпау, еске түсіру, есте ұстау, еске салу, жадынан шығармау, жаттау* және т.б. етістіктерді қамтиды.

«Қазақ сөздігінде» *ес* сөзі «1. Адамның естіген, көрген-білгенін ойда сақтау қабілеті; жад. 2. Түйсім тәжірибе, көрген-білген, естігеннен түйгені, ақыл. 3. псих. Бұрынғы тәжірибені ұйымдастыр және сақтау үдерістері, осы арқылы бұрынғы тәжірибені қайталап пайдалану немесе санаға қайта оралтуды жүзеге асыратын жүйке жүйесінің негізгі қызметтерінің бірі. 4. ауыс. Сүйеніш, медеу, серік 5. биол. Тірі жүйелер көрген-білгенді, естігенді, сезгенді, өткен құбылыстарды нақтылы бір жағдай қасиеттерімен бірге жинақтап, тәжірибе ретінде пайдалану дағдысы» түрінде сипатталған [104, б. 424].

Ес етістіктері «жадта сақтау» интегралдық лексикалық семасы негізінде дербес лексика-семантикалық топ құрайды. Бұл сема таным етістіктерінің семантикасында ашық көріне бермейді. Осы лексикалық мағынасымен қатар *есте сақтау, есте ұстау, ұмытпау, жадынан шығармау, жадында сақтау* т.с.с. етістіктерде ретроспекция мәні көрінеді. Бұл лексика-семантикалық топтың негізі – **ұмытпау** етістігі. Ол топтың типтік семантикасын жалпыланған түрде береді: *«естен // жадынан шығармау, есте сақтау, қаперде ұстау»*. Бұл лексика-семантикалық топтағы етістіктер статикалық және динамикалық үдерістерді бейнелеп, бірнеше синонимдік қатар түзеді.

1-синонимдік қатарға *ұмытпау, есте сақтау, есте ұстау, есте тұту, еске алу, есте болу, есінен бір елі шығармады, есінен өшірді, жадынан шығармау, қаперде ұстау, ескеру, елеу* сияқты статикалық жадты білдіретін етістіктер жатады. Қатардың доминанты – ***еске сақтау***; ол ақпараттың тұрақтылығын білдіреді.

2-синонимдік қатарға *еске салу, еске түсіру, ескерту, ұмыттырмау, есте сақтату, жадынан шығартпау* т.б. динамикалық күйді білдіретін етістіктер жатады. Қатардың доминанты – ***еске түсіру***; ол ақпаратты жаңғырту семантикасын жалпы түрде береді. Қатар мүшелері арасында парадигмалық байланыстар мен қатынастардың әркелкілігі байқалады. Оның семантикалық құрылымында каузация компоненттері бар, яғни ой әрекеті субъект үшін сыртқы факторлармен шартталған.

Екі топтың ортақ семасы – «**ұмытпау, есте сақтау**» болғанмен, еріктілік-еріксіздік мәні бойынша ажыратылады. *Ұмытпау, есте сақтау, еске алу, есте болу, жадынан шығармау, қаперде ұстау, ескеру, елеу* сияқты етістіктерде субъект ерікті түрде ұмытпаса, *еске салу, еске түсіру, ескерту, ұмыттырмау, есте сақтату, жадынан шығартпау* т.б. етістіктерінде ұмытылмауына басқа субъект не объект себепкер болады. *Еске түсірді* етістігі ерікті әрекетті де, сыртқы факторлардың әсерімен болған еріксіз әрекетті де білдіреді.

3-синонимдік қатарға *еске түсу, есте қалды, естен кетпеді, есте сақталды, есі қалмады, есі кетті, есі кірді, есін алды, есте тұрмады, есінен шығып кетті, есінен шықпады* т.б. етістіктер жатады. Бұл етістіктер де динамикалық күйді білдіргенмен, 2-қатардан айырмашылығы бар. Мұнда етістіктер субъектінің қатысынсыз орындалған әрекетті білдіреді. Бұл синонимдік қатардың мүшелері қарама-қарсы мәнді болып келеді: *ұмыту – ұмытпау, естен кетпеу– ұмыт болу, қаперде болу – елемеу, ескермеу, жадында болу – ұмытылу* т.с.с.

Ес етістіктерінде менталды қызметтің әртекті сипатын білдіретін семантика актуалданады. Ол жадтың әрі статикасына, әрі динамикасына тән салаларды қамтиды: бір сәттік, бақылаусыз жүзеге асу (*еске алу, еске түсу, ойға оралу*), ұзаққа созылған мақсатты әрекет те (*есте сақтау, жадынан шығармау*) бар.

Таным мен *ес* етістіктері *ойлау* етістіктерімен тығыз өзара байланысты болады. Бұл кездейсоқ емес, өйткені ойлаудың формалары мен құрылымдарында адамның танымдық тәжірибесі көрініс табады.

Ойлау етістіктерінің семантикалық құрылымында «ойлау актісінің жүзеге асуы» интегралдық семасы бар; ол әртүрлі дифференциалдық семалар арқылы «менталды қызметтің жүзеге асуы» деген категориялық семаны ойлау үдерісінің орындалуы тұрғысынан нақтылайды. Соның нәтижесінде *ойлау* етістіктері жеке лексика-семантикалық топ ретінде бірігеді. Бұл топқа *ойлану, толғану, пайымдау // байымдау // байыптау, топшылау, ой елегінен өткізу, ой жүгірту, арандау, қиялдау, есептеу, санау* т..б. етістіктер жатады. *Ойлау* етістіктерінің лексика-семантикалық тобының негізгі бірлігі ретінде *ойла* етістігі алынады. Яғни, *ойла* етістігі менталды өрістің өзегін құрап, динамикалық когнитивті үдерісті білдіретін базалық етістік (Кесте 10). Ол бүкіл топтың семантикасын жалпы түрде береді: «ақылға салу, байымдау; ойға түсу, ойға берілу» [104, б. 990].

Кесте 10 – «*Ойла*» етістігінің семантикалық құрылымы:

архисема	менталды әрекет
дифференциалды семалары	талдау; салыстыру; жалпылау; болжау
процессуалдық семалары	ұзаққа созылған әрекет, динамикалық сипат; кезеңділік
аспектуалдық сипаты	процессуалды әрекет
прагматикалық реңкі	бейтарап /философиялық; субъективті /бағалауыш; когнитивтік белсенділікті білдіреді

«*Ойла*» етістігіне динамика тән болғандықтан, ол процессуалды менталды әрекетке жатады. Ойлау етістіктерінің семантикасында менталды қызмет субъектінің ойланған күйі ретінде сипатталады. Оның эмоциялық күйден айырмашылығы – ой күйі субъектінің өзіне тән ақыл-ой белсенділігін талап етеді: «Ой – объективтік шындық туралы түсінік, пікір, ұғым; ақыл, ес» [104, б. 968]. Ойлау етістіктері субъектінің менталды қызметіндегі негізгі кезеңді сипаттайды, өйткені олар тікелей ой әрекетін білдіреді. Ол әрекеттер болжам, толғаныс, пайым түрінде жалпыланып көрінеді. Мұндай етістіктер де бірнеше синонимдік қатар түзеді.

1-синонимдік қатарға *болжау, жорамалдау, мөлшерлеу, пайымдау, байыптау* етістіктері жатады. Қатардың доминанты – *шамалау* етістігі минипарадигманың семантикасын жалпы түрде береді. Қатардың мүшелері қиылыса орналасады. Семантикалық құрылымындағы ортақ интегралдық сема – «болжамның болуы» семасы, дифференциалдық семалар – «пайым», «жорамал». Соның негізінде олар эквиполенттік оппозициялар түзеді.

2-синонимдік қатарды *толғану, ойға берілу, ой дәмін [дәмінен] тату, ой елегінен өткізді [елегіне салды], ойға батты [қалды, түсті, шомды], ой дариясына малтықты [шомды], ой түбіне жетпеді [жете алмады], ой түкпірін ақтарды* т.с.с. лексемалар құрайды.

Ойла және *ойлан* етістіктері бірінің орнына бірі жұмсала береді. Сондықтан «Қазақ сөздігінде» ол етістіктердің мағынасы «Ойла = е т. 1. Пайымдау, топшылау. 2. Армандау, қиялдау. 3. ауыс. Қамтамасыз ету.

Ойлан = е т. 1. Ақылға салу, байымдау. 2. Ойға түсу, ойға берілу» түрінде берілген. Яғни сөздікте екі етістіктің де «пайымдау, топшылау, ақылға салу» мәнінде жұмсалатыны көрсетілген [104, б. 968]. Алайда бұл етістіктердің айырмашылықтары да бар. Ойлан етістігі өздік етіс болғанмен, іс-әрекет өзіне бағытталмайды, субъектінің бейімін, күйін білдіреді.

3-синонимдік қатарға *жалпылау, пайымдау, байыбына барды, зерделеді, парықтады, тұжырымдау, қорыту* т.б. етістіктері жатады. Бұл етістіктердің семантикалық құрылымында субъектінің белсенді ой еңбегімен сипатталатын менталды күйді білдіретін «пайымдау» деген интегралды сема бар. Бұл топтағы етістіктер эквиполенттік оппозиция құрап, «пайымдау» интегралды семасы бойынша қиылысады да «ой қорыту», «салыстыру» және т.б. сияқты дифференциалдық белгілері бойынша ажырайды.

Қиял мәнді етістіктердің лексика-семантикалық тобына *ойдан шығару,* қиялдау, *армандау, көру, елестету, бейнелеу* сияқты менталды етістіктер кіреді. Н.Д.Арутюнова болжам ойлау актісінің бастапқы фазасы ретінде нысан туралы пайымға сүйеніп, пікір не жорамал түрінде ғана емес, ықтималдық немесе мүмкіндік ретінде де көрінетінін айтады [16, б. 429-433]. Сондықтан мұндай етістіктер ойлау етістіктеріне жатады. *Елестету* етістігі Мағжан Жұмабаевтың сипаттамасындағы *ерікті қиял, берекелі қиял* яки *фантазия; еріксіз қиял, бос қиялды* қамтып, әркелкі интеллектуалдық жүйелер мен механизмдерді жалпылайтын семантикаға ие.

Адам санасында бейне репрезентациясының тәсілі менталды етістіктердің семантикасына енгеніне қарай үш синонимдік қатар құрайды.

1-синонимдік қатарға семантикалық құрылымында нысан бейнесін жасау не қайта жасау мағынасы бар лексемалар енеді. Яғни менталды әрекет бейнеге бағытталады: *бір нәрсені ойша елестету, бейнелеу, қиялдау*. Бұл лексемалардың ортақ семасы – «**ойша бейнелеу**» осы қатардың доминанты болады. Бұл ретте «көз алдына келтіру» мәні функционалды-менталды болып есептеледі. Себебі менталды семантикасы ауыспалы мағынасының негізінде пайда болады. Ал синонимдік қатарда «менталды қызметті жүзеге асыру» категориялық семасында тура мағыналар ғана негізге алынады. «*Ойша бейнелеу*» және «*ойда бейнелену*» етістіктері формалды-семантикалық оппозицияда қолданылған. Олар «еріктілік» және «еріксіздік» дифференциалдық семалары арқылы ажыратылады.

2-синонимдік қатарға адам санасында бейненің пайда болуына әсер ететін интеллектуалдық жүйенің ерекше түрін (шығармашылық қиял, арман, елес) білдіретін менталды лексемалар енеді. Мұндай жүйе субъектіден ойлау белсенділігін талап етіп, бейне түзуде маңызды қызмет атқарады. Бұл қатарға *армандау, қиялға берілді, қиялға батты [шомды, кірді); қиялға сүңгіді, қиялға түсті, қиял қылды, қиялын тербеді* етістіктері жатады. Бұл қатардың доминанты – ***армандау*** етістігі. Өйткені ол идеографиялық және стильдік синонимдерді қамти отырып, топтың семантикасын жалпы түрде сипаттайды. Осы қатардағы лексемалармен мағыналас *қиялдан шығару, ойдан шығару, ойлап табу, қиялға (ойға) ерік берді* етістіктерін де жатқызуға болады. Бұлар да *ерікті қиял, берекелі*

қиял яки *фантазия* семасын білдіреді. Алайда *армандау* сияқты етістіктерден айырмашылығы – бұлар шындыққа сай келмейтін нысанның бейнесін білдіреді.

3-синонимдік қатарға семантикасында бейненің нақты болмысқа сәйкес келмеуін білдіретін *көріну, елестеу, ұқсау*, сияқтану лексемалары кіреді. Бұл қатардың доминанты – ***ұқсау***. Бұл синонимдік қатарлардың мүшелері қиял етістіктері лексика-семантикалық тобында өзара қиылысып, әртүрлі оппозиция түзеді. Алайда бәрі де елес ұғымымен семантикалық тұрғыда байланысты болады.

Түсіну етістіктерінің лексика-семантикалық тобына *ұғыну, аңғару, білу, жай-жапсарын анықтау, айқындау, түсінікті ету, долбарлау, пайымдау, меңгеру* және т.б. менталды етістіктер жатады. Бұл лексика-семантикалық топтың негізгі ұйытқысы – ***ұғыну*** етістігі. Ол топқа тән негізгі семантиканы жалпы түрде білдіреді. «Қазақ сөздігінде» *түсін* етістігінің дефициясы «1. Мәтіннің мазмұнын меңгеру, білу. 2. Сезіну, тану. 3. Ұғыну, байыбына бару, мәнін білу. 4. Бағалау, баға беру, қадірлеу. 5. Белгілі бір елдің тілін білу, өзге тілде сөйлесе алу. 6. Хабары болу, аздап білу. 7. Ғылымды, білімді игеру, меңгеру» түрінде берілген [104, б. 1301].

Негізгі етістік пен осы лексика-семантикалық топқа енетін басқа да етістіктерге компоненттік талдау жүргізу нәтижесінде олардың семантикасындағы ортақ интегралдық лексикалық сема («бір нәрсені түсіну») анықталды. Бұл сема әртүрлі дифференциалдық компоненттер арқылы нақтыланып, «менталды қызметтің жүзеге асуы» категориялық семасын ой нысанының мәнін, мағынасын, табиғатын, мазмұнын ұғыну тұрғысынан айқындайды. Ол өз ішінен үш синонимдік қатар түзеді.

1-синонимдік қатарға субъектінің ой нысанының мәнін белсенді түрде ұғынуын білдіретін *анықтау, айқындау, ұғыну, түсіну* т.б. етістіктер кіреді. Бұл етістіктер субъектінің интеллектуалдық күш-жігері арқылы ой нысанының мәніне енуін, яғни белсенді таным әрекетін білдіреді. Бұл қатардың антонимдеріне *түсінбеу, шатасу, шатастыру, қателесу, дағдару, абыржу* мәнін білдіретін етістіктер жатады.

2-синонимдік қатар субъектінің зейінділік, зерделік, тапқырлығының арқасында нысанның мәнін ұғынуын білдіреді. Оған *түсіну, байыбына бару, саналы түрде ұғыну, мәнін аңғару, меңгеру, игеру* етістіктері жатады. Бұл етістіктер субъектінің негізгі белгіні тез танып, түсінуін, маңыздысын ажырата білуін көрсетеді. Олардың семантикасында «болжау», «лездік», «тапқырлық» сияқты дифференциалдық семалар айқын көрініс табады.

Бұл екі синонимдік қатарға ақыл-ой қабілетінің әлсіреуін не біржола жоғалып кетуін білдіретін *ақылы жетпеді, ақылға сыймады, ақылға қонбады, ақылынан айырылды, ақылдан адасты, ақылы [ауысты], миға [миына] кірмеді [енбеді, қонбады], ми кептірді, ми толмады, ақыл-ойы жетпеді, миы айналды, басы қатты, шатасты, миы алмады, миы аузына түсті [құйылды], миы ашыды, сенделді, мең-зең болды, миы жетпеді, ой ұшығына жетпеді; есебін таба алмады, ақылы жетпеді; миы қатты, дағдарды, дал болды, сенделді* етістіктері оппозиция ретінде қарсы қойылады.

3-синонимдік қатар субъектінің алдын ала білім мен тәжірибесіне сүйеніп ұғынуын білдіреді. Оған *байыбына бару, байыбына жету, салмақтау, салыстыру, жақсы түсіну* етістіктері жатады. Бұл қатардың семантикасы субъектінің ұғынуы аялық біліміне, біліктілігіне байланысты екенін көрсетеді. Бұл етістіктерге *байыбына бара алмау, байыбына жетпеу, зердесіне кірмеу, зерделей алмау, түк түсіне алмау* т.с.с. етістіктер антоним ретінде қарсы қойылады. Ол көбіне болымсыз тұлғада келеді. Мұнда субъектінің нысанды ұғыну тәсілдері дифференцияланбайды**.**

Сонымен, қазақ тіліндегі менталды етістіктердің лексика-семантикалық ерекшеліктерін талдау нәтижесінде олардың ойдың дамуының белгілі бір сатысын білдіретіні анықталды. Бұл сатылардың мағыналық өзегі – «менталды қызметтің жүзеге асуы» категориялық семасы. Қайталанатын, ұқсас мағыналардың болуы менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өріс аясында парадигмалық байланыста екенін көрсетеді. Мұнда семантикалық ұқсастық әртүрлі деңгейде көрінеді: жекелеген сөздер оппозиция болумен қатар антонимдік жұп құрай алады, сонымен қатар синонимдік қатарлар түзеді. Менталды етістіктер ой қозғалысы мен мақсатқа бағытталған танымдық әрекетті білдіреді. Бұл ерекшелік етіс формалары арқылы беріледі (*есте сақтау, есіне салу, есіне түсіру, ой салу, ойландыру, ақылға салу, ақыл айту* т.с.с.).

Менталды етістіктердің семантикалық ұқсастығына негізделген парадигмалық қатынастар әртүрлі лексика-семантикалық топтардың қалыптасуына негіз болады**.** Біздің зерттеуде айқындалған *таным, ес, ойлау, қиял, түсіну* етістіктерінің лексика-семантикалық топтары өзара қиылысып, менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісін құрайды. Әрбір лексика-семантикалық топтың мүшелері негізгі ұйытқы болған етістікпен семантикалық тұрғыда тығыз байланысты болады. Мұндай ұйытқы етістіктер өз топтарының идентификаторлары болып табылады, себебі олар жалпы семантикалық мазмұнды жинақтап**,** әр топтың ортақ, типтік семантикасын білдіреді. Алайда ол етістіктердің дифференциалдық белгілері де болады. Менталды етістіктердің семантикалық жүйесі – тұтастық пен сараланудың бірлігі болып табылады. Яғни ол, бір жағынан, менталды қызметті бейнелесе, екінші жағынан, оны әртүрлі қырынан сипаттайтын көпдеңгейлі құрылым болып табылады.

Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің қолданысын талдау нәтижесінде мұндай етістіктердің синтагмалық тұрғыдан релевантты лексикалық семантикасы бар екені анықталды. Менталды етістіктер қолданысы контекске тәуелді, яғни сөйлемдердің семантикалық модельдері арқылы сипатталады. Жүйелік-құрылымдық және функционалды-семантикалық тәсілдерді ұштастыра отырып, талдау барысында типтік контексі бар әрі белгілі бір лексика-семантикалық топтың семантикасына сәйкес келетін сөйлемдердің семантикалық модельдері айқындалды. Модельдер менталды етістіктердің категориялық-лексикалық семантикасына сәйкес сипатталды. Өйткені модель деңгейінде етістіктің категориялық-семантикалық ерекшеліктері айқын көрінеді.

«Субъект – таным предикаты – нысан» моделі. Лексика-семантикалық

топтағы таным етістіктерінің идентификаторы болған *таны* етістігінің категориялық-лексикалық семантикасы «субъект – таным предикаты – нысан» түріндегі базалық семантикалық модельдің негізгі параметрлерін белгілейді. Бұл модель адам белгілі бір нәрсенің мәнін, мағынасын тану үдерісінде білім жинақтап, ұғым қалыптастыратынын білдіретін менталды қызмет ретінде сипатталады. Сөйлеу барысында семантикалық компоненттер арнайы лексикалық бірліктермен алмастырылып, семантикалық модельді мазмұн жағынан нақтылап, толықтыратын контекстік құралдармен өзара әрекеттеседі. Мысалы: *Олар өздерінің құлдарын өте жаман халде ұстайды, құлдар олардан қалай құтылудың* ***жөнін білмей****, қорлығына көне береді* [126, б. 3]. *Қайда беттеп барасың,* ***білмедім****, бала... Ағалық сөз айтудан қалдық. Өзің* ***біл****... Алдыңдағы тең-тең хаттарға жауап жаз да, көзін құрт* [105, б. 29].

Бірінші сөйлемде таным нысаны – «жөн білмеу» тіркесімен берілген философиялық ұғым. *Білмей* етістігімен берілген таным предикаты теориялық білімнің нәтижесі ретінде жалпы қорытындыны білдіреді. Предикат ұйымдастырған менталды кеңістік құрмалас сөйлемнің лексика-грамматикалық құрылымын қамтиды. Екінші мысалда диалог түрінде таным лексика-семантикалық тобына жататын *біл, білмедім* етістіктері қолданылған. *Білмедім* етістігі сұраулы сөйлемнің жауабы ретінде (өз-өзіне жауап беру) қолданылған. Білмедім түрінде берілген етістіктен бұрын таным нысаны ретінде *Қайда беттеп барасың?* деген сұраулы құрылым қолданылған. «*Қайда*» сұраулы есімдігі бағыт, мекен белгісінің интенсификаторы болып тұр. Одан кейін *өзің біл* тіркесі келіп, соңғы сөйлем таным тәсілін нақтылайды («*Алдыңдағы тең-тең хаттарға жауап жаз да, көзін құрт*»). *Білмедім* және *біл* етістіктерінің арасындағы семантикалық байланыс, бірыңғай мүшелер тұтас мағыналық бөлшектегі ой желісін сақтай отырып, эмпирикалық білімді меңгеруді білдіреді. Жауапты тыңдаушының еркіне қалдырады.

«Субъект – есте сақтау – нысан» моделі. Ес етістіктері лексика-семантикалық тобының идентификаторы *ұмытпау* етістігінің категориялық-лексикалық семантикасы «субъект – есте сақтау – нысан» моделінің негізгі параметрлерін айқындайды. Бұл модельдің типтік семантикасы: «адам бір нәрсені жадында сақтап, қайта жаңғыртады». Мысалы: *Әсіресе қазақша боқтықтарды* ***ұмытпапты*** [127, б. 148] деген сөйлемде субъект ой жүзінде қайта оралатын нысан мазмұны көрсетілген. Бұл сөйлем ес әрекетін бейнелеп, типтік семантиканы береді: субъект бір нәрсені еске түсіріп, ойша сол бейнеге оралады. Кейінгі сөйлемдерде оның не үшін есте сақталғаны нақтыланады.

Семьяның темір тақымына түсіп қаламын деп қорқа ма, әлде баяғы балқаймақ тобырдың сауық-сайранынан қазір шет қалса да, негізгі заңдарын әлі ***ұмытпаған ба,*** *үй-күй болу жағына аттап баспады* [105, б. 152]. Бұл сөйлемде *ұмытпаған ба?* түрінде сұрау мәнінде берілгенмен, жауапты керек етпейді (риторикалық сұрақ). Сөйлем «субъект – ес (жады) предикаты – нысан» үлгісіндегі семантикалық модельге негізделген. Сөйлемде ес әрекеті бейнеленген. Субъект негізгі заңдарды есінде сақтаған.

«Субъект – ойлау предикаты – нысан» моделі. Ойлау етістіктері

лексика-семантикалық тобының идентификаторы ретіндегі қолданысына *ойлан* етістігінің категориялық-лексикалық семантикасы негіз болған. *Ойлан* етістігі ойлау етістіктері лексика-семантикалық тобының идентификаторы ретінде «субъект – ойлау предикаты – нысан» базалық семантикалық моделін белгілейді. Бұл модельдің типтік семантикасы адам бір нәрсе туралы ойлайды, толғанады, пайымдайды, не бір нәрсені ой елегінен өткізеді.

Мысалдар қарастырайық:

Басы сәл тазарғасын, ашуы басылып, пенделік ойлар ойлады. «Нең бар еді? Бір қария, бір бала, екеуі елбесіп-селбесіп, күн кешіп жатыр... Қу жаныңды қоярға жер таба алмай сенделіп жүріп, басқаға үкім айтқан не теңің?» [105, б. 154].

Көптен бері ат ізін салмай үнсіз жатқан ел жақсыларымыз дейтіндердің іштей не ойлап, не бағатындарын сұңғыла би айтқызбай-ақ сезетін [128, б. 5].

Бұл сөйлемдердің барлығында *ойла* етістігі қолданылған және олардың синтаксистік құрылымы әртүрлі болғанымен, барлығы ойлау жағдаятына тән. Бірінші мысалда идентификатор ойлау әрекетін білдіреді де нысаны алдымен жалпы беріліп, кейінгі сөйлемдерде нақтыланады («*Нең бар еді? Бір қария, бір бала, екеуі елбесіп-селбесіп, күн кешіп жатыр... Қу жаныңды қоярға жер таба алмай сенделіп жүріп, басқаға үкім айтқан не теңің?»).* Бұл контексте бірнеше жай сөйлем берілгенмен, олардағы ой түсіндірмелі сабақтас құрмалас түрінде келген. Екінші мысалда *ойла* етістігі кейіпкердің іштей сөйлеуі ретінде қолданылған. Бұл сөйлемде ойлау әрекетіне қатысты *айтқызбай сезетін* етістігі де қолданылып, субъектінің нысанға қатысты ойы қорыту әрекеті көрсетілген. Негізгі кейіпкерлер ойлау үдерісінің мазмұнын ашып, *ойлау* етістігі білдіріп тұрған әрекетті басқа адамдардың мақсат-мүддесі туралы пайымы ретінде көрсетеді. Нысан ретінде берілген тіркестер пайымдаудың семантикасын кеңейту үшін қолданылған.

«Субъект – қиял предикаты – нысан» моделі. *Елестету* етістігі қиял етістіктері лексика-семантикалық тобының идентификаторы ретінде «субъект – қиял предикаты - нысан» базалық семантикалық моделін белгілейді. Бұл модель типтік семантиканы жинақтап береді: адам ойша бір нәрсені елестетеді, санасында, қиял, фантазиясында бейнелейді. Мысалы: 1. *Каминдегі ағаштың жалп-жалп жалыны үндемес шалдың әлгіндегі желп-желп сақалын көзге елестетті* [127, б. 251].

2. *Сыртымен-ақ аяздай қарыған хонтайшының ызғары әлден-ақ қалтырата тырыстырып тастаған ба, Бертіс көкесінің қазіргі түрі бүркіт көрген көжектің бүрісіп қалған бейнесін елестетті* [128, б. 101].

Бұл мысалдарда предикат *елестету* етістігі арқылы беріліп, белгілі бір нәрсені ойша бейнелеуді, яғни сананың қиял әрекетін білдіреді. Бірінші сөйлемде субъект көрінбейді. Авторлық қолданыста каминдегі ағаштың жалыны шалдың сақалына ұқсас бейнеленеді. Екінші мысалда нысан позициясын толықтауыш тұлғалы тіркеспен (*бүркіт көрген көжектің бүрісіп қалған бейнесін*) берілген. Контексте елестету нысаны метафоралық қолданысқа

негізделіп, қиял жағдаятын тудырған. Бұл сөйлемдегі қиялмен байланысты менталды әрекет арқылы адам қалағанын шындық ретінде бейнелейді.

«Субъект – түсіну предикаты – нысан» моделі. Түсіну етістіктері лексика-семантикалық тобының идентификаторы ретінде *ұғу/ұғыну* етістігі «субъект – түсіну предикаты – нысан» базалық семантикалық моделін белгілейді. Бұл модельдің типтік семантикасы – адам белгілі бір құбылысты, үдерісті, оқиғаны түсінеді. Мұндай жағдаят контексте *ұғу/ұғыну* етістігімен семантикалық байланыста тұрған контекстік құралдар арқылы нақтыланып, айқындалады.

Мысалы: 1. *Әсіресе оң жағындағы Бабаназардың тізесінен тас қып ұстап алған Даудың сан құбылған жүзінен Қазыбек оның аса қатты күйзелгенін ұқты* [128, б. 103].

2. *Сондай қыстырманы Көкеш ұғындырмақ болып қаншама тырысқанмен, Рақияға жұма түгіл, ай түгіл, жыл тәулігінде де ұқтыра алмай шаршады* [126, б. 23].

Бұл сөйлемдерде *ұқты/түсінді* етістіктерімен берілген предикаттың семантикасы түсіну жағдаятын тудырған. Бірінші сөйлемде субъектінің (*Қазыбектің*) пайымы, позициясы айқын көрінеді. Коммуникативтік жағдаятта нысан ретінде *Дау* алынған. Оның жай-күйін, аса қатты күйзелгенін Қазыбек оң жағындағы Бабаназардың тізесінен тас қып ұстап алғанынан, сан құбылған жүзінен аңғарады. Екінші сөйлемде *ұғу* етістігі түрлі формада – мақсатты келер шақ тұлғасында, болымсыз тұлғада қолданылып, әрекеттің жүзеге аспағаны туралы сөз болады. Сөйлемдегі *қаншама тырысқанмен* түріндегі ереуіл есімшенің (Қ.Жұбанов), *жұма түгіл, ай түгіл, жыл тәулігінде* түріндегі градацияның қолданысы ұғу әрекетінің қиындығын, сәтсіз болғанын нақтылай түскен.

Бірінші мысал кейіпкерлердің бейвербалды амалдарын суреттеп, сөзсіз ұғуды білдірсе, екінші сөйлемде жарыса сөйлескендердің не ұзақ уақыт түсіндіргеннің нәтижесі ретіндегі кейіпкердің пайымы көрсетілген. Мысалдардан менталды предикат-етістіктерде, соның ішінде *ұғу/ұғыну* етістігінде де, субъект пен нысан актанттары міндетті түрде болатынын көрсетеді. Бұл позициялар сөйлеу барысында нақты жүзеге асқан қолданыстарда нақты жағдаятты бейнелейтін біртұтас мағыналық блок құрайды. Мұндай блоктың доминанты – базалық идентификатор-етістік болып табылады. Мысалдарды талдау нәтижесінде лексика-семантикалық топтағы идентификатор қызметін атқаратын менталды етістіктер қолданылған сөйлемдерде семалық құрылымның семантикалық құрылыммен функционалдық сәйкестігі менталды қызметпен байланысты экстралингвистикалық жағдаятты көрсетеді. Мұндай етістіктердің категориялық-лексикалық семантикасы денотат жағдаят туралы ақпаратты қамтып, менталды үдеріске қатысушылар туралы қысқаша концептуалды сипаттама береді.

Субъект немесе нысан позициясы сөйлеу актісінде алмастырылмаған жағдайда, менталды етістіктің мағыналық өрісі сол етістікпен семантикалық тұрғыдан байланысқан контекстік құралдардың есебінен кеңейеді. Бұл үдеріс бір

сөйлем көлемінде де, бірнеше сөйлемнен тұратын тұтас мағыналық блокта да орын алуы мүмкін. Мұндай блоктар менталды етістіктің категориялық семантикасын толықтыра отырып, жағдаят құрылымына қосымша ақпарат енгізеді.

Идентификатор-етістік арқылы берілген предикаттары бар сөйлемдерде контекст маңызды бола бермейді. Ол идентификатор-етістіктердің семантикалық дербестігіне байланысты. Өйткені олардың лексикалық мағынасындағы дифференциалдық белгілер сандық, сапалық тұрғыдан жеткілікті болады. Нәтижесінде базалық семантикалық сөйлем модельдері жіктелімдік сөйлемдер парадигмасын құрайды. Ол менталды идентификатор етістіктердің категориялық-лексикалық семантикасына негізделеді.

Бес лексика-семантикалық топтың құрамына енетін басқа дербес менталды етістіктер идентификатор етістіктермен салыстырғанда мазмұндық жағынан бай болып келеді. Олардың қосымша семантикалық белгілері көп. Сол арқылы лексикалық парадигманың да, бүкіл функционалды-семантикалық өрістің де концептуалды идеясын түрлендіреді**.** Дербес менталды етістіктердің дифференциалдық семантикасы базалық модельдердің лексикалық варианттарының түзілуіне негіз болады. Мұндай вариациялар менталды әрекет жағдаятын дәл береді. Сол себепті олар негізгі лексикалық варианттар деп аталады.

Таным етістіктері лексика-семантикалық тобына енетін дербес менталды етістіктердің дифференциалдық семантикасы «субъект – таным предикаты – нысан» базалық семантикалық моделінің бірнеше негізгі лексикалық вариантын қалыптастырады. Бұл модель таным жағдаятының әртүрлі көріністерін бейнелейтін сөйлемдерге тән.

Сонымен, менталды етістіктердің құрамындағы дифференциалды семалардың өзектенуі олардың сөйлеу контексіндегі қолданысын күрделендіріп, лексикалық репрезентациялардың саны мен құрылымын арттырады. Соның нәтижесінде етістіктердің семантикалық құрылымына изоморфты, яғни мағыналық тұрғыдан сәйкес келетін базалық модельдердің тұрақты лексикалық нұсқалары қалыптасады. Стильдік менталды етістіктер сөйлемдердің базалық семантикасын өзгертпей, мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес қосымша коннотациялар енгізеді. Қарастырылған негізгі лексикалық нұсқалар түрлі парадигмалар құрайды, базалық сөйлем модельдері олардың семантикалық инварианттары ретінде қолданылады.

Менталды етістіктер – абстрактілік сипатта, когнитивтік бағытта, психологиялық уәжі бар тілдік бірліктер. Олар субъектінің танымын, ойлау, сөйлеу әрекеттерінің сабақтастығын көрсетеді. Менталды етістіктердің лексика-семантикалық жүйесі адамның когнитивтік тәжірибесін көрсетіп, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі кезде менталды етістіктер когнитивтік лингвистика, психолингвистика және лингвомәдениеттану ғылымдарының тоғысында қарастырылып, адамның ішкі әлемін, ойлау жүйесін және рухани болмысын тіл арқылы түсіндірудің тиімді тетігіне айналды. Бұл бағыттағы зерттеулер менталды үдерістердің тілдік

репрезентациясын анықтап қана қоймай, тілдік тұлғаның когнитивтік моделі мен ұлттық ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді. Менталды етістіктер ұғымы мен олардың зерттелу тарихы – тіл мен сана, ой мен сөз, когниция мен мәдениет арасындағы күрделі байланысты бейнелейтін кең ауқымды ғылыми мәселе. Бұл категорияның тілдік табиғатын тану арқылы адам ойлауының құрылымын, танымдық үдерістердің жүйесін және ұлттық тілдік бейненің ерекшеліктерін ашуға болады. Менталды етістіктердің зерттелуі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигманың дамуын айқындап, когнитивтік және мәдени-танымдық бағыттардың теориялық негізін тереңдетуге елеулі үлес қосады.

1-тарау бойынша тұжырым

Менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісі *ойлаушы субъект – ойлау үдерісі – ойлау нысаны* түріндегі семантикалық модельге негізделеді. Бұл модель менталды әрекеттің типтік денотаттық жағдаятын бейнелеп, менталды етістіктердің предикаттық табиғатын, олардың сөйлем құрылымындағы модель құраушы қызметін айқындайды. Менталды етістік пен ойлау нысанын білдіретін сөз не предикативтік бірліктің арасындағы объектілік қатынастар менталды семантиканың негізгі маркері болып табылады.

Менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісі – күрделі, гетерогенді құрылым. Өрістің өзегін тура мағынасында «менталды әрекетті жүзеге асыру» категориялық семасы бар менталды етістіктер құрайды. Ал өрістің орталық және шет аймақтарында бұл сема ауыспалы мағыналар арқылы, семантикалық модуляция, деривация нәтижесінде іске асатын функционалды етістіктер орналасады. Бұл құрылым А.В.Бондарко сипаттаған функционалдық-семантикалық өріс теориясының негізінде сипатталды.

Менталды етістіктердің семантикалық құрылымы көпқабатты, иерархиялық сипатты болып келеді. Онда категориялық, интегралдық, дифференциалдық және потенциалдық семалар өзара әрекеттесіп, менталды әрекеттің әртүрлі параметрлері (*таным, ойлау, ксика-семантикалық топтарды біріктірсе, дифференциалдық семалар сөздік оппозициялар түсіну, жад, қиял, бағалау, ерік*) көрініс табады. Интегралдық семалар ле мен синонимдік-антонимдік қатынастарды қалыптастырады.

Менталды етістіктердің семантикасы адамның когнитивтік қызметінің динамикасын бейнелейді. Эмпирикалық білімнің сезімдік қабылдау → бақылау → тәжірибе → когнитивтік өңдеу → қорыту сатылары қазақ тіліндегі перцептивтік, танымдық-аналитикалық және нәтижелік етістіктер арқылы тілдік тұрғыдан репрезентацияланады. Бұл менталды етістіктердің тіл арқылы адам санасындағы танымдық модельдерді қалыптастырудағы орнын көрсетеді.

Менталды етістіктердің мағыналық құрылымына компоненттік талдау жасау арқылы олардың архисемасы, дифференциалды, коннотативті семалары айқындалады. Жүргізілген талдаудың нәтижесінде менталды етістіктердің семантикалық құрылымы біркелкі емес екені анықталды: «*білу*» етістігі статикалық менталды күйді білдірсе, «*түсіну*» етістігі нәтижелі когнитивтік әрекетті білдіреді; «*ойлау*» етістігі процессуалды ойлау әрекетін білдірсе,

«*елестету*» етістігі қиялдың репрезентациясын білдіреді; ал «ұмыту» етістігі когнитивтік үдерістің жоғалуын білдіреді.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі иерархиялық ұйымдасқан жүйе болып табылады. Өрістің құрылымы орталық, жақын аймақ пен шеткі аймақтан тұрады. Орталық аймақта менталды сема айқын, когнитивтік әрекеттің негізгі түрлерін білдіретін *білу, түсіну, ойлау* етістіктері орналасады. Жақын аймақта осы семаның нақтыланған, күрделенген түрін білдіретін *аңғару, пайымдау, болжау* етістіктері орналасады. Ал шеткі аймақта менталды мән перцепция, эмоция, бейнелік т.б. семалармен тоғысады. Бұл аймаққа *елестету, ұмыту, сезіну* етістіктері тән. Бұл құрылым менталды семантиканың динамикалық, көпқабатты табиғатын, тілдік жүйедегі өрістік ұйымдасуын, көпқабатты семантикалық жүйе құрайтын менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрістегі орнын көрсетеді. Зерттеуде менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі позитивті когнитивтік әрекеттермен ғана шектелмей, олардың антонимдік қатарларын да қамтитын симметриялы жүйе ретінде де қарастырылды. Менталды етістіктердің когнитивтік антонимдерін ескеру олардың функционалды-семантикалық өрісін толық әрі жүйелі сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл менталды семантиканың таным нәтижесін ғана емес, таным үдерісіндегі қателік, бұрмалану, ұмытылу сияқты құбылыстарды да қамтитын күрделі когнитивтік құрылым екенін көрсетеді.

Менталды етістіктердің семантикалық доминанттары интеллектуалдық әрекет, перцептивтік негіз, эмоционалды-менталды *күй, жад, ерік пен шешім* сияқты когнитивтік өрістермен байланысты. Бұл доминанттар менталды етістіктердің логикалық ойлауды ғана емес, адамның бүкіл психикалық және рухани тәжірибесін қамтитынын көрсетеді. Сонымен, менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісі *динамикалық, иерархиялық, когнитивтік жүйе* болып табылады.

Функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан алғанда, когнитивтік тұрғыдан адамның танымдық әрекетінің жаңа деңгейін көрсететін, ақпаратты өңдеудің заманауи тәсілдерін білдіретін «модельдеу», «кодтау», «сканерлеу», «визуалдау», «интерпретациялау», «фильтрлеу» т.б. етістіктер функционалды-семантикалық өрістің шеткі не жақын аймақтарына жатады. Себебі олардың құрамында негізгі менталды семамен қатар қосымша семалар (технологиялық, әрекеттік, инструменталдық) да көрінеді. Бұл олардың семантикалық құрылымының күрделілігін, полисемантикалық сипатын көрсетеді.

2 МЕНТАЛДЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ КОГНИТИВТІК МЕХАНИЗМДЕРІ

2.1 Перцептивтік негіз: менталды өрістің бастапқы когнитивтік платформасы

Когнитивтік лингвистикада тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, адамның әлем туралы білімін ұйымдастырып, репрезентациялайтын, таным әрекетін бейнелейтін күрделі когнитивтік жүйе ретінде сипатталады. Бұл орайда менталды етістіктер адамның ойлау, тану, түсіну, қабылдау, бағалау, есте сақтау, эмоция сияқты ішкі психикалық әрекетін білдіретін тілдік бірліктер болып табылады. Сондықтан олар адамның когнитивтік жүйесінің тілдегі көрінісі ретінде сипатталады. Яғни менталды етістіктер – адамның ішкі психикалық, интеллектуалдық әрекетін білдіретін тілдік бірліктер. Менталды етістіктер адамның ойлау, қабылдау, түсіну, есте сақтау, бағалау, сену сияқты когнитивтік үдерістерін репрезентациялайды. Сондықтан олар – тілдік жүйеде адамның танымдық тәжірибесін көрсететін негізгі лексика-семантикалық құралдардың бірі. Менталды әрекеттер адамның сыртқы әлемді қабылдауы, санасында өңдеумен байланысты. Менталды үдеріс тілде көбіне етістік формалары арқылы көрініс табады. Осыған байланысты менталды етістіктер адамның таным әрекетін білдіретін ерекше семантикалық топты құрайды.Менталды етістіктер – адамның қабылдау, ойлау, түсіну, есте сақтау, эмоциялану, шешім қабылдау сияқты күрделі когнитивтік үдерістерін білдіретін тілдік бірліктер. Бұл үдерістердің табиғаты психологиялық, нейрокогнитивтік және лингвистикалық факторлардың тоғысында қалыптасады. Сондықтан менталды етістіктердің тілдік семантикасы олардың когнитивтік деңгейдегі қалыптасу механизмдерімен тығыз байланысты.

Сондай–ақ менталды етістіктердің семантикалық құрылымын зерттеу адамның таным әрекетінің тілдегі көрінісін түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық құрылымы адамның когнитивтік әрекетінің кезеңдеріне сәйкес ұйымдасады. Сондықтан менталды етістіктердің когнитивтік табиғатын түсіндіру үшін олардың семантикалық құрылымын таным үдерісінің кезеңдерімен байланыстыра қарастыру қажет.

Менталды етістіктердің семантикалық құрылымы адамның когнитивтік әрекетінің кезеңдеріне сәйкес ұйымдасады. Таным үдерісі қабылдау әрекетінен басталып, кейін түсіну, ойлау, бағалау, эмоциялық реакция арқылы жүзеге асады. Осыған байланысты менталды етістіктер адамның когнитивтік әрекетінің түрлі кезеңдерін білдіреді. Перцептивтік, когнитивтік, интеллектуалдық, бағалау, эмоциялық әрекеттерді білдіретін етістіктер біртұтас семантикалық жүйе құрып, тілдегі менталдылық категориясының қалыптасуына негіз болады. Сол себепті адамның когнитивтік тәжірибесін бейнелейтін негізгі құралдардың бірі ретінде менталды етістіктер қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесінен ерекше орын алады. Бұл тұрғыдан алғанда, менталды етістіктер адамның әлем туралы білімінің қалыптасуын көрсететін тілдік құралдар болып табылады. Олар адамның ішкі психикалық әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар оның танымдық тәжірибесін, бағалауын, эмоциясын да білдіреді. Сондықтан менталды етістіктер

тілдегі когнитивтік құрылымдардың маңызды көрсеткіштерінің бірі саналады. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің когнитивтік-семантикалық типологиясы адамның таным үдерісінің негізгі кезеңдерін бейнелейді. Соған сәйкес менталды әрекеттердің когнитивтік картасын бес деңгей арқылы көрсетуге болады. Таным әрекеті *қабылдау, тану, ойлау, бағалау, эмоциялық реакция* сияқты кезеңдерден тұрады.

Кесте 11 – Менталды әрекеттердің когнитивтік картасы

Деңгейлер	Сипаты
1-деңгей. Перцепция (қабылдау) (*көр, байқа, аңғар, аңда, тыңда, есті, сез, түйсін*)	Адам сезім мүшелері сыртқы әлем туралы ақпаратты арқылы қабылдайды. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, перцептивтік етістіктер адамның когнитивтік жүйесіне ақпараттың ену кезеңін білдіреді.
2-деңгей. Тану (түсіну) *(біл, түсін, ұғын, ұқ, таны, аңғар, мойында, қабылда, түсініс, ұғындыр, түсіндір)*	Аадам қабылданған ақпаратты мағыналық тұрғыдан өңдеп, мәнін түсінеді. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, бұл кезеңде ақпараттың семантикалық құрылымы қалыптасады.
3-деңгей. Ойлау (*ойла, ойлан, толған, толғандыр, пайымда, жорамалда, шамала, болжа, топшыла, талда, салыстыр, қорыт, қорытындыла, зерделе, зер сал, зертте)*	Адам қабылданған ақпаратты талдап, салыстырады, тұжырымдайды. Адам ақпаратты жүйелеп, белгілі бір когнитивтік құрылымға айналдырады.
4-деңгей. Бағалау *(есепте, сана, санал, тұжырымда, тұжырымдау, бағалау, саралау, жоспарла, жоспарлан, жоспарлас, бекіну, мақсат ету, шешу, айқындау)*	Адам белгілі бір ақпаратқа қатысты қорытынды жасап, бағалайды.
5-деңгей. Сену, эмоция *(сен, нан, күмәндан, шүбәлан, күдіктен, мойында, теріске шығар, мақұлда, дәлелде, негізде, бекіт, уайымда, алаңда, алаңдат, қапалан, ренжі, таңдан, таңырқа, қуан, қобалжы, қорық)*	Адам ақпаратқа қатысты психологиялық немесе эмоциялық реакциясын білдіреді.

Кестеден байқап отырғанымыздай, қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық құрылымы адамның когнитивтік әрекетінің кезеңдеріне сәйкес ұйымдасады. Осы кезеңдер негізінде менталды етістіктер семантикалық тұрғыдан жіктеледі. Менталды етістіктер адамның ғалам туралы білімінің қалыптасуын білдіретін негізгі құралдардың бірі болғандықтан, тілдегі когнитивтік құрылымдардың маңызды көрсеткіштерінің бірі саналады.

Менталды етістіктер – адамның қабылдау, ойлау, түсіну, есте сақтау, эмоциялану, шешім қабылдау сияқты күрделі когнитивтік үдерістерін білдіретін тілдік бірліктер. Бұл үдерістердің табиғаты психологиялық, нейрокогнитивтік және лингвистикалық факторлардың тоғысында қалыптасады. Сондықтан менталды етістіктердің тілдік семантикасы олардың когнитивтік деңгейдегі қалыптасу механизмдерімен тығыз байланысты.

Менталды етістіктердің когнитивтік механизмдері үш негізгі бағытта көрінеді:

1. перцептивтік негіз және сезімдік тәжірибенің рөлі;
2. метафоралық ауысу;
3. фреймдік және сценарийлік құрылымдар.

Бұл механизмдер адамның әлемді тану тәсілдерін тіл арқылы концептуализациялау принциптерін көрсетеді.

Когнитивтік психологияда танымның бірінші деңгейі – сезімдік қабылдау (перцепция) болып табылады. Адам қоршаған әлем туралы ақпаратты алдымен көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу арқылы қабылдайды. Осы деректер негізінде алғашқы менталды модельдер қалыптасады.

Сондықтан көптеген менталды етістіктерде бастапқыда перцептивтік мағына болады:

- *көру → түсіну*
- *есту → білу*
- *сезу → түйсіну → аңғару*
- *ұстау → мәнін түсіну (метафоралық)*

Бұл ментализация үдерісінің ең табиғи когнитивтік механизмі.

Қазақ тілінде менталды етістіктердің семантикасы перцептивтік жүйеден бастау алады. Яғни *көру, есту, ұстау, аңғару* сияқты етістіктер біртіндеп дерексіз мәнге ауысады.

Көру перцепциясы адамның қоршаған әлемді танитын ең негізгі арнасы болғандықтан, «көру» семасы ерте кезеңнен бастап метафоралық ауысуға бейім. «Қазақ сөздігінде» *көр* етістігінің мағынасы: «1. Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау. 2. Карау, көзбен шолу. 3. ауыс. Байқау, тырысу. 4. ауыс. Бастан кешу, өткеру. 5. ауыс. Айыптау, жазғыру, кінәлау. 6. Ауыс. Есептеу, санау, білу, тану» түрінде берілген [104, б.683].

Сөздіктегі дефиницияда «*көз*» сөзінің тура және ауыспалы мәндері ауысып кеткенін, «байқау» мәні 1, 3-мәндерінде қайталанып тұрғанын байқаймыз. Дұрысында, «көр» етістігінің негізгі мағынасы – «қарау, көзбен шолу» болуы керек. Мысалы: *Қайта сөз тасып, сыпсыңдаған сумақай қатындардың алдынан өтерде, кім білсін, әйел нәсіліне тән сайқалдық па, әлде ауылдас әйелдер айтса айтқандай менмен тәкаппарлық па, әйтеуір миығына мысқыл шаптырар еді де, сосын Құдай берген ажар-көрікті, қасақана әлгілерге «Ал,* ***көр! Көріп ал!»*** *дегендей, тәкаппар басын шалқақтата тік ұстап, аяғындағы қылмиған қазық өкше етікті аналар іші күйсін дегендей сықыр-сықыр басып алдарынан өтер еді* [129, б. 6]. *Қимылын* ***көрдіңдер*** *ғой. Оңды-солды сермегенде, тал тұрмақ талша мойынды қылдай қияр еді!* [128, б. 32].

Сығырайған көздер кірпік астынан ***көре*** *ме, жалдас құла атырыла жөнелд*і [128, б. 32].

Е, қызықпай... Бұндай арғымақты күнде ***көріп*** *жүр ме едік* [128, б. 32].

Қазақ тілінде *көр, қара* етістіктері өзара мәндес болғанмен, өзіндік ерекшеліктері бар. *Қара* етістігі «көз тастау, көзбен шолу» мәнінде қолданылып, аз уақыт аралығындағы әрекетке қатысты болса, *көр* етістігі ұзақ уақытқа

созылған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Қазыбек кеудесін көтеріп, Түйтеге* ***ажырая қарады****. Інінің шын тілектес пейілмен албыраған жүзін* **көргенде** *қайтадан сұрғылт түске ауысты* [128, б. 17].

Анау башқұрт, анау қалмақ, сонау татарларды тұқыртып отырса да, панасына алған... ығын берген түрін ***көргенде****... соларға... орыстарға қарай ойыссақ қайтер еді дегенге құрық созам...* [128, б. 18].

Ернін-ай! Саптыаяқтай салбыраған астыңғы ернін **көремісің**, *Жарылғапжан-ау! Көзінің үлкенін шіркіннің! Адамға тура қасқырша қарайды екен! Ғаламатын-ай дүниенің!* **Көптен көрмеп едім** *дәл осындай арғымақты! Көздің жауын алады-ау қайран жануар!* **Көріп қана** *сүйсініп көңілің өспей ме!* [128, б. 26].

Келтірілген мысалдардан *қара, көр* етістіктерінің айырмашылығын байқауға болады. *Қазыбек Түйтеге ажырая қарайды* деген сөйлемдегі *қара* етістігінің орнына *көр* етістігі қолданылмайды. Себебі *қара* етістігі мезеттік әрекетті білдіріп тұр. Әрі қарай қарау әрекеті *көр* етістігіне ұласып, «аңғару, байқау» мәніне ие болады. Екінші, үшінші сөйлемдерде *көр* етістігі ұзаққа созылған, бірнеше рет қайталанған әрекетке қатысты. Екінші сөйлемде көру әрекеті түсіну, түйсіну, пайымдау әрекетімен сабақтасса, үшінші сөйлемде сүйсіну, таңырқау мәнімен байланысқан. Яғни көру әрекетінің ұзақтығын білдіреді. Метафоралық қолданыстардың *көр* етістігі арқылы жасалуы да бұл етістіктің осындай мағыналық ерекшелігіне байланысты туындайды.

Көр етістігі ауыспалы мәнде «кез болу, тап болу» мәнінде де жұмсалады. Мысалы: *Жиын* ***көргенде*** *арқасы қозып кететін, дау-дамайды шешерде қаз дауысы қаңқылдап, көк жүзіне қалықтап шығатын, аузын ашса, көмейінен кеңесі төгілетін, айналасына аталы сөзі себілетін Қазекеңе исі қазақта бас шұлғымайтын жан сирек кездеседі* [128, б. 6].

Қаз дауысты Қазыбекке жапырыла құлайтын халық ықыласын ***көргенде*** *өзегін өрт жайлап тыжырына қалатындардың ішінде бұрынғы айтулы батыр, бүгінгі үй күшік пақыр да бар. Найзалыға табынатын қазақ хас батырының пәс пақырға айналғанын қайбір жақтыра қоюшы еді* [128, б. 6].

Сонымен қатар «басынан кешірген, басынан өткерген» мәнін де білдіреді: Әй, бірақ соқталы басқа ноқта түскенді кім жақтырушы еді. Асау тайға жүген салғанда қайтіп мөңкитінін ***талай көрдің*** [128, б. 22].

Стансада кездескен соң мен бір-екі күн қасында ***болып көрдім*** *ғой* [130, б. 67].

Бәрін де ***көре-көре*** *еті үйреніп кеткен* [126, б. 299]. *Көр* етістігі «оқиғаның басы-қасында болу, куә болу» мәнінде де жұмсалады. Мысалы: *Мынау екі ожар болса, кешегі мешіттегі жанжалды өздері* ***көрмесе*** *де көп* ***естіп****, қанып алған,* [131, б. 30]. *Осындай істі қолға алмай,* ***көрмеген*** *кісі болып, сахараға қайтарып жіберу үлкен қателік болар еді* [131, б. 103].

Тіл қатысар, жан тартар адамын ***көрмеген күйде*** *бүгін, енді өз ісінің байлауына жеткен тәрізді* [131, б. 120].

Бұл мәнді білдіргенде *көр* етістігі *есті* етістігімен қатар қолданылады:

Осының бәрін күнде-күнде **көріп, есітіп** *жүргесін әбден еті өліп кеткен* [129, б.3].

Көр етістігі **-ін** жұрнағы жалғанып, «ұқсау, сияқтану» мәнінде қолданылады. Мысалы: *Жарылғапқа бірақ Барақ онша қауіпті* ***көрінбеді*** [128, б. 27].

Өзіне түксие қадалған Барақтың да жүзіне әлдебір үрей нышаны ұялағандай боп көрінді [128, б. 13].

Қазыбектің дәл қазіргі тіке қадалған сұсты жанары ішіндегісін оқып отырған адалдық бейнесіндей ***көрінді*** *ме, сұлтан бұлталақтай алмады* [128, б. 20].

«*Ұқсау, сияқтану*» мәні «субъектінің солай қабылдау» мәніне негіз болады. Мысалы: *Өзгенікі оған түгел зорлық* ***көрінсе****, өз зорлығы өзгеге зорлық боп тиерін ұғынар пенде бар ма?* [131, б. 13].

Абайдың алдында немесе Мағауия, Кәкітай сияқты оған жақын жандарының алдында өртке де түсетін ***кісі боп көрінген*** *Ырғызбайлар Абай аулынан адым жерге шықпай-ақ басылысқан-ды* [131, б. 240].

Қолымнан келсе, ақыл-парасатым жетсе, өз кеудеме ақ ***көрінген*** *әділетті айтқым келеді* [131, б. 225].

Көр етістігі сияқты *көрін* тұлғасы да «байқалу, аңғарылу» мәнінде қолданылады: *Ағайынның арындаған ашуын емес ашынтқан арызын айтқалы кеп ем, ар жағыңыз түгіл, бер жағыңыз да* ***көрінбей*** *барады-ау* [128, б. 10].

Сондай-ақ бұл етістік «ұқсау, сияқтану» мәнінде де қолданылады: *Одан бұрын өзің әрекеттенгенің қолайлы* ***көрінеді*** *де тұрады* [128, б. 18].

Бұл мән *көрін* етістігі *болып* етістігімен тіркескенде күшейе түседі. Мысалы: *Ендеше, мындағыларына бір дүрбелең шығартқызып, оған өзінің ешқандай қатысы жоқ* ***болып көріну*** *үшін жер түбіне әдейі кетіп бара жатқан шығар, – деді Бөкенбай* [127, б. 380].

Егер ол бұлай тызалақтамай, сабыр сақтап сөйлегенде, әлгі сөздерінің бәрі әншейін көз арбау, көңіл алдарқату ***болып көрінер*** *еді* [127, б. 432].

Сондықтан да мынау кілең қорқаудың ортасындағы жаңғыз қорғаушы өзі ***болып көрінуге*** *тырысты* [127, б. 337].

Осы сапарға шығарда, жас қызға қияқ мұртты, шоқша сақалды ***болып көрінгісі*** *келді де, бурылданған бет түгін тонап әкеп, иегінің ұшына бір тұтамдай тұлдырын ғана тастады* [126, б. 38].

Көрін есімше тұлғалы негізгі етістікпен тіркескенде көмекші етістіктің қызметін атқарып, «сияқты, тәрізді» септеуліктерімен мәндес болады. Мысалы: *Ноғай бөрік киіскен осы қауым да бүгін масленкенің думанына, іңір қараңғысын жамыла көп топ болып* ***келіскен көрінеді*** [131, б. 162].

«*Бата оқи келген әралуан алыс-жақын, дос-дұшпан да ауылдың басты еркектері болмаған соң, әртүрлі жаңағыдай ірік-шірік сөздер тастап* ***кететін көрінеді****» деп отырып, Ақылбай Абайға және бір удай ауыр сөзді айтты* [131, б. 171].

Көрін етістігі *көрініс беру* тіркесімен жарыса қолданылады. Мысалы: *Жүр, бүйірінен* ***көрінеміз*** *де, әдейі* ***көрініс беріп****, құғынды артымызға саламыз! Менің*

атым шабдар, сенің атың құла, екеуі де жер қылаң. Көрінбейсіз, тарт! [131, б. 198].

*Жаңағы өздері үн салып, **көрініс беріп**, қаша жөнелген екі атты бұлардың көз алдында сағымдай құбылып, бозғыл көденің ішінде жоқ болды да кетті* [131, б.198].

Көр етістігі -**ып/-іп** көсемше тұлғалы етістікпен тіркесіп, «байқау, тексеру, абайлау» мәнінде жұмсалады. Мысалы: *Қақпаның ар жағынан келіп дауыс берген ашық үнді әйел, әуелі тесіктен сығалап, келгендерді **болжап көрмек** еді* [128, б. 3]. ***Қия басып көрші**, тірсегіңді қисын. Бұғалық түспегені осы ма, Барақ?* [128, б. 17].

*Жаңа ұстасқан жағалаудың мұзын теуіп, ертең өздері көп кісі боп шыққанда көтере ме, жоқ па, **байқап көреді*** [129, б. 5].

*Стансада кездескен соң мен бір-екі күн қасында **болып көрдім** ғой* [130, б. 67].

- **ып көр** форманты «*тырысу*» мәнінде де қолданылады: *Қораның арт жағынан сипалап жүріп, бір ағаш таяқ тауып алып, сонымен жасқамақ **болып көргенбіз**, енді Шағыркөз жирен тістегенді қойып, қос аяқтап тебіне бастады* [130, б. 319].

Бұл тұлға - **ған/-ген** есімшесімен болымсыз мәнде жұмсалғанда ешқашан іске аспаған, орындалмаған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Дін ұстазы деп аталатындар өздерінің махалла халқымен мүлде ұғымсыз тілде қатынас жасайтынын ескеріп, **ойлап көрмеген*** [128, б. 23].

*Слободканы жеті жыл бойы өзі билеп келе жатқан осы шаққа дейін, «попты бауыздады», «магометандардың попын бауыздады» деген хабарды ол **естіп көрмеген*** [131, б. 63].

*Тек мына жарапазанның бұрын осы қалада **айтылып көрмеген** алғашқы жолдары Абайды қатты елең еткізді* [131, б. 67].

Бұл мән сөйлемде *өмірі, о заман да, бұ заман, ешқашан* сияқты бірліктердің қолданылуы арқылы күшейе түседі. Мысалы: *Бұхар мақамына салып, ұзын сүрені жатқа созып отырды. Бірақ бұрын **өмірі жаңылып көрмеген** соқыр қари сүренің бас жағын оқи отырып, Сармолланың жаңағы сөздерін ызалана еске алған еді* [128, б. 19].

О заман да бұ заман**, жаман қатынды сабап жақсы еткен жігітті **көргем жоқ [129, б. 3].

*Басқаларды шуылдатып жататын барымташы-сырымташы да, ұры-қары да бұл ауылға, би маңына **өмірі жолап көрген емес*** [128, б.28.].

Ал -**атын/-етін** тұлғалы етістік түрінде келгенде қайталанатын, дағдылы іс-әрекетті білдіреді: *Себебі Дәрменнің ісі әлдекім емес, даланың ең бір азулы жауы, кесір мен кеселдің қандайынан болсын **қажып көрмейтін** Оразбайды тауып отыр* [131, б. 80].

Көр етістігі **-а/-е/-й** тұлғалы көсемшелі етістікпен тіркесіп, «ерекше тілеу, өтіну, жалыну» мәнін білдіреді. Мысалы: *Соңғы сөзіңді **айта көрме**, Қанашжан! [126, б. 121].*

*Жау да жаман, бірақ жағаласып та қалар заман. Істер істі істеңдер, енді тек **өкіне көрмеңдер!*** [131, б. 81].

Үсіп қала көрме. *Беті-қолыңды аяздан қатты сақтай жүр! – деп қабақ шытты* [131, б. 304].

Сонымен қатар «негізгі етістіктегі іс-әрекет жүзеге асқан соң» деген мәнге ие болады. Мысалы: *Айжанды зорлық құрсауынан қалай құтқарудың айласын таба алмаған Шоқан «не де болса **бара көрейін**» деген тиянаққа келді; оның Сырымбетке соғудағы екінші мақсаты осы еді* [126, б. 46].

*«Несі болса да **бара көрейін**» деп, түлкі қуған тазыдай, қыздың соңына түскісі келді* [126, б. 70].

*Дайрабай несі болса да Шоқан **келе көретін** болды* [126, б. 368].

Көр етістігі болымсыз мәнде жұмсалып, «қол үзген, хабарсыз қалған» деген мәнде қолданылады. Мысалы: *Көптен **көрмеген** қызығын тірілткен бауырындағы еліне емірене ме, әдеттегі бұлт сәлдесін сыпырып жіберіп, ақшулан тартқан төбесін бозғылдата жалаңаштап тастапты* [128, б. 7].

*Ол осы күздегідей қоныс шалғайлығынан Мәкенді бір ай, екі ай **көрмей жүрсе**, тіпті қайнысы Дәрменнен бұрын, соны сағынатын* [131, б. 131].

Сонымен қатар «бұрын-соңды білмеген, тәжірибесіз» деген мәнде қолданылады. Мысалы: *Пана сұрап келген, жол **көрмеген** даланың жас қызы осы тергеуші ұлықтардан рахым сұрайды*! [131, б. 121].

*Дәрмен сияқты жас әуелі өлім **көрмеген** тәжірибесіздігін танытады* [131, б. 129].

*Байдың қызы болмаса да, Ақбала бұрын дәл бұндай **өмірді көрген емес*** [128, б. 6].

*Жабыны **көрмей жүр екенсің*** [128, б. 25].

Көр етістігі **-ып/-іп** көсемшесімен келген *бол* етістігімен тіркескенде ешқашан болмаған, орын алмаған жай-күйді білдіреді. Мысалы: *Бұл кеңселердің тегінде осындай іске араласуы Семей облысы мен қаласының тәжірибесінде **болып көрмеген*** [131, б.102].

*Үйінде бұндай өрескелдік **болып көрмеген** Бүбі шошып кетпеу үшін, Зейнеп күн бұрын ұғындырып қояды* [1265, б. 36].

*Бұрын-соңды мұндай тыныштық **болып көрмеген-ді*** [127, б. 39].

*Бозбала **болып көрмедің** бе өзің?* [126, б. 105].

-а/-е/-й тұлғалы *көр* етістігі болымсыз тұлғалы *ал* етістігімен тіркесу арқылы мүмкіндік модальділігін білдіреді: *Сонымен, Тобықтының жүз сәйгүлік мінген, жүз жауынгер мықты жігіттері «алмай қоймаймыз» деген жылқының қарасын да **көре алмады*** [131, б. 201].

Сонымен қатар «қызғану, іштарлық ету» мәнін де білдіреді. Мысалы: *Қарақатын осы ауылда Ақбаламен өш. Ақбаланың жастығын, сұлулығын **көре алмайды*** [129, б. 4].

*Насыбайды қалай атқаныңды да, үй көлеңкесінде тыр-тыр қасынып, арқа-басың құрысып, тырсиып жатқаныңды да **көре алмайтын** көршің де, ең болмағанда күлін сен жаққа қарай бұрқыратып, көкала түтінін де сен жақтан салады-ау* [128, б. 76].

Көрсет етістігі де метафора ретінде жұмсала алады. «Қазақ сөздігінде» көрсет етістігінің дефинициясы «1. Көз салдыру, көргізу, қарату. 2. Білдіру, байқату, аңғарту. 3. ауыс. Жасау, істеу. 4. ауыс. Жала жабу, үстінен арыз түсіру. 5. Кіжіну, айбат шегу, қорқыту, қоқан-лоққы жасау» түрінде берілген [104, б. 684].

Сөздікте көрсетілгендей, *көрсет* етістігінің негізгі мағынасы – *көз салдыру, көргізу, қарату, көзге түсу*. Мысалы: *Өзіне білте-білте шашы көзін жапқан, алкоголь мен наркотиктен бет-аузы күп болып іскен атан өгіздей Преслиді* ***көрсетсе*** *ғой* [105, б. 14].

Қара жүзімді бүгін жан адамға ***көрсетпейін****!* [105, б. 251]. *Оны қойшы, ең тамашасы, осы тұрыста сатушы қыздар өздерін сан мың жұртқа* ***көрсете алады*** [105, б. 123].

Көрсету етістігі «*оқыту, көзін жеткізу*» мәнін де білдіре алады: *Ондағы ойым – асылып қалмай, службасын дұрыстап атқарсын, келгесін басқаға күшті, маған әлсіз баяғы Алшағыр, бажайлап түсіндіремін, Могиланың да хатын* ***көрсетермін****, көнер де біртін-біртін көндігер деген шолақ есеп* [105, б. 205].

Көрсет етістігі «*жала жабу, үстінен арыз түсіру*» мәнін де білдіреді: *Ертең, арыз жазып, жейді, ішеді деп* ***көрсетіп*** *жіберсе қайтеді?* [105, б. 245].

Бұл модельдерде *көру* концептісі *түсіну*, *тану*, *ойлану* концептілерінің прототиптік негізіне айналады. Мұндай метафоралық ауысу кеңейтілген менталды семантикалық өрістің қалыптасуына әсер етеді. Тіл менталды актіні сенсорлық тәжірибеге негіздеп, санада жаңа ассоциациялар тудырған. Метафоралық ауысу менталды семантиканы кеңейтіп, көпқырлы когнитивтік бейнелер тудырады.

Қазақ тіліндегі перцептивтік → менталды ауысу үлгілері:

көру → түсіну: *Басқа ыңғайымыз жоқтығына* ***көзі жетсін*** *деп өздеріңді алғызып отырмын* [128, б. 95].

Опасыздыққа қарсы қолынан келер дәрмені болмай селдіреп қалған шебінің енді жеңіс емес жеңіліс табуы мүмкін екеніне ***көзі жеткен*** *сарбаздың ышқынған, өкінген, өксіген жанының ашынған күйігінің сұлтандар мен төрелерге лағнат айтқан қарғысы боп жүйткіді домбыра сарыны* [128, б. 132].

Өзінің неге бүгежіктегенін, неге ылдилағанын түсінбеген Тайкелтір шешен мәселенің мүлде қазақтар үшін шиеленіске түскенін енді ғана ***аңғарып****, құқыл боп қаны қашып, құғыннан айырылып қалыпты* [128, б. 103].

2) есту → білу: *Қыздай алдым, қимадым, іздедім дедің. Сенің қимас көңіліңді қолжаулық еткенін* ***естігенде*** *жүрегім тіксінгенін қалай жасырармын* [128, б. 148].

Есіткен-білгенді айтпаймын. ***Естігеннің*** *қалпы көп, білгеннің ұсақтығы мен күйкілігі мол* [128, б. 171].

сезу → түйсіну: *Сенің дәл осылай сілтеріңді* ***сезіп ем*** [128, б. 174].

Көненің көргендігінен жастың түйген білгендігі озарын сездірдің [128, б. 174].

Жарылғапжан, соңына қарап. мына көкеңнің ұстанған жолына қарап, әлі–

ақ сен екеуміздің сүрлеу-соқпағымыздың қанды жорықтың шаңдағында түйісерін сезіп отырмын [128, б. 1749].

байқау → түсіну: *Әбілқайырдың өзгелерден гөрі осы Абылай сұлтаннан қатты сескенетінін де, Абылайдан түбінде хан тағына таласар үлкен тақталас шығатынын сезетінін де бидің **байқап үлгергені** рас* [128, б. 179].

*Ендігілеріңнен ештеңе өнбесін **байқадым-ау*** [128, б.185].

Бұл деректер менталды етістіктердің үлкен бөлігі күнделікті сенсорлық тәжірибеден таралатынын дәлелдейді.

Түсіну етістіктері лексика-семантикалық тобына енетін менталды етістіктердегі дифференциалды семантиканың өзектенуі ұғынумен байланысты денотативті жағдайдың әртүрлі көріністерін бейнелейтін сөйлемдердің «субъект – түсіну предикаты – нысан» түріндегі базалық семантикалық моделінің бірнеше негізгі вариантарын айқындауға мүмкіндік береді.

«Адам интеллектуалдық жүйелерді – рационалды және бейнелі ойлауды, жадты, қиялды белсенді ету арқылы түсінеді») нұсқасы *түсіну, ұғу, ұғыну, түсіндіру, түсіністік таныту* және т.б. предикат етістіктері қолданылатын сөйлемдерге тән. **Түсіну етістіктері** адамның интеллектуалдық әрекетін (*ұғыну, байыбына бару*); перцептивтік қабылдауын (*аңғару, байқау*); когнитивтік интерпретациясын (*түйсіну, жорамалдау*); рационалды түсіндіруін (*түсіндіру, ұқтыру*); психологиялық бағалауын (*түсіну, түсіністік таныту)* білдіреді. Бұл топтағы етістіктердің семантикалық құрылымында **«субъектінің белгілі бір ақпаратты /ойды/ жағдайды ұғынуы» деген категориялық сема және бірнеше дифференциалды сема бар.**

Мәтіндерде «*түсіну*» мағынасындағы етістіктер көбіне **«субъект – түсіну предикаты – нысан»** базалық когнитивтік модельдің контекстуалдық вариантарын береді. Нысан көбіне әлеуметтік жағдай, психологиялық күй, жасырын мағына, басқа адамның эмоциясы, имплицитті ой түрінде келеді. Мысалы: *Жүріңіз, – деп ілгері бастай жөнелген Жырғал шеріктердің неге болмайдысын **түсіндірген** еді* [128, б. 73].

*Онысы: «Идіңдер! Бүктіңдер! Бірақ сындырмаңдар» дегені сияқтанып еді, қабақ баққыш үлкендер шақшаға жағалай қол созып, **түсіністік таныттыы*** [128, б. 81].

*Түңлігіміз желпілдесе, уығымыз сықырласа, үйқымыз шырайлана түсетінін өзгеге **қайтіп түсіндіресің*** [128, б. 115].

Түсіну етістіктері «*сыртқы белгілерді көру арқылы аңғару, байқау» мәнінде қолданылып,* «субъект – перцептивті түйсіну – әлеуметтік жағдай» моделінде жұмсалады. Мысалы: *Бұрын тайталас түсіп, бірде жығып, бірде жығылып жүретін жоңғарыңның жолына кесе көлденең келе алмайтын дәл қазіргі пұшайман халге душар болғанымызды **түсінбеймісің**, сұлтан? Қаратаудың теріскейі мен Ұлытаудың арасына сынадай сығылысып әзер күн көріп отырған алашыңның жағдайын **байқадың** ба, сұлтан?* [128, б. 12].

*Өзінің неге бүгежіктегенін, неге ылдилағанын **түсінбеген** Тайкелтір шешен мәселенің мүлде қазақтар үшін шиеленіске түскенін енді ғана **аңғарып**, құқыл боп қаны қашып, құғыннан айырылып қалыпты. Әсіресе оң жағындағы*

Бабаназардың тізесінен тас қып ұстап алған Даудың сан құбылған жүзінен Қазыбек оның аса қатты күйзелгенін ***ұқты*** [128, б. 103].

Үй ішінен үй тіккендей бөлектенуіңізді ***не деп ұғамыз****? Біріміздің соң бірімізді сырғытып жіберіп, ойраттың ханзадасымен оңаша кеңесуіңізді* ***не деп түсінеміз****? Анау шабылған елден Тәуке ханның жарлығымен ел сөзін айтамыз, ұлт тілегін жеткіземіз, ұлыс талабын хонтайшының алдына қоямыз деп сабылып келген мынау отырған бәрімізді бөлектеп ысырып тастағаныңызды* ***не деп білеміз****? – деп екпіндей ағындап барып кінә-жаласын кесек-кесек тастай лық-лық тастай сап, тоқтады да, терлеген маңдайды алақанының сыртымен жайқап өтті* [128, б. 80].

Келтірілген 1-сөйлемде сұлтанның ойланбай отырғаны, жағдайды көре тұра түсінбеуі имплицитті түрде көрсетілген. Байқау, аңдау мәні сұраулы сөйлемдер, болымсыз тұлғалы етістіктер арқылы берілген. Бұл мән түсіну етістігінің үстіне *байқау, аңғару, ұғу, білу* етістіктерінің қолданылуы арқылы күшейе түскен.

Түсіну үдерісі бірден жүзеге аса қоймайтыны, субъект көп нәрсені бірден аңғарып, бірден ұға қоймайтыны сөйлемдерде енді сөзінің қолданылуы арқылы нақтылана түседі. Мысалы: *Өткен күннің қапысын енді аңғарған, қателігін* ***енді түсінген*** *кемеңгер көңілдің өзін-өзі қамшылауы бар ма, домбыра безектеуі үдеп барады* [128, б. 119].

Итжемес манадан бері оған: «Кетпе! Кетпе!» – деп қақылдап баққан әзәзілдің қайда бұғып отырғанына ***енді барып түсінді*** [127, б. 13].

Шараһайдың неге қазақша ән салатынын ***енді түсінген шығарсың*** [128, б. 111].

Ситуацияның күрделенуі *енді түсіну, енді барып түсіну* сияқты метакогнитивтік деңгейдегі **ұғымдық механизм арқылы берілген.** Түсіну, ұғу әрекетінің көп уақытты керек ететін, сезімдік таным үдерісін, көп әрекетті керек ететін үдеріс екені де көркем мәтіндерде анық көрінеді. Мысалы: *Осы тұрпат-сиықтарын көріп аңдаған соң Абай, магазин аралаған қазақтан бөгде* ***сөзді ұғатын, ұқпақ түгіл, құлақ асатын*** *кісі бар деп білмед*і [131, б. 52].

Мағыш тәрізді Мәкен де ***көп тыңдаған, көп ұққан****, жаттаған өлеңдер бар* [131, б. 83].

Ау, хонтайшының алдында жеріне жеткізе айтып, желкелеп ***түсіндіре*** *алса, құба-құп* [128, б. 55].

Келтірілген сөйлемдерде ұғу, түсіну әрекеті жүзеге асуы үшін тыңдау, құлақ асу, көз жеткізу қажет екені көрінеді. Мұнда ұғу, түсіндіру етістіктері «айқындау, анық ету, ұғынықты қылу» мәнінде қолданылған. Оның семантикасында **қалыптасу** семасы өзектеніп, құбылыс мәнін ұғыну субъект тарапынан ұзақ ойлануды, мұқият байыптауды талап ететін **белсенді танымды** білдіреді. Контексте *түсіну, ұғу* етістіктерінің мағыналық құрылымында «ақпаратты түсіну», «естілгеннің мәнін пайымдау» компоненттері өзектеніп, негізгі модельдің семантикасын нақтыландырады: түсіну – тыңдау, құлақ асу, көз жеткізу, **естілген ақпараттың мәніне** бойлау. Мұндай менталды әрекет субъектіден белгілі бір **интеллектуалдық күш-жігерді** талап етеді.

Түсіну етістіктері *«мәселенің байыбына бару»* деген мәнді де білдіреді. Мысалы: *Жалынғаныңды тыңдар жоңғар, жығылғаныңды* ***түсінер*** *хонтайшы бар ма?* [128, б. 52].

Құдауәнде, біздің ханның осы інісіне сонша неге шүйіле беретініне ***түсінбей****-ақ қойдым* [128, б. 61].

Әр ұлысқа бірін шүлдірлетіп, бірін маңқалатып, бірін қылғынтып әртүрлі тіл бермесе, анау сылаң келіншек пен шойнақ отыншының не деп қылғынып тұрғанын ***түсінбес пе едім. Түсінсем****, көңіліме күдік оралмас еді* [128, б. 91].

Бұл етістіктің мағыналық құрылымында контекст ықпалы арқылы ***«топшылау», «зейін қою», «мән беру»*** *сияқты дифференциалды семалар өзектенеді. Олар субъектінің ақпарат тапшылығын жеңе отырып, фактілер арасындағы байланыстарды табу қабілетін –* ***ақылдың икемділігін немесе аңғырттығын*** *көрсетеді. Мысалы: Итжемес не болғанын* ***түсінбей*** *біраз жатып еді, бурыл тұғыр ішін тартып пысқырына бергесін басын көтерді* [127, б. 7].

Кең дүниеде тақым керіп емін-еркін шапқылаған аз ғана күн тіршіліктерінің қалайша бұлай төтен аяқталғанына ***түсіне алмай қайран қап жатқандай*** [127, б. 19].

Келтірілген сөйлемдерде мәселенің байыбына бара алмай түсіне алмай жатқан жағдаят бейнеленген. Бұл сөйлемдерден субъектінің ой ұшқырлығының жеткіліксіздігі байқалады.

Олардың аузындағы сөздер сырттай сыпайы болғанмен, ***шын мәнін ұққан*** *кісіге Сармолланы қатты күнә еткен адамдай қаралап тұр* [131, б. 26].

Айжанның бұл ойын, денесінің дірілі мен қызуынан, Шоқан айтпай-ақ ***ұқты*** [126, б. 98].

Бұл сөйлемдерде субъекттің зеректігі, интуитивті пайымдау қабілеті көрініс тапқан. Субъект мән-жайды себеп-салдарлық байланысты ұғынған.

Түсіну етістіктері бірнеше мәнде жұмсалады. *Жалыну емес, жарғасу, ылдилау емес, ырғасу керектігін ескермесе, елші боп қатарға ілініп, қара көбейтудің қадірі қашарын* ***түсінбей ме?*** [128, б. 55] деген сөйлемде нақты *стратегиялық іс-әрекетті түсінбеу* – әлеуметтік когниция көрініс тапқан. «*Бірақ өзгеден өзіңді ерекшелеп тұрмын. Саған ғана сенетінімді* ***түсін****!» дегенін және білдіргені тәрізденді. Қазыбек ат үстінен басын изеп,* ***келіскен түр байқатты*** *да үн-түнсіз қала берді* [128, б. 59] деген сөйлемде адресатқа бағытталған тура когнитивтік импликация орын алған. Сөйлемдердегі объектілік-субъектілік қатынас арқылы **түсіндіру, ұқтыру әрекеті көрініс тапқан. Мысалы:** *Сондай қыстырманы Көкеш* ***ұғындырмақ*** *болып қаншама тырысқанмен, Рақияға жұма түгіл, ай түгіл жыл тәулігінде де* ***ұқтыра алмай шаршады*** [126, б. 3].

Не дейсіңдер, ***ұқтыршы*** *өзің! Апаты не? – Абай үй толы еркектен Дәмежанды есті-басты көріп, соған қарады* [131, б. 7].

Аталған екі тілді білмейтін кісіге «Шарх-Ғабдолланы» меңгеру өте қиын.

Бірақ, бұл кітапты Айжанға ***ұқтыру*** *Көкешке ауырлыққа түскен жоқ. Оның аржағында, жаңағы әдіспен жазылған «Молла Жәлил». Сабаққа*

отырудың үшінші жылында Айжан бұл кітаптарды игеріп қалды. Ол Көкешпен араб және парсы тілдерінде еркін сөйлесе бастады [126, б.23].

«Тұқымсыз кетті деген сол-ау!» дейтін құбыжық ойға батсам, жалына қол апартпай, қосаяқтап аспанға шапшитын кей қиқарларға мән-жайды қалай ***түсіндірем*** *деп сең аққан балықтай мәңгіріп қалатыным бар, – деп би ауыр күрсінді* [128, б. 15].

Мұндай сөйлемдерде бір субъект екінші **субъектіге ақпарат жеткізуді, түсіндіруді мақсат етеді.**

Кейде субъектілер арасындағы қатынас өзара түсінісуге негізделеді. Өзара когнитивтік үйлесімнің бұзылуы әлеуметтік дисгармонияға әкеледі. Мысалы: *Бірін біріне* ***түсіністірмей****, тілдерін бөлектеп, түрлерін өзгертіп, әлгі әу бастағы кіндіктес, ұрықтас ағайынды бір-біріне жауықтырып қойғаны қалай*? [128, б. 91].

Бәрі түсіністестіктен... *Адамды адам* ***түсінсінші****. Солқылдаған сойыл немең-жылқы ұстар, мал айдар кәдімгі құрыққа ғана айналсын. Қаргыс атқыр қара шоқпар қазық қағар өшейін бір тоқпаққа ғана айналсын. Қатулы қабағыңа мұз қатып, қар жаумай, жадыраған жанарыңнан нұр төгілсін, шуақ шашылсын! Айналаң тегіс жайдары күлкіге бөксін!* [128, б. 92].

Ал Бертістің тістеуік те тебеген боларын ***түсінбеймін****. Тағы да* ***түсіністестікке*** *ойқастадым ба? Бұл бір асу бермес өткел-ау.* ***Түсініссек*** *– қазақты қалмақ шабуын қоймас педі. Қазақ қалмақтан қарымта қайтарам деп қасарыспас еді* [128, б. 92].

Мұнда түсіну емес, *түсінбеу* конфликтіге себеп болады.

Ол шіркінді де ***түсінуге болады,*** *әрине* [128, б. 138].

Бұл күндерде кімде-кім халықтың қамын жеп, қасіретін ***ұқса****, сол адам мен айтқан өсиетті айтатынына шүбә қылмаймын* [131, б. 26].

Келтірілген сөйлемдерде түсіну *эмпатиялық интерпретация ретінде көрінеді.* Субъект эмоционалдық-психологиялық мотивацияны қабылдап, түсіністік танытады.

Түсіну етістігі **болжау, жорамалдау, бағамдау мәнінде де қолданылады. Мысалы:** *Қызды не деп балағаттағанын* ***түсінбесе*** *де, не айтып жатқанын жорамалдаған Қазыбек тағы да кимелеп кетті*.[128, б. 137].

Жаратылысында шапшаң, қызбалығымен қатар мақтан сүйгіштігі бар Сармолла жаңағыдай жылы үндерді өзіне халық көрсеткен құрмет-қошемет ***деп ұқты*** [131, б. 21].

Субъект ақпаратты толық білмегенмен, жорамалмен толықтырады. Осылайша *когнитивтік компенсация* механизмі іске қосылады.

Базалық семантикалық моделі «адам бір нәрсені өз ойлау қабілетіне, интуициясына, өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып түсінеді» деген мағынаны да қамтиды. Мысалы: *Өзге жайымның бәрін* ***ұқса*** *да, Афтапқа «Марғұланнан кетейік, Семейге жетейік» – деген сөзім, байқаймын, даритын емес* [131, б. 45]. Келтірілген сөйлемдегі *ұғу* етістіктері «аңғару, бір нәрсенің мәнін ажырата білу, не болып жатқанын дұрыс бағамдау» мағынасында қолданылған. Оның мағыналық құрылымында «бағамдау», «пайымдау», «дұрыс бағалау» сияқты

дифференциалды семалар өзектеніп, интегралды «түсіну» семасын нақтылайды. Бұл компоненттердің өзектенуі сөйлемнің жалпы мазмұнына әсер етіп, оны «адам бір нәрсені өз ойлау қабілеті мен өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып түсінеді» деген мағыналық модельмен сәйкестендіреді. Мысалы, *«Баласымын ғой» деуін, Шоқан «баламын ғой» деген мағынада* ***ұқты*** [126, б. 23] деген сөйлемдегі *ұқты* етістігі сөздің астарын түсінгенін білдіреді.

Мынау опыр-топыр да бүгінгі олжаларына жау түсіргеннен бетер масаттанып бақты. Оған басқа ***түсінбесе*** *де, Итжемес* ***түсінеді*** [127, б. 14].

Бәкен Қазыбектің өзін жеңер дәлелін түгел ***түсінді****. Пенделік күйде жүріп құдайын, құдайшыл әділетін ұмытып кеткенін* ***білді. Басын изеді*** [128, б. 147]. Келтірілген сөйлемдердегі *түсіну* етістігі «ойлай алу қабілетіне ие болу, пайымдау, ұғыну» дегенді білдіреді. Бұл етістіктің мағыналық құрылымындағы дифференциалды компоненттердің өзектенуі базалық модель семантикасын өзгертеді, яғни түсінуді адамның тумысынан берілген табиғи қабілет ретінде сипаттайды. Яғни субъектінің өмірлік тәжірибесі мол екенін, **зеректігі мен ақылдылығын** көрсетеді. Сондықтан ишараны бірден түсінеді, өзінше пайымдай алады.

Сонымен, түсіну етістіктері бірнеше когнитивтік модельде көрініс табады (Кесте 12):

Кесте 12 – *Түсіну* етістіктерінің когнитивтік модельдері

модель	**қатынас**	**мәні**
Перцептивті түсіну	субъект – сезімдік түйсіну – нысан	*аңғару, байқау*
Рационалды түсіну	субъект – логикалық ойлау – нысан	*ұғыну, түсіну, байыбына бару*
Эмпатиялық түсіну	Субъект – психологиялық бағалау – нысан	*түсіністік таныту*
Түсіндіру	1-субъект – ақпарат – 2-субъект түсінеді	*түсіндіру, ұқтыру, меңгерту*
Өзара түсіну	1-субъект – когнитивтік үйлесім – 2-субъект	*түсінісу, түсініспеу*
Жорамал арқылы түсіну	субъект – болжам жасау – нысан	*жорамалдау, бағамдау*
Лингвистикалық түсіну	субъект – тіл/код – нысан	*түсіну/түсінбеу (тіл білмеу)*

Менталды мағыналардың басым бөлігі алғашқы сенсорлық тәжірибеден (*көру → түсіну, сезу → аңғару*) – перцептивтік механизмнен бастау алады. Түсіну лексика-семантикалық тобындағы дифференциалды семалар контекст арқылы өзектеліп, нақтыланып отырады. Түсіну перцепциядан логикалық-рефлексияға дейінгі менталды үдерістерді қамтиды. Түсіну мәні көбінесе эмоциямен, әлеуметтік күймен, тарихи жағдаймен, моральдық-психологиялық толғаныспен қатар жүреді. Сондықтан түсіну рационалды ғана емес, ұлттық дүниетанымдық, моральдық, психоэмоциялық категория болып табылады.

2.2 Метафоралық ауысу: менталды семантиканың кеңеюі

Тілдің когнитивтік құрылымында менталды етістіктердің семантикалық жүйесі ерекше орын алады. *Түсіну, ойлау, байқау, бағалау, сезіну* сияқты адам санасының ішкі үдерістері тікелей тілдік таңбалар арқылы кодталады. Бұл үдерістердің нақты физикалық әрекетке ұқсайтын тілдік формалар арқылы репрезентациялануы метафоралық ауысу арқылы жүзеге асады. Метафора когнитивтік модель ретінде абстрактілі менталды үдерістерді нақты тәжірибе аймағының элементтері арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Метафоралық ауысу менталды семантиканың кеңеюіне, концептуалдық өрістің тереңдеуіне, адамның танымдық әрекетін тілде бейнелеуге ықпал етеді.

Когнитивтік лингвистикада (Дж. Лакофф, М.Джонсон, М.Минский, В.Телия, А.Вежбицкая) метафора көркемдік тәсіл, троптың бір түрі ғана емес, адам санасының моделі ретінде қарастырылады. Адам дерексіз танымдық іс-әрекетті тікелей қабылдай алмайтындықтан, оларды тілде көрсету үшін концептуалды метафоралар қолданылады.

Тура және ауыспалы мағыналар синхрондық зерттеу тәсілі тұрғысынан айқындалады. Д.Н.Шмелев сөйлеушілер көбіне сөздің тура және ауыспалы мағыналарын алғашқы және кейінгі мағыналар ретінде қабылданғанымен, тіл тарихы тұрғысынан алғанда, әрдайым олай бола бермейтінін айтады [15, с. 463]. Лингвистикада сөздің лексикалық мағыналарының типологиялары алғашқы және кейінгі, сондай-ақ тура және ауыспалы мағыналарды қамтиды [16, с. 130–274]. В.В.Виноградов алғашқы мағынаны негізгі, тура номинативтік мағына ретінде қарастырады [132, с. 52]. Оның басты ерекшелігі – автосемантизм, яғни контекске тәуелсіз, өздігінен түсінікті болуы. Мұндай мағына сөздікте бірінші болып беріледі, сөз айтылған сәтте санада ең алдымен белсенділенеді. Ал кейінгі, яғни туынды немесе номинативті-туынды мағыналар синсемантикалық сипатқа ие, яғни контекске тәуелді және семантикалық тұрғыдан бай болғанымен, парадигмалық байланысы әлсіз болады. Мұндай мағыналарды танып, басқа мағыналардан ажырату үшін қосымша танымдық белгілер – тіркесімділік, синтаксистік позиция, белгілі бір грамматикалық құрылым ескеріледі [132, с.171-172]. Сөздікте олар алғашқы мағынадан кейін беріледі.

Негізгі (тура) номинативтік мағына – сөздің өзге мағыналары мен қолданыстарының тірегі болып табылады. Ол контексте тіркес шеңберімен шектелмейді, оның еркіндігі әлеуметтік-тарихи және логикалық-заттық факторларға байланысты болады. Негізгі мағынаға қатысты барлық өзге мағыналар туынды болып саналады; олар әдетте тарлау, нақтыланған немесе маманданған сипатқа ие. В.В.Виноградов кейінгі номинативтік мағыналардың туынды сипатын метафорамен не бейнелілікпен шатастыруға болмайтынын айтады [132, с.171-172]. Осыған ұқсас пікірді Е.Курилович те білдірген: «Негізгі мағына контекстен тәуелсіз, ал қалған (жекелеген) мағыналар негізгі мағынаның семантикалық элементтеріне контекстік элементтерді қосады» [133, с. 246]. Біріншілік мағынаның автосемантизмін және екіншілік мағынаның синсемантизмін Д.Н.Шмелев [15, с. 113], Э.В.Кузнецова [134, с. 105-106]. Л.А.Новиков [106, с. 165-166] та атап көрсеткен.

В.В.Виноградов тура номинативтік мағыналар заттар, құбылыстар, іс-әрекет пен қасиеттерге (оның ішінде адамның ішкі өміріне де) тікелей бағытталған және олардың қоғамдық тұрғыда танылған бейнесін көрсететінін айтады [135, с. 171]. Ал ауыспалы мағыналар бейнелілікке негізделеді: олар тура номинативтік мағынаның негізінде пайда болады. Сөз мағынасында бейнеліліктің сақталуы жаңа мағынаның әлі тұрақталып, сөздің мағыналық құрылымында толық кристалданбағанын білдіреді [135, с.169]. Алғашқы және кейінгі (екіншілік) мағыналарды тіл жүйесінің тарихи даму үдерісіне сүйенбей, синхрондық тұрғыдан анықтау мүмкін емес. С.П.Лопушанская тура және ауыспалы мағыналарды денотат тұрғысынан қарастырады. Бұл тәсіл екі түрлі ауыспалы мағынаны ажыратуға мүмкіндік береді: модуляциялық мағына (категориялық сема сақталған жағдайда); деривациялық мағына (категориялық сема қайта ұғынылған жағдайда) [136, с. 9].

Қазақ менталдылығы – ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тәжірибенің, мәдени жадтың, дүниетанымның ерекше моделі. Ол қазақ тілінің семантикалық жүйесінде, фразеологиясында, мақал-мәтелдерінде, метафораларында айқын көрініс тапқан. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің метафоралық кеңеюі ұлттық дүниетанымға тән. Мысалы, *жүрегі сезді, көңіліне қонды, жанын түсінді* сияқты қолданыстар қазақ мәдениетіне тән антропоөзектік, синкретті танымның көрсеткіші болып табылады. Барлық үдеріс адамның жалпы танымдық құрылымына кіреді. Қазақ дүниетанымында когнитивтік шешімнің бір бөлігі эмоциялық-интуитивтік аймақпен байланысады.

Менталды етістіктердің семантикасы сезім мүшелері арқылы алынатын ақпаратқа негізделеді. Көру, есту – менталды мағынаға ауысатын метафоралық модель: көру → түсіну/ұғыну; есту → қабылдау, ескеру. Сенсорлық арналар ойлау жүйесінде бірігеді.

«*Көр*» етістігінің екінші, ауыспалы мәні – «байқау, назар салу». Мысалы: ***Көрдіңіз бе,*** *аналардың мінгені шетінен сәйгүлік!* [128, б. 27].

Ал екеуінің қалай көріскенін ***көрсең****... Масқара-ай!.. Бетім-ай! О, жүзіқара! О, қарабет!..* [129, б. 3].

Әне, қыз күніндегі желігін келіншек болғасын да жасыра алмай жүр. Осы өңір тегіс ***көріп отыр*** [129, б. 3].

Қазыбек енді өз ойымен боп кетті де, сәл кідіріп, өзіне үнсіз қадалған екеуді ***жаңа көргендей*** *дереу қатайып алды* [128, б. 21].

«Көр» етістігінің осындай мәніне байланысты кейде *байқау, аңдау* етістіктерімен қатар мәндес сөздер ретінде, бірыңғай мүшелер қатарында беріледі: *Сенің анау Қалдан-Серенге алакөбеде аттанып, алакөбеде ұрланып қайтатыныңды өзгелер* ***байқамайтын, аңдамайтын****,* ***көрмедік*** *пе еді шетінен* [128, б. 20].

«*Көр*» етістігінің үшінші, ауыспалы мәні – «*аңғару, аңдау, мән беру*». Мысалы: *Кіші жүздің ұшық-пұшығындай үш-төрт қана атаның тіпті бурасы да емес атанындай Әбілқайырдың атағымды шығарам, абыройымды асырам дейтін кердеңдігін* ***неге көрмейміз****?* [128, б. 10].

Жан-жағыңнан андыздап тықсырып келе жатқан жайын ауыз жауларың

сол қабырғадай Қаратауың мен ұлыс ордаң-Ұлытауыңнан да бездірсе, қай қуысқа тығыларсың? ***Көрмеймісің*** *кезенген керді. Сезбеймісің шырылдатар шерді, Барақ сұлтан?* [128, б. 11].

Келтірілген сөйлемдерде *көр* етістігі ауыспалы мәнде қолданылған. Бұл жердегі көру әрекеті көзбен көруге қатысты емес, зердемен түйсінуге қатысты. Көру әрекетінің нысаны – деректі зат емес. Сондықтан оны көру де мүмкін емес. Бұл мән екінші сөйлемнің жалғасынан анық көрінеді: *Орманнан шыққан орысың төл даланда андағайлап өріп кеткен жоқ па бүгін? Шалғайдағы шүршітің саумал сағымды сахараңа* ***көзін суармай*** *ма бүгін? Түстіктен қыдыңдап қызылбасың, батыстан қақшаңдап қалмағың, шығыстан жалақтап жоңғарың іргеңді тақырлап, сауырыңды сүңгілеп жатқан жоқ па? Қай өңешке жұтылып, қай көмейге тұтылып кетерімізді өзіміз білеміз бе, Барақ сұлтан? «Ел болам» десең, есінді жимаймысың? «Есем» деп бір-біріңмен есептеспей, «өсем» деп естілігіңді жасамаймысың?* [128, б. 11]. Берілген контексте көру әрекеті метафоралық қолданыста *көзін суармай ма* түрінде берілген. Бұл сөйлемдерде риторикалық сұрақтарды үсті-үстіне қолдану арқылы кейіпкер субъектінің (*Барақ сұлтанның*) не нәрсеге мән беру керек екенін де атап тұр.

Бірақ сол тізгінді таласа жұлып, жұлқылап жатқан ашқарақ көз, қомағай өңеш, кебеже қарын көршілерінді ***көрмеймісің?*** *Бүгінде баз біреуге бұратана, баз біреуге босқын, баз біреуге бүлікшіл боп танылған жұртыңның кешегісін қайтара алармысың? Оңынан айын, солынан күнін туғызып, баяғыдай қой үстіне бозторғай жұмыртқалатып, бейбіт тірлік, берекелі тұрмысын бере алармысың?* [128, б. 10] деген сөйлемде көру әрекетінің нысаны ретінде көршілер берілгенмен, шын мәнінде, олардың өздері емес, пиғылдары, мүдделері сипатталған. Ол *көршілер* сөзінің алдындағы анықтауыштардан (*тізгінді таласа жұлып, жұлқылап жатқан ашқарақ көз, қомағай өңеш, кебеже қарын көршілер*) анық байқалады.

Көр етістігі метафораланып, «түсіну», «түйсіну», «ұғыну» мәнінде қолданылады. Мысалы: *Жоңғаршыл сенің биігің – хонтайшы болса, сұлтан, төңірегіңнің онша ұзақ емесінен қорқам бірақ. Көрерің мен шоларың аз аласада тұры*п [128, б. 19].

Аз қазақты дар-дар бөліп, бөлшектеп әкеткен соларды ***көріп*** *отырып, саған оң қабақ көрсетуге тырыспайтындай хонтайшың есектің миын жеген жоқ шығар* [128, б. 20].

Ағасының күйгелектенгенін ***көрген*** *соң әлденені бүлдіріп алмадым ба дегендей Жарылғап қуыстана жақындады* [128, б. 23].

Сонымен қатар «*байыбына бару, пайымдау мәніне бойлау*» мәнінде де қолданылады. Мысалы: *Тәуке кеткелі қазақтың басынан бағы, астынан тағы ұшқанын* ***көрмес*** *көрсоқыр емес. Оның үстіне ұлан даласының ұлтарақтай жеріне ұйлыққан елдің қазіргі мүшкіл халін және бес саусағындай* ***біліп отыр*** [128, б. 16].

Үш жүз тұрмақ Кіші жүзінің де үштен біріне әрең иек көтерерін ***көрсе****, көнер ме еді, келер ме еді?* [128, б. 13].

Бұл мән *көр* етістігінің *біл* етістігімен қатар, синоним ретінде қолданылуы

арқылы нақтылана түседі. Мысалы: *Қалың қазақтың ортасынан жарып шыққан әулиедей биге халықтың өзі қамшы ұстатқанын* ***көре тұра көрмегенсіп***, ***біле тұрып білмегенситін*** *сол бишікеш байғұстар өздерін әр аймақтың айтулы биі, ардақты топ жарғышы санап, Қаз дауысты Қазыбекпен кеуде таластырмақ болған әрекетінің аспандағы күнді алақанмен жаппақ болған пәруайсыздық екенін ұға бермеуі-ақ жаман* [128, б. 7-8].

Әрине, шалқақ басын кекірейте түсетін патша әкімдерін ***талай көрген*** *би олардың түз елшілеріне өзім деп өзегін аша қоймасын және* ***біледі*** [128, б. 6].

Екінші, бұл істер сахараның өзінде патшалық-әкімшілік орындары ***көрмеген, білмеген*** *жерде болып, жүріп жатса, бір сәрі* [131, б. 102].

Келтірілген мысалдарда *көр* етістігі «*сырына қанық, бәрін білетін*» деген мәнде жұмсалған.

Көр, біл етістіктері қос сөз ретінде жұмсалып, «*анықтаған, көз жеткізген*» деген мәнде қолданылады. Мысалы: *Тебінгіге тер қатқан сапардың жөн-жобасын, жолай* ***көрген-білгенін*** *сұраған. Ал, аузың барда сөйлеп қал, айнам! – Елтайдың «жолай* ***көрген-білгендерінің****» бір түйірін жерге түсірмей естіп алайын дегендей басын бері бұрып, жастық қолтықтап қисая кетті* [105, б. 179].

Военно-полевая артиллерияның поручигі Ускенбаевтың өз бетімен жазған, амалсыз куә болып ***көрген-білгендері*** *аса бір салмақты жайларды еріксіз еске алғызады* [131, б. 102].

«Қымыздары да қалмақтардікінен өзгешелеу», – деп ойлады ***көрген-білгенінің*** *бәрін іштей жіпке тізе бастаған елші* [127, б. 281].

Сонымен қатар *көр, біл* етістіктері қос сөз ретінде қолданылып, «қадағалады, бақылады» деген мәнде де жұмсалады: *Жапекең бе, біздің Жапекең осының бәрін* ***көріп-біліп****, есепке алып жүр ғой* [105, б. 253].

Көру етістігі «*санау, солай деп есептеу*» мәнінде де қолданылады:

Есеңгіреген елін, қалжыраған халқын бір мықтының қолтығына тығып, қолынан ұстатып, ілгергі үмітімен жетелеткізіп, жеткізе алса, ондай әрекетін неге құбыжық ***көрмекпіз*** [128, б. 15].

Бидің кеудесін жайлаған үрейдің ауқым, салмағын енді ғана екшеді ме, сұлтанның да ұнжырғасы түсіп кетті. Өз ойында жоңғардан өтер мықты, ойраттан озар құдірет жоқтай ***көретін*** *шіркін өзі заңғарға балаған сол асқарының аспан тіремек түгіл бұлтқа сес көрсете алмас жайдақ төбе ғана екенін осы қазір пайымдай бастап еді* [128, б. 15].

Соны ***күдік көрмесе*** *де, көңіліне сәл жұмбақ біліп еді [131, б. 120].*

«Тере тастан қатты» деген мәтел бар. Қисайған жағынан түзелуді олар ***намыс та көреді, қорлық та көреді*** [126, б. 17].

Қазақ тілінде «есту» етістігі де когнитивтік мәнде қолданылады. Соның нәтижесінде акустикалық қабылдау ескеру, түсініп қабылдауға ұласады. «*Есту*» семасының менталды кеңеюі ақпаратты қабылдаудың физикалық және когнитивтік арналарын біріктіретін концептуалды метафора болып табылады. Когнитивтік әрекет физикалық әрекет ретінде концептуалданады. Метафоралық ауысу нәтижесінде менталды етістіктердің семантикасы күрделенеді.

Деривациялану нәтижесінде

– категориялық сема өзгеріп, физикалық әрекет → менталды әрекетке айналады;

– дифференциалды семалар өзгеріп, жаңа мағыналар пайда болады (мысалы, *көру* – физикалық перцепция; *көру* – түсіну, болжау, бағалау);

– менталды мағына когнитивтік фреймдерге енеді;

Соның нәтижесінде менталды етістіктердің полисемиялық моделі кеңейіп, когнитивтік өрісте жаңа ассоциациялық байланыстар тудырады (Кесте 13).

Кесте 13 – Менталды етістіктердің семантикалық кеңеюінің когнитивтік механизмі

Метафоралық модель	**менталды мағына (кеңейген семантика)**	**когнитивтік уәж**
көру → түсіну	Түсіну, байқау, болжау, мәнін ұғыну	Көру – негізгі таным арнасы; ақпаратты визуалды қабылдау арқылы ұғыну
есту → қабылдау/түсіну	Ескерту, есту арқылы түсініп қабылдау, назар аудару	Адам ақпараттың бір бөлігін аудиалды канал арқылы қабылдайды; тыңдау = қабылдау
жүру/жол → ой жүргізу / логикалық қозғалыс	Ойдың дамуы, логикалық ілгерілеу, дәлелдеу	Ойлау үдерісі бағытталған қозғалыс ретінде концептуалданады
жарық → түсініктілік	Ұғыну, анықтық, айқындық	Білімнің «жарық» ретінде берілуі – мәдени-танымдық әмбебап модель
жүрек → интуиция/сезімдік таным	Ішкі түйсік, интуитивтік білім	Қазақ менталитетінде жүрек – сезімдік танымның орталығы
жан → терең ұғыну/рухани таным	Терең түсіну, ішкі қабылдау	Рухани танымға тән мәдени символ
дене қозғалысы → ой қозғалысы	Ойдың өзгеруі, идеялардың алмасуы	Когнитивтік үдерістер дене әрекеті арқылы елестетіледі, яғни дерексіз зат есімдер деректі зат есімдер ретінде сипатталады.

Ойлау әрекеттерін бейнелеуде *жүрек, көңіл, қиял, жарық, жол* сияқты мәдени концептілерге сүйенген кең таралған метафоралар анықталды: *қиялы самғады, көзі ашылу, санасына жарық түсу, ой түю, жүрегі сезу, көңілі тулады, ойы қозғалды* т.б. Ойлану семантикасы *толғану, терең ойлану, ой елегінен өткізу, ойға шому, ойға келу, санада жылт ету* сияқты етістіктер арқылы беріледі. Ойлану семантикасына *ой* сөзі өзек болған. «Қазақ сөздігінде» *ой* сөзінің дефинициясы былайша берілген: «Ой зат. 1. Объективтік шындық туралы түсінік, пікір, ұғым. 2. Ақыл, ес» [104, б. 968].

Ой сөзі негізгі мәніне сәйкес менталды етістіктердің қалыптасуына негіз болған. Қазақ тілінде *ой* етістігінің қатысуымен жасалған құранды етістіктер де көптеп саналады. Мысалы:

Ой елегінен өткізді / ой елегіне салды. *Еске түсіріп, салмақтады, іштей жан-жақты талдады.*

Ой емді. *Ой кернеді, мазалады.*

Ой жүгіртті. *Әр жайды ойша барлады, шолу жасады.*

Ой жіберді. *Ой жүгіртті, ойланды* [104, б. 990].

Бұл етістіктердің семантикалық құрылымында «ойлану» интегралдық семасы мен *«толғану», «ойға шому», «ой елегінен өткізу», «жүйелі ойлау»* сияқты дифференциалдық белгілер бар. Олар «менталды әрекетті жүзеге асыру» категориялық семасын ойға терең бойлау, өзіндік ішкі рефлексия күйі ретінде бейнелейді. Мұндай етістіктердің семантикасында сапалық, сандық, кеңістік және уақыт сипатты бағалау семалары көрініс табады. Сапалық сипаттама ақылға салу, байымдау, ойға түсу, ойға берілу, *ой елегінен өткізу, мәнін ұғыну, мәніне терең үңілу* етістіктері арқылы беріледі [104, б. 990]. Бұл етістіктердегі «терең», «назар аудару», «ой көзімен», «тынымсыз» сияқты дифференциалдық семалар менталды әрекеттің сапалық сипаттарын айқындайды.

Ой көзімен тыңдады. *Зейін салды, ынта қойды.*

Ойға кетті. *Өткен-кеткенді еске түсірді.*

Ойға көмілді. *Қалың ойға шомды, ой басты.*

Ойға қалды. *Әрі-бері ойлап, басын қатырды, уайым жеді.*

Ойға малтыды. *Көп ойланды, небір ойға берілді.*

Ойға салды. а) *Ойландырды, ойға қалдырды*. ә) *Еске түсірді, үйретті.*

Ойға шомды. *Неше түрлі ой жетегінде болды, ойланды.*

Ой түйгізді. *Түйсіндірді, ойға келтірді.*

Ойы дал-дал болды. *Ойы сан саққа шашырады, жүйесізденді.*

Ойы кетті. *Көңілі ауды.*

Ойынан шықты. *Көңілдегідей болды, діттегені орындалды.*

Ойын бөлді. *Көңілін басқаға аударды, ойын шатастырды.*

Ойын бұзды. *Ойын бөлді, ой желісін үзіп кетті.*

Ойын жұлымдады. *Ойын сан-саққа жүгіртті, шым-шытырық етті.*

Ойын тербетті. *Көңілін аялады, сезімін оятты.*

Ойы онға, санасы санға бөлінді. *Не істерін білмей, дәл-сал болды, басы қатты* [104, б. 990].

Ойлану (көп, ұзақ, қарқынды ойлану), *ойға түсу, ойға берілу* етістіктерінің семантикалық құрылымындағы «көп», «ұзақ» семасы ойлау үдерісінің сандық сипатын білдіреді. Сол сияқты *ой елегінен өткізу, мәнін ұғыну, мәніне терең үңілу,* райынан қайту етістіктері де ой нысанының көлемдік сипатын көрсетеді. Бұл етістіктер *ой жүгірту, бағамдау* етістіктерімен мәндес, өйткені екеуінің де семантикасында ойлау үдерісінің сандық сипаттамасы, яғни ойдың тереңдігі мен көлемі бар:

Ойға тізді. *Егжей-тегжейлі еске түсірді, өткенді бүге- шігесіне дейін еске алды.*

Ой басты. *Қалың ойға қалды, ой азабына түсті.*

Ойға батты [қалды, түсті, шомды]. *Неше түрлі ой жетегінде болды, ойланды.*

Ойға батырды. *Ойландырып-толғандырды, терең ойға шомдырды*.

Ой биледі. *Терең ойға батты, көп ойланды.*

Ой дәмін [дәмінен] татты. *Ойға беріліп кетті.*

Ой елегінен өткізді [елегіне салды]. *Еске түсіріп салмақтады, іштей жан-жақтылы талдады.*

Ой қажытты. *Ой шаршатты.*

Ой қамады. *Ой басты, ойсоқты болды.*

Ой қамалады. *Ой басты, қаптады*

Ой тербетті. *Ойға батты, ой, қиял жетеледі.*

Ой шырмады. *Ой иектеді, мазасын алды* [104, б. 990].

«Ойға тізді» құранды етістігінің дефициясындағы *егжей-тегжейлі* сөзі **(***Егжей-тегжейлі еске түсірді, өткенді бүге-шігесіне дейін еске алды*), «*Ой елегінен өткізді* (елегіне салды)» құранды етістігінің дефициясындағы *жан-жақтылы* сөзі (*Еске түсіріп салмақтады, іштей жан-жақтылы талдады*) де ойлау үдерісінің сапасын білдіреді.

Ойлану етістігінің семантикалық құрылымында ойланудың кеңістіктік сипаттамасына нұсқайтын сема да бар:

Ойға батты [қалды, түсті, шомды]. *Неше түрлі ой жетегінде болды, ойланды.*

Ойға батырды. *Ойландырып-толғандырды, терең ойға шомдырды.*

Ой дариясына малтықты *[шомды]*. поэт. *Терең ойға берілді, ойға шомды.*

Ой тереңіне сүңгулі. *Терең ойға шомған, ойға батқан.*

Ой тоқтатты. а) *Тұрақты пікірге, бір тоқтамға келді*. ә) *Ер жетті, ақылы кірді.*

Ой түбіне жетпеді *[жете алмады]. Көп ойланды, ой ұшығын ұстай алмады.*

Ой түбіне жетті. *Ойланып-ойланып, нақты бір шешімге келді.*

Ой түкпірін ақтарды. *Түпкі ой-мүддесін жайып салды, сырын айтты.*

Ойын ортаға салды. *Жұрттың ойын білгісі келді, пікірлесті, ашық сөйлесті.*

Ойы онға, санасы санға бөлінді. *Не істерін білмей, дел-сал болды, басы қатты.*

Ойға тарылды. *Не істерін білмей, дағдарды, қапа болды, қайғырды* [104, б. 990].

Тіркес құрамындағы *түп, түкпір, терең, орта, дария* сөздері (*ой дариясына малтықты [шомды], ой тереңіне сүңгулі, ой түбіне жетпеді [жете алмады], ой түбіне жетті, ой түкпірін ақтарды, ойын ортаға салды***)** мен дерексіз ой сөзінің деректі зат есімге тән етістіктермен тіркесуінің (*ой ауды, ойға тізді, ой басты, ой биледі, ойдан баз кешті, ойдан кетпеді, ойдан шықпады [кетпеді], ой дәмін [дәмінен) татты* т.с.с.) нәтижесінде ойланудың кеңістіктік белгілері түзілген. Бұл мән ой әрекетіне қатысты құранды етістіктерде де (*ой қамады, ой қамалады, ой тербетті, ой шырмады, ойы ауды, ойға батты [қалды, түсті, шомды], ойға батырды, ой дариясына малтықты [шомды], ой тереңіне сүңгулі*) сақталған. Сонымен қатар құранды етістіктердің дефициясынан да кеңістіктік мән аңғарылады. Бұлар менталды әрекеттің күшейтілген көрінісін білдіреді. «*Ойға батты*», «*ойға батырды*», «*ой түбіне жетті*», «*ой түкпірін ақтарды*», «*ойға шомды*» сияқты дифференциалдық

семалар субъект ойының толғанып отырған құбылыстың мазмұнына терең бойлағанын білдіреді.

Менталды әрекеттің уақытқа қатысы төмендегі құранды етістіктердің мәндерінен көрінеді:

Ой басты. *Қалың ойға қалды, ой азабына түсті.*

Ой биледі. *Терең ойға батты, көп ойланды.*

Ойға алды. а) *Есіне түсірді, ойлады*. ә) *Мақсат тұтты, көздеді*. б) *Елеп-ескерді, санасты.*

Ойға батты *[қалды, түсті, шомды]. Неше түрлі ой жетегінде болды, ойланды.*

Ойға батырды. *Ойландырып-толғандырды, терең ойға шомдырды.*

Ойға кетті. *Өткен-кеткенді еске түсірді.*

Ойға кетіңкіреді. *Басқа ой ойлады, пікірін өзгерте бастады.*

Ойға көмілді. *Қалың ойға шомды, ой басты.*

Ойға қалды. *Әрі-бері ойлап, басын қатырды, уайым жеді.*

Ойға қалдырды. *Ойландырды, ой салды.*

Ойға малтыды. *Көп ойланды, небір ойға берілді.*

Ойға оралды. *Еске түсті.*

Ойға түсті. а) *Ойға берілді*. ә) *Еске келді, еске түсті.*

Ой дариясына малтықты *[шомды]*. поэт. *Терең ойға берілді, ойға шомды.*

Ойдан баз кешті. *Көңілден түңілді.*

Ойдан кетпеді. *Ұмытпады, естен шықпады.*

Ойдан шықпады *[кетпеді]. Ұмытылмады, есте қалды, жадында сақталды.*

Ойдан шықты. а) *Ұмыт болды, естен кетті,* ә) *Көңілдегідей болды, ойлағанындай болды.* б) *Ойлады, ойлап болды.*

Ой жүгіртті. *Әр жайды ойша барлады, шолу жасады.*

Ой кернеді. *Ой биледі* [104, б. 990].

Бұл етістіктердің семантикасында ой әрекетінің белгілі бір уақытқа қатысы бар. *Ойға алды, ойға оралды, ойға түсті, ойдан шықты, ой жүгіртті* құранды етістіктері қысқа уақыт ішінде жүзеге асатын менталды әрекетті білдірсе, *ой басты, ой биледі, ойға батты [қалды, түсті, шомды], ойға батырды, ойға кетті, ойға кетіңкіреді, ойға көмілді, ойға қалды, ойға қалдырды, ойға малтыды, ойға оралды, ойға түсті, ой дариясына малтықты [шомды], ойдан баз кешті, ойдан кетпеді, ойдан шықпады [кетпеді], ой кернеді* құранды етістіктері ұзағырақ уақыт аралығын білдіреді.

Қарқынды менталды әрекет семантикасы төмендегі құранды етістіктер арқылы беріледі:

Ой ауды. Көңілі әр нәрсеге ауытқыды

Ой биледі. Терең ойға батты, көп ойланды.

Ой бөлді. Бір нәрсеге назар аударды, ынта қойды.

Ойға алды. а) *Есіне түсірді, ойлады*. ә) *Мақсат тұтты, көздеді*. б) *Елеп-ескерді, санасты.*

Ойға енді. *Есіне түсті, ойға келді.*

Ойға келді. *Белгілі бір тұжырымға, тоқтамға келді.*

Ойға кетті. *Өткен-кеткенді еске түсірді.*

Ойға оралды. *Еске түсті.*

Ойға салды. а) *Ойландырды, ойға қалдырды*. ә) *Еске түсірді, үйретті.*

Ойға түсті. а) *Ойға берілді*. ә) *Еске келді, еске түсті.*

Ойға тізді. *Егжей-тегжейлі еске түсірді, өткенді бүге- шігесіне дейін еске алды.*

Ойдан шықты. а) *Ұмыт болды, естен кетті*, ә) *Көңілдегідей болды, ойлағанындай болды*. б) *Ойлады, ойлап болды.*

Ойды (ойын) жүдетпеді. *Ойды толық жеткізді.*

Ойды қозғады. *Көңілді тербетті, ойды түртіледі.*

Ой елегінен өткізді (елегіне салды). *Еске түсіріп салмақтады, іштей жан-жақтылы талдады.*

Ой жетпейді. *Ой жеткісіз, болжап болмайды.*

Ой жүгіртті. *Әр жайды ойша барлады, шолу жасады.*

Ой жіберді. *Ой жүгіртті, ойланды.*

Ой кернеді. *Ой биледі.*

Ой қажытты. *Ой шаршатты.*

Ой қамады. *Ой басты, ойсоқты болды.*

Ой салды (тастады). *Ойландырды, толғандырды.*

Ой туды [түсті*]. Жаңа пікір пайда болды.*

Ой түйді. *Ойын жеткізді, тұжырымдады.*

Ой түкпірін ақтарды. *Түпкі ой-мүддесін жайып салды, сырын айтты.*

Ой түсті. а) *Еске әр нәрсе келді, өткенді еске алды*. ә) *Ақылы кірді, ойланды.*

Ой шырмады. *Ой иектеді, мазасын алды.*

Ойы бөлінді. *Ойы басқа нәрсеге ауды.*

Ойы бұзылды. а) *Бұрынғысынан айныды*. ә) *Көңілі ауды, есі кетті, мазасынан айырылды.*

Ойы кетті. *Көңілі ауды.*

Ойына алды [алмады]. *Есіне түсірді, ескерді.*

Ойына келгенін істеді [қылды]. *Не істеймін десе де өзі білді, еркінсіді.*

Ойына келді. *Есіне түсті, жадына келді* [104, б. 990].

Бұл етістіктер динамиканы білдіріп, бірнеше ойдың үсті-үстіне келгенін (*ой биледі, ойға кетті, ойға кетіңкіреді, ойға тізді, ой дәмін [дәмінен) татты, ойды қозғады, ойды ой қозғайды, ой елегінен өткізді (елегіне салды), ой емді, ой жетпейді, ой жүгіртті, ой жіберді, ой кернеді, ой кешті, ой қажытты, ой қамады, ой қамалады, оймен тон пішті*), бір ойдың кенет пайда болғанын (*ойға енді, ойға келді, ойға оралды, ой келді, ой кірді, ой туды [түсті], ой түсті, ой шырмады*), ойының бөлінгенін, шашырағанын (*ой ауды, ой бөлісті, ой салды (тастады), ойы ауды, ойы бөлінді, ойы бұзылды, ойы дал-дал болды*), бір нәрсеге ден қойғанын (*ой бөлді, ойға алды, ойға салды, ойға түсті, ойды (ойын) жүдетпеді, ойды тарқату, ой сабақтау, ой түйді, ой түкпірін ақтарды, ойы*

кетті, ойына алды, ойына келді), ұмытып кеткенін (*ойдан ағытты, ойдан шықты*) т.с.с. білдіреді.

Осы ретте «Қазақ сөздігінде» *ойына алды [алмады]* тіркесінің сыйыстырылып берілгені дұрыс болмаған. Себебі ол екеуі де «*есіне түсірді, ескерді*» деген мәнде қолданылмайды. Бұл мағына *ойына алды* тіркесіне ғана тән. Ал *ойына алмады* тіркесі «*ескермеді, елең қылмады*» деген мәнде қолданылады. Сол сияқты *ой елегінен өткізді [елегіне салды]* тіркестерінің сыйыстырылуын да құптай алмаймыз. Себебі екеуі де «*еске түсіріп салмақтады, іштей жан-жақтылы талдады*» деген мәнде қолданылғанымен, тіркес құрамындағы сөздер әртүрлі тұлғада (бірі шығыс септігінде, бірі барыс септігінде) қолданылған. Сыйыстырылатын сөздердің тұлғалары біртекті болуы тиіс. Сөздікте сыйыстыруға болатын тіркестер бөлек-бөлек берілген тұстар өте көп. Мысалы, *ойға көмілді, ойға батты; ой жүгіртті, ой жіберді; ой қамады, ой қамалады, ой шырмады; ойына салды, ойына түсірді* т.с.с. тіркестерді сыйыстыруға болар еді. Сөздікте *ойға батты [қалды, түсті, шомды]* түрінде сыйыстырылып берілгенмен, сол тіркестер жеке де берілген (*ойға қалды, ойға түсті, ойға шомды*). Сол сияқты *ой туды [түсті], ойдан шықпады [кетпеді]* тіркестері сыйыстырылып берілгенмен, жеке де берілген. Сыйыстырылған тіркестерді қайтадан жеке берудің қажеті жоқ.

Перцептивтік → менталды мағына ауысуының когнитивтік моделі: *сезімдік ақпарат → нейрондық өңдеу → абстракция → менталды түсінік → лексикалық таңбалану.* Қазақ мәдениетінде бұл үдеріс «көңіл», «жүрек» концептілері арқылы тереңдей түседі: *көңілі сезді, жүрегі сезді, көзі ашылды: Бірақ осы адал ұлдың тағы бір анасының... туған анасының бар екенін аналық **жүрегі сезгенін**... сол ананы да күрсінте бермейін... Аллаға да, адамға да шет келмейін деген бір ниетке ойысқанын жасырмады* [128, б. 313].

*Бірақ жүріс-тұрысынан, бет-әлпетінен, сөз ләмінен ештеңе аңғартпағанмен **жүрегі алқымына тығылып**, тынысы бітіп барады* [127, б. 144].

*Елшінің **жүрегі мұздап қоя берді*** [127, б. 144].

Бұл мәдени-менталды код перцепциялық тәжірибені когнитивтік интерпретациямен байланыстырады [127, б. 305].

Қазақ тілінде таным эмоциядан ажырамайды. Танымның бағалауыш сипаты – мәдени кодтың ажырамас бөлігі. Эмоциялық-аксиологиялық когнитивтік модельде ***жүрек, көңіл*** сөздері ерекше орын алады. Қазақ дүниетанымында жүрек – рационалды танымнан жоғары тұрған интуитивті әрекет орталығы. «Қазақ сөздігінде» ***жүрек*** сөзінің метафоралық мәнде қолданылуы арқылы түзілген құранды етістіктер көп:

Жүрегі ауырмады. *Елең қылмады, мән бермеді.*

Жүрегі басылды. *Көңілі орнына түсті, жаны жай тапты.*

Жүрегі бұрды. *Іш тартты, жақын тартты.*

Жүрегімен білді [сезді]. *Сезді, байқады.*

Жүрегі дауаламады [қобалжыды]. *Батылы бармады, тайсалды, қаймықты.*

Жүрек ерік бермеді. *Мазасын алды, тыным таптырмады*.

Жүрегін елжіретпеді. *Мыңқ етпеді, мән бермеді.*

Жүрекке жылы тиді. *Көңілге қона кетті, жанға жақын болды.*

Жүрегін жылытпады. *Әсер етпеді, әсері болмады.*

Жүрегі жасыды. *Тауы қайтты, тауы шағылды, ұнжырғасы түсті.*

Жүрегі [ет жүрегі] жылыды [жібіді]. *Жаны ашыды, аяды, мүсіркеді; жаны тебіренді, еміренді.*

Жүректегі жараны жазды. *Қайғысына ортақтасты, көмектесті.*

Жүрегін күпті қылды. *Уайымға салды, уайымдатты, бейжай етті.*

Жүрегі кеудесіне сыймады. *Қатты қорықты.*

Жүрегі кекке толы. *Кекшіл, өшіккен, кектенген* [104, б. 538].

Келтірілген тұрақты тіркестерде **жүрек** – эмоциялық қана емес, когнитивтік орган ретінде көрінеді. Ол «*ұғыну, мән беру, түйсіну*» мәндерін білдіреді.

Қазақ тіл білімінде күрделі атауларды уәждеме және аталым тұрғысынан зерттеп, дербес лексема ретінде тану критерийлерін анықтаған ғалым Б.Қ.Қасым үш түрлі ұстанымды көрсетеді: 1) мағыналық тұтастық белгісі, 2) құрылымдық тұтастық белгісі, 3) синтаксистік тұтастық белгісі [103]. Ғалымның ұстанымдары күрделі аталымдардың бірі – құранды етістіктерге де тән.

Қазақ тілінде *көңіл* сөзінің қатысуымен метафоралық мәнде қолданылуы арқылы түзілген құранды етістіктер де көптеп саналады:

Көңіл аударды. *Назар, зер салды.*

Көңіл ашты. а) *Қуантты, сергітті, сүйсіндірді*. ә) *Сана-сезімді оятты.*

Көңіл бекіді. *Ой орнықты, алаңдамады.*

Көңіл берді. а) *Берілді, бой ұрды, ден қойды*, ә) *Иланды, сенді.*

Көңіл бөлді. *Назар аударды, зер салды.*

Көңіл бұрды. *Назар аударды, зейін қойды.*

Көңіл білдірді. а) *Сезімін білдіріп, ойындағысын айтты.*

Көңілге алды. а) *Өзіне мақсат етті, ниет етті*. ә) Ескерді, еледі. б) *Өкпелеп қалды ренжіп қалды.*

Көңілге бекіту. *Есте сақтау, жадында ұстау.*

Көңілге жалау болды. *Медеу етіп, өсиет, өнеге тұтты.*

Көңілі тыңды [тыншыды]. *Ойындағысы болып, жаны жай тапты.*

Көңілі шапты. а) *Қызықты, құмартты*. ә) *Тәбеті тартты.*

Сонымен, метафоралық ауысу – менталды етістіктердің когнитивтік механизмдерінің негізгі түрі болып табылады. Метафоралану арқылы менталды етістіктердің мағынасы кеңейіп, перцептивтік жүйеден менталды жүйеге бағытталады;

- абстрактілі танымдық үдерістер деректі заттардай бейнеленеді;
- менталды семантиканың көпқабатты құрылымы қалыптасады;
- ұлттық дүниетанымға тән когнитивтік модельдер түзіледі.

Метафоралық ауысу арқылы менталды етістіктердің мағынасы кеңейіп қана қоймай, адамның танымдық әлемінің концептуалдық құрылымын бейнелейтін күрделі семантикалық жүйеге айналады.

2.3 Менталды етістіктердің фреймдік және сценарийлік когнитивтік модельдері

Когнитивтік лингвистикада фрейм – білімнің құрылымдық-семантикалық моделі. Фрейм – адам санасындағы ақпаратты ұйымдастырып, оны тілде концепт ретінде репрезентациялайтын тәсіл. Менталды етістіктер фреймдік модель арқылы адамның танымдық әрекетін, менталды үдерістерді, қабылдау механизмдерін белгілі бір схемалық құрылым бойынша жүйелейді. Фрейм агенс (таным субъектісі), нысан (танылатын ақпарат/жағдай), менталды үдеріс (түсіну, білу, ойлау, сезіну), нәтиже (ұғыну, бағалау, шешімге келу), когнитивтік стратегия (қабылдау → өңдеу → интерпретация) сияқты компоненттерден тұрады [137, p. 1-21] (Кесте 14).

Кесте 14 – Менталды етістіктердің негізгі фреймдері

фрейм	агенс	нысан	үдеріс	нәтиже
«Түсіну» фреймі	адам, субъект	ақпарат, жағдай, дерек	көру, есту, байқау, ойлау, салыстыру	ұғыну, түсіну, мәнін ажырату
«Білу / тану» фреймі	білуші	білім, факт, құбылыс	есте сақтау, салыстыру, категориялау	тану, білу, анықтау
«Ойлау» фреймі	ойлаушы	логикалық операция, талдау, синтез, салыстыру	қорытынды шығару	шешім, жаңа идея
«Еске түсіру / есте сақтау» фреймі	еске түсіруші	қайта белсендіру, ақпаратты жаңғырту	ассоциация, ұқсастық, триггер	еске түсу, есіне алу
«Түйсіну» фреймі	жүрегі сезетін адам	көңіл күй, реніш, қауіп, жақсылық	сезімдік қабылдау	интуитивтік таным

«**Түсіну**» фреймінде *түсіну, ұғыну, аңғару, байқау, зерделеу, ойына қону, көз жеткізу* етістіктері қолданылады. Фреймдік схемасы субъект → (перцептивтік қолжетімділік) → ақпарат → ой операциясы → түсіну түрінде болады. «**Білу / тану**» фреймінде *білу, тану, айыру, анықтау, танып-білу, есте сақтау* етістіктері қолданылады. Фреймдік схемасы бастапқы білім + жаңа ақпарат → сәйкестендіру → білу түрінде болады. «**Ойлау**» фреймінде *ойлау, толғану, пайымдау, түйсіну, тұжырымдау* етістіктері қолданылады. Фреймдік схемасы ойға келу → ойды өрбіту → ойды тереңдету → шешімге келу түрінде болады. «**Еске түсіру / есте сақтау**» фреймінде *еске алу, еске түсіру, жадында сақтау, ұмытпау* етістіктері қолданылады. Фреймдік схемасы сыртқы/ішкі стимул → жады → ақпаратты қайта жаңғырту → танымдық сана → еске түсу түрінде болады. «**Түйсіну**» фреймінде *жүрегі сезді, көңіліне қонды, іштей ұқты, жанымен түйсінді* етістіктері қолданылады. Фреймдік схемасы эмоция / интуиция → бейсаналық өңдеу → ішкі қабылдау → түйсіну түрінде болады.

Менталды етістіктер жүйелі түрде белгілі бір сатылардан өтеді. Соның негізінде фреймдердің динамикалық, уақыттық дамуын сипаттайтын модель – сценарий түзіледі. Менталды етістіктердің фреймдік моделі мен сценарийлік моделінің өзіндік ерекшеліктері бар:

– фреймдік модель статикалық білімнің құрылымын көрсетсе, сценарий динамикалық үдерістің дамуын көрсетеді;

– фреймдік модель компоненттердің тізімінен құралса, сценарий үдерісті білдіреді;

– фреймдік моделі не бар екені көрінсе, сценарийде қалай жүзеге асатыны бейнеленеді.

Екі модельді біріктіру арқылы менталды етістіктердің когнитивтік табиғатын сипаттауға болады. Сценарий бірнеше кезеңнен тұрады (Кесте 15).

Кесте 15 – Менталды әрекеттің динамикалық құрылымы

Сценарий кезеңі	**Когнитивтік мазмұн**	**Менталды етістіктер**	**Үдерістің нәтижесі**
перцепция	ақпараттың қабылдануы	көру, есту, байқау	инпут пайда болады
назар аудару	маңызды ақпаратты бөліп алу	аңғару, байқау	ақпарат белсенді болады
өңдеу	салыстыру, талдау, логикалық операция	ойлау, толғану, пайымдау	мағына қалыптасады
интерпретация	ақпаратқа мән беру, мәнін түсіндіру	ұғыну, санау, бағалау	қорытылады
түсіну / тану	менталды әрекеттің нәтижесі	түсіну, тану, білу	білім бекітіледі

Менталды етістік сценарийлерінің өзіндік ерекшелігін кесте түрінде көрсетуге болады (Кесте 16):

Кесте 16 – Менталды етістік сценарийлерінің ерекшеліктері

Сценарий	**Кезеңдер**	**Мини-схемалары**
«Түсіну» сценарийі	1-кезең: ақпараттың түсуі → көру, есту, тыңдау 2-кезең: назар аудару → байқау, аңғару 3-кезең: өңдеу → ойлау, салыстыру, талдау 4-кезең: интерпретация → мәнін ажырату, мағына беру 5-кезең: нәтиже → түсіну, ұғыну, көз жеткізу	көру/есту → назар аудару → ойлау → интерпретация → түсіну
«Тану» сценарийі	1-кезең: алдыңғы білімнің активтенуі 2-кезең: жаңа ақпаратпен сәйкестіру 3-кезең: айыру / категориялау 4-кезең: танудың жүзеге асуы	алдыңғы білім → жаңа ақпарат → салыстыру → айыру → тану

Кесте 16 – ның жалғасы

«Есте сақтау» сценарийі	1-кезең: ақпараттың жадқа түсуі 2-кезең: сақталуы 3-кезең: белсендірілуі 4-кезең: қайта жаңғыртылуы (еске түсіру)	ақпаратты қабылдау → сақтау → активтендіру → еске түсіру
«Интуиция» сценарийі	1-кезең: ішкі сезімнің пайда болуы 2-кезең: эмоциялық сигнал 3-кезең: алдын ала болжау 4-кезең: сезімдік таным	ішкі сезім → эмоциялық белгі → болжам → интуитивтік таным

«*Ойлау*», «*Түсіну*», «*Жады*», «*Сезіну*», «*Шешім қабылдау*» сияқты фреймдердегі менталды әрекеттердің тілдік белгілері менталды етістіктердің мағынасы кездейсоқ емес, адам санасындағы үлгілер мен модельдерге негізделетінін көрсетеді.

Ойлау етістіктерінің лексика-семантикалық тобында «субъект – ойлау предикаты – нысан» құрылымындағы бірнеше семантикалық модель қалыптасады. Мұндай модельдер ойлау қызметімен байланысты әртүрлі денотат жағдаяттарды бейнелейтін сөйлемдерге тән.

«Адам бір нәрсе туралы ойланады» атты лексикалық вариант моделін құраушы компонент ретінде **ойлау, ой ойлау, ойлану,** *пайымдау, толғану, зерделеу, ой елегінен өткізу, мұқият қарастыру, қорыту, ойлану, ақылға салу* сияқты предикат етістіктері қатысады. Бұл етістіктер когнитивтік қызметтің нәтижесі болып табылатын интеллектуалдық таным жағдаятын бейнелейтін сөйлемдерде қолданылады. Бұл етістіктердің семантикалық құрылымында «ақыл-ой әрекеті», «ой қорыту», «идея қалыптастыру», «қорытынды жасау» сияқты дифференциалдық семалар өзектенеді. Мұнда субъект сыртқы дүниеден ақпарат алушы емес, керісінше, бар білімді ішкі менталды өңдеуден өткізуші ретінде көрінеді. Мысалы: ***Ой ойлау*** *үшін көз жұмуымыз да осы оңашалық, оқшаулық іздеуіміз тәрізді-ау. Қараңғы түннің осындай қадірі барын қалай пайымдамағам әлгінде* [128, б. 93].

Саған тіпті дәл осы сапарда әбден бас қойдым десем, тым бөсіп кетті деп ***ойлама*** [128, б. 94].

Ойлау етістіктері рефлексияны білдіреді. Контексте ойлаудың жүзеге асу жолдары нақтыланады. Ол субъектінің логикалық операцияларына (талдау, синтездеу, салыстыру, абстракциялау), сондай-ақ ішкі сөйлеу мен рефлексияға негізделеді. Ойлау әрекетінде көбінесе субъект жалғыз болады. Мысалы: *Әсіресе, бұның мінезіне қанық емес Тайланның әйелінің* ***не ойлағанын кім білсін****!* [127, б. 26].

«Босануға қанша қалды екен?» – ***деп ойлады*** [129, б. 15].

Мұндай сөйлемдер кейіпкердің ішкі ойын, жан дүниесін білдіреді. Ойлау интроспективтік сипатта**,** субъекттің өзіндік әлеміне бағытталған, ішкі диалог сипатындағы әрекет. Етістіктер адамның ішкі психологиялық кеңістігін танытады.

Төл сөз бен автор сөзі түрінде келген құрылымдар кейіпкердің ұйғарымын білдіреді. Мысалы: «*Күшік, шешесіне тартыңқырап кеткен бе, қалай?» –* ***деп ойлады*** *Әбілқайыр* [127, б. 21]. *Еламан оны ұйықтап кеткен болар* ***деп ойлады*** [129, б. 31]. Мұндай сөйлемдерде субъект белгісіз жағдайды сипаттайды. Ой рационалды, логикалы болып келеді де **коммуникативтік бағытты,** логикалық пайымдау сипатын танытады.

Сондай-ақ *ойлау* етістігі субъектінің ішкі ойын, сезіктенуін, күмәндануын білдіреді. Мысалы: «*Курнос Иван емес пе екен*?» **деп ойлады** [129, б. 32].

«*Бейшара не қып тұр екен*?» – **деп ойлады** [127, б. 9].

Мұндай сөйлемдерде ойлау әрекетіне **модальдік реңк үстеліп,** кейіпкердің көңіл күйі уайым, мазасыздықпен астасады.

Сонымен қатар *ойлау* етістігі мазасыздану, секемдену мәнін де білдіреді. Мысалы: *«Неге хабар болмай кетті? Соғысқа жіберіп қоймады ма екен?»* ***деп ойлады*** [129, б. 34]. *Бүгін күні бойы әйелін* ***ойлап, мазасы болмады*** [129, б. 8]. Келтірілген сөйлемдерде сұрақтардың үсті-үстіне берілуі, сөйлемде ойлау әрекетінің салдары ретінде мазасы болмады, көзін алмады сияқты сөздердің келуі эмоциялық жағдаятты нақтылай түскен.

Ойлау етістігі субъектінің уайымын да білдіреді. Мысалы: *Оны* ***ойлағанда*** *Әбілқайырдың сұп-сұр маңдайы тершіп шыға келді* [127, б. 31]. *Соны* ***ойлағанда*** *Әбілқайырдың іші қан жылап қоя береді* [127, б. 32]. *Сонда оның басында* ***іштей егіліп отырып ойлаған ойлары*** [127, б. 101].

Келтірілген сөйлемдерде *ойлау* етістігі *уайымдау, қамын жеу* етістіктерімен мәндес қолданылған. Бұл мән ойлау үдерісінің салдарын бейнелеуде автордың *сұп-сұр маңдайы тершіп шыға келді; іші қан жылап қоя береді, іштей егіліп отырып ойлаған ойлары* түрінде беруі арқылы да айқындала түседі. Ойдың эмоциялық тональдығы күшейіп, субъект *болуы мүмкін оқиғаны* елестетеді; ойлау негативті валенттілікке ие болады. Бұл сөйлемдерде **қорқыныш, қауіп, үрей** семалары өзектендірілген. Соның нәтижесінде ойлау эмоционалды күймен біріккен. Бұл ретте *ойлау* етістігінің сандық әрі сапалық белгілері көрінеді. Субъектінің ойы сан саққа бөлініп, шешімін таба алмай дағдарады. Ойлау нысандары ретінде сілтеу есімдіктері (*осыларды, оны, соны*), көптік мәнді зат есімдер жұмсалады (*шұршіт*). Дерексіз зат есімдерге көптік қосымшасы жалғанбауы тиіс болғанымен, шытырман ойдың көптігін көрсету үшін жазушылар мақсатты түрде ой сөзін көпше тұлғада қолданады (*іштей егіліп отырып ойлаған ойлары*)**.**

Ойлау етістігі «*сағыну, ынтық болу, аңсау*» мәнінде де қолданылады. Мысалы: *«Жалтақтап қарай-қарай бай аулына, әнімді аңыратайын аяулыма. Өзекті өрт жайлайды* ***сені ойласам****, Су себер күнің бар ма қаяулыңа!» дейтін ынтызар тілек енді өз көңілімен үндесіп, өзгеріп, құбылып естіліп, аяқ астынан атқақтаған жүрегін тулатты да қойды* [128, б. 304]. *Иә, кейде жеңгенді* ***ойлайтыным*** *да, тезірек көргім келетіні де рас* [128, б. 69]. **Мұндай сөйлемдерде ойлау етістігі эмоциялық-экспрессивтік** сипат алады. Ойлау нысаны жылылықпен не сағынышпен елестетіледі. Ол *аяқ астынан атқақтаған жүрегін тулатты да қойды; тезірек көргім келетіні де рас; қатты сағынғанын*

сезінді; қашан көзі ұйқыға кеткенше күлімсіреп жатты сияқты субъектінің ішкі жан дүниесін, психологиясын танытатын тіркестер арқылы айқындала түскен.

Ойла етістігі ұмыта алмау етістігімен мәндес болып келеді. Мысалы: *Кім білсін, соны* ***ойлай ма****, Ақбала қазір тіпті көңілсіз* [129, б. 7]. *Жүрегінің басына запыран боп тұрып алар бір жәйттерді* ***ойлағысы келмей, көзін тарс жұмып алады*** [127, б. 19]. Келтірілген сөйлемдерде ойлау етістігі қайта-қайта есіне түсудің салдарын білдіреді.

Ойлау етістігі субъектінің ішкі ойын білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар **басқа адамның** ішкі әлеміне бағытталған әрекетін – менталды эмпатияны білдіреді. Мысалы: **Нені ойлайтынын, нені аңсайтынын** *ол кезде қайдан білейін?* [128, б. 88]. *Кім білсін кімнің* ***не ойлайтынын***? [128, б. 89]. Келтірілген сөйлемдерде ойлау етістігі негізінен риторикалық сұрақ түрінде келіп, психологиялық дистанцияны, белгісіздікті білдіреді.

Ойлау етістігі мақсат, ниет мәнін де білдіреді. Мысалы: *Көптен бері ат ізін салмай үнсіз жатқан ел жақсыларымыз дейтіндердің іштей* ***не ойлап, не бағатындарын*** *сұңғыла би айтқызбай-ақ сезетін* [128, б. 7].

Әйел түсінді ме, түсінбеді ме, түсі ігі қазақтың жамандық ***ойламайтынын*** *сезді ме, қайта-қайта басын изей берді* [128, б. 69].

Ойлау етістігі ақылға салу, **пайымдау, дұрыс шешімін табу** үдерісін де білдіреді. Мысалы: *Осы арада оны құлым қылу үшін не бұйырсам екем деп* ***ойладым*** *да қапелімде жөнді ештеңе* ***ойлап таба алмадым*** [130, б. 16]. *Осы күнгі жас* ***ойындағысын ойласпай*** *істейді ғой* [129, б. 19].

Ойлау етістігі «*мән беру, байыбына бару, түсіну*» мәнінде де қолданылады. Мысалы: *Сен өлген балаңа жылап жатырсың, менің, тым құрыса, молада да тілекшім жоқ екенін* ***неге ойламайсың****, – деп өмір бақи тірі жанға тісінен шығармай, өзегін өртеп жатқан ащы сырды – өзінің баласыз, жалғыз, қу бастығын айтты да, тоқтады* [129, б. 31]. *Бітеудей қылқ еткізіп жұта салады да, обал-сауабын* ***ойлап та бас ауыртпай*** *тағы бір жемтігіне асыққан жемсауын толтыру үшін қызыл көрген өгіздей қанталаған көздерін шаңырақтай дөңгелентіп, мүйізін шайқап, аяғымен жер күреп, топырақ боратып, өршелене түсед*і [128, б. 235].

Ойла етістігінің болымсыз тұлғада қолданылуы арқылы қалыптасқан тіркес көп. Мысалы: *Әлде елдеріне* ***ойламаған жерден*** *бірдеңе тап болды ма екен?* [127, б. 258]. ***Ойламаған жерден*** *қапталдан тиген қалың жауға, қапелімде, айла таба алмай қалса керек, бықпырт тигендей жайрап қалыпты* [127, б. 484]. Бұл тіркес *ойламаған жерде, ойламаған тұсынан* түрінде де қолданылады. Мысалы: ***Ойламаған жерде*** *өлгені тіріліп, өшкені жанды* [127, б. 490]. *Ойраттың* ***ойламаған тұсынан*** *тұтқиылдан қос қаптал дап тиіп, шұғыл аралассақ деймін* [128, б. 354]. Келтірілген сөйлемдерде *ойламаған жерде, ойламаған жерден, ойламаған тұсынан* тіркестері аяқ астынан, күтпеген жерде деген мағынада қолданылады.

Еламан: «Күте тұруым керек пе еді?» - деп ***ойлағанша болмады****, Федоров:*

– Аз- и- ат! Дикарь! – деді де, Еламанды жағынан тартып жіберді [129, б. 34].

«Ә, Алдекең ауыз ашуға отырған екен», – деп ***ойлағанша болмай*** *шұнақ құлақ, күж қара төбет аттың мінер жағынан арс етті* [129, б. 24].

Келтірілген мысалдардағы *ойлағанша болмады, ойлағанша болмай* тіркестері үнемі қатар қолданылуының нәтижесінде «сол бойда, бірден» деген мәнді білдіретін тұрақты тіркеске айналған. Бұл тіркес Ә.Нұрпейісовтың шығармаларында жиі кездесетінін байқадық.

Ойла етістігі үнемі болымсыз мәнде қолданылуының нәтижесінде *ойламай-ақ қойды, ойлаған жоқ, ойламай-ақ қойды* сияқты тіркестер қалыптасқан. Мысалы: *Бірақ бұларға қаны қанша қатса да, жаулыққа тап осылай шұғыл кірісе қояр деп* ***ойлаған жоқ****-ты* [129, б. 33]. *Есептен ұтылмай,ептен тосылмай өтуге жанталасқан шіркіндер ел қамын* ***бір ойламай-ақ қойды*** *ғой* [128, б. 9]. Мұндай сөйлемдердегі аталған тіркестер ойламау әрекетінің ұзаққа созылғанын, кейде тіпті елеусіз қалғанын білдіреді. Ол сөйлемде ойламау етістігінің бір сан есімінен кейін келуі арқылы нақтылана түседі (*бір ойламай-ақ қойды*). Бұл мән сұраулы сөйлемдер арқылы да беріледі. Мысалы: *Саяқтаған шіркінді текті айғырдай осы бастан тістеп, тарпып, тепкілеп бездірмесек, алдымдағы үйірді омыраулап, анау ен жайылған қосты дүркіретіп қуалап алып кетер.* ***Осыны неге ойламаймыз*** [128, б. 10]. ***Сонысын ойладыңыз ба?*** [128, б. 12]. Келтірілген сөйлемдер жауап беруді қажет етпей, еске салу, ескерту түрінде қолданылады.

Сондай-ақ жауапты қажет етпейтін риторикалық сұрақ түрінде келген сөйлемдер іс-әрекеттің тосыннан болғанын білдіреді. Мысалы: *Оның үстіне өзі ұмыта жаздаған нағыз аты-жөнін вице-канцлер біледі екен* ***деп кім ойлаған?*** [127, б. 172*]. Көк найзаның ұшы, ақ білектің күші сес болудан қалар деп* ***кім ойлаған****?* [128, б. 45].

Сонымен қатар болымсыз тұлғада қолданылған етістіктер ойлау әрекетінің тездігін білдіру үшін де қолданылады. Мысалы: *Не де болса,* ***ойланып жатарға мұрша жоқ*** [127, б. 8]. *Әуелетіп ән салмаса да, бір қақпайы болатын. Ізіне салынып түспесе де, кезі келгенде құрдас арасында қағытпа әзілді шумақтарды* ***көп ойланып жатпастан*** *құрастыра қоятыны да бар* [128, б. 307].

Ойла етістігімен тіркескен *жатыр* етістігі қимыл-әрекеттің созылыңқылығын білдіргенмен, келтірілген мысалдарда болымсыз тұлғада қолданылуы, **-мастан/-местен** тұлғасында, *мұрша жоқ* сөздерімен тіркесуі арқылы қимыл-әрекеттің тез, шапшаң болғанын білдіріп тұр.

Болымсыз тұлғада қолданылған не риторикалық сұрақ түрінде келген сөйлемдер әрдайым іс-әрекеттің жүзеге аспағанын білдіре бермейді. Кейде, керісінше, ойлайтынын, білетінін, түсінетінін баса көрсету үшін де қолданылады. Мысалы: *Ар жағында, көмейінде бүгулі қалған: «Бертіс көксаудың біріміздің соң бірімізді шеттетіп кемсіте бастауы, өзінің ғана аты мен затын оздыртпақшы боп жасаған сасық қулығы екенін жұрт түсінбес* ***деп ойлай ма екен»*** *дейтін ренішін сыртқа шығарған жоқ* [128, б. 66]. *Ел қамы деймісіз?! Сіз жеген ел қамын мен* ***ойламас па екем?*** [128, б. 80].

Сөйлемде сұрау есімдіктері, сұраулық демеуліктер қайталанып келуі арқылы субъектінің позициясы анық емес екені білдіріледі. Мысалы: *Әбілқайыр*

өзектесім деп ***өзгені ойлады ма, өзегім деп өзін ойлады ма, –*** *мына харекеті кей-кейде ертеңгі үлкен зобалаңның алдын алар тосқауылдай нобай көрсетеді-ау* [128, б. 16]. ***Не ойлап, не бағып отыр*** *екен* [128, б. 101].

Ойла етістігінің сұраулы сөйлем түрінде келуі ойлау әрекетіне **модальдік** реңк (*сенімсіздік, таңдану, кекесін, реніш*) қосады. Сұраулы форма ойлаудың **әлеуметтік-коммуникативтік бағалау ыштық мәнін білдіреді.**

Ойла етістігінің қайталануы көбінесе ойлау әрекетінің ұзаққа созылғанын білдіреді. Мысалы: *Екі дүние арасында жабырқау* ***ойды жанына серік қып****, күні бойы күйбеңдеп жүріп өмір жөнінде* ***ойлайды****. Өзі жөнінде* ***ойлайды****. Өзінің теңіз үстінде ғана емес, өмірде де жалғыз екенін* ***ойлайды*** [129, б. 5].

Ойла етістігі қимылдың созылыңқылығын білдіретін *жүр, жатыр* етістіктерімен тіркесу арқылы да ойлау әрекетінің ұзақтығын білдіреді. Мысалы: *Еламан тағы да әлгі аппақ келіншек жөнінде* ***ойлап бара жатқан*** *күнәһар көңіліне ызаланып: «Осы бүгін маған не болды? Әлгі сайқал қайда?»-* ***деді ішінен*** [129, б. 33]. *Құлағына құйып кет менің арманымды.* ***Не ойлап жүргені*** *бар екен?* [129, б.19].

Сонымен қатар **ойла** етістігіне -**ыңқыра/-іңкіре** жұрнағы жалғану арқылы да іс-әрекеттің үдемелілігін дүркінділігін білдіреді. Мысалы: *Жігіттің* ***ойланыңқырап барып*** *келіскенін өзінше жорыған Жырғал Қазыбектің бейіл құрметін одан әрі асырды* [128, б. 110]. *Қайып хан да* ***ойланыңқырап*** *томсарып, мыңбасыларына сұраулы жүзін қыдыртты* [128, б. 348].

Бұл функционалды-семантикалық өрістегі етістіктер ойлау әрекетінің ұзақтығымен қатар ойдың көптігін, алуан түрлілігін де білдіреді. Мысалы: *Сұлтанның өзгеден гөрі өзін* ***көп ойлайтын*** *қарабайыр пендеге айналып кеткені көңілді құлазытады да* [128,б. 8]. *Әй,* ***түптен түкпірлеп ойлайды-ау*** *ол* [128, б. 8].

Ойлау әрекеті жеке адамға емес, көпшілікке қатысты болған жағдайда көптің сөзі, пікірі жайында баяндалады. Мысалы, *Ал, бірақ... ел арасының өзің туралы* ***не ойлайтынын айта кетейін*** [129, б.26]. *Күмілжіп күлтілдетпей, қасқайып баса айтайық десе, еліннің ертеңін* ***ойлағаны да*** [128, б. 68]. 1 – сөйлемде «елдің не ойлайтынын» жеткізу үшін кейіпкер ел арасындағы қаңқу сөзді нысанға алады. Ал 2 – сөйлемде ел ішіндегі ауызбіршілікті, ынтымақты білдіреді.

Сонымен, **ойлау** етістіктерінің семантикалық өрісінде менталды әрекеттің бағыттылығы (*әйелін ойлап, мазасы болмады; жеңгенді ойлайтыным; Ақбаланы ойлағанда; Өзекті өрт жайлайды сені ойласам; Сіз жеген ел қамын мен ойламас па екем; осыларды, оны, соны*, *шүршітті; өмір жөнінде ойлайды, өзі жөнінде ойлайды* т.б.) және ой нысанының абстрактылығы («мәселе», «құбылыс», «жағдай», «шешім», «жоспар») сияқты құрылымдық-семантикалық ерекшеліктер өзекті көрінеді**. Ойлау** етістіктерінің семантикалық құрылымында **«менталды әрекет» (**субъектің ішкі ақыл-ой қызметін белсенді жүргізуі); **«бағыттылық»** (ой нысаны, мазмұны, себептік негізі); **«бағалау»** (позитивті/негативті эмоционалды реңк); **«ішкі сөйлеу»** (ойдың іштей айтылуы); **«болжам/күдік»** (белгісіздікке қатысты ой); **«уайым/қам жеу»** (эмоционалды-

коммуникативтік компонент) сияқты **дифференциалдық семалар** өзектенеді. **Ойлау** жағдаяты эмпирикалық танымнан өзгеше сипатта болады. Мұнда субъект ақпарат алмайды**,** керісінше бар ақпаратты өңдейді**,** салыстырады, болжап, бағалайды.

Көркем мәтіндегі ойлау етістіктерінің қолданыстарын талдау арқылы бұл етістіктердің *рефлексияны**,** ішкі диалогты**,** көңіл күйді**,** субъектінің болжауын, ниеті мен мақсатын, уайымы мен көңілсіздігін, бағалауын білдіретіні анықталды.* Контекстік қолданыста бұл етістіктер адамның қандай да бір мәселенің мәнін ұғуы, белгілі бір құбылысты түсіндіріп беруі, шешім қабылдауы, болжам жасауы, пікір қалыптастыруы т.с.с. интеллектуалдық үдерістерді бейнелейтін лексикалық модельдерде қолданылады. Сол арқылы ойлау етістіктері

- менталды **актіні білдіреді** (*ойлады, ойға батты, ойлағысы келмеді*);
- субъектінің э**моциясын білдіреді** (*ойлағанда іші қан жылады, жүрегін тулатты*);
- **бағалауын, болжауын білдіреді** (*деп ойлады, деп ойлаған жоқ*);
- **ниет-пиғылын білдіреді** (*жамандық ойламайды, қастық ойлаушы емес*);
- **өзге адамның психологиясын, ішкі пікірін интерпретациялағанын білдіреді** (*не ойлағанын кім білсін?*);
- **сұраулық-риторикалық мәнді білдіреді** (*кім ойлаған?, ойламайсың ба?*) т.с.с.

«Адам алдын ала болжайды, жорамалдайды» атты лексикалық вариантын құраушы компоненттер ретінде *болжау, жорамалдау, мөлшерлеу, пайымдау, байыптау* сияқты предикат етістіктер алынады. Бұл менталды етістіктер **ой нысаны туралы алдын ала пікір білдіру, жорамалдау жағдаятын** бейнелейтін сөйлемдерде қолданылады. Мұндай пікір не болжам әдетте **ықтималдыққа немесе мүмкіндікке** сүйеніп, сөйлеушінің субъективті бағамы түрінде көрініс табады. Мысалы: *Өйткені талабың да, өрісің де алдында. Өрісіңнің кең, талабыңның биік боларын **әлден-ақ болжаған** түрің бар* [128, б.15]. *Алыстан **болжағаныңызды** жақыннан жолықтырып, үйлестіріп жүрген көп жоқшыларыңыздың бірі болудан жаңылған күнім болмағанын білесіз ғой* [128, б. 461].

Болжау етістігі «*алдын ала жорамалдау*» мәнінде ғана емес, «*тану, түсіну, ұғыну*» мәнінде де қолданылады: *Жер үстіндегі қыр мен сырдың тығылуы мен құбылуын ғана емес, жеті қат жер астындағы күбір-сыбырдың да **төркінін тап басып, қапысыз бажамдап, болжап отыратын** сергек Төкем, асылзат Төле би ағам да тап сол жолы даңғылын сүрлеуге айырбастап ала қоймақ болған Ұлы жүздің біраз биінің екі иығын қомдап, қос жауырынын қос төбедей өсіріп, Қайып ханға қол жайып баталарын беріп, татулықтың тың іргесіне әлдебір сынаны қағып жібергендерін көргенде қатты ренжіген-ді* [128, б. 343]. *Көз жеткен мен сөз жеткенді **болжасаңдар**, «исі қазақ» деген осы* [131, б. 264]. Келтірілген сөйлемдерде болжау етістігі *төркінін тап басу, қапысыз бажамдау, тану* етістіктерімен синоним ретінде қатар қолданыла алады.

Болжау, жорамалдау етістіктері **ой нысаны туралы алдын ала пікір білдіру, жорамалдау жағдаятына қатысты болғанмен, үшінші сөйлемде болжау әрекетінің кеш болғаны (***кеш болжап, кеш таныған*) туралы сөз болып тұр. Бұл жерде *болжау* етістігі «*түсіну, ұғыну*» мәнінде қолданылған.

«Адам бір нәрсені терең ойлайды» атты негізгі лексикалық вариантын құраушы компоненттер ретінде *толғану, ойға берілу, ой дәмін [дәмінен] тату, ой елегінен өткізді [елегіне салды], ойға батты [қалды, түсті, шомды], ой дариясына малтықты [шомды], ой түбіне жетпеді [жете алмады], ой түкпірін ақтарды* т.с.с. предикат етістіктер алынады. Бұл етістіктер субъектінің **ойға берілу, толғану, зейін қою күйін** сипаттайтын сөйлемдерде қолданылады. Олардың семантикасында ойлау үдерісінің **сапалық және сандық белгілерін сипаттайтын дифференциалды семалар** бар. Сөйлеу барысында бұл семалар әртүрлі контекстуалды құралдар арқылы нақтыланып, өзектенеді. Мәселен: *Тағы да жаңағы бір кездегі ертегі кемесіндей, тылсым дүниесіндей көрінген тау, тастарды шола тұрып, өзгеше бір* ***ойға кетті*** [131, б. 281]. *Әбілқайыр* ***ойға шомды-ақ,*** *әлдебір сиқыр дауыс намысын шабақтап, құлағына қайдағы-жайдағыны құяды да жатады* [127, б. 231].

Ойға батты, ойға шомды, ойға кетті етістіктері іс-әрекеттің ұзақ болғанын көрсетіп, менталды әрекеттің сандық сипатын білдіреді: *Әбілқайыр бір* ***шытырман ойға батты***. ***Күн ойланды, түн ойланды*** *– бір түйінін тапты. Бірақ, ол жайында ешкімге лəм-мим сыр ашпады* [127, б. 7]. *Батырдың манадан үнсіз қап,* ***ұзақ ойға шомған*** *халін бұзбай қимыл-қыбырсыз томсарған қасындағы серіктері енді жыбыр ете қалысып, Түйтеге назар тіктеді* [128, б. 191]. Бұл сөйлемдердегі *күн ойланды, түн ойланды; ұзақ ойға шомған* сияқты тіркестердің қатысуы арқылы квалификативтік дифференциалды семалар өзектене түседі. Мұндай қолданыс түрлі фактілерді ойша қарастыруды, белгілі бір қисынды пайым жасап, қорытынды шығаруды талап ететін нақты, бағдарланған ойлау әрекетін білдіреді.

Менталды әрекеттің сандық әрі сапалық сипатын көрсететін етістіктер «оқшаулану, оңашалану» семасын білдіретін сөздермен (*кірпіктерін кілгірте жұмып; былқылдақ мамық төсекке шалқасынан түсіп; шалқасынан түсіп, көзін жұмып* т.б.) тіркесіп қолданылады: *Ақ сұр кісі көз алдында сайрап тұра қалған жиырма бір тастан құтылмақшы болғандай сояу кірпіктерін кілгірте жұмып* ***ойға шомды*** [127, б. 4]. *Шалқасынан түсіп, көзін жұмып* ***ойға батып жатқан*** *Мәті. Сонда оның басында* ***іштей егіліп отырып ойлаған ойлары*** [127, б. 101].

Сонымен қатар мұндай етістіктер іс-әрекеттің созылыңқылығын білдіретін қалып етістіктерімен тіркесіп, менталды әрекеттің сапалық әрі сандық сипатын білдіреді: *Оның қасындағы қою қас, қыр мұрын, монтаны көз Мұқанбет қожа томсарып келе жатқан серігі мен сары ала күймеде* ***ойға батып келе жатқан*** *орыс елшісіне кезек-кезек жалтақтап қояды [127, б. 168]. Бағана Әбіш әкеп қалдырған Мәкеннің арызын* ***ойға салып отырған*** *Маковецкийдің түсінігі осылай ед*і [131, б. 93].

Менталды әрекеттің сапалық сипаты ойдың көптігін, алуан түрлілігін білдіретін сын есімдердің анықтауыш ретінде жұмсалуы арқылы да көрінеді.

Мұндай етістіктер назарды **үдерістің өзіне тән мөлшерлік сипатқа** аударатын контекстерде жұмсалады: *Міне, осы екі жайды кезек салмақтап, бір байлауға келу сотты да* ***көп ойға салған*** *жай болды* [127, б. 101]. ***Қалың ойға шомғандағы*** *інісінің осы әдетін соңғы кездері Дау жиірек көріп жүрген* [128, б. 149]. *Осынау үш күндік жолда серіктестерінен әртүрлі мінез көріп,* ***әртүрлі ойға шомған-ды*** [128, б. 290]. Келтірілген сөйлемдерде *ой* сөзінің *көп, қалың, ауыр, әртүрлі* сын есімдерімен тіркесуі арқылы ойлау әрекетін сапалық тұрғыдан нақтылай түскен.

Терең, қалың ойға батқанда көп жағдайда ойдың нысаны жағымсыз, шошытатын нәрсеге қатысты болады: *«Тұқымсыз кетті деген сол-ау!» дейтін құбыжық* ***ойға батсам****, жалына қол апартпай, қосаяқтап аспанға шапшитын кей қиқарларға мән-жайды қалай түсіндірем деп сең аққан балықтай мәңгіріп қалатыным бар, – деп би ауыр күрсінді* [128, б. 15]. *«Әжі сұлтанның ордасы боларсың!» деген* ***ойға ойысқанда*** *Бөгенбайдың денесін бір суық аяз қарып өткендей болды* [128, б. 290]. *Апырай, қайдағы сұрқия сөздер* ***ойға түсетіні қалай****?..* [128, б. 190].

Сондықтан мұндай ой кейін уайымға, қайғы-қасіретке ұласады. Мұндай менталды етістіктер әрекет иесінің мазасы кетіп, дегбірі қашқанын да білдіреді: *Жоқ! Ұйқы қайда,* ***ойға баттым*** [128, б. 75]. *Үнсіз,* ***тынышсыз ойға батқан*** *арлы жас бір кезек «жұртқа әлек салдым ба, Абайға азап әкелдім бе?» – деп те қиналып қалады* [131, б. 87]. Бұл мән етістіктердің *үнсіз, тынышсыз ойға бату; ойға бата елегізитін белгісіз үрейлі секемі* сияқты сөздермен тіркесуі арқылы күшейе түседі.

Ойға батты, ойға шомды, ойға кетті құранды етістіктерінің басыңқы сыңары тура мағынасында көбінесе суға қатысты қолданылады. Су сөзінің орнына *ой* сөзі қолданылғанда да суға батып бара жатқан адамның кейпін бейнеледйді: *Мынау жұмбағы жетіп артылатын жалғанда* ***ойға бойлаудан қиямет*** *ештеңе жоқ шығар–ау. Бойладым дегенше парықсыз дүниенің* ***пәтуасыз тасырлығына батып-шығып, қақалып-шашалып өліп-тірілесің-ау.*** *Қошқарбай да ал осы күйге, дәл осы* ***халге сүңгіді де кетті*** [128, б. 283]. «*Тұқымсыз кетті деген сол-ау!» дейтін құбыжық* ***ойға батсам****, жалына қол апартпай, қосаяқтап аспанға шапшитын кей қиқарларға мән-жайды қалай түсіндірем деп* ***сең аққан балықтай*** *мәңгіріп қалатыным бар, – деп би ауыр күрсінді* [128, б. 15]. Келтірілген мысалдарда С.Сматаевтың қолданысында ойға бату менталды әрекеті суға бату әрекетімен байланыстырылғанын көреміз. Ол жазушының *ойға бойлау; бойладым дегенше; батып-шығып, қақалып-шашалып өліп-тірілесің-ау; сең аққан балықтай* сияқты сөздері арқылы нақтылана түскен. Сондай-ақ жазушы қолданысында кейде *ой* тұманға да ұқсатылады. Ондай контекстерде де С.Сматаев *сүңгі* етістігін қолданады: *Сен жаққан отқа менің неге өртенуім керек деп тұп–тура шайнап тастардай өре тұратындар дәл осы ағайын арасынан табылмаса, мұрнымды кесіп берейін» дейтін* ***ой тұманына сүңгіген*** *Ақаға түн ортасынан ауып кетсе де ұйықтамай отырған ауылдың Тай келтір би екеуінің шешімін шыдамсыз күтуде екенін, әрине, сезеді* [128, б. 274].

«Адам бір нәрсені терең ойлайды» деген мәнде қолданылатын менталды етістіктер көбінесе ой сөзін деректі зат есімдердей сипаттайды: *Осы **ойға тірелгенде** бүкіл жас жаны ыршыды* [128, б. 103]. *Халықтан халыққа жетер қасиет бар ма?! – деп, тағы бір **ойға түйіле** бергенде, Абай сүйсініп жадырай түсті* [131, б. 262]. Яғни ой сөзі деректі зат есіммен тіркесіп, нақты нысанды көрсету үшін қолданылатын етістіктермен (*тоқта, тірел, сал, шом, ал, түйіл*) байланысады. Бұл топтағы етістіктер менталды әрекеттің еріксіз болғанын білдіреді: *Бірақ осымен қатар Мағаш қазасының үстінде саналы жандарды еріксіз басқаша **ойға салатын** тағы бір жай анық, айқын көрінді* [131, б. 87].

Ойды деректі зат есім ретінде сипаттау арқылы ол түбі бар; түйінге айналатын; сарауға келетін; шарлауға болатын; қуалауға келетін зат ретінде сипатталады: *Асылым, арысым!.. Қайран ұстазым, ағажаным!. – деп, Мәкенмен екеуі ғана болған сәтте осындай **ой түбіндегі оқшау шерін шеккен-ді*** [131, б. 236]. ***Ой** шіркінді мен **саумайды** деймісіз? **Шарламайды** деймісіз сансыз із-түзсіз шиырды? Одан пайда не? Не жынның сыбырын, не перінің жыбырын естірсің **ой түбін қуалай берсең**. Одан жалығып та, түңіліп те біткем әбден* [128, б. 14].

Көрнектілік үшін **ой** сөзі *түсіру, тастау, салу, тарату* сияқты етістіктермен тіркестіріліп, фразеологизм ретінде қалыптасқан: *Дәл осы күндерде тағы да дос жүрегімен Абайға аса **терең ой түсіріп,** жаңағы Павловша жұбата біліп хат жазған ескі досы Евгений Петрович Михайлов еді* [131, б. 174]. *Алысар болса, әні, сонысымен алыссын да! – деп, үлкен адамгершілік оймен бір **ой тастады*** [131, б. 184]. *Қандай қадірлісі еді халықтың Абай! Оның тілімен зарлы, шерлі аналар жылап еді. Саналы ата, ойлы азамат **ой таратып еді*** [131, б. 356].

Ой сөзінің *түйді* етістігімен тіркесуі нәтижесінде ойлау әрекетінің нәтижесі ретінде «*ойын қорытты, қорытындыға келді, шешімге келді*» деген мәндегі тіркестер қалыптасады: *Ұзақ шеккен қапа-қасіреттен соң Дәрмен ес жия бере, **бір-ақ ой түйді*** [131, б. 235]. *Ас алдында Жамбыл өзінше бір **ой түйді*** [131, б. 166]. Яғни *ой түйді, ойын түйіндеді* етістіктері **ойлану үдерісінің аяқталуын** білдіреді.

«**Адам ойын жинақтап, қорытынды жасайды**» атты негізгі лексикалық вариантта модель құраушы компоненттер ретінде *пайымдау, аңғару, аңдау, ой түю, тұжырымдау, тұжырымға келу, пәтуаласу, пәтуа іздеу, пәтуа байласу, пәтуаға бел буу, пәтуа күту, пәтуа іздеу, пәтуа табу, пәтуа қылу, пәтуаға келу, пәтуа басу* т.б. етістіктер алынады. Бұл етістіктер **талқылау-пайымдау** жағдаятын білдіретін сөйлемдерде қолданылады, мұнда белгілі бір тақырып төңірегінде логикалық дәйектелген ойлар мен тұжырымдар тізбегі құрылып, үдеріс тұжырым айту, пайымдау, қорыту әрекеттерімен сабақтасады. Мысалы: *Обшым келген соң мен саған түсіндіріп айтам бәрін де, –деді сөзін **асыға тұжырымдаған** Әжібек* [130, б. 161]. *Абылай дәл осылай бірден сілтей салар деп ойламаса керек, қапелімде **ой түймеген** бе, сұр түсі сәл қызарыңқы тартып тұрды да, қайтадан өз түсіне көшті* [128, б. 171]. Келтірілген сөйлемдерде

тұжырымдау, тұжырымға келу, пәтуаға бел буу, ой түю сияқты етістіктер арқылы ойды қорыту семантикасы берілген. Бір функционалды-семантикалық өрістің мүшелері ретінде етістіктер бір мақсатқа бағытталған ойлау үдерісін білдіреді.

Осы функционалдық өрісте қолданылған *пайымдау* етістігі де субъектінің менталды әрекетін білдіреді. Етістікке негіз болған пайым сөзі «Қазақ сөздігінде» «1. Адамның ой-өрісіне тән ұғым-түсінік, бір нәрсенің жөн-жобасы. 2. психол. Адам санасындағы ойлау үдерісінің тұжырымнан кейінгі натижесі» түрінде сипатталған [104, б. 1042]. ***Пайымда*** етістігі «аңғару, аңдау, байқау» мәнінде жұмсалады: *Қараңғы түннің осындай қадірі барын қалай* ***пайымдамағам*** *әлгінде* [128, б. 93].

Сонымен қатар осы функционалды-семантикалық өрістегі етістіктер де осы мәнде қолданылады. Мысалы: *Өстіп дуылдасып жүріп кештің қалай түскенін де* ***аңғармаппыз*** [130, б. 5]. *Бұл қапелімде жан-жағында жайрап жатқандардың қандай жануар екенін де* ***аңғармапты*** [127, б. 11].

Байқап отырғанымыздай, етістіктер бұл мәнде көбінесе болымсыз тұлғада қолданылады. Алайда болымды тұлғадағы қолданыстар да кездеседі: *Шиедей ерінін қымқыра тістеп, қымсына жол берген кер миық Пәтшайымның гүл-гүл жайнаған жүзіне көзі аңдаусыз түсіп кетіп еді, әдемі келіншектің бұлтиған бетінде жылт ете қалған бір жұмбақ күлкіні* ***аңдап үлгерді*** [127, б. 37].

Пайымда етістігі «*бір нәрсенің жайын ой елегінен өткізіп байқау, бағдарлау*» деген мәнде қолданылады. Мысалы: *Жас жігіттің бойындағы өзіне ғана жарасар еркіндігіне де, кіммен болса да тең сөйлесетін парасаттылығына да, небір қиын түйінді жеп-жеңіл шеше қоятын аңғарымпаздығына да тәнті болған ағалар енді сөзуар інінің қай аңғарға жалт беріп, қалай тосып тұрғанын* ***пайымдай алмады*** [128, б. 126]. *Көзін жұмып отырып-ақ көп нәрсені көретін кәрі түлкі талай нәрсені* ***аңғарған*** *шығар-ау* [127, б. 31]. ***Пайымдау, аңғару, аңдау*** етістіктері «*ажырату, айыру, айқындау*» мәнінде де қолданылады. Мысалы: *Біз оны жасөспірім ер бала шығар деп тұрғанбыз, енді даусынан әйел адам екенін* ***аңғардық*** [130, б. 167]. ... *Оны енді* ***ажыратып та, пайымдап та*** *жатқан қазақ бола қоймаған ғой* [128, б. 221]. Соңғы сөйлемде *пайымдау* етістігі *ажырату* етістігімен мәндес болғандықтан, бірыңғай мүше ретінде қолданылған.

Пайымдау етістігі «ақылға салу, зерделеу, тереңнен ойлау» деген мәнде де жұмсалады. Мысалы: *Құдіретті Қаратау мен қасиетті Ұлытауға ғана арқа тіреп, табан басқан қазағыңның керегесі бұрынғыдай Алатау мен Алтайда, Атырау мен Жайықта жайылмай қалғаны қалай? Соны* ***пайымдадың*** *ба, Барақ*? [128, б. 11]. *Бүкіл аңқау жұртты жеке өзі илемек болған қара ниетін қалай* ***пайымдамайық*** [128, б. 42].

Функционалды-семантикалық өрістегі етістіктер «сезу, байқау» мәнінде де жұмсалады. Мысалы: *Анау сұп-сұр жартастай сұлтан сұсының тек бұған ғана емес, мынау ауылға, би ауылына, қала берді мұқым Қаракесекке тегіс жайыларын да* ***пайымдады*** [128, б. 36]. *Жұбатқаны ма, жоқ әлденеге меңзеп табалағаны ма – жарғақ бет, шөлмек көз неме ішін* ***аңғартпайды*** [127, б. 31].

Сонымен қатар *пайымдау* етістігі «түсіну, парықтау» мәнінде де жұмсалады: *Өз ойында жоңғардан өтер мықты, ойраттан озар құдірет жоқтай көретін шіркін өзі заңғарға балаған сол асқарының аспан тіремек түгіл бұлтқа сес көрсете алмас жайдақ төбе ғана екенін осы қазір* ***пайымдай*** *бастап еді* [128, б. 15]. *Балалықтың даналығы боларын, төреліктің шалалығы боларын да сезіндім. «Бер!» деген сөзден гөрі «Ал!» дегеннің құдіреттілеу шығарын да* ***пайымдадым*** [128, б. 41].

Бұл мән функционалды-семантикалық өрістегі етістіктердің бәріне тән. Мысалы: *Қазыбек би дауысының қаттырақ, қаталырақ шығып кеткенін қарсы алдындағы алып дененің екі иығына суғына кіріп, төмен тұқыра түскен басынан* ***аңғара қойды*** [128, б. 249]. *Ақша батыр Тай келтір бидің шешілмесін жұмыла жоғалып кеткен көздерінен* ***аңғарды*** *да қап-қара боп демін дірілдетіп лықсыта шығарды* [128, б. 273].

«**Адам тізбекті ойын жинақтап, қорытынды жасайды**» атты негізгі лексикалық вариантын қалыптастырушы етістіктер ұзаққа созылған, асықпай, ақырын болған менталды әрекетті білдіреді. Мысалы*: Сондықтан да әккі Тәуке қазақ хандығының шын қауқарының қандай екенін патша сезіп қойғанша, не шік, не бүк түспей,* ***ақырын аңдай тұрғанды*** *мақұл көрді* [127, б. 134]. *Шын мықты бастық болса керек, тіпті шолақ қол өкілге дейін оның алдында бәйек қағып именшектеп тіке беттей алмай, анадайдан* ***қас-қабағын аңдап,*** *өзара күңкілдесіп қана сөйлеседі* [130, б. 293]. *Бұл мән сөйлемде ақырын сөзінің қолданылуы арқылы да өзектене түскен. Сонымен қатар аңда етістігінің аңыс сөзімен жиі тіркесуінің нәтижесінде аңысын аңдады тіркесі қалыптасқан. Мысалы: Ақырын жүріп, анық басып,* ***аңысын аңдады*** [127, б. 144]. *Ол: «****Аңысын аңдай*** *тұрайық!» – деп*ті [127, б. 157].

Пайымдау, аңғару, аңдау сияқты етістіктер бір адамның менталды әрекетіне қатысты болса, *пәтуаласу* сөзі көп адамның менталды әрекетіне қатысты болып келеді.

«Қазақ сөздігінде» *пәтуа* сөзінің дефинициясы «1. Белгілі бір іс жөнінде бітім, келісім, уәде, нәтижелі тоқтам, шешім. 2. Береке, тиянақ. 3. діни. Ислам дінінде белгілі бір іске, мәселеге байланысты дінбасының шығарған қарары, тоқтамы, шешімі» түрінде берілген [104, б. 1057]. Дұрысында, араб тілінен енген **пәтуа** сөзінің негізгі мағынасы – «белгілі бір іске, мәселеге байланысты дінбасының шығарған қарары, тоқтамы, шешімі» болуы керек. Соның негізінде басқа мағыналары пайда болған. Көркем шығармаларда көбінесе «белгілі бір іс жөнінде бітім, келісім, уәде, нәтижелі тоқтам, шешім» деген мағынада қолданылған. Пәтуа бірнеше адамның ортақ шешімі болғандықтан, көбінесе ортақ етіс тұлғасында қолданылады: *Ойдан шығарып жүрген бірдеңесі ме, жоқ исі қазақтың ауыз қосып* ***пәтуаласқан*** *әңгімесі ме? Біле кел!» – деп жұмсап жібермеді ме екен?!* [127, б. 31]. *Ал, Тарбағатайдағы жиында бұдан былай күллі ойрат басшысынан кеңесіне дейін бір жосық, бір жөнмен жүреміз деп* ***пәтуа байласыпты*** [127, б. 68].

Етістік ортақ етіс тұлғасында қолданылмаса да, сөйлемде бірнеше субъектінің болуы көпшіліктің ортақ шешімі екенін білдіреді: *Балықшылар әрі-*

бері толқып, ақырында Тентек Шодырдың дегеніне көнейік деген ***пәтуаға келді*** [129, б. 36]. *Осыған* ***пәтуа басқан*** *соң, Еламан таң біліне Мөңкені алып теңізге шықты* [129, б. 20]. Мұндай сөйлемдерде көпшіліктің ортақ шешімі екенін білдіру үшін бәрінің *бір ауыздан пәтуа қылғаны, соңыңа ерген мына халқың пәтуаға кеп отыр* сияқты лексикалық бірліктер қолданылады: *Петербургтан аттанар алдындағы бас қосқан мәжілісте* ***бәрінің бір ауыздан пәтуа қылғаны****, елдеріне орала, орыс өнерін мақтау, халықты сол өнердің қайнар бұлағы – орыс оқуына шақыру еді* [126, б. 349]. *Кәлен қарағым,* ***соңыңа ерген мына халқың*** *әрі ақылдасып, бері ақылдасып, ақыры бүгін бір* ***пәтуаға кеп*** *отыр...* [129, б. 202]. Бұл ретте *пәтуаға келу, пәтуа қылу, пәтуа шығару* етістіктерінің жиілігі жоғары.

Сонымен қатар ***пәтуа*** сөзі «*дұрыстық, тиянақ, берекет*» деген мағынада қолданылады да онымен тіркескен етістіктер соған сәйкес мәндерге ие болады: *Іргелі елдің елшісінің алдынан игі-жақсыларының бәрін қаздай тізіп, омырауын тіктеп, ығын қомдап, сән-салтанатымен шықпағасын, келіссөзден не* ***пәтуа күтпексің****!* [127, б. 205*]. Өзіміз де ойранымызды шығарып, жау тоқтатқанда* ***не пәтуа табамыз****?* [127, б. 254]. *Өзгеден қайыр, бөтеннен* ***пәтуа іздеді*** *деп мұны тілдейді* [127, б. 29]. Функционалды-семантикалық өрістегі етістіктердің қатысуымен жасалған менталды әрекет, ойлау үдерісі логикалық қорытынды жасау әрекеті ретінде сипатталады.

Сонымен, фреймдік және сценарийлік когнитивтік модельдер тіл арқылы репрезентацияланатын білімнің құрылымын, ұйымдасуын, танымдық үдерістердің динамикасын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл модельдер тілдік мағынаның статикалық емес, контекске тәуелді, көпқабатты, динамикалық сипатын ашуға бағытталған. Фреймдік модель тілдік бірліктердің негізінде жатқан концептуалдық білімді, яғни нысан не әрекет туралы құрылымдалған білім жиынтығын сипаттайды. Фреймдер когнитивтік санада ақпаратты ұйымдастыратын құрылым ретінде қызмет етіп, белгілі бір инпут не триггердің әсерімен белсенділігі артады. Осы тұрғыдан алғанда, фрейм тілдік мағынаның когнитивтік негізін, ал фрейм ішіндегі слоттар танымдық категориялардың өзара байланысын көрсетеді. Сценарийлік модель фреймге қарағанда динамикалық сипатымен ерекшеленіп, оқиға, әрекет, танымдық сатыларды мезгілдік, себеп-салдарлық қатынасын модельдейді. Сценарий белгілі бір типтік жағдаятта іске асатын әрекеттердің ретін көрсетіп, когнитивтік тәжірибенің процессуалдық қырын репрезентациялайды. Сценарий ойлау, түсіну, шешім қабылдау, коммуникация, әлеуметтік өзара әрекеттестік үдерістерін сипаттау үшін тиімді.

Зерттеу барысында фреймдік және сценарийлік модельдердің бір-бірін толықтыратыны, өзара байланыста болатыны анықталды: фрейм когнитивтік білімнің құрылымдық негізін қамтамасыз етсе, сценарий сол білімнің қалай жүзеге асатынын көрсетеді. Бұл екі модельдің интеграциясы когнитивтік үдерістерді кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар фреймдік және сценарийлік модельдер ұлттық-мәдени танымның тілдік репрезентациясын ашуда да маңызды рөл атқарады. Фреймдер мен сценарийлер белгілі бір этностың дүниетанымын, аксиологиялық бағдарын, мәдени кодын бейнелейді. Фреймдік, сценарийлік когнитивтік модельдер тілдік мағынаны

статикалық құрылым ретінде емес, динамикалық, көпдеңгейлі және контекстуалды танымдық жүйе ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл модельдер менталды етістіктердің семантикасын, дискурстық құрылымдарды, танымдық әрекеттерді талдауға жол ашады.

Менталды етістіктер тілде семантикалық жүйе құрып, функционалды-семантикалық өріс ретінде ұйымдасады. Функционалды-семантикалық өріс теориясы бойынша (А.В.Бондарко), тілдік бірліктер ортақ семантикалық функция негізінде бірігіп, көпдеңгейлі құрылым түзеді. Мұндай өрістер ядро, жақын аймақ, периферия (шеткергі аймақ) сияқты құрылымдық бөліктерден тұрады. Ядро өрістің негізгі мағыналық орталығын құраса, периферия ол мағынаны толықтырып, кеңейтеді. Қазақ тіліндегі менталды етістіктер де адамның танымдық әрекетін білдіретін біртұтас функционалды-семантикалық өріс құрап, иерархиялық құрылым арқылы ұйымдасады. Бұл өрістің негізінде адамның ішкі психикалық әрекеттерін білдіретін етістіктер жатыр. Мұндай етістіктер адамның ойлау, қабылдау, түсіну, бағалау, эмоциялық қатынас сияқты когнитивтік үдерістерін репрезентациялайды (Кесте 17).

Кесте 17 – Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі

Ядро (негізгі когнитивтік әрекеттер)	**Жақын аймақ (интеллектуалдық өңдеу әрекеттері)**	**Периферия /шеткергі аймақ (бағалау, эмоция)**
Перцептивтік және когнитивтік етістіктер (*көр, байқа, есті, түсін, ойла, ойлан*)	Ақпаратты өңдеу, салыстыру, логикалық қорытынды жасау әрекеттерін білдіретін білдіретін етістіктер (*ұғын, пайымда, талда, есепте, сана, жоспарла, тұжырымда*)	Ақпаратқа қатысты эмоциялық, субъективті қатынасты білдіретін етістіктер (*сен, нан, күмәндан, шүбәлан, уайымда, күдіктен, алаңда*)

Өрістің ядросына таным үдерісінің негізгі кезеңдерін білдіретін етістіктер жатады. Бұл топтағы етістіктер адамның таным әрекетінің негізгі механизмдерін (қабылдау → түсіну → ойлау) білдіреді. Жақын аймаққа адамның логикалық пайымдауын, интерпретациясын білдіретін етістіктер жатады. Шеткергі аймаққа адамның бағалау, сенім, күмән, эмоциялық күйін білдіретін етістіктер жатады.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінің құрылымын анықтауда олардың мәтіндегі қолданылу жиілігі маңызды көрсеткіштердің бірі саналады. Жиілік талдауы тілдік жүйеде қандай элементтердің орталық, қайсысының перифериялық қызмет атқаратынын анықтауға жол ашады. Сонымен қатар менталды етістіктердің мәтіндегі қолданыс жиілігін анықтау олардың когнитивтік қызметін, семантикалық құрылымын, тілдік жүйедегі орнын айқындауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» негізінде менталды етістіктердің абсолютті жиілігі, сөздің мәтінді қамту пайызы анықталды (Кесте 18).

Кесте 18 - Менталды етістіктердің абсолютті жиілігі мен сөздің мәтінді қамту пайызы


Ойлау және пайым-дау етістік-тері	Білу және түсіну етістік-тері	Есте сақтау және еске түсіру етістіктері	Қабылдау (перцеп-тивтік) етістіктер	Сенім және бағалау етістік-тері	Ниет және шешім етістік-тері	Пікір және көзқарас білдіру етістік-тері	Сезім мен ішкі күйге қатысты менталды етістік-тер
ойла 5706 (70,12803)	біл 165 (26,09151)	жаттат 19 (42,59244)	көр 13790 (55,51566)	сен 2006 (80,04830)	ниеттен 42 (69,61655	есепте 1406 (36,31212)	уайымда 38 (92,91769)
ойлан 613 (70,16671)	түсін 5113 (92,18271)	ұмыт 1607 (93,86468)	есті 1081 (36,58628)	нан 61 (69,49067)	жоспарла 970 (45,25914	есептел 477 (36,34222)	алаңдат 15 (5,71382)
пайымда 186 (77,00332)	түсіндір 2165 (92,31932)	ұмыттыр 60 (93,86846)	естіп-біл 18 (36,65197)	нандыр 13 (69,49149)	жоспарлан 338 (45,28047)	есептелін 26 (36,34386)	күдіктен 39 (57,27972)
толған 118 (87,50296)	түсіндіріл 42 (92,32197)	ұмытыл 44 (93,87124)	естіп-көр 4 (36,65222)	наныңқыра 1 (69,49155)	жоспар-лас 8 (45,28097)	есептес 58 (36,34752)	күмәнда н 67 (57,53697)
толғандыр 119 (87,51047)	түсініл 30 (92,32386)	ұмытыңқыра 1 (93,87130)	естіп-тыңда 2 (36,65235)	күмәндан 67 (57,53697)	бекін 97 (14,52019)	сана 980 (78,99347)	
толғант 2 (87,51059)	ұғын 246 (92,98299)		есіт 185 (36,69892)	шүбәлан 10 (97,30320)		санал 963 (79,05423)	
	ұғындыр 61 (92,98684)		байқа 3238 (11,46127)			тұжырымда 782 (88,76917)	
	ұғыныл 15 (92,98779)		аңғар 300 (6,36027)				
	ұғынып-сезін 1 (92,98785)		аңғарт 62 (6,36418)				

Кесте 18 – жалғасы

	ұғып-біл 3 (92,98804)		аңғарыл 17 (6,36525)				
	пайымда 186 (77,00332)		аңда 77 (6,37011)				
	пайымдал 10 (77,00395)		тыңда 25 (92,59859)				
	пайымдат 2 (77,00408)		тыңдал 35 (92,60080)				
			тыңдас 10 (92,60143)				
			тыңдат 19 (92,60263)				
			тыңдат-қыз 2 (92,60276)				


Қазақ тіліндегі менталды етістіктерге жүргізілген жиілік талдауы олардың семантикалық құрылымының белгілі бір иерархиялық жүйе арқылы ұйымдасатынын көрсетеді. Жиілік талдау қазақ тіліндегі менталды етістіктердің ішінде перцептивтік және когнитивтік етістіктердің жиілігі өте жоғары екенін көрсетеді. Әсіресе *көр* етістігінің жиілігі өте жоғары (13790). Бұл етістік адамның әлемді қабылдау әрекетін білдіріп, таным әрекетінің бастапқы кезеңін білдіреді. Перцептивті етістіктердің ішінде *байқа* **(**3238), *есті* **(**1081) сияқты етістіктердің де жиілік көрсеткіші жоғары. Таным әрекеті қабылдаудан басталатындықтан, мұндай етістіктердің жиілік көрсеткіштері де жоғары болады. Бұл құбылыс адамның когнитивтік әрекетінің табиғи құрылымына байланысты.

Когнитивтік әрекетті білдіретін етістіктердің ішінде *ойла* (5706), *түсін* (5113) етістіктерінің де жиілік көрсеткіші жоғары. Бұл етістіктер адамның ақпаратты интеллектуалдық тұрғыдан өңдеу, интерпретациялау әрекетін білдіреді. Сонымен қатар *түсіндір, ұғын, ойлан* сияқты етістіктер де когнитивтік әрекеттің маңызды компоненттерін көрсетеді. Бұл етістіктер адамның қабылданған ақпаратты интерпретациялау, талдау, жүйелеу әрекеттерін білдіреді. Сондықтан олар менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінде ядродан орын алады (Сурет 1).



Сурет 1 – Жиілік көрсеткіштері өте жоғары менталды етістіктер

Менталды етістіктердің ішінде перцептивтік, когнитивтік әрекеттерді білдіретін етістіктердің жиілігі жоғары. Бұл етістіктер адамның таным әрекетінің негізгі кезеңдерін (*қабылдау, түсіну, ойлау*) білдіріп, адамның когнитивтік әрекетінің негізін құрайтындықтан, функционалды-семантикалық өрістің ядросын құрайды. Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісінің ядросын құрайтын етістіктер түрлі стильдік контекстерде – көркем әдебиетте, публицистикалық мәтіндерде, ғылыми дискурста жиі кездеседі.



Сурет 2 – Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің жиілік диаграммасы

Диаграммадан *көр, ойла, түсін, байқа, түсіндір* етістіктерінің жиілігі өте жоғары екені байқалады. Себебі бұл етістіктер когнитивтік үдерістің негізгі кезеңдерін *(қабылдау → түсіну → ойлау → интерпретация)* білдіреді. Соған байланысты олар менталды етістіктер жүйесінің негізгі когнитивтік өзегін құрайды (Сурет 2).

Жиілік көрсеткіштері бойынша келесі деңгейде ойлау, бағалау әрекетін білдіретін етістіктер орналасады. Мысалы, *есепте (1406)*, *сана (980)*, *санал (963)*, *тұжырымда (782)* сияқты етістіктер адамның аналитикалық ойлауын, бағалауын, қорытынды жасауын білдіреді. Сондықтан олар функционалды-семантикалық өрістің жақын аймағында орналасады. Мұндай етістіктер көбіне ғылыми және публицистикалық мәтіндерде жиі кездеседі. Менталды етістіктердің тағы бір тобы – *сенім, күмән* мәнді етістіктер. Зерттелген материалдарда салыстырмалы түрде *сен (2006)* етістігінің жиілігі жоғары, *күмәндан (67)*, *шүбәлан (10)* сияқты етістіктердің қолданыс жиілігі төмен. Бұл сенім білдіру әрекеттері мәтінде жиі кездескенімен, күмән не күдік білдіретін етістіктердің қолданылу аясы шектеулі екенін көрсетеді. *Есте сақтау әрекетін білдіретін* менталды етістіктердің ішінде *ұмыт (1607)* етістігі жиі қолданылады. Ол етістіктен өрбіген *ұмыттыр (60)*, *ұмытыл (44)* етістіктері салыстырмалы түрде сирек кездеседі. Бұл негізгі түбір етістіктің тілде жиі қолданылатынын, туынды формалардың функционалдық қолданысы тар екенін көрсетеді. Жиілік талдауы адамның эмоциясын, субъективтік қатынасын білдіретін етістіктердің (*сен, нан, күмәндан, шүбәлан, уайымда, күдіктен*) қолданылу деңгейі салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді. Эмоциялық-психологиялық күйді білдіретін менталды етістіктердің жиілік көрсеткіштері: *уайымда (38)*, *күдіктен (39)*, *алаңдат (15),* т.б. Бұл олардың көбіне белгілі бір контекстік жағдайларда, эмоциялық реңкі бар мәтіндерде ғана қолданылуына байланысты. Эмоциялық-психологиялық күйді білдіретін етістіктер көбіне көркем әдебиетте, субъективтік бағалау мәнді мәтіндерде кездеседі (Кесте 19).

Кесте 19 – Менталды етістіктердің семантикалық топтарына сәйкес жиілігі

Семантикалық топ	**Жиілігі**
Қабылдау (перцептивтік) етістіктері	ең жоғары
Ойлау, пайымдау	жоғары
Білу, түсіну	жоғары
Пікір, бағалау	орташа
Сенім, күмән	орташа
Есте сақтау	орташа
Ниет, шешім	төмен
Эмоциялық етістіктер	ең төмен

Жүргізілген талдау қазақ тіліндегі менталды етістіктердің жиілігі адамның когнитивтік әрекетінің кезеңдеріне сәйкес екенін көрсетеді. Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі *перцепция → тану → ойлау → бағалау → эмоциялық қатынас* түріндегі когнитивтік иерархия арқылы сипатталады. Сол арқылы адамның танымдық әрекетінің тілдегі көрінісі айқындалады. Ендеше, қазақ тіліндегі менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі адамның когнитивтік тәжірибесінің тілдік репрезентациясын көрсететін күрделі семантикалық жүйе болып табылады. Бұл жүйе адамның әлемді тану үдерісінің негізгі кезеңдерін көрсетеді (Сурет 3).



Сурет 3 – Менталды етістіктердің ядро–жақын аймақ–периферия моделі

Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің жиілік құрылымы мен семантикалық ұйымдасуы адамның танымдық әрекетінің табиғи логикасына сәйкес келеді. Перцептивтік және когнитивтік етістіктердің жоғары жиілікке ие болуы олардың адамның таным үдерісіндегі қызметін, маңызын көрсетеді әрі адамның таным үдерісінің табиғи құрылымымен сәйкес келеді. Ал бағалау, эмоцияны білдіретін етістіктердің жиілігі төмен болуы олардың когнитивтік жүйеде перифериялық қызмет атқаратынын білдіреді. Осылайша, қазақ тіліндегі менталды етістіктердің жиілік моделі олардың функционалды-семантикалық өрісінің құрылымын айқындайды. Мұндай иерархиялық құрылым қазақ тіліндегі менталды етістіктердің когнитивтік жүйедегі орнын, тілдік репрезентациясының ерекшеліктерін көрсетеді.

2.4 Фразеологиялық жүйедегі менталды етістіктердің когнитивтік модельдері

Фразеологизмдер – халықтың мәдени, әлеуметтік, когнитивтік тәжірибесін сақтайтын ерекше таңбалық жүйе. Олар ұлттық дүниетанымда қалыптасқан стереотиптік когнитивтік модельдерді тілдік формада бекітеді. Фразеологиялық жүйеде менталды етістіктер ерекше орын алады: *ойға шому, көңілі тулады, жүрегі дауаламады, есін жиды, еске түсті, көңілі орнықты, көкейге қонды* сияқты тұрақты тіркестер адамның ішкі менталды әрекеттерін бейнелі түрде береді. Менталды етістіктердің фразеологиялық жүйеде жиі ұшырасуы адамның ішкі танымдық әлемінің қимыл-қозғалыс, сенсорлық тәжірибе, дене қозғалысы, эмоциялық күй, рухани әрекет арқылы концептуализацияланатынын көрсетеді. Фразеологизмдерде менталды әрекеттің тілдік көрінісі көбіне перцептивтік, сенсомоторлық, эмоциялық, аксиологиялық, ұлттық-мәдени модельдер арқылы жүзеге асады. Мысалы, *көзі ашылды*, *көз жеткізді*, *жүрегі сезді*, *ойына қонды*, *санасына жетті*, *құлағына құю*, *басына салу*, *бас қатыру*, *жол табу* сияқты тұрақты тіркестерде когнитивтік үдерістің көпсатылы моделі сақталған. Бұл модельдер адамның ақиқат дүниені тану тәжірибесіне, мәдени кодқа, этнопсихологиялық жүйеге негізделеді. Менталды етістіктер фразеологизмдер құрамында әрекетті білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар таным операцияларын, ойлау кезеңдерін, интерпретация стратегияларын, бағалау жүйесін, ішкі психикалық күйді, ұлттық дүниетанымның когнитивтік схемасын көрсететін күрделі когнитивтік маркерлерге айналады.

Фразеологизмдер ұлттық мәдени кодты, рухани тәжірибені, дүниетанымды сақтаушы артефакт қызметін атқарады. Олардың когнитивтік әлеуеті ұлттық фреймдерді жаңғыртып, менталды үдерістерді символдық деңгейде сипаттауға мүмкіндік береді. Фразеологизмдердің құрамындағы менталды етістіктер көбінесе метафоралық, фреймдік, сценарийлік, эмоциялық, ұлттық-мәдени когнитивтік модельдердің негізінде жасалады.

Перцептивтік когнитивтік модельде адамның дене мүшелері, әсіресе көздің қатысуымен жасалған менталды етістіктер ерекше орын алады. Когнитивтік лингвистикада көру – адамның танымдық жүйесіндегі ең маңызды концептуалды домендердің бірі. «Қазақ сөздігінде» *көзде* етістігінің дефинициясы былай берілген: КӨЗДЕ= ет. 1. Нысанаға алу, дәлдеу. 2. Қарау, байқау, бақылау. 3. ауыс. Белгілі бір нәрсені мақсат ету. 4. ауыс. Белгілі бір бағытқа бет алу. 5. ауыс. Ұнату, қалау, таңдау [104, б. 668]. Сөздікте *көз* сөзінің дефинициясы «КӨЗ зат. 1. Көру мүшесі. 2. анат. <лат. oculus> Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше. 3. зерг. Әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей. 4. ауыс. Нәрсенің өзі. 5. ауыс. Адам, жан. 6. ауыс. Өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе. 7. ауыс. Ақыл, ес, сана. 8. ауыс. Жемістің өніп шығатын жері, бүртік кіндігі. 9. ауыс. Иненің жіп өткізетін тесігі. 10. ауыс. Кереге және торлы заттардың тесігі. 11. ауыс. Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры. 12. ауыс. Алды, көз алды. 13. ауыс. Бұлақтың су қайнап шығып

жатқан жері, қайнар тесігі. 14. ауыс. Тұрғы, көзқарас, ұстаным» түрінде берілген [104, б. 664].

Байқап отырғанымыздай, *көз* сөзі «ақыл, ес, сана» деген мәнде де жұмсала алады. Тұрақты тіркестерде көз ақпарат алудың орталығы ретінде сипатталады (*құлақпен естігеннен көзбен көрген артық; мың рет естігенше, бір рет көр). Көз* сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдердің ішінде де менталды әрекетті білдіретін етістіктер көптеп саналады:

Көз алдына келді [елестеді]. *Есіне түсті, елестеді.*

Көз алдынан өткізді. Бұрын көрген нарсені сол күйінде елестетті, еске алды.

Көз алмады [аудармады, жазбады]. а) *Ұзақ қадала қарады, тесіле қарады басқа жаққа бұрылмады. ә) Жіті назарында ұстады, қалт жібермеді.*

Көз ашты. а) *Дүниеге келді, туды*. ә) *Хат таныды, сауаттанды, әр нәрседен хабардар болды*. б) *Сергіді, дүниеге жөндеп қарады.*

Көзге елестеді а) *Елес берді, көз алдына келді,* ә) *Еске түсті, ойына келді.*

Көзге шұқыды [түртті]. а) *Анықтап көрсетті*. ә) *Бетіне басты, бүкпесіз ашып айтты.* б) *Көзге күйік етті.*

Көзге ілмеді [**ілсін бе?**]. а) *Елемеді, қарамады*. ә) *Менсінбеді, місе тұтпады.* б) *Керек қылмады, қажет етпеді.*

Көзден өткізді а) *Өз көзімен көрді, айғағы болды*, ә) *Жан-жағына мұқият қарады, айналаны әбден шолды.*

Көзі ашылды а) *Оқыды, білім алды, жақсы-жаманды айыра білетін болды.* ә) *Көкірегін, санасын оятты*. б) *Азаптан құтылды, жаны жай тапты*. в) *Түсінді, мән-жайын анықтады*. г) *Бір нәрсенің тиегі ағытылды, еркін шықты*. ғ) *Бұлақтың суы молайып, көбейіп ақты.*

Көзі жетті а) *Анықтап айырып көрді, ажыратты, таныды*. а) *Анық-қанығын ақиқатына қанды.* б) *Каміл сенді, берік тоқтамға келді* [104, б. 665-667].

Бұл модельде визуалды қабылдау когнитивтік интерпретацияның негізгі механизміне айналған. Фразеологизмдерде «көру» перцепциясы «түсіну» мағынасына метафоралық ауысу арқылы кеңейген. *Көрсет* етістігі есім сөздермен тіркесіп, тұрақты тіркес түзу арқылы «ерекшелігімен көзге түсу, ерекшелену, даралану» мәнін білдіреді. Мысалы: *Ал қол жітілігіне қоса* ***шапшаңдық көрсете*** *білу – нағыз сайыскерлік* [128, б. 29]. *Түрмеден штрафной батальонға, одан* ***ерлік көрсетіп****, жай әскерге, одан гвардияға дейін өрлепті ғой сабазың* [105, б. 228].

Бұл етістік *мінез* сөзімен тіркесу арқылы «теріс әрекет жасады» деген мәнде қолданылады: *Кейбіреулердің жеткізуінше, редакция ішінде* ***мінез көрсететін*** *сияқты* [105, б. 105].

Көрсет етістігі метафора ретінде қолданылып, көптеген тұрақты тіркестер түзген: *табандылық көрсетті, төбе көрсетті, тұр көрсетті, үлкендік/кішілік көрсетті, ізет/сыпайылық көрсетті, төбе көрсетті, қарасын көрсетті, қамқорлық көрсетті, көресіні көрсетті, көрсетпегені қалмады, мінез көрсетті. бет/жүз көрсетпеді* т.б.

Жүз/бет көрсетті, төбе көрсетті, қарасын көрсетті тіркестері «келді, жолықты, кездесті» мәнінде қолданылады. Мысалы: *Әлгі Қазбегі түскір анда-санда* ***жүз көрсетеді*** [105, б. 12]. *Жаз айларында ғана* ***төбе көрсетеді****, қалған уақытта санда бар да санатта жоқ* [105, б. 232].

Көрсет етістігі *бет, жүз, төбе* сөздерімен тіркескенде көбінесе болымсыз мәнде жұмсалады да *«ат ізін салмады, хабар-ошарсыз кетті*» деген мағынада қолданылады. Мысалы*: Күзеуден бері жаман әкең жаңа түскен келіншектей* ***бет көрсетпеді****, бір боқтай алмай жүр едім* [105, б. 174*]. Ал тәлімгер өзі құрама жем ізден, совхоз орталығына аттаныпты, сол сапардан, міне, үш күн,* ***төбесін көрсетпепті*** [105, б. 96]. *Бұл мәнді күшейте түсу үшін сөз зергерлері көрсет етістігін көлеңке сөзімен тіркестіреді: Елтай қыс бойы езі түгіл,* ***көлеңкесін көрсетпеді****, бүгін қолға түскен екен, бәлем, енді тырп етіп көрсін* [105, б. 161].

Болымсыз мәнде қолданылған **көрсет** етістігі *қара* сөзінің тәуелдеулі тұлғасымен тіркеседі. Мысалы: *Содан қайтып ауылға* ***қарасын көрсетпеді*** [105, б. 205]. *Түрмеге түскесін әлгі сыпайым* ***қарасын да көрсетпеді*** [105, б. 218].

Көрсет етістігі көсемше тұлғасында *өмір* сөзімен тіркесу арқылы болашақта болатын істі меңзейді. Мысалы: *Өмір* ***көрсетер*** [105, б. 150]. *Белгібектің өзі айтпақшы,* ***өмір көрсетер*** [105, б. 150].

Көрсет етістігі көресіні сөзімен тіркесіп, «қинады, азапқа салды, түсірді» деген мағынада қолданылады*: Айқайдың бір емес, қырық түрлі себебі бар; атың өшкір қыс-құда желтоқсан, ақпан, қаңтар бойы бұған* ***көресіні көрсетіп*** *баққан* [105, б. 22].

Көрсет етістігі «*айбат шекті, қорқытты, қоқан-лоққы жасады*» мәнінде жұмсалады. Мысалы: *Әуелі күлдім, одан кейін* ***дәдесін көзіне көрсеттім-ау*** *өзінің де* [105, б. 252]. *Жүр, бермен,* ***әкеңді көрсетейін****, – деді орнынан тұрған Виктор Викторович* [105, б. 59]. Мұндай мән көбінесе *көрсет* етістігінің болымсыз тұлғасы арқылы беріледі. Мысалы: ***Көрсетпеген*** *зәр-залаң* ***қалмады****; әуелі қалқаңдап жүрген жездені жалмадың, оны азсынып апама ауыз салдың, ұзында өшің, қысқада кегің бар ма?* [105, б. 36]. *Қартайғанда көрген қызық едің, ел білмейтін, жан баспаған қиянға шығандама,* ***тауқыметіңді көрсетпе*** [105, б. 60].

-а/-е/-й тұлғалы *көр* етістігі қалып етістіктерінің бәрімен бірдей тіркесе бермейді. Ол *жат, тұр* етістіктерімен ғана тіркеседі. Тұр етістігімен тіркескенде «*байқа, біліп қой*» деген мәнде жұмсалады. Мысалы: *«Сенен адам шықпайды, Әкпар,* ***көр де тұр****!» – деп қояды* [105, б. 231]. *Түнде екі-үш саулықты сүзіп тастады.* ***Көр де тұрыңыз****, бүгін солар іш тастамаса* [105, б. 253].

-а/-е/-й тұлғалы *көр* етістігімен тіркескен тұр етістігі көсемше жұрнағын қабылдап, «*біле тұра, сезсе де*» деген мәнде қолданылады. Мысалы: *Иә, ақ патшаға «міне – Құран, міне – шыным» деп ант берген адам оның бағыныштыларына көзапара зорлық жасап жатқандарды* ***көре тұра*** *қарап қалар ма?* [127, б. 415]. *Пәлен күнде ғана адам тұрағы кездесіп қалады, оларды* ***көре тұра*** *жоламайды, сезбестік түрде орап етіп кетеді* [126, б. 241].

-а/-е/-й тұлғалы *көр* етістігі жат етістігінің -ар жұрнақты түріне ғана тіркеседі де «*кейін бастан өткерер, кейін анық-қанығын білер*» деген мәнде

жұмсалады. Мысалы: *Арғы жағын екеулеп* ***көре жатармыз*** [105, б. 146]. *Жә, оны кейін көре жатармыз* [127, б. 177]. **-ар** жұрнағы жалғанған *жат* етістігі көр етістігіне келер шақ мәнін үстейді. Сөздіктерде *көр* етістігінің бұл мәні көрсетілмеген.

-а/-е/-й тұлғалы *көр* етістігі болымсыз тұлғасында *жүр* етістігімен тіркесіп, тұрақты тіркес түзеді: *Жұмбақсыз таң атып, шырғалаңсыз күн батқанын көріп пе едіңіз далаңыздан! Ол* ***көрмей жүрген құқайымыз*** *ба еді?* [128, б. 62].

Қазақ фразеологиясында танымдық үдеріс құлақ арқылы концептуалданады. Сондықтан құлақ таным тетігі ретінде жиі қолданылған. Есту моделі фразеологизмдерде акустикалық қана емес, менталды рецепцияны білдіреді. «Қазақ сөздігінде» ***құла****қ* сөзімен жасалған фразеологизмдер де көп:

Құлағы елең етті [елендеді]. *Көңілі бөлініп, ынта қойып тыңдай қалды, құлақ тіге қойды.*

Құлағы қанды. а) *Әбден естіп, мейірленді, айызы қанды, тыңдап құмардан шықты.* ә) *Құлаққа сіңді, коп естіп, құлағы үйренді.*

Құлағына жақты [қонды]. *Айтқаны ұнады, көңілінен шықты.*

Құлағына кірмеді [биттей кірмеді, кірген жоқ]. а) Т*ыңдамады. елең қылмады*, ә) *Мән бермеді, керек қылмады.*

Құлағына құйды. *Есінде қалсын, ұқсын деп қайта-қайта айтты, ұмытпайтындай етіп түсіндірді.*

Құлағына сіңдірді. *Үнемі айтып жүрді.*

Құлағына тиді [жетті]. *Естіді, хабарланды, хабардар болды.*

Құлағына ілмеді. а) *Тыңдамады, естігісі келмеді*, ә) *Көңіл қоймады, ескермеді, өз дегенін істеді.*

Құлағын түрді [салды, тосты, төседі, тікті, бұрды]. *Елегізіп хабар күтті; сөзге көңіл аударды, ден қоя тыңдады, зейін салды.*

Құлағының етін [құрышын, құртын, құрт етін] жеді. *Мазасын алды, мезі қылды, сөзбен ығыр қылды.*

Құлақ салды. а) *Тыңдады, естіді*. ә) *Тың тыңдады*. б) *Тіл алып, айтқанды істед*і [104, б. 837-838].

Бұл модель менталды әрекетті нақты дене мүшесі арқылы сипаттайды.

Соматизмдердің ішінде ***ми*** сөзі де ауыспалы мағынасында «*ақыл, ой, сана*» деген мәнде жұмсалады: «1. биол. Ағзадағы барлық мүшелер жүйелерінде жүретін үдерістерді үйлестіруші, реттеуші және басқарушы жүйке жүйесінің ең басты мүшесі. 2. ауыс. Ақыл, ой, сана» [104, б. 927].

Миға [миына] кірмеді [енбеді, қонбады]. *Ұқпады*, түсінбеді.

Ми [миы, миына) жетті. *Ақылы жетті, білді.*

Миы алмайтын. *Ақыл-есі орнында емес, еш нәрсені жөнді түсіне алмайтын, есуастау.*

Миы аузына түсті [құйылды]. *Басы қатты соғылды, зырқ ете қалды.*

Миы ашыды. *Басы қатты, сенделді, мең-зең болды.*

Миы жетпеді. *Ары ойлап, бері ойлап, ой ұшығына жетпеді; есебін таба алмады, ақылы жетпеді*.

Миы қатты. *Не істерін білмей, дағдарды, дал болды, қатты толғанды, мең-зең сенделді.*

Миын жеді. *Қайталап айта беріп, миын ашытты, ақылынан адастырды.*

Миын су қылды. *Басын қатырды, шатастырды.*

Миын шұқыды. *Қайта-қайта айтып, мезі етті, ызыңдап қоймады, мазасын алды, миын жеді* [104, б. 927].

Қазақ тілінде менталды етістіктердің көбі *ми, ақыл* сөзінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер болып келеді.

«Қазақ сөздігінде» **ақыл** сөзінің дефициясы төмендегідей берілген: «АҚЫЛ зат. Адамның ойлау қабілеті, сана-сезім. 2. Пікір, пайдалы кеңес, өсиет. 3. ауыс. Дұрыс шешім, қиындықтан шығудың жолы, амал, айла» [104, б. 61]. Мұндағы «Дұрыс шешім, қиындықтан шығудың жолы, амал, айла» түріндегі дефициямен келісе қою қиын. Себебі ақыл сөзі ауыспалы мәнде емес, тура мағынасында осы мәнде жұмсалады.

Ақыл сөзінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер де көп:

Ақыл айтты. *Дұрыс кеңес берді, жөн сілтеді, үйретті.*

Ақыл болды. *Үлгі болды, жөн көрсетті.*

Ақылға жеңдірді. *Ақылға келді, ақымақтық жасамады.*

Ақылға келді. *Жөнге келді, сабасына түсті, өзіне өзі келді*.

Ақылға қонбады. *Миға кірмеді, ұғынылмады*.

Ақылға салды. *Пайымдап көрді, ойланды, алды-артын байқады.*

Ақылға сыймады. а) *Ойлап, түсіну мүмкін болмады*. ә) *Көңілге қонбады, сенімді болмады.*

Ақылдан адасты [ауысты, танды]. а) *Есінен танды, есеңгіреді*. ә) *Не істерін білмей, дал болды, басты, дағдарды.*

Ақыл енді. а) *Есейіп есі кірді, оң-солын таныды*. ә) *Түсінді, ақылға келді, білді.*

Ақыл қонбады. *Айтқанды ұқпады, түсінбеді, ақыл кірмеді.*

Ақыл қосты. *Дұрыс кеңес берді, ой салды.*

Ақыл сұрады. *Кенес сұрады, ақылдасты, кеңесті.*

Ақылы алтыға, ойы онға [санға] бөлінді. *Не істерін білмей, дағдарды, бір тоқтамға келе алмады.*

Ақылы жетпеді. *Түсіне алмады, байыбына бара алмады* [104, б. 61].

Ойлану үдерісін бейнелейтін көпдеңгейлі компоненттер кешені субъектінің шынайы ой еңбегін талап ететін, белсенді ой күйін білдіреді. Ойлану етістігімен мәндес, толғану етістігінің дефициясы сөздікте былай берілген: «1. Бір нәрсе жайында терең ойланып, кеңінен қиялдау. 2. Кіжіну, ызалану. 3. Аңсау, сағыну. 4. Мазасыздану, уайымдау. 5. Бар күшін салу. 6. ауыс. Керілу, кербездену [104, б. 1237].

«Синонимдер сөздігінде» *ойлану, толғану* етістіктері берілмеген. Дұрысында, бұл сөздер синоним болуына байланысты екі етістіктің қосарлануынан *ойланып-толғану* күрделі етістігі түзілген. Оның дефициясы сөздікте «*Бір іске кіріспес бұрын алды-артын ұзақ ойланып, әбден пысықтау*» [104, б. 990] түрінде берілген.

Уәжді (логикалық) пайымдау семантикасы ойлау, ойлану, толғану сияқты етістіктер, ақыл, ой, ми т.с.с. сөздері арқылы жасалған тұрақты тіркестермен қатар *пайымдау // байымдау* етістіктерінің жасалуы арқылы түзіледі.

«Қазақ сөздігінде» *пайымдау// байымдау* етістіктері жарыспалы қолданыс, мәндес сөздер ретінде келтірілген (Кесте 20).

Кесте 20 - *Пайымдау// байымдау* етістіктерінің мәндері

Пайым	**Бойым**
ПАЙЫМ зат. 1. Адамның ой-өрісіне тән ұғым-түсінік, бір нәрсенің жөн-жобасы. 2. психол. Адам санасындағы ойлау үдерісінің тұжырымнан кейінгі нәтижесі.	БАЙЫМ зат. Адамның өмірден көріп-біліп түйгені, аңғарымы.
	Байымға бармады. Мән-жайды ұқпады, байыбына бармады.
ПАЙЫМДА= е т. 1. Бір нәрсенің жайын ой елегінен өткізіп байқау, бағдарлау. 2. Аңғару, көз жеткізу.	БАЙЫМДА= ет. 1. Ақылға салу, пайымдау, ой елегінен өткізу. 2. Білу, байқау. 3. Меңгеру, әдісін алу.
	Байым салды. Көңіл бөлді, назар аударды.
Пайымына бару. Зерделеу, ақылға салу, тереңнен ойлау.	
Пайым қылды. Пайымдады, парықтады, аңғарды.	

Байқап отырғанымыздай, *байым// пайым* сөздері бірінің орнына бірі қолданылғанымен, сөздіктегі ол сөздердің қатысуымен түзілген бірліктердің мәнінде айырмашылықтар бар. *Байым// пайым* сөздерінен түзілген тұрақты тіркестерді талдау барысында бұл сөздер *байып* сөзімен де жарыса қолданылатыны анықталды.

Байып сөзінің мағынасы *«Қазақ сөздігінде» «жай-жапсар, мән, жөн-жосық»* түрінде сипатталған [104, б. 176]. Ол сөздің қатысуымен байыбына *барды, байыбына жетпеді, байыбына келтірді* сияқты тұрақты тіркестер түзілген:

Байыбына барды. *Негізгі мәнін түсінді, жөн-жосығын айырды.*

Байыбына жетпеді. *Мән-мағынасын түсінбеді, үстірт, жеңіл қарады.*

Байыбына келтірді. *Жөнге, ретке салды.*

Яғни әу бастағы араб тілінен енген сөзді қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне бейімдеуден пайда болған үш сөздің де тілімізде жарыса қолданылып жүргенін байқаймыз.

Уәжді (логикалық) пайымдау семантикасы *ойлану, толғану, пайымдау // байымдау, салылстыру, дәлелдеу, қорыту* сияқты менталды етістіктердің мағыналарында көрініс табады. Бұл етістіктердің семантикасындағы «пайымдау» интегралдық семасы мен «салыстыру», «жалпылау», «қорыту» сияқты дифференциалдық белгілер ойдың белсенді жұмысын білдіріп, субъектінің менталды күйін көрсетеді. Ой қорыту үдерісін бейнелейтін

көпдеңгейлі семантикалық компоненттер кешені субъектіден белсенді интеллектуалдық әрекетті талап ететін күйді көрсетеді.

Қиял семантикасы *елестету, ойдан шығару, армандау, көру, елестету, бейнелену* сияқты менталды етістіктерде көрініс табады.

«Қазақ сөздігінде» ***қиялдау*** етістігінің мәні «1. Қиялға берілу, ой жіберу. санамен шолу. 2. Бір нәрсені армандау, көксеу» түрінде сипатталған [104, б. 794].

Қиялда етістігіне негіз болған ***қиял*** сөзі «1. психол. Өмірде әлі болмаған құбылыстың сезімдік бейнесін, сыртқы дүние құбылыстарының субъективті бейнелерін жаңғыртып, өңдеп бейнелеуден көрінетін, адамға ғана тән психикалық үрдіс. 2. өнер. Өзіндік жаңа образдар, жаңа туындылар жасаудағы тереңнен топшылайтын ой көзі, шығармашылық көрегендік; фантазия. 3. ауыс. Ой, пікір, ұғым, түсінік. 4. ауыс. Арман, тілек, мақсат. 5. ауыс. Қиялданудан туған ой жемісі, елес; жалған, өтірік. // Тентек, алаңғасар, оспадар» деп түсіндірілген [104, б. 794].

Қиял сөзінен өрбіген тұрақты тіркестер: Қиялға батты [шомды, кірді]. Қиялдады, армандады.

Қиялға түсті. *Ойға ерік берді.*

Қиялға шомдырды. *Қиялдатты, қиялға жетеледі.*

Қиял түсті. *Әр нәрсені ойлады, қиялдады.*

Қиял [көңіл] шарықтады. *Арман етті, қиялдады.*

Қиялы адасты. *Ойы сан-саққа бөлінді, әуреленді.*

Қиялы алыстады. *Ойы басқа жаққа кетті, ойы бөлінді.*

Қиялын тербеді. *Киялдады, армандады, ойға кетті* [104, б. 794].

«Синонимдер сөздігінде» *қиял* сөзі *арман* сөзінің синонимі ретінде берілген:» *Арман, қиял. Жетуге ұмтылған ой-сана, көксеген ізгі мақсат Жиырма бес, жас еді бұл болған арман, Аңсаумен ата қазақ шаш ағарған* (Қ. Аманжолов). *Надандар былшылдайды, құп алмайды үлкен жанның қиялын ұға алмайды* (Абай)» [107, б. 69].

Қиял – ойлаудың бастапқы деңгейіндегі элементарлық үдерістердің нәтижесі**,** яғни адамның санасында түйсік пен қабылдау деректерінің алғашқы өңделу кезеңінің өнімі. Қиял – сыртқы әлемдегі нысандар мен құбылыстардың сезімдік-нақтылы жалпыланған бейнесі**,** санада жаңғыртылатын бейне немесе шығармашылық қиял әрекеті нәтижесінде жасалған образ**.** Сол себепті қиял менталды үдерісте түйсіктер мен қабылдау (бір жағынан) және ұғым (екінші жағынан) арасындағы аралық саты ретінде қарастырылады [138, с. 67-76].

Қиял мәнді менталды етістіктерге компоненттік талдау жасау нәтижесінде бұл етістіктердің семантикалық құрылымында **«қиялдау**» интегралдық семасы**,** *«бейнелеу»***,** *«бейнені қайта жаңғырту»***,** *«қиялға берілу»* сияқты дифференциалдық белгілер бары айқындалды. Олар «менталды әрекетті жүзеге асыру» категориялық семасын бейнелі және рационалды ойлау түрлерімен байланыстырып, ерекше менталды қызмет ретінде сипаттайды (139, б. 129).

Нысанды бейнелеу не қайта бейнелеу белгілері, яғни менталды әрекеттің бағытталғандығы *қиялдау, еске түсіру, елестету, санада бейне жаңғырту, біреудің қиялында бейнелену, қиялда елестету, ойда бейнелену* сияқты

етістіктердің семантикасында анық көрінеді. Белгілі бір интеллектуалдық жүйе – шығармашылық фантазия, арман, қиялға берілу *армандау, қиялға берілу* сияқты менталды етістіктердің семантикасында көрініс табады.

Қиял мәнді менталды етістіктерге осы етістіктермен мәндес *ойдан шығару, ойдан құрастыру, ойлап табу* сияқты менталды етістіктер де жақындайды. Олар да шығармашылық қиялды білдіргенмен, қиял мәнді етістіктерден айырмашылығы – бұл етістіктер нақты нысанға сәйкес келмейтін бейнені жасауды білдіреді.

Елестеу, ұқсау сияқты менталды етістіктердің семантикасында нысанды дәл көрсетпеу белгісі бар. Қиял етістіктері бейненің қалыптасу үдерісін де, нәтижесін де білдіреді. Сонымен, қиял үдерісін бейнелейтін менталды етістіктердің көпдеңгейлі компоненттер кешені бейнелі және рационалды ойлаумен байланысты менталды әрекетті білдіреді.

Эмоция арқылы танымның қалыптасуы қазақ фразеологиясының ұлттық-мәдени ерекшелігі. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерде кеңістіктік когнитивтік модель де көп кездеседі. Ойлауды кеңістіктегі қозғалыс ретінде бейнелеу– фразеологиядағы ең өнімді модельдердің бірі. Бұл ретте ***жол*** сөзінің қатысуымен жасалған менталды фразеологизмдер көп. Ол бұл сөздің семантикасына, көпмағыналы болуына байланысты.

«Қазақ сөздігінде» ***жол*** сөзінің дефициясы: «1. Адам не мал, күш-көліктің қайта-қайта жүруімен тапталып, тақырланған із, сүрлеу. 2. Сапар, ақ жол. 3. Бағыт, беталыс 4. Сөздің жазба не баспа түріндегі қағазға түскен ізі. 5. Салт, әдет-ғұрып. 6. этн. Кәде, сый, сыйлық, ырым. 7. этн. Жасы, дәрежесі үлкен, сыйлы, қадірлі адамдардың белгілі бір жағдайда бірінші болып жүруі туралы этикалық норма. 8. ауыс. Үлгі, өнеге. 9. ауыс. Құрмет, сый. 10. ауыс. Амал, айла, тәсіл. 11. ауыс. Шама-шарық, жөн. 12. Жөні, орны, жайы. 13. ауыс. Жөн-жоба, әділдік. 14. инф. Файлмен байланысу жолы немесе оның дискідегі бумалар (каталогтар) тізімінен тұратын адресі.

Жо*л* сөзінің семантикасы ауқымды болуына байланысты одан тарайтын тұрақты тіркестер де көп. Оның көбі менталды әрекетке қатысты:

Жол бастады. *Бір игі шараға себеп болды, оң бағытқа салды, дұрысын көрсетті.*

Жолдан адасты. *Дұрыс жолдан тайды, бұрыс кетті, алған бағыт-бағдарынан жаңылды,*

Жолдан бұрды [тайды]. *Дұрыс бағыттан ауытқыды.*

Жол көрген. а) *Көпті көрген, ысылған*, ә) *Жол білетін, жер танитын.*

Жол көрсетті [сілтеді]. *Жөн сілтеді, үлгі, өнеге көрсетті.*

Жол салды. а) *Жүретін жолын аршыды, тазартты*. ә) *Кейінгіге үлгі, өнеге, жол көрсетті.*

Жол тапты. *Дұрыс жолға түсті.*

Жолы ашылды. *Ойындағысы болды, мақсатына жетті, дегені болды.*

Жолын қуды [ұстады]. *Біреудің бағытын ұстады, еңбегін жалғастырды.*

Жүрекке жол табу сияқты тұрақты тіркестерде жол → логикалық маршрут концептісі ретінде көрінеді. «Қазақ сөздігінде» *ақыл* сөзін сипаттауда да жол сөзі осы мәнде қолданылған: «1. Адамның ойлау қабілеті, сана-сезім. 2. Пікір, пайдалы кеңес, өсиет. 3. ауыс. Дұрыс шешім, қиындықтан шығудың жолы, амал, айла» [104, б. 61].

Кеңістіктік когнитивті модельде **сана** сауыт, контейнер ретінде көрінеді. Сондықтан оған нұр құйылады; оған ой салынады; оған енеді; оның көзі ашылады; оны сілкійді; жарық түседі; бұлыңғырланады; оған сіңіреді. т.б. Мысалы: **Санадан [санамен] сарғайды**. *Көп ойлады, қатты уайымдады, ой азабына түсті.*

Сананың көзі ашылды. *Түсінік-пайымы кеңейді, ақыл-зердесі оянды.*

Санасы бұлыңғырланды. *Ақылынан адасты, есінен танды, жаңғылды.*

Санасы оянды. *Ақыл-есі жетілді, ойы дамыды.*

Санасына салды. *Ақыл таразысына салды, байыппен ойлады.*

Санасына енді. *Ақылға қонды, миына кірді, ұқты.*

Санасына нұр құйылды. *Көкірегі оянып, көзі ашылды, түйсінді.*

Санасын сілкіді. *Өмірге басқаша қарады, оянды.*

Санасына сіңіру. *Әбден түсіндіру, ұқтыру.*

Кеңістіктік когнитивті модельде ***таным*** сөзі маңызды орын алғанмен, «Қазақ сөздігінде» де, «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» де танымға қатысты фразеологиялық бірліктер келтірілмеген. Г.Нұрышева, Б. Аташтың «Ғылыми таным философиясы» атты оқу құралында таным үдерісі «Таным дегеніміз – белгісізден белгіліге қарай, толық емес айқынсыз білімнен неғұрлым дәл, айқын білімге қарай шексіз жүріп отыратын қоғамдық-тарихи құбылыс. Яғни, адам санасы қалыптасқаннан бері дүниенің қыр-сыры, өзін қоршаған орта туралы неғұрлым көбірек мәлімет жинауға тырысып келді және ол шектеліп қалмақ емес. Танымды үдеріс ретінде қарастырсақ, оған басты екі элемент қатынасады: танитын және танылатын. Олар бір-біріне қарама-қарсы тұратын субъект пен объект болып табылады, яғни, адам мен дүние таным үдерісін айқындап тұрады», – деп сипатталған [140, б. 233]. Яғни таным адамның менталды әрекетіне тікелей қатысты. Еңбектен танымға қатысты бірқатар тұрақты тіркестер мен құранды етістіктерді табуға болады.

Танымы кеңейді*:* Осы түсініктер арқасында адамның санасын жоғарыға көтеріп, талғамы мен **танымы кеңейеді** [140, б. 280].

Таным көкжиектерін қанағаттандырады: Осындай мифтік дүниеге көзқарас өз дәуірінде әлем мен адам және оның тіршілігі хақында белгілі бір **таным көкжиектерін қанағаттандырып** отырды [140, б. 3].

Танымды тереңдету: Гносеологиялық: **танымды тереңдету**, мифтік, философиялық, ғылыми түрде дүниенің жаратылуы, ұлы жарылыстағы алғашқы нүкте, қара тұңғиық (черная дыра), әлемнің жоғалуы т.б. мәселелер т.б. [140, б. 209].

Танымнан туындаған: Кейіннен осындай **танымнан** әлемдік рух, әлемдік ақыл туралы түсініктер **туындаған** [140, б. 10]. ***Танымға алып келетін:*** Дүниеге көзқарастың нәтижесі **танымға алып келетін** және дүние туралы

белгілі мағлұматтар алуға қол жеткізетін адамзат санасының мәнді құбылысы [140, б. 3].

Таным мен түсінік кейде мәндес сөздер ретінде қос сөз түрінде де жұмсалады: Адамзат өзінің ғұмыр кешу сәтінде шынайы ақиқатты іздейді, **таным-түсінігін кеңейтеді**, кейде адасады, табиғи қалпына бас ұрады, сондықтан ең бастысы ғылыми таным мен білімді негізге алу керек деген идеяны қуаттайды [140, б. 150]. Бүкіл тіршілікке тән психикамен қатар және жалпыадамзаттық психологиялылықпен бірге адамның, әрбір тұлғаның өзіндік жеке психологиялық мінез-құлқы, **таным-түсінігі қалыптасады** [140, б. 259].

Фразеологиялық жүйедегі менталды етістіктер фреймдік модельдер түзеді. Соның негізінде менталды фразеологизмдер бірнеше тұрақты фреймдер бойынша ұйымдасады. «Қабылдау → өңдеу → ұғыну» тізбегінен құралған «*түсіну*» фреймін төмендегі кесте түрінде көрсетуге болады (Кесте 21):

Кесте 21 – «*Түсіну*» фреймінің слоттары мен мазмұны

Фрейм слоты	**Мазмұны**	**Фразеологизмдер**
Агенс	адам	*көз жеткізді*
Нысан	ақпарат	*ойына қонды*
Үдеріс	байқау → интерпретация	*зер салу*, *санасына жетті*
нәтиже	түсіну	*көзі ашылды*

Сол сияқты «ойлау» фреймін былайша өрнектеуге болады (Кесте 22):

Кесте 22 – «*Ойлау*» фреймінің слоттары мен мазмұны

Фрейм слоты	**Мазмұны**	**Фразеологизмдер**
Агенс	адам	*ой келді*
Нысан	қиындық, белгісіздік	*бас қатырды*
Үдеріс	талдау, салыстыру	*ойға шомды*
нәтиже	шешім	*жол тапты*

Фразеологизмдер когнитивтік сценарийлердің қысқартылған нұсқалары болып табылады. Сондықтан «түсіну», «тану», «ойлау» сценарийлерін былайша көрсетуге болады (Кесте 23):

Кесте 23 – «*Түсіну», «тану», «ойлау»* сценарийлері

«Түсіну» сценарийі	**«Тану» сценарийі**	**«Ойлау» сценарийі**
Инпут → *көзге түсу* Назар → *зер салу* Ойлау → *басына салу* Интуиция → *жүрегі сезу* Нәтиже → *санасына жету*, *көзі ашылу*	Алдыңғы білім Жаңа ақпарат Салыстыру → *ойына түю* Танудың жүзеге асуы → *танып-білу*	Қиындық → *бас қатыру* Ойды дамыту → *ойға шому* Қорытынды → *жол табу*

Осылайша, фразеологизмдер – менталды етістіктердің когнитивтік механизмін ашатын ең өнімді тілдік материал болып табылады (Кесте 24).

Кесте 24 – Менталды фразеологизмдердің когнитивтік модельдері

фразеологизм	**когнитивтік моделі**	**мағыналық уәжі**	**менталды әрекеттің концептуалдануы**
көзі ашылды	көру → білім	жарыққа шығу	танықтан анықка ауысу
көз жеткізді	көру → дәлел	көз көрген сенімді	дәлел арқылы толық түсіну
көзге елестетті	ойша көру	есте сақталған бейне	ойдағы бейнені визуализациялау
көзге түсті	назар → тану	көз – таным каналы	ақпараттың санаға енуі
көз алдында тұрды	көру → жад	ойдағы бейне көрінісі	есте сақтау, қайта жаңғырту
құлақ асты	есту → қабылдау	тыңдау – мойындау	ақпаратты қабылдау
құлағына құйды	есту → жад	көп қайталау	ақпараттың бекітілуі
құлақ түрді	есту → назар	тыңдауға дайындық	когнитивтік белсенділік
қолға алды	қол → бақылау	басқару = ұғыну	мәселені түсініп шешу
қолынан келді	қол → қабілет	қол — күш, мүмкіндік	интеллектуалды қабілетті меңгеру
қол созды (білімге)	қозғалыс → ұмтылыс	білім — объект	танымға жақындау
жүрегі сезді	жүрек → интуиция	эмоция = ішкі білім	болжамды түсіну
жүрекке қонды	эмоция → ұғыну	эмоциялық үйлесім	түсініктің бекітілуі
жүрегіне жақын алды	эмоция → тұлғалық мән	жүрек = баға беру	ақпараттың қабылдануы
жүрегі дауаламады	интуиция → шешім	жүрек тыйым салады	мақұлдамау, түсінбеу
бас қатырды	бас → ақыл	қиындық = ауыр ой	түсінудегі қиындық
бас көтермеді	бас → ой жүктемесі	үздіксіз жұмыс	толық шоғырлану
басынан өткізді	бас → тәжірибе	тәжірибе – ұстаз	түсінудің негізі
көңілі орнықты	көңіл → түсіну	эмоция = қабылдау	түсініктің орнығуы
көңілге қонды	эмоция → түсіну	эмоциялық үйлесім	идеяның сәйкес келуі
көңіліне келді	эмоция → бағалау	реніш – интерпретация	ақпаратты жақтырмау
жол тапты	кеңістік → шешім	ой = жол	логикалық қорытынды
дұрыс жолға түсті	бағыт → дұрыс шешім	жол – таным моделі	түсінудің дұрысталуы
жолынан тайды	бағыт → қателік	бұрмалау – ауытқу	ойдың дұрыс емес интерпретациясы
есте сақтады	жад → контейнер	сананың қоймасы	ақпаратты сақтау
есіне түсті	жад → активтену	естеліктің қайта тууы	бұрынғы білімді жаңғырту
ойына түйді	қойма → бекіту	ойды жинау	қорыту

Фразеологиялық жүйедегі менталды етістіктер нақты жүйе құрайды. Таным – тілдік-когнитивтік құрылымда тұрақты модельдер арқылы көрінеді. Менталды әрекет перцептивтік, денелік, эмоциялық, кеңістіктік, мәдени кодтармен тығыз байланысты. Қазақ фразеологиясында таным *көру, есту, қол, жүрек, көңіл, бас, жол* сияқты концептуалды домендер арқылы бейнеленеді.

Танымның бастапқы деңгейінде перцептивтік етістіктер орын алады. Ол үш бағытта дамиды: *көру → түсіну, есту → қабылдау, ұстау /қол → игеру.* Осы үдерістердің көмегімен үш когнитивтік аймақ (*ойлау, жад, интуиция*) іске қосылады. Үшеуі бірігіп, *түсіну / тану / шешім қабылдау* деңгейіне жеткізеді.

Қазақ фразеологиясында менталды үдерістер ұлттық мәдениетке тән символдар арқылы (*жүрек, көңіл, бас, көз*) бейнеленеді. Фреймдік және сценарийлік модельдер танымдық үдерістердің тілде қалай кодталғанын көрсетеді. Когнитивтік модельдер (фреймдер, сценарийлер, метафоралар) фразеологиялық жүйеде тұрақты болып келеді.

2 – тарау бойынша тұжырым

Менталды етістіктердің когнитивтік негізі ретінде перцептивтік механизм ерекше орын алады. Адамның *көру, есту, сезу* сияқты бастапқы сенсорлық тәжірибесі менталды мағыналардың қалыптасуына негіз болып, «көру → түсіну», «есту → білу», «сезу → түйсіну» тәрізді концептуалдық ауысулар туындайды. Бұл үдеріс қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық дамуы сенсорлық тәжірибеге сүйенетінін, ұлттық дүниетаныммен сабақтас екенін көрсетеді.

Менталды етістіктердің семантикалық құрылымында метафоралық ауысудың орны ерекше. Метафора когнитивтік модель ретінде дерексіз ойлау үдерістерін нақты тәжірибе арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі «*ойға шому», «санасына жарық түсу», «жүрегі сезу», «көзі жету*» сияқты тіркестер адамның ойлау әрекетін кеңістік, қозғалыс, жарық, дене күйі сияқты бейнелер арқылы концептуализациялайтынын көрсетеді. Бұл менталды семантиканың кеңеюі тілде когнитивтік ассоциациялардың қалыптасуына және менталды етістіктердің полисемиялануына әкеледі.

Фреймдік және сценарийлік талдау менталды етістіктердің сөйлемдегі семантикалық ұйымдасуы белгілі бір когнитивтік модельдерге негізделетінін көрсетті. «Субъект – менталды әрекет – нысан» түріндегі негізгі модель әртүрлі контекстуалдық варианттар арқылы толықтырылып, менталды әрекеттің иерархиясын, динамикасы мен нәтижесін көрсетеді. Бұл менталды етістіктердің тілде номинативтік қызметпен қатар құрылымдық-ұйымдастырушылық қызмет атқаратынын көрсетеді.

Менталды етістіктер мен менталды фразеологизмдер ортақ когнитивтік негізге сүйенеді. Олар адамның *ойлау, түсіну, тану, бағалау, түйсіну* үдерістерін бейнелейтін біртұтас менталды кеңістікті қалыптастырады. Бұл кеңістіктің құрылымында перцептивтік тәжірибе, эмоциялық күй, бағалау, мәдени ассоциациялар маңызды қызмет атқарады. Менталды фразеологизмдердің семантикасы көбінесе перцептивтік және соматикалық

негізде қалыптасады. «*Көзі жетті*», «*ақылға қонды*», «*жүрегі сезді*», «*санасына сіңді*», «*ақылына тоқыды*», «*ойға шомды*» сияқты фразеологизмдер менталды әрекетті дене мүшелері, кеңістік, қозғалыс, жарық, тереңдік бейнелері арқылы концептуализациялайды (141, б. 32). Бұл құбылыс менталды мағыналардың дерексіз сипатта емес, нақты тәжірибеге сүйеніп құрылатынын көрсетеді. Фразеологизмдердегі менталды семантика метафоралық механизмдер арқылы іске асатыны анықталды. Метафора менталды үдерісті көрнекі, бейнелі түрде ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, менталды фразеологизмдер когнитивтік модельдердің тілдегі ең жинақы әрі экспрессивті көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар фразеологизмдер менталды әрекеттің этномәдени ерекшелігін танытатын негізгі тілдік құралдардың бірі болып табылады. Менталды фразеологизмдер арқылы тілде ұлттық дүниетанымға тән ойлау тәсілдері, құндылық бағдар, эмоциялық реакция, бағалау модельдері орнығады. Бұл менталды фразеологизмдердің лексика-семантикалық, лингвомәдени және когнитивтік маңызын көрсетеді. Зерттеу барысында менталды етістіктер мен фразеологизмдердің функционалдық айырмашылығы да айқындалды. Менталды етістіктер ойлау әрекетін процессуалдық, логикалық тұрғыдан бейнелесе, фразеологизмдерде эмоциялық, бағалауыш және мәдени-ұлттық қырлары көрінеді. Бұл айырмашылық олардың прагматикалық қызметінен анық байқалады.

Менталды мағыналардың тілдік репрезентациясы менталды етістіктер мен менталды фразеологизмдердің өзара әрекеттестігі арқылы жүзеге асады. Менталды етістіктер менталды әрекеттің құрылымдық негізін құраса, фразеологизмдер сол әрекеттің бейнелі, бағалауыш және мәдени интерпретациясын қамтамасыз етеді. Бұл менталды семантиканы когнитивтік-дискурсивтік тұрғыдан кешенді сипаттауға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда тіл білімінде антропоөзектік бағыттағы зерттеулердің жандануына байланысты «менталдылық» ұғымы философиялық, лингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік тұрғыдан кешенді түрде қарастырылуы керек. Зерттеу нәтижесінде менталдылықтың тіл, таным және мәдениет бірлігінде қалыптасатын көпқабатты, динамикалық әрі ұлттық сипаттағы когнитивтік құрылым екені айқындалды. Менталдылық – антропоөзектік лингвистикадағы негізгі категориялардың бірі. Ол ұлттық дүниетаным мен мәдени бірегейлікті айқындайды. Менталдылық – адамның ойлау тәсілін, дүниені қабылдау, бағалау механизмдерін, рухани әлемін қамтитын әмбебап категория. Ол тілде көрініс тауып, ұлттық мәдени код, тарихи жад, аксиологиялық құндылықтар сақталатын, көрінетін негізгі құрал болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, тіл – менталдылық көрініс табатын форма ғана емес, оны қалыптастырып, дамытатын негізгі когнитивтік тетік болып табылады.

Менталдылықтың репрезентациясын лексикалық немесе грамматикалық деңгейде ғана емес, мәтін және дискурс деңгейінде де қарастыру қажет. Себебі әрбір мәтін, әсіресе көркем, философиялық және публицистикалық мәтіндер, менталды құрылымдардың шоғырланған көрінісі болып табылады. Мәтіннің мағынасы мен мазмұнының арақатысы менталды кеңістік арқылы түзіледі. Мәтіннің семантикалық тұтастығы мен өзек сөздер жүйесі ұлттық менталдылықтың көрінісін айқындайды. Менталдылықтың репрезентациясы әр тілдің ішкі заңдылығына, сөйлеу жүйесіне және мәдени контексіне тәуелді. Менталдылықтың тілдегі көрінісі «*менталды өріс*» ұғымы арқылы сипатталады. Менталды өріс ойлау үдерісін бейнелейтін семантикалық кеңістік ретінде адамның когнитивтік қызметінің жалпыға ортақ сипатын ғана емес, сонымен қатар ұлттық ерекшелігін де бейнелейді.

Менталдылықтың тілдегі көрінісі *лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық* деңгейлер арқылы репрезентацияланады. Менталдылық тілдің ішкі формасында, семантикалық құрылымында, концептуалдық жүйесінде, дискурста көрініс табады. Осыған байланысты «*тілдік менталдылық*», «*тілдік ойлау*», «*тілдік сана*» ұғымдары өзара сабақтас болып келеді. Менталдылықтың тілдегі репрезентациясын зерттеу когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану және философиялық семантика сияқты ғылым салаларының тоғысында жүзеге асады. Мұндай пәнаралық әдіс адамның тілдік және менталды болмысын тұтастай қарастыруға мүмкіндік береді. Тіл мен ойлау арақатынасы, тілдік сана мен когнитивтік модельдердің өзара байланысы қазіргі антропоөзектік парадигманың өзегін құрайды.

Қазақ тіліндегі менталдылық *ойлау, түсіну, білу, сезу, еске алу, ұғыну* т.б. менталды етістіктер арқылы репрезентацияланады. Бұл етістіктер адамның ішкі когнитивтік әлемін тілдік таңбаға айналдырып, сөйлеуші санасының құрылымын көрсетеді. Қазақ тіліндегі менталды етістіктер – күрделі де көпқырлы жүйе. Олар адамның танымдық әрекетін бейнелейтін маңызды когнитивтік таңба. Менталды етістіктер адам санасы мен тілін байланыстырып,

ұлттық дүниетанымның концептуалдық құрылымын көрсетеді. Менталды етістіктер таным әрекетінің әртүрлі деңгейін көрсетеді. Ондай әрекеттерге тану (*сәйкестендіру, ақпаратты жүйелеу*); түсіну (*ұғыну, интерпретация*); ойлау (*талдау, пайымдау, қорыту*); есте сақтау (*қабылдау, қайта жаңғырту*); сезіну (*эмоциялық-когнитивтік қабылдау*) жатады. Менталды етістіктер адамның ойлау, тану, түсіну, есте сақтау, пайымдау, қиялдау сияқты когнитивтік әрекеттерін білдіреді.

Менталды етістіктер – адамның когнитивтік, танымдық және эмоционалдық қызметін бейнелейтін күрделі лексика-семантикалық категория. Олардың зерттелу тарихы тіл білімінің әр кезеңіндегі ғылыми бағыттармен тығыз байланысты. Тіл мен ойлаудың өзара байланысын алғаш философиялық тұрғыда сипаттаған Аристотель, кейін логика мен грамматиканы салыстырмалы түрде қарастырған стоиктер мен схоластар менталды әрекеттің тілдік көріністеріне назар аударған. Бұл бағыт XX ғасырда структурализм мен логикалық семантика дәуірінде жаңа ғылыми деңгейде дамыды. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап когнитивтік және функционалдық бағыттар менталды етістіктердің семантикасын адам санасының әрекетімен, когнитивтік үдерістермен және менталды репрезентациялармен байланыста қарастыруға мүмкіндік берді.

Құрылымдық-номинативтік бірліктер ретінде олар өз семантикасында бейнеленетін денотативтік жағдаятқа қатысты функционалды түрде бөлінген семалар кешенін қамтиды. Менталды етістіктердің барлығы да тура мағынасында «*ойлау әрекетінің жүзеге асуын*» білдіретін категориялық семаға ие. Менталды етістіктердің семантикалық құрылымына тән «менталды қызметті жүзеге асыру» категориялық семасы субъект пен ой объектісінің арасындағы логика-семантикалық қатынастарды көрсетіп, синтаксистік деңгейде көрінетін имманентті предикаттық құрылымдарды қалыптастырады. Бұл сема семантикалық құрылымының өзегін құрап, барлық деңгейде (лексикалық, синтагмалық, парадигмалық) сақталады. Бұл етістіктер интеллектуалдық сипаттағы әрекетті білдіреді және олардың мағыналық құрылымын компоненттік талдау арқылы «ойлайтын субъект – ой үдерісі – ой нысаны» түріндегі жалпы семантикалық модель ретінде көрсетуге болады.

Менталды етістіктердің мағынасы ақыл-ой әрекетінің жүзеге асу параметрлерін кодтайды. Мұндай жағдаяттардың репрезентанттары ретінде олардың мағыналық құрылымындағы компоненттер қызмет етеді. Менталды етістіктер синтагмалық тұрғыдан релевантты категориялық-лексикалық семантикаға ие. Негізгі предикаттық мағынаны «ойлау әрекетінің жүзеге асуы» семасы айқындайды, ал басқа компоненттер (дифференциалды, потенциалды) осы семаны нақтылап, интеллектуалдық әрекеттің түрлі қырларын бейнелейді.

Менталды етістіктердің семантикасы көпқабатты құрылымға ие. Олардың мағынасында интеллектуалдық қана емес, эмоциялық, перцептивтік, бағалауыш және әлеуметтік-прагматикалық компоненттер тоғысады. Осы ерекшелік менталды етістіктерді таза логикалық категория ретінде емес, антропоөзектік, когнитивтік құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Менталды қызметтің

субъектісі әрдайым ойлай алатын тұлға болып табылады. Ойлау қабілеті адамға ғана тән болғандықтан, персонификациядан басқа жағдайда адамға қатысты ғана қолданылады. Субъектілік, объектілік компоненттер дифференциалды семантикалық белгі ретінде менталды етістіктің мағынасына енгізілген. Осы белгілер «ойлаушы субъект – ойлау үдерісі – нысан» семантикалық моделі ретінде көрінеді. Бұл модель типтік жағдаятты бейнелеп, белгілі бір синтаксистік құрылыммен сәйкестігін көрсетеді.

Әдеби тілдегі сөздің мағынасын реконструкциялау арқылы менталды етістіктердің модуляциялық және деривациялық сипаттағы семантикалық өзгерістері анықталды. Соған байланысты қазақ тілінде менталды етістіктердің екі түрі анықталды. Бірінші түріне әдеби тілдегі нағыз менталды етістіктер жатады. Олардың менталды семантикасы түсіндірме сөздіктерде тура мағынада сипатталып, сөйлеу актісінде сақталады. Екінші түріне функционалды-менталды етістіктер жатады. Олар ауыспалы мағыналарда деривациялық сипаттағы семантикалық өзгерістер нәтижесінде менталды семантикаға ие болады. Мұндай мағыналар түсіндірме сөздіктерде тіркеліп, сөздің мағыналық құрылымындағы түрлі деңгейдегі белгілерді көрсетеді де жүйелік-тілдік факт ретінде қарастырылады.

Менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі орталық пен перифериядан тұрады. Ол етістіктердің тура және ауыспалы мағыналарындағы менталды семантика арқылы көрініс табады. Менталды әрекет ойлау үдерістерімен ғана шектелмейді. Ол адамның танымдық қабілетімен, жадпен, ерік-жігер, сезімдерімен, эмоцияларымен, сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты болады. Менталды етістіктер лексика-семантикалық топтарға бірігіп, бірдей модель құрайтын интенцияларға ие болады. Сол арқылы орталық пен периферия элементтері өзара әрекеттеседі. Өріс бөліктері гетерогенді сипатқа ие, өйткені олар әдеби тілге тән лексикалық және синтаксистік бірліктерді біріктіреді. Бұл құрылым менталды әрекеттің ойлау актісімен ғана шектелмейтінін, оның адамның бүкіл психикалық және когнитивтік жүйесімен (*жады, эмоция, ерік, сөйлеу*) байланыста дамитынын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, менталды етістіктердің функционалды-семантикалық өрісі қазақ тіліндегі когнитивтік семантиканың интегративті моделі болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде менталды етістіктердің лексика-семантикалық топтары анықталып, олардың өрістік құрылымының ішкі иерархиясы нақты мысалдар арқылы талданды. Менталды етістіктердің сөйлемдегі предикаттық қызметі, семантикалық үлгі қалыптастырудағы рөлі айқындалды. Менталды етістіктердің сөйлемдегі қызметі семантикалық модельдер арқылы жүйеленді. Менталды әрекетті білдіретін құрылымдардың өзегінде «ойлаушы субъект – ойлау үдерісі – ойлау нысаны» моделі жатады. Негізгі семантикалық модельдер менталды етістік-идентификаторлардың (*ойлау, білу, түсіну, есте сақтау* т.б.) категориалды-лексикалық семантикасына негізделеді; типтік денотаттық жағдаяттарды бейнелейді; сөйлемнің предикаттық құрылымын ұйымдастырады.

Менталды етістіктердің тілдік семантикасы адамның танымдық қызметін концептуализациялау тәсілдерімен тығыз байланыста қалыптасады. Зерттеу

нәтижелері менталды мағыналардың қалыптасуы перцептивтік тәжірибеден басталып, метафоралық ауысу, тұрақты тіркес түзу арқылы кеңейіп, фреймдік және сценарийлік құрылымдарда жүйеленетінін көрсетті.

«Субъект – менталды әрекет – нысан» моделінің түрлері қазақ тіліндегі менталды әрекеттің қалай ұйымдасатынын көрсететін әмбебап құрылым екені анықталды. Менталды етістіктердің түп негізінде көру, есту, сезу сияқты перцептивтік тәжірибеден бастау алады. Бұл адамның таным жүйесінің перцепциядан абстракцияға қарай дамитын табиғи жолын көрсетеді. Метафоралық ауысу – менталды етістіктер семантикасының кеңеюіндегі басты механизмдердің бірі. «*Көру – түсіну*», «*есту – қабылдау*», «*сезіну – ұғыну*» үлгілері қазақ тілінің менталды жүйесінде тұрақты орын алады. Бұл метафоралық модельдер адамның когнитивтік құрылымында перцептивтік тәжірибенің маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Фреймдік және сценарийлік модельдерге жасалған талдаулар менталды әрекеттердің белгілі бір когнитивтік сценарий бойынша жүзеге асатынын көрсетті. Мысалы, *ойлау фреймі*, *есте сақтау скрипті*, *ұғыну сценарийі* қазақ тіліндегі менталдылықтың құрылымын айқындайды.

Перцептивтік тәжірибе менталды мағыналардың бастапқы когнитивтік платформасы болып табылады. Қазақ тіліндегі көптеген менталды етістіктер мен фразеологизмдер көру, есту, сезу сияқты сенсорлық тәжірибеден өрбиді: *көру → түсіну*, *есту → білу*, *сезу → аңғару*. Бұл құбылыс адамның дерексіз ойлау әрекеті нақты тәжірибе арқылы концептуализацияланатынын дәлелдейді. Менталды фразеологизмдер (*ойға шому, ақылға қону, жүрегі сезу, көзі жету, ой елегінен өткізу,* т.б.) менталды әрекетті бейнелі, эмоциялық-бағалауыш және мәдени тұрғыдан кодтайды. Фразеологизмдер менталды әрекеттің ұлттық-мәдени моделін көрсетеді; абстрактілі ойлау үдерістерін дене, кеңістік, қозғалыс, жарық бейнелері арқылы нақтылайды; менталды семантиканың экспрессивтік және прагматикалық әлеуетін арттырады. Тұрақты тіркестер ұлттың өмір салтына, дүниетанымына, тарихи жад пен рухани құндылықтарына негізделеді. Менталды фразеологизмдер қазақ халқының психологиялық, этикалық бағдарларын бейнелейді. Фразеологиялық құрылымдар адамның ойлау кеңістігін, мінез-құлық моделін, ұлттық санасының ерекшеліктерін тіл арқылы бейнелейді. Тілдің семантикалық құрылымындағы менталды элементтер ұлттың мәдени кодымен тығыз байланысты. Сол арқылы тіл менталдылықтың репрезентанты ретінде ұлттық ойлау ерекшеліктерін, әлеуметтік тәжірибені және мәдени дәстүрлерді сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Сонымен қатар фразеологиялық жүйедегі менталды етістіктердің қолданылуы олардың ұлттық дүниетанаммен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Фразеологизмдердің құрамындағы тіркестер тілдік-когнитивтік символдар жүйесін құрайды. Осылайша, менталды етістіктер мен фразеологизмдер біртұтас менталды кеңістіктің екі деңгейі ретінде қызмет атқарады: менталды етістіктер – құрылымдық негізді, менталды фразеологизмдер бейнелі-мәдени интерпретацияны қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелері менталды етістіктердің парадигмалық жүйеде лексика-семантикалық топтар, синонимдік және антонимдік қатарлар арқылы

ұйымдасатынын көрсетті. Бұл қатынастар менталды семантиканың ішкі иерархиясын, мағыналық даму сатыларын айқындайды.

Синтагмалық тұрғыдан менталды етістіктердің ойлау нысанын білдіретін сөзформалармен және предикативтік құрылымдармен тіркесуі олардың негізгі дистрибутивтік белгісі ретінде анықталды. Бұл менталды семантиканың сөйлем деңгейінде іске асуын қамтамасыз етеді. Менталды етістіктердің мағыналық құрылымында дифференциалды семалар контекст арқылы өзектенеді. Атап айтқанда, түсіну етістіктері перцептивтік, рационалды, эмпатиялық, әлеуметтік және метакогнитивтік модельдер аясында әртүрлі семантикалық варианттарда көрініс табады. Бұл менталды әрекеттің логикалық операция ғана емес, сонымен қатар эмоциялық, әлеуметтік және мәдени факторлармен ұштасқан күрделі когнитивтік құбылыс екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері менталды етістіктерді когнитивтік-лингвистикалық, функционалды-семантикалық және лингвомәдени тұрғыдан кешенді сипаттауға мүмкіндік берді. Менталды семантика тілде лексикалық, фразеологиялық, синтаксистік, когнитивтік деңгейлердің өзара әрекеттесуі арқылы қалыптасады. Бұл менталды етістіктерді қазақ тілінің антропоөзектік жүйесіндегі маңызды категория ретінде қарастыруға негіз болып, тіл арқылы адамның ойлау жүйесін, ұлттық дүниетанымын, когнитивтік моделін сипаттауға мүмкіндік береді.

Менталды етістіктердің табиғатын көпқырлы тұрғыдан талдау – олардың семантикалық өрістегі орнын, менталдылық құрылымындағы функциясын, когнитивтік модельдермен өзара байланысын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл қазақ тіліндегі менталды етістіктердің грамматикалық категория ғана емес, сонымен қатар адамның танымдық әрекетін бейнелейтін маңызды когнитивтік құрал екенін көрсетеді. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің табиғатын кешенді түрде қарастыру тілдің когнитивтік жүйесі, адам санасындағы таным үдерістерінің тілдік көрінісі, сондай-ақ ұлттық дүниетанымның концептуалдық кодтары туралы кең ауқымды ғылыми мәлімет алуға мүмкіндік берді. Диссертация мазмұны менталдылықтың тілдегі репрезентациясын, менталды етістіктердің семантикалық және функционалды құрылымдарын, олардың когнитивтік модельдермен байланысын айқындау арқылы қазақ тіл білімінің қазіргі антропоөзектік парадигмасын толықтырады.

«Менталды етістіктер» ұғымы – тіл мен сана, ой мен сөз, когниция мен мәдениет арасындағы күрделі байланысты бейнелейтін, ауқымды мәселе. Бұл категорияның тілдік табиғатын тану арқылы адам ойлауының құрылымын, танымдық үдерістердің жүйесін және ұлттық тілдік бейненің ерекшеліктерін ашуға болады. Менталды етістіктердің зерттелуі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигманың дамуын айқындап, когнитивтік және мәдени-танымдық бағыттардың теориялық негізін тереңдетуге елеулі үлес қосады.

Қорыта айтқанда, менталды етістіктер – тіл мен ойдың, таным мен сөйлеудің өзара ықпалдастығын айқындайтын маңызды лексика-семантикалық жүйе. Олар тіл иесінің когнитивтік кеңістігін, білім мен тәжірибе жүйесін, мәдени құндылықтар мен психологиялық үдерістерді бейнелей отырып, тілдің антропоөзектік бағытын нақтылайды. Менталды етістіктерді кешенді түрде

қарастыру тілдің танымдық табиғатын, семантикалық өрісінің құрылымын және адам санасының тіл арқылы көрініс табуын түсінуге мүмкіндік береді. Менталды етістіктердің семантикалық жіктелуі олардың адамның ішкі когнитивтік әлемін жан-жақты бейнелейтінін көрсетті. Әр топ адамның ойлау жүйесінің, жадының, қабылдау ерекшелігінің, эмоциясының, ерік-жігерінің және құндылықтық бағдарларының тілдік көрінісі ретінде көрінеді. Бұл жіктелім менталды етістіктердің функционалдық-семантикалық өрісінде атқаратын қызметін нақтылауға, олардың ұлттық-менталды ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс] // Ақорда: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 2026. – 20 қаңтар. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-besinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-2005352 (қаралған күні: 28.09.2026).

2 Білім туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (2024 жылғы 1 қаңтардағы өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://15.alschool.kz/otkrytyj-organ/gosuslugi/2426-azastan-respublikasyny-zay-blm-turaly-20240101-berlgenzgerster-men-tolytyrularymen.html (қаралған күні: 16.01.2025).

3 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы // Әділет: ақпараттық-құқықтық жүйе. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248 (қаралған күні: 16.01.2025).

4 Гумбольдт В. фон. Язык и философия культуры : пер. с нем. / сост., общ. ред. и вступ. ст. А. В. Гулыги, Г. В. Рамишвили. – Москва : Прогресс, 1985. – 452 с.

5 Боас Ф. Границы сравнительного метода в антропологии / пер. с англ. Ю. С. Терентьева // Антология исследований культуры. Т. 1: Интерпретации культуры / отв. ред. и сост. Л. А. Мостова. – Санкт-Петербург: Университетская книга, 1997. – С. 509–518.

6 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии / пер. с англ. под ред. и с предисл. А. Е. Кибрика. – Москва: Прогресс: Универс, 1993. – 654 с.

7 Потебня А. А. Собрание трудов. Мысль и язык / подгот. текста Ю. С. Рассказова, О. А. Сычева; коммент. Ю. С. Рассказова. – Москва: Лабиринт, 1999. – 300 с.

8 Бодуэн де Куртенэ И. А. Избранные труды по общему языкознанию: в 2 т. Т. 1 / сост. В. П. Григорьев, А. А. Леонтьев. – Москва: Издательство АН СССР, 1963. – 384 с.

9 Wierzbicka A. Semantics, Culture, and Cognition: Universal Human Concepts in Culture-Specific Configurations. – New York: Oxford University Press, 1992. – VIII, 487 p. DOI: 10.1093/oso/9780195073256.001.0001

10 Корнилов О. А. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва: ЧеРо, 2003. – 349 с.

11 Лихачев Д. С. Концептосфера русского языка // Известия РАН. Серия литературы и языка. – 1993. – Т. 52, № 1. – С. 3–9.

12 Радбиль Т. Б. Языковая картина мира: Учеб. пособие. – Москва: Флинта, 2012. – 256 с.

13 Скорнякова Р. М. Национальная специфика ментальных моделей в языке. – Екатеринбург: УрФУ, 2011. – 210 с.
14 Телия В. Н. Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
15 Шмелев А. Д. Русская языковая модель мира: Материалы к словарю. – Москва: Языки славянской культуры, 2002. – 224 с.
16 Арутюнова Н. Д. Язык и мир человека. – 2-е изд., испр. – Москва: Языки русской культуры, 1999. – 896 с.
17 Булыгина Т. В., Шмелев А. Д. Языковая концептуализация мира: на материале русской грамматики. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1997. – 576 с.
18 Колесов В. В. Язык и ментальность. – Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение, 2004. – 240 с.
19 Тарланов З. К. Ментальность и язык. – Петрозаводск: Издательство ПетрГУ, 2005. – 262 с.
20 Рожанский М. Ментальность: проблемы и методы исследования. – Москва: ИФ РАН, 1999. – 198 с.
21 Колесникова С. М. Когнитивная лингвистика: Учебник для вузов / С. М. Колесникова, Е. В. Алтабаева, А. Т. Грязнова; под ред. С. М. Колесниковой. – Москва: Издательство Юрайт, 2022. – 192 с.
22 Дзюба Е. В. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие для высших учебных заведений / Уральский государственный педагогический университет. – Екатеринбург, 2018. – 280 с.
23 Скребцова Т. Г. Когнитивная лингвистика: Курс лекций. – Санкт-Петербург: Филологический факультет СПбГУ, 2011. – 256 с.
24 Болдырев Н. Н. Когнитивная лингвистика [Электронный ресурс]. – Москва; Берлин: Директ-Медиа, 2016. – 251 с. URL: https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=434948 (қаралған күні: 09.10.2026).
25 Исакова С. С., Куштаева М. Т. Когнитивті лингвистика: «Филология: қазақ филологиясы» мамандығының студенттеріне арналған электронды оқулық. – Ақтөбе, 2019. – 142 б.
26 Жұбай О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 296 б.
27 Хакимбаева О. К. Картина мира и языковая ментальность [Электронный ресурс] // Oriental Renaissance: Innovative, Educational, Natural and Social Sciences. – 2022. – Vol. 2, special issue 20. – С. 740–745. DOI: 10.24412/2181-1784-2022-20-740-745 (дата обращения: 07.12.2025).
28 Сапиева С. К. Ментальность как базовый компонент языкового сознания [Электронный ресурс] // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 2: Филология и искусствоведение. – 2022. – № 3 (302). – С. 59–66. DOI: 10.53598/2410-3489-2022-3-302-59-66
29 О роли языковой картины мира в этноязыковой концептуализации действительности / Б. Д. Ныгметова, Ш. Р. Адилова, Ж. Т. Оспанова, Ж. З.

Оспанова // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 3. – С. 83–94. DOI: 10.59102/kufil/2025/iss3pp83-94. vestnik.kgu.kz

30 Кубрякова Е. С. Язык и знание: на пути получения знаний о языке: части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – Москва: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.

31 Бабушкин А. П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж: Издательство Воронежского государственного университета, 1996. – 103 с.

32 Демьянков В. З. Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода // Вопросы языкознания. – 1994. – № 4. – С. 17–33.

33 Панкрац Ю. Г. Когнитивные аспекты семантики. – Москва: Институт языкознания РАН, 1992. – 180 с.

34 Петров В. В. Язык и мышление в когнитивной перспективе. – Москва: Прогресс-Традиция, 2000. – 320 с.

35 Рахилина Е. В. Когнитивный анализ предметных имен: семантика и сочетаемость. – Москва: Русские словари, 2000. – 415 с.

36 Фодор Дж. Язык мысли. – Москва: Идея-Пресс: Дом интеллектуальной книги, 2000. – 302 с.

37 Джонсон-Лэйрд П. Н. Ментальные модели. – Москва : Когито-Центр, 2004. – 486 с.

38 Кубрякова Е. С. Концепт // Краткий словарь когнитивных терминов / Е. С. Кубрякова, В. З. Демьянков, Ю. Г. Панкрац, Л. Г. Лузина; под общ. ред. Е. С. Кубряковой. – Москва : Филологический факультет МГУ, 1997. – С. 90–93.

39 Демьянков В. З., Кубрякова Е. С. Когнитивная деятельность // Краткий словарь когнитивных терминов / Е. С. Кубрякова, В. З. Демьянков, Ю. Г. Панкрац, Л. Г. Лузина; под общ. ред. Е. С. Кубряковой. – Москва: Филологический факультет МГУ, 1996. – С. 51–52.

40 Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.

41 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.

42 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т. 1: Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 780 б.

43 Сыздықова Р. Сөзді орнымен қолдана білсек // Сөз өнері: тіл мәдениеті туралы. – Алматы: Ғылым, 1978. – Б. 184-198.

44 Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 624 б.

45 Смағұлова Г. Н., Күркебаев К. Қ., Жұмағұлова Ә. М. Шешендік сөздердің дискурсы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 169 б.

46 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Филол. ғыл. д-ры ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.

47 Манкеева Ж. А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

48 Ильясова Н. Қазіргі қазақ тіліндегі қатысымдық бірліктер: когнитивтік аспектісі: филол. ғыл. д-ры ... дис. автореф.: 10.02.02 / Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. – Алматы, 2010. – 54 б.

49 Балабекова К. Ш. Этникалық ментальділіктің тілдік репрезенттелуі (қазақтың тұрмыс-салт ертегілері негізінде): докторлық диссертация. – Алматы, 2023. – 158 б.

50 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.

51 Бурбаев Т. К. Ұлт менталитеті: монография. – Астана: Елорда, 2001. – 248 б.

52 Нұрышева Г. Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. – Алматы: Комплекс, 2001. – 240 б.

53 Мұсаева Н. Р. Қазақ философиясындағы адам мәселесі: филос. ғыл. д-ры ... дис. – Алматы, 1998. – 252 б.

54 Садуов Б. Н. Махмуд Қашқари мұрасындағы «Адам – әлем» қатынасы мәселесі: филос. ғыл. канд. ... дис. Кентау, 2007. – 156 б.

55 Боқаев Б. Ө. Адам болмысының даралық, ерекшелік және жалпылық деңгейлері: Филос. ғыл. канд. ... дис.: 09.00.13. – Алматы, 2005. – 112 б.

56 Әбдірәсілова Г. З. Ш. Құдайбердіұлы философиясындағы адам мәселесі: филос. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008. – 148 б.

57 Ашекеева Қ. Н. А. Байтұрсынұлының философиялық көзқарастары: филос. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2003. – 129 б.

58 Қалыбекова Б. К. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығындағы адам мәселесін философиялық тұрғыдан талдау: филос. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 150 б.

59 Халықов Қ. З. Адам мәнінің бейнелеу өнеріндегі көрінісі (философиялық талдау): филос. ғыл. канд. ... дис.: 09.00.13. – Алматы, 2004. – 135 б.

60 Мұстафа Х. Абай мен Бәдиүззаман дүниетанымындағы адам проблемасы: Филос. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. – 118 б.

61 Большой англо-русский словарь : в 2 т. Т. 1: А–М / Ю. Д. Апресян, И. Р. Гальперин, Р. С. Гинзбург [и др.]; под общ. рук. И. Р. Гальперина, Э. М. Медниковой. – 4-е изд., испр., с доп. – Москва: Русский язык, 1987. – 1037 с.

62 Апресян Ю. Д. Избранные труды : в 2 т. Т. 2: Интегральное описание языка и системная лексикография. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1995. – 767 с.

63 Апресян Ю. Д. Лингвистическая терминология словаря синонимов // Новый объяснительный словарь синонимов русского языка / под общ. рук. Ю. Д. Апресяна. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1997. – Вып. 1. – С. XVI–XXXIV.

64 Гак В. Г. Высказывание и ситуация // Проблемы структурной лингвистики, 1972. – Москва: Наука, 1973. – С. 349–372.

65 Макеева И. И. Исторические изменения в семантике некоторых русских ментальных глаголов // Логический анализ языка. Ментальные действия / отв. ред. Н. Д. Арутюнова, Н. К. Рябцева. – Москва: Наука, 1993. – С. 40–45.

66 Падучева Е. В. К аспектуальным свойствам ментальных глаголов: перфектные видовые пары // Логический анализ языка. Ментальные действия / отв. ред. Н. Д. Арутюнова, Н. К. Рябцева. – Москва: Наука, 1993. – С. 111–119.

67 Кобозева И. М. Лингвистическая семантика: учебное пособие. – Москва: Эдиториал УРСС, 2000. – 352 с.

68 Падучева Е. В. Выводима ли способность подчинять косвенный вопрос из семантики слова? // Логический анализ языка. Знание и мнение / отв. ред. Н. Д. Арутюнова. – Москва: Наука, 1988. – С. 33–45.

69 Дмитровская М. А. Знание и мнение: образ мира, образ человека // Логический анализ языка. Знание и мнение / отв. ред. Н. Д. Арутюнова. – Москва: Наука, 1988. – С. 6–17.

70 Лауфер Н. И. Пасынок ментального поля, или Сотворение мнения // Вестник Московского университета. Серия 9: Филология. – 2000. – № 3. – С. 65–74.

71 Жолшаева М. С. Аспектуалды семантиканың мәтін деңгейінде көрінуі // Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2009. – Б. 269–271.

72 Васильев Л. М. Значение в его отношении к системе языка: учебное пособие по спецкурсу для студентов филологических факультетов. – Уфа: Издательство Башкирского государственного университета, 1985. – 62 с.

73 Ильиш Б. А. История английского языка. – 5-е изд., испр. и доп. – Москва: Высшая школа, 1968. – 419 с.

74 Дмитриев Н. К. Строй турецкого языка. – Ленинград: Ленинградский государственный университет, 1939. – 60 с.

75 Абдувалиев И. Кыргыз тилиндеги этиштердин семантикалык түзүлүшү. – Фрунзе: Илим, 2003. – 132 б.

76 Усеков А. А. Орус жана кыргыз тилдериндеги ой жүгүртүү процессин билдирген этиштердин салыштырма-семантикалык изилдөөсү. – Бишкек: Илим, 2002. – 112 б.

77 Будагова З. А. Глагол в современном азербайджанском языке. – Баку: Элм, 1966. – 248 с.

78 Харитонов Л. Н. Глагол якутского языка. – Москва: Наука, 1982. – 312 с.

79 Содиқова М. Замонавий ўзбек тилида феъл семантик тузилиши. – Тошкент: Фан, 1991. – 256 б.

80 Расулов Р. Ўзбек тилида ҳолат феълларининг семантик тузилиши. – Тошкент: Фан, 1990. – 184 б.

81 Кулиев Г. К. Семантика глаголов в тюркских языках: автореф. дис. … д-ра филол. наук: 10.02.06. – Баку, 1992. – 47 с.

82 Юлдашев А. А. Глаголы чувственного восприятия (verba sentiendi) в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков. – Москва: Издательство АН СССР, 1961. – С. 294–321.

83 Чертыкова Н. В. Глаголы слухового восприятия в хакасском языке: лексико-семантический анализ. – Абакан: Издательство ХГУ им. Н. Ф. Катанова, 2018. – 210 с.

84 Гудавичюс А. Семантика литовских глаголов зрения. – Вильнюс: Мокслас, 1970. – 220 с.

85 Кретов А. А. Семантика и лексикография глаголов зрения. – Воронеж: Издательство Воронежского университета, 1980. – 184 с.

86 Осицкая И. М. Глаголы слухового восприятия в современном русском языке. – Калининград: Издательство РГУ им. И. Канта, 2010. – 156 с.

87 Якупова Л. Ф. Глаголы чувственного восприятия в современном татарском языке. – Казань : Магариф, 2010. – 140 с.

88 Усманова Д. Р. Лексико-семантическая группа глаголов слухового восприятия в татарском языке. – Казань: Издательство Казанского университета, 2012. – 168 с.

89 Дадаев А. А. Сравнительная типология тюркских глаголов чувственного восприятия. – Махачкала: Издательство ДГУ, 1997. – 132 с.

90 Гарипова Г. Ф. Семантика и структура глаголов восприятия в башкирском языке. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2013. – 215 с.

91 Каксин А. В., Чертыкова Н. В. Семантическая классификация глаголов чувственного восприятия в хакасском и русском языках. – Абакан: ХГУ, 2009. – 98 с.

92 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

93 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология: оқулық. – Толықтырылып, өңделген 2-басылым. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

94 Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. Вопросы прикладного языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 640 б.

95 Қасым Б. Қ., Мамадиярова Н. Б. Қазақ тіліндегі менталді лексиканың фреймдік құрылымы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2019. – № 4 (70). – Б. 130–139.

96 Қасым Б., Мамадиярова Н., Талдыбаева М. Интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктердің мағынасы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – № 4 (138). – Б. 29–43. DOI: 10.47526/2025-4/2664-0686.271

97 Романова Т. В. Заглавие как субъективно-модальный концепт текста // Филология и культура: материалы III Международной научной конференции, 16–18 мая 2001 г. : в 3 ч. / отв. ред. Н. Н. Болдырев. – Тамбов : Издательство ТГУ, 2001. – Ч. 1. – С. 62–65.

98 Голованивская М. К. Французский менталитет с точки зрения носителя русского языка: контрастивный анализ лексических групп со значением «высшие силы и абсолюты», «органы наивной анатомии», «основные

мыслительные категории», «базовые эмоции»: монография. – Москва: Диалог-МГУ, 1997. – 279 с.

99 Әзімжанова Г. М. Қазақ тіліндегі етістік тұлғаларының стилистикасы: филол. ғыл. д-ры … дис.: 10.02.02. – Алматы, 1995. – 198 б.

100 Бондарко А. В. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии / отв. ред. В. Н. Ярцева. – 2-е изд. – Москва: Эдиториал УРСС, 2001. – 207 с.

101 Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы / құрастырып, түсініктерін жазған О. Жұбаева. – Астана: Алашорда, 2017. – 752 б.

102 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі / жауапты ред. М. Б. Балақаев, Қ. М. Есенов, Е. Н. Жанпейісов, Н. О. Оралбаева. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.

103 Қасым Б. Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: филол. ғыл. д-ры … дис.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 313 б.

104 Қазақ сөздігі: қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі / құраст.: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.

105 Кекілбаев Ә. Таңдамалы шығармалар: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1999. – Т. 2. – 540 б.

106 Новиков Л. А. Семантика русского языка: учебное пособие. – Москва: Высшая школа, 1982. – 272 с.

107 Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.

108 Әбу Насыр әл-Фараби / құраст.: О. Жұбаева, С. Игілікова. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, 2021. – 477 б.

109 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы: 3 томдық. – Алматы: Жазушы, 2020. – Т. 1. – 640 б. ; Т. 2. – 528 б. ; Т. 3. – 488 б.

110 Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 3: Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 232 б.

111 Гуссерль Э. Логические исследования. Картезианские размышления. Кризис европейских наук и трансцендентальная феноменология. Кризис европейского человечества и философии. Философия как строгая наука: сборник. – Минск: Харвест; Москва: АСТ, 2000. – 752 с.

112 Хайдеггер М. Что такое метафизика? // Время и бытие: статьи и выступления / М. Хайдеггер; пер. с нем. В. В. Бибихина. – Москва: Республика, 1993. – С. 16–27.

113 Лопушанская С. П. Семантическая модуляция как речемыслительный процесс // Русский глагол: история и современное состояние. – Волгоград: Издательство ВолГУ, 2000. – С. 20–29.

114 Лопушанская С. П. Традиции и новаторство в издании «Nouveau dictionnaire français-russe», осуществленном В. Г. Гаком // Научные чтения, посвященные памяти профессора В. Г. Гака. – Волгоград: Волгоградское научное издательство, 2005. – С. 7–13.

115 Косова М. В. Русская лингвистическая терминология: семантические процессы. – Волгоград: Издательство ВолГУ, 2003. – 328 с.

116 Улуханов И. С. Состояние и перспективы изучения исторического словообразования русского языка // Исследования по историческому словообразованию / отв. ред. И. С. Улуханов. – Москва: Институт русского языка РАН, 1994. – С. 3–16.

117 Выготский Л. С. Психология развития человека. – Москва: Смысл: Эксмо, 2003. – 1134 с.

118 Леонтьев А. Н. Избранные психологические произведения: в 2 т. – Москва: Педагогика, 1983. – Т. 1. – 392 с.

119 Мамадиярова Н. Б., Қасым Б. Қазақ тіліндегі менталды етістіктердің семантикалық сипаты // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2019. – № 2 (68). – Б. 111–117.

120 Жарықбаев Қ. Психология: оқулық. – Алматы: Білім, 1993. – 272 б.

121 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.

122 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.

123 Langacker R. W. Foundations of Cognitive Grammar. Vol. 1: Theoretical Prerequisites. – Stanford: Stanford University Press, 1987. – 540 p.

124 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание: пер. с англ. / отв. ред. и сост. М. А. Кронгауз; вступ. ст. Е. В. Падучевой. – Москва: Русские словари, 1996. – 411 с.

125 Бабенко Л. Г., Васильев И. Е., Казарин Ю. В. Лингвистический анализ художественного текста: учебник. – Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2000. – 534 с.

126 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1981. – Т. 1. – 432 б.

127 Қабанбаев М. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 360 б.

128 Сматаев С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 400 б.

129 Нұрпейісов Ә. Таңдамалы шығармалар: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т. 1. – 496 б.

130 Мұратбеков С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1987. – 384 б.

131 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 1: Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 460 б.

132 Виноградов В. В. Проблемы русской стилистики. – Москва: Высшая школа, 1981. – 320 с.

133 Курилович Е. Заметки о значении слова // Очерки по лингвистике: сборник статей / Е. Курилович. – Москва: Издательство иностранной литературы, 1962. – С. 237–250.

134 Кузнецова Э. В. Лексикология русского языка: учебное пособие для филологических факультетов университетов. – Москва: Высшая школа, 1982. – 152 с.

135 Виноградов В. В. Лексикология и лексикография: избранные труды. – Москва: Наука, 1977. – 310 с.

136 Лопушанская С. П. Традиции и новаторство в издании «Nouveau dictionnaire français-russe», осуществленном В. Г. Гаком // Научные чтения, посвященные памяти профессора В. Г. Гака. – Волгоград: Волгоградское научное издательство, 2005. – С. 7–13.

137 Mamadiyarova N., Kassym B., Yessenova K., Abisheva N. Frame analysis of the semantics of mental verbs of the Kazakh language // AILA Review. – 2024. – Published online: 21 November. DOI: 10.1075/aila.24008.mam. benjamins.com

138 Толковый словарь русских глаголов: идеографическое описание. Английские эквиваленты. Синонимы. Антонимы / под ред. Л. Г. Бабенко. – Москва: АСТ-ПРЕСС, 1999. – 704 с.

139 Мамадиярова Н. Түбір етістіктердің құрылымдық-мағыналық ерекшеліктері // Рәбиға Сыздық феномені: қазақ тіл білімінің бүгіні мен болашағы: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2019. – Б. 129–133.

140 Нұрышева Г. Ж., Аташ Б. М. Ғылыми таным философиясы: оқу құралы. – Алматы, 2015. – 320 б.

141 Мамадиярова Н. Б. Түркі тілдеріндегі етістіктердің семантикалық жіктелімі туралы // XI Құрышжанов оқулары: Ұлы Дала құндылықтары – Түркі әлемі жастарын біріктіруші фактор: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2019. – Б. 30–33.